


М. НАРИКБАЕВ



**ЖЫЛДАР
ЖЫЛЖЫП
БАРАДЫ-АУ**



МАҚСҰТ НӘРІКБАЕВ



**ЖЫЛДАР ЖЫЛЖЫП
БАРАДЫ-АУ**

Күндерек беттерінен



Алматы 2008

МАҚСҰТ НӘРІКБАЕВ



**ЖЫЛДАР ЖЫЛЖЫП
БАРАДЫ-АУ**

Күндерек беттерінен



Алматы 2008

ББК 67.0

Н 32

Нәрікбаев М.С.

Н 32 Жылдар жылжып барады-ау. Күндерек беттерінен.
— Алматы, 2008. — 312 бет.

ISBN 9965-629-84-6

Бұл кітап мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі заңгер, заң ғылымының докторы, профессор Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевтың 65 жылдығынан бергі (2005) төрт жыл ішіндегі қоғамдық-саяси өмірге араласып, атсалысуын қамтыған.

Кітаптағы деректі құжаттар елімізге кеңінен белгілі заңгер тұлғаның қоғам өмірінің даму барысына деген айқын көзқарасы мен іс-қарекеттерін баяндайды.

Кітаптың тілі құнарлы да шұрайлы. Жеңіл оқылады. Туынды заңгерлермен қатар барша зиялы қауымға арналған.

Н 1202000000
00(05)–08

ББК 67.0

ISBN 9965-629-84-6

© Нәрікбаев М.С., 2008

АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Екінші мыңжылдық еңсеріліп, тәмамдалар шақта көптеген ұлттар мен ұлыстар қатарлы қазақ халқы да ықлым заманнан бері аңсап келген армандары тәуелсіздіктерімен қуана қауышты. Ақ түйенің қарны жарылып, ақбоз үйдің іші-сырты бірдей шатшадыманға бөленді. Егеменді ел болып, көгімізде көк байрағымыз желбіреді. Әнұранымыз шалқыды. Желідегі тұлпарымызға, тұғырымыздағы сұңқарымызға өзіміз иелік етіп, бірін аламан бәйгеге қоссақ, екіншісін еркін самзатып, қызықтарын алаңсыз тамашалай бастадық.

Иә, мыңжылдықтар тоғысына еліміздің басына бақ, астына тақ орнады. Өз тізгініміз өз қолымызға тиіп, бодандықта келген өмірімізге өзгерістер енгізе бастадық. Төрткүл дүниенің төрт бұрышындағы елдермен қарым-қатынасқа енді өзіміз тікелей шығып, құқықты, зайырлы мемлекеттердің үлгілі үрдістеріне көштік. Ұранымыз - әділеттілік, теңдік, бостандық болып, демократияға кең жол ашылды. Алайда, халықтың аты - халық. Бірі оны кең ауқымда дұрыс түсінсе, екіншілері - еркіндік деген осы екен деп, біржақтылыққа да бой ұрып жатты. Сөйтіп, өмірге жаңа тұрпаттағы мемлекеттер мен оппозициялар келе бастады. Бір сөзбен айтқанда бұл жаңа кезең, яғни жаңа дәуірдің жаңалықтары еді. Ал жаңалық атаулыға жатырқай қарауға бола ма? Жаңалық - өмір өзеннің ағысы емес пе? Ағысқа қарсы құлаш ұрсаң, қарың талады. Шаршайсың, шалдығасың. Ақыры әлің құрып, түк бітіруге шамаң келмей тынышталасың. Егер өмір-өзеннің ағысына қарсы ұмтылмай, оның өткелін таба

білсең, бәлкім, бәлкім емес-ау, шын мәнінде кенішке кенелетінің де газжап емес!

Ендеше қандай да бір қоғамда өмір сүреді екенсің, қарекетсіз болмау лазым. Қарекет етіп, сол қоғамның көркеюіне, нығаяуына үлесіңді қосупарыз. Мемлекеттік аппараттың жүргізіп отырған саясаты, іс-әрекеттері дұрыс емес екен, оны төнеп сынап-мінеп, қара күйені қалыңдатып жаға бергенше халықтық мінбені, мемлекеттік демократияны дұрыс пайдаланып, ағыңнан жарылсаң азаматсың! Осыған кей кездерде біздің біраз замандастарымыздың кең ойлылықтары жете бермейтін тәрізді. Өздеріңізге белгілі, мен, өз өмірімнің барысында жақсы-жақсы, ірі-ірі қызметтерде істеген жанмын. Солардың бәрін абыройлы атқара келіп, оқу-ағарту саласына ауысқалы тұрғанымда Елбасымыз мені өзі басқарып отырған мемлекеттік аппараттың құзырына жұмысқа шақырды. Мен ойланайын дедім. Шындығында да қатты ойландым. Әрине, жайлы орын, жақсы жұмыс кімге ұнамасын, істей беруге де болатын еді. Бірақ мен дамудың бимәлім жаңа жолына түсіп отырған бақытты елімнің буырқанған өмірінің тең ортасында жүруді қаладым да, құрметті Елбасымыздың ыстық ықылас, достық ұсынысынан бас тарттым. Сөйтіп, еліміздің болашағына аса қажетті - Қазақтың гуманитарлық заң университетіне қызметке келдім. Келген бойда оқу жүйесін нығайтудың бірсыпыра шараларын жолға қойып барып, сол оқу орнының негізінде «Құқықтық Қазақстан үшін» атты республикалық азаматтық жаңа қозғалысты өмірге әкелдім. Бағытымыз - заңға бағыну, заңды қадірлеу, әділеттілікті қорғау болып бекітілді. Иншалла, осы салада қазір де жемісті еңбек етіп келемін.

Рас, бір жылдары «Ақжол» демократиялық партиясымен бас біріктіріп те көрдік. Әділін айтайын, одан біз де, ақжолдықтар да зиян шеккен жоқ. Қайта ортақ мақсат жолындағы іс-тәжірибелеріміз молайды да, әрқайсымыз қайтадан өз отауларымызды құрып алдық.

Құрметті оқырмандарым менің! Өз елімізді, өз мемлекетімізді нығайту жолындағы біздің күресіміз әлі де жалғаса түсуде. Шүкір, табыссыз емеспіз, жүзеге асыра білген шараларымыз да баршылық. Парламент алдына қойған келелі мәселелеріміз де аз емес. Сол қаракеттеріміздің басты-бастылары жайындағы әңгімелерім осы кітапқа еніп отырған төрт жылдың аясына сыйыстырылды. Мен пікірлерімді баз-базында айтылды, сонымен бітті демеймін. Егерде, өздеріңіздің тараптарыңыздан ойлы пікірлер туып жатса, хат арқылы болса да хабарласуға әзірмін. Сіздердің ой-пікірлеріңіз маған әр кезде де қымбат!

Зор құрметпен; Автор.

25 қараша 2008 жыл
Астана

* * *

Өмірдің өтпе күндері,
Желдіргіп өтіп барасың.
Жанталасқан пенделік,
Артымда қашан қаласың.

Қамтысам деймін қармалап,
Жетпеген жебе, армандар.

Күнделік пенде өмірде,
Сендер де менен қалмаңдар.

Осындайда ойлансам,
Тыныштық өмір маған жат.
Шексіз емес бірақ-та,
Алладан алған дәм қуат.

17.01.2008 жыл
Үрімші



**БІРІНШІ
БӨЛІМ**

2005 – ТАУЫҚ ЖЫЛЫ

Мақсұт Нәрікбаев. 1

Менің 65 жасқа толуыма арналған Астанадағы ҚазГЗУ-дің Ғылыми Кеңесінің салтанатты мәжілісі ашық деп жарияланды.

Сахна төріндегі ұзын үстел басының бір басында мен, екінші басында Заң ғылымының докторы, профессор, университетіміздегі Ғылыми Кеңес төрағасының орынбасары Еркін Әнуарұлы Оңғарбаев. Мәжілісті жүргізуші де сол.

Залда ине шаншар жер жоқ. Байқап қалдым алдыңғы қатарға Парламент сенатының мүшелері: Әбіш Кекілбаев, Фариза Оңғарсынова, Қуаныш Сұлтанов және т.б. достарым, бауырларым, әр қала, облыс орталықтарынан келген әріптестерім отырыпты. Екінші қатардағылардың ішінен аяулы анам Қойшыманқызы Зинаш (шын есімі Зейнепгүлсін) жайғасыпты. Жүрегім толқып кетті. Себебі, ол кісі сырқат еді. Соған қарамастан, менің қуанышыма ортақтасып, бүгінгі сән-салтанатты өз көзімен көрейін деп келіп отыр. Мана үйден шығардағы «бұл, бәлкім, менің соңғы қуанышым шығар» деген сөзі де құлағымнан жаңғырығып өтті. Мен аяулы, асыл анамның айықпас ауруға шалдыққанын есіме алып, ауыр күрсініп қалдым.

ҚР ҒА академигі, З.ғ.д., профессор, республикамыздан тысқары жерлерге де әйгілі ғалым Мұрат Тәжсімұратұлы Баймахановтың баяндама жасау үшін мінбеге көтеріле беруі мұң екен, залдағы құрметті қонақтарымыз ду қол шапалақтап, салтанат сәнін арттырып-ақ жіберді.

Менің екі көзім зал толы халықта, ал залдағы барша жұртшылықтың назары мені мен баяндамашы ағамызда.

Мұрат Тәжімұратұлы өзіне тән сабырлы да, салмақты дауысымен, анық та қанық сөйлейтін әдеттегі жағымды үнімен жұртшылықты бірден баурап алды. Мен де баяндамашының әрбір сөзін мұқият тыңдап отырмын.

Тұғырлы тұлға

(Менің 65 жылдығыма арналған академик М.Т. Баймахановтың баяндамасы)

«Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Құрметті әріптестер, қонақтар һәм ғылыми кеңестің салтанатты мәжілісіне қатысушылар!

Бүгін республика жұртшылығы көрнекті мемлекет, саясат һәм қоғам қайраткері, белгілі заңгер һәм педагог, Қазақ гуманитарлық заң университетінің ректоры, заң ғылымының докторы, профессор, Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевтың 65 жылдығын атап өтуде.

Мерейтой иесінің жүріп өткен өмір жолы игі ізденістерге, толымды табыстарға, ұлағатты уақиғаларға толы. Оның өмірлік күрделі мәселелерді шешуде өзіндік жұмыс мәнері қалыптасқан. Ең бастысы оның көп салалы қызметінің аясында шиеленісті істерге толы жайттар мол кездеседі. Міне, солардың бәрі жинала келіп, М.С.Нәрікбаев қол жеткізген табыстардың негізін құрап, оған республика көлемінде орасан бедел, үлкен құрмет, зор даңқ сыйлады.

Шығармашылық күш-қуаты мол М.С.Нәрікбаев Қазақстанның мемлекеттік, қоғамдық-саяси, ғылыми һәм педагогика салаларын пәрмендендіру мен еліміздің гүлдене түсуіне қажетті жаңалықтарды өмірге ендіруде, қомақты жұмыстарды абыройлы атқарып келеді.

Біз, әрине, оның осынау маңызды қызметінде жаңа табыстардың биігінен көріне беруіне шынайы тілектестігімізді білдіреміз.

М.С.Нәрікбаевтың республикамыздың тыныс-тіршілігіне қосқан тиісті үлестерін нақтылап айту үшін, сөз жоқ, оның өмірбаянындағы сәтті сағаттарға қысқаша болса да шолу жасап, оның қалыптасу үрдістеріне көз жүгіртіп, тұлға болып есею кезеңдеріне тоқталғанымыз жөн. Ол Алматы облысының Талдықорған ауданындағы Еркін ауылында туған. 1958 жылы Украинаның Днепродзержинск қаласындағы нөмірі сегізінші техникалық училищесіне түсіп, оны 1959 жылы бітіріп шығады.

1968 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1974 жылы «Заңгер» мамандығы бойынша тамамдады.

Мақсұт Сұлтанұлы өзінің алғашқы еңбек жолынан бастап әр түрлі қызметтер аясында кәсіптік бай тәжірибе жинайды. Соның нәтижесінде бүгінгі заманымызға лайықты саясаткер болып қалыптасады. Аса бір айта өтетін нәрсе - ол өзінің барлық өмір жолында адамдармен тығыз достық қарым-қатынаста болып, қай ұжымды болмасын ауызбірлікке шақырып, қол астындағы қызметкерлердің талап-тілектеріне түсіністікпен қарайды һәм олардың әр түрлі әлеуметтік мәселелерін оңды шешіп, орнықты жұмыс хал-ахуалын жасай білетін ұйымдастырғыш көшбасшыларының қатарына көтеріледі.

Мақсұт Сұлтанұлының еңбек жолы оның 20 жасында - 1960 жылы клуб меңгерушісінен басталады. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңімен тұстас келген ол жылдары ауыл еңбеккерлерінің әлеуметтік-

мәдениетін көтеру ісі еліміздің басты мәселелерінің бірі саналатын.

Одан соң ол Кеңес әскерінің қатарында азаматтық борышын өтеп қайтып, спорт жөніндегі нұсқаушы-тәлімгер, радио және телевидение хабарларын тарату жөніндегі Талдықорған облыстық басқармасының тілшісі, редакторы қызметтерін атқарады. 29 жасында Мақсұт Сұлтанұлы Талдықорған аудандық еңбекшілер депутаттары Кеңесі атқару комитеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады.

1973 жылы Талдықорған қалалық прокуратура-сына қызметке алынған кезде Мақсұт Сұлтанұлының әжептәуір өмірлік және кәсіптік тәжірибесі бар еді. Арада бір жыл өткен кезде ол Талдықорған қалалық прокуратурасының аға тергеушісі болады. Бұдан ары болашақ ғалым һәм саясаткердің қызметтен өсу жолы 7 жыл бойы адвокаттық істермен байланысады. Бұл оның кәсіптік шеберлігін жетілдірудегі, тәсілдер мен тәлім жинаудағы маңызды кезеңдері еді. Өз әріптестерінің арасында лайықты маман деген әділ бағаға ие болған Мақсұт Сұлтанұлы бұдан соң Талдықорған облысындағы Қаратал ауданының халық соты болып сайланады.

М.С.Нәрікбаевтың туа бітті ұйымдастырушылық қабілеті, жетекшілік сапасы, ұжымды басқара білудегі іскерлігі, қол астындағы қызметкерлерінің өз міндеттеріне деген жауапкершіліктерін көтергіштігі, еңбек тәртібі мен тәртіп сақтауды бұза қалғандар болса, оны заматында түзетгіре алғыштығы, әсіресе, республикамыздың егемендену мен тәуелсіздік алу кезінде толық түрде айқын байқалады. Сондықтан да болар, 1987 жылдан бастап мерейтой иесінің еңбек жолы мен өмірбаянында Әділет министрлігі, Қазақ КСР Прокуратурасы, ҚР Президентінің аппаратында яғни республикамыздың

жоғары мемлекеттік органдарында істеді деген жазулар пайда болды.

Жоғары қабілеттілігі, білімдарлығы һәм ынталылығы Мақсұт Сұлтанұлының 1992-1993 жылдары ҚР Президенті мен Министрлер кабинеті мемлекеттік-құқық бөлімінің меңгерушілігіне дейін көтерілуіне мүмкіндік берді. Сөйтіп, М.С.Нәрікбаев мемлекеттік жүйеміздің қайта құрылуы мен мемлекетіміздің тәуелсіз саясатын жасаушылардың бел ортасынан барып орын алды. Ақыры М.С.Нәрікбаевтың республикамыздағы мемлекеттік жоғары қызметтерге лайықтылығы айдай анық болып шыға келді.

Өзіне артылған сенімге Мақсұт Сұлтанұлы әрқашанда ар-ожданымен, үлкен жауапкершілігімен қарап, өзінің сирек ұшырасатын ұйымдастырушылық қабілетін іскерлікпен пайдаланып, ҚР Бас прокурорының орынбасары және ҚР Жоғарғы Соты төрағасының орынбасары міндеттерін атқарды.

Жинақталған мол білім мен тәжірибе қоры, ілгерідегі барлық кәсіпқойлық қызметтері Қазақстанның саяси элитасына мемлекеттік деңгейде ойлап, ой қорыта алатын қалыптасқан адамның келіп қосылғанын байқатты. Сол себепті де, Елбасымыздың жарлығымен 1995 жылы М.С.Нәрікбаев ҚР Бас прокуроры болып тағайындалды. Ал 1996 жылдың маусым айында ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасы болып сайланды. Содан бастап мерейтой иесінің өмірі үлкен саясатпен тығыз ұштасты.

Айтылған жауапты орындарда М.С.Нәрікбаев прокурорлық және сот органдары қызметінің заң жүзінде реттелінуі тәуелсіздік жағдайдағы прокурорлық қадағалау мен сот төрелігін қалыптастыру жұмысын тікелей басшылыққа алды. Ол тәртіп бұзушыларды жауапкершілікке тартуда конституция мен заңдардың

талаптарына қарсы келетін наразылық білдіру мен актілерді өзгерту жөнінен бүгінгі мемлекеттің мүддесіне сай келерліктей елімізде жаңа заңдылықтар мен сот төрелігінің жаңа жүйесін орнықтыруда ауқымды жұмыстар атқарды. Қатардағы азаматтардың заң бұзушылығы бір басқа да, мемлекеттік аппараттың жетекшілері мен қызметкерлерінің заң бұзушылықтары бір басқа. М.С.Нәрікбаев қайсысының да ескерусіз қалмауын айта отырып, әсіресе, мемлекеттік аппарат жетекшілері мен қызметкерлері әрекеттерінің прокурорлық және сот органдарының тарапынан қатал жазалануын талап етеді. Бұл мақсаттарға жету үшін ҚР Бас прокуроры мен Жоғарғы Сотының төрағасы тұғырында отырған кезінде М.С.Нәрікбаев құқықты мемлекет һәм азаматтық қоғам құру бағдарынан туындайтын және оларды жана көзқарастағы кадрлармен толықтырып, прокурорлық-тергеу және сот органдарының қағидаттарына жаңалықтар ендіру шараларын ұсынған болатын.

2001 жылы ол «Құқықтық Қазақстан үшін» қоғамдық бірлестігін құрды. 2004 жылы сәуір айында Қазақстан демократиялық партиясының құрылтай съезінде ол сол партияның төрағасы болып сайланды. Қазір ҚДП республиканың қоғамдық-саяси және мемлекеттік өмірінде белгілі де болып қалды. Мүшелері көбейіп, халық арасында құқықтық білімді насихаттауда пәрменді жұмыстар атқарып жатыр.

2002 жылы желтоқсан айында Мақсұт Сұлтанұлы тұрақты жұмыс істейтін азаматтық қоғамды одан ары демократиялау және дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі Кеңесінің мүшесі болып тағайындалды. Мұнымен қатар ол құқықтық саясат жөніндегі Кеңестің, ҚР Конституциясына ресми Түсініктеме жасау жөніндегі белгілі құқықтанушылардың тобына қабылданды.

ҚР Президентінің 2003 жылғы 12 сәуірдегі «ҚР Жоғарғы Сот Кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы» Жарлығымен М.С.Нәрікбаев Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы болып тағайындалды.

Мақсұт Сұлтанұлы 2-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі, жоғары біліктілік сыныпындағы судья болып саналады.

Ол Отан алдындағы еңбектері үшін «Парасат» орденімен, 5 медальмен марапатталған. Оның бастамасы бойынша тәуелсіз ҚР судьяларының бірінші съезі өткен болатын.

М.С.Нәрікбаевтың казак гуманитарлық-заң университетіне ректор болып келуі, оның өмірбаянындағы тарихи жарқын беттер. Ол жаңа беттер М.С.Нәрікбаевтың саяси-мемлекеттік және сот-прокурорлық жұмыс кездеріндегі игі ізденісті істерін мейлінше аша түсіп, кеңінен дамытты. Әңгіме бұл жерде оның ғылым және оқытушылықпен шұғылдануында болып отыр. Ол кезінде «Кәмелетке толмағандардың қылмыскерлігімен күрестің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық қырлары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаса, онан соң белгілі криминолог, заң ғылымдарының докторы, Ө.С.Жекебаевтың жетекшілігімен «Қазақстан республикасындағы жасөспірімдердің қылмыстық-құқықтарының қорғалуы» деген тақырыпта докторлық диссертация дайындады. Онда М.С.Нәрікбаев қазіргі замандағы жасөспірімдердің қылмыстық-құқықтарының қорғалуы жөніндегі көп жылдарғы зерттеулерін жинақтап шығады, Оны ол Ресей Федерациясындағы Ішкі істер министрлігі Академиясының Кеңесінде абыроймен қорғады. Москваның көрнекті заң ғалымдары оған аса жоғары ғылыми баға берді.

ҚазГЗУ ректоры болысымен М.С.Нәрікбаев университетті қайта құру бойынша бірнеше маңызды ша-

раларды жүзеге асырды. Университеттің негізін Алматыдан астанаға көшірді, облыстардағы филиалдарын қысқартты, кафедраларды жоғары білікті оқытушы-профессорлармен толықтырды. Студенттердің оқу үрдісіне қажетті әдебиеттермен, қосымша материалдармен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге барынша күш салып, тиісті материалдық-техникалық, ұйымдастыру, тәсілдемелік және тағы басқа қажетті жағдайларға баса назар аударды.

Оның ынта-жігерімен «ҚР Заң білімі тұжырымдамасының» жобасы дайындалды, ұлттық білім беру жүйесіне несиелік және инновациялық технология ендірілді, кәсіптік тәжірибе орталығы, студенттердің заң клиникасы ұйымдастырылып, университеттің баспа кешені өмірге келді және ол одан ары дамытылуда. Бүгінге дейін онда оқулықтар мен оқу құралдары, сондай-ақ монография, ғылыми еңбектердің жинақтары басылып жатыр. ҚазГЗУ-дің шетелдік серіктестермен халықаралық байланысы кеңінен қанат жайды. Осындай игі ізденістер мен атқарылған алуан түрлі істердің нәтижесінде ҚазГЗУ-дің сапалық көрсеткіштері де жедел көтеріліп, қазір еліміздегі алдыңғы қатарлы ЖОО-ға айналып отыр.

М.С.Нәрікбаевтың ғылыми-зерттеу істеріне де қысқаша болса да тоқтала өтейін. Ол оның барша қызметінің, атап айтқанда, мемлекеттік һәм қоғамдық-саяси жұмыстарының ең маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол туындап жататын проблемаларды саяси-мемлекеттік тұрғыдан көре біліп, оларды ғылыми ой-тұжырымдарынан өткізеді және ойларын ортаға салады һәм оларға орнықты талдаулар жасайды.

М.С.Нәрікбаевтың аса үлкен ғылыми еңбектерінің ішінен «Қазақстан республикасындағы жасөспірімдерді құқықтық қорғау» (Алматы, «Дәуір», 1996, 21,3 бас-

па табак) атты кітабын айрықша атауға болады. Бұл жұмыс – көп қырлы һәм аталған тақырыпты жан-жақты кеңінен ашқан. Ең бастысы – Қазақстандағы қазіргі жағдайды кеңінен көрсетеді. Аталмыш еңбек Қазақстандағы қазіргі жағдайды сипаттаумен басталып, жасөспірімдердің құқықтарын қорғау құрылымын аша түсумен жалғасады және криминологиялық саясат пен қылмыстық-құқықтық тұжырымдар баяндалады. Балалардың өз ата-аналарымен өзара қарым-қатынастарындағы құқықтары толық нақтыланады. Сондай-ақ ата-аналардың балаларды тәрбиелеу құқығы, оларды материалдық жағынан қамтамасыз етуі, жасөспірімдердің азаматтық және еңбек құқығы, кейбір ата-аналарды құқықтарынан айыру, бала асырап алу, панагөйлік, қамқорлық ету жайттары егжей-тегжейлі сөз болады. Жасөспірімдер қылмыстарының динамикасы, құрылымы, жағдайы арнайы сөз етіліп, өрімдей жастың тұлғасын қалыптастыру, олардың зорлықпен, мүттәйімдік мақсатпен жасаған қылмыстарымен күрестің ерекшеліктері, сол қылмыстардың алдын алу шаралары қаралады. Монография жасөспірімдер жауапкершілігін арттыру барысында қылмыстық заңнаманы жетілдіре түсудің жолдарын іздестіре берумен аяқталады.

Мен кітаптың мазмұнына бекерден-бекер тоқталып тұрғаным жоқ. Себебі аталмыш кітап мәселеге теориялық һәм практикалық жағынан да зор тиянақтылықпен барады. Автордың қазақстандық, ресейлік және тағы басқа елдердегі мамандардың еңбектеріне, сондай-ақ нормативтік-құқықтық һәм практикалық материалдарға сүйенуі өрелі ойларын өрістете түседі. Сонымен қатар айтыс тудырарлықтай пікірлері мен ой қорытындыларының, ұсыныстарының молдығы соншалық, бұл еңбек осы проблемамен ті-

РЕСМИ КЕЗДЕСУЛЕР КӨРІНІСТЕРІ


















































келей шұғылданып жүрген адамдардың қолдарынан түспейтін құндылыққа айналып, заң әдебиеттерінің ғылыми қорына түбегейлі еніп отыр.

Осымен қатар М.С.Нәрікбаев «Қазақстан Республикасының қылмыс құқығы» (жалпы бөлім), Алматы, 1999, «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы», Алматы, 2002, «ҚР-ның қылмыстық кодексіне ғылыми-практикалық түсіндірме», Алматы, 1999, «Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық жаңа заңнамасын қолданудың өзекті мәселелері», Астана, 1999, «ҚР-дағы прокурорлық қадағалау», Алматы, ҚазГЗУ, 2002, тағы басқа кітаптарға қос автор болуымен қатар, ұжымдық бірсыпыра монографиялардың, жинақтардың және тағы басқа ғылыми еңбектердің ішіне қатысып, көптеген мақалалары жарық көрген.

М.С.Нәрікбаев ғылым аясында өз еңбектеріне ғылыми-теориялық қағидаларды басты тірегі етіп отырады. Бұл ретте автордың назары негізінен: жасөспірімдер қылмыстарының себебіне, ұйымдасқан қылмыспен күреске, атап айтқанда, зорлықшылдық, мүттәйімшілдік һәм сыбайлас жемқорлық, мемлекеттің қылмыстық-құқықтық саясаты мен өлім жазасын қолдануға жұртшылықтың көзқарасы қандай екендігін пайымдап, сот пен прокуратура және олардың билік жүйесіндегі орны, сот-құқықтық реформа және оның негізгі бағыты, конституцияның тікелей әрекеттердің актісі және сот һәм құқық қорғау қызметтері болып келетіндігін айта өту артық емес.

М.С. Нәрікбаевтың жариялаған мақалаларында зерттеу мен ғылыми-публицистиканың астасып жататындықтарын аңғаруға болады. Оны «Ұлы билерімізден Жоғарғы сотқа дейін» (Алматы, Атамұра, 1999, 7,6, баспа табак) атты еңбегінен де көреміз.

Бұл кітабында автор өткен қоғамдағы жайттарға шолу жасай келіп, құқықтық және сот жүйесінің пайда болуына, оның орнығуына, дамуына көз жүгіртеді һәм сол замандағы билердің қызметтеріне тоқталады. Автордың мұндағы бір ерекшелігі, егер қазіргі кездегі көптеген заңгерлердің, тарихшылардың, саясаткерлердің еңбектерінде тек қана Төле би, Әйтеке би, Қазыбек билердің ғана аттары аталса, М.С.Нәрікбаев қазақ билерінің есімдерін ондап санамалайды. (Әнет би, Айдабол би, Есей би, Сенкебай би, Шабанбай би және т.б., барлығы жүзге тарта билердің есімдері аталады) Оның үстіне Мақсұт Сұлтанұлы осы билердің төрелік етіп, ақиқатты ашу, татуластыру һәм тәрбиелеу, тіпті, қылмыстың алдын алу және т.б. бастарынан өткерген істердің қысқаша мазмұндарынан дәйекті мысалдар келтіріп, баяндап өтеді. Сөйтіп, өткен замандардағы билер сотын қазіргі кездегі Қазақстан сот жүйесімен салыстыра отырып, М.С.Нәрікбаев ҚР Жоғарғы Соты сол кешегі билер сотының заңды жалғасы екендігіне ғылыми дәлелдер тауып, сабақтастық заңдылығын ашады және оның аса жоғары сатыға көтерілгендігін, соның нәтижесінде қоғамдық және құқықтық зор мәртебеге жеткендігін ғылыми түрде қорытындылайды.

2000 жылы М.С.Нәрікбаев «Тұғыры берік туған ел» (Ел мен Елбасы туралы ой толғам), Астана, 9,56 баспа табак), «Ақиқаттың ақ жолы», (Астана, 9,3 б.т.) атты екі кітап шығарды. Оның біріншісінде автордың тәуелсіз Қазақстан туралы ой-толғамдары, Президенттік биліктің тәуелсіздікті нығайтудағы рөлі, ел тағдырындағы ерекше құжат – Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация, республикамыздың БҰҰ қатарына енуі және көптеген әлем мемлекеттерінің Қазақстанды мойындаулары жазылған. Автор құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам құрып, адам құқығы мен бостандықты,

экономика мен мәдениетті қамтамасыз етуді алдына мақсат етіп қойған республикамыздың үлкен жоспарларын жан-жақты дәріптейді.

«Ақиқаттың ақ жолы» кітабында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған публицистикалық мақалалары жинақталған. Олар үш тарауға топтастырылған: 1. Биліктің бір тармағы – сот билігі; 2. Судьялар мәртебесі - әділ соттың мәртебесі; 3. Адам мен заң.

Кітапта тәуелсіз Қазақстан жағдайында сот ісінің қағидаттары мен түрлері баяндалып, конституция нормалары және осы мәселелер бойынша ағымдық заңнамалар, актілер талқыланады. Сондай-ақ сот органдарының кездестіріп отырған қиыншылықтары мен одан шығудың жолдары көрсетіледі.

Осындай жанрда (публицистикалық мақалалар жинағы) «Әділ сотқа апарар жол» (Дорога к правосудию), Алматы, 1997, 15,7 б.т. деген кітабы да дүниеге келген. Оған да түрлі БАҚ-та прокуратура туралы жарияланған («Прокурор: айыптаушы ма, жоқ әлде, әділеттілік күрескері ме?», «Прокурор Цезардың зайыбы секілді күдіктен тысқары тұруы тиіс», «Кешегі, бүгінгі, ертеңгі прокуратура», сонымен бірге сот туралы (Судьялардың тәуелсіздігі: кепілділік пен өмір шындығы), «Сот төрелігінде тұрлаусыз мәселелер болмайды», «Соттар - әскер емес, алайда өмірдің бет алысына қарай аттауы керек» және т.б.) мақалалары да бар. Әрине, М.С.Нәрікбаевтың публицистикалық еңбектері осы кітаптармен шектелінбейді, керісінше, олар оннан асып түседі, тіпті, жазылып жатқандары да баршылық. Міне, бүгін мерейтой иесінің «Ұлы тарихпен бетпе-бет» (Алматы, «Атамұра», 2005, 29,25 б.т.) атты көлемді кітабы қолымызға тиіп отыр.

Ал бұдан бір жыл бұрын жазушы Ораз Исмаиловпен бірігіп жазған «Бақыттың қиын баспалдақтары»

атты роман-диалогы «Дәуір» баспасынан жарық көрген болатын (көлемі 35,25 б.т.).

Айта кетуім керек, публицистика М.С.Нәрікбаевтың ғылыммен шұғылдануында үлкен орын алады. Себебі ол әрбір сәтте ойына оралған ғылыми қорытындылары мен қағидаларын жеделдетіп оқырмандарына жеткізіп, ой бөлісіп, пікір алмасуына өте оңтайлы.

Қазіргі кезде М.С.Нәрікбаев демократияландыру жөніндегі сот қазылары туралы ҚР Конституциясының 75 бабын өмірге ендіру бойынша топ жетекшісі. Ол өзінің әр кездерде берген сауалдамаларында осы мәселелер жайындағы комиссия мүшелерінің әр қилы шешімдері мен пайымдауларын айтады. Ол судьяларды сайлауда классикалық моделдің (англо-саксондық түрі) артықшылығын айқын да анық етіп түсіндіріп өтеді. Ал одан кейінгі континентальды модельдің біздің Қазақстанның жағдайында әзірше қолайлы еместігін дәлелдеп береді. Басқа бір сауалдамасында М.С. Нәрікбаев тәуелсіз мемлекетіміздің болашақтағы дамуына орай саяси партиялардың қызметтерін, ел өміріндегі ҚР Конституциясының рөлін, жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдендірілуі мен қорғалуларының заңмен бекітілінуінің, қылмыспен күрестің, әсіресе, оның сыбайластық жемқорлық түрлерімен күресті күшейте берудің маңыздылығына тоқталып, заң білімін мемлекеттік және жекешелік түрде де оқытып, таратудың орынды болатындығын жасырып-жасқамай, ашық айтады.

Жалпы алғанда, М.С.Нәрікбаев сот реформасының өзекті мәселелері, құқықты дамыту, прокуратура органдарының қызметі, тәуелсіз мемлекетіміздің орнығуы, заң білімін жетілдіру бағыттары бойынша қоғамдық және ғылыми мәндегі жүзден астам

мақалалардың авторы. Бұл дегеніңіз отандық заң ілімінің дамуына қосылған қомақты үлес.

М.Нәрікбаев ғылыми зерттеулерін жүйелі түрде көптеген ғылыми форумдарда, оның ішінде халықаралық жиындарда да мәлімдеп келеді. Ол қазіргі замандағы сот төрелігінің көкейкесті мәселелері бойынша Халықаралық 8-семинарға қатысып, (Германия, маусым, 1999 ж.), Москвада өткен халықаралық форумда «Жаһандану үрдісі және заң білімінің мәселелері» деген тақырыпта, (Москва, қаңтар, 2002 ж.), Астанамызда өткен ғылыми-практикалық конференцияда (Астана, қазан, 2002 ж.) «Қазақстан Республикасында сыбайластық жемқорлықпен аяусыз күресудің өзекті мәселелері» деген тақырыптарда баяндамалар жасаған.

М.С.Нәрікбаев ғылыми кадрларды дайындауға да үлкен назар аударады. Оның ғылыми жетекшілігімен Сергей Михайлович Жалыбин, Нұрлан Орынбасарович Дулатбеков докторлық диссертацияларын қорғады. Ал оның Қозы Көрпеш Қарбузов, Ғазиз Сырбаевич Мәуленов секілді докторанттары диссертацияларын қорғауға әзір отыр. Егер бұған диссертацияларын дайындап немесе қорғап жатқан аспиранттарды қосатын болсақ, Қазақстанда профессор М.С.Нәрікбаевтың жаңа ғылыми мектебінің қалыптасқандығын көреміз.

М.С.Нәрікбаевтың қазіргі қолданып жүрген заңдарымызды жетілдіру жөніндегі ерен еңбегін атамай өтуге болмайды. Ол ҚР Бас прокуроры хәм Жоғарғы Сотының төрағасы болған жылдарда «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы», «Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялар мәртебесі туралы» ҚР Заңдары дайындалып, қабылданған болатын. Мұның сыртында басқа да көптеген Заң және нормативті актілерді дайындау жұмыстарын басқарды.

М.С.Нәрікбаев «Құқық және мемлекет», «Қылмыстың алдын алу» атты журналдарда редакциялық алқаларының мүшесі. Ол Халықаралық жоғары мектеп Академиясының академигі болып сайланды.

Ағынан жарылар болсақ, сот, прокурор, құқықты сақтау мен құқықты қорғау кәсіптері Мақсұт Сұлтанұлының болмысымен біте қайнасып кеткендей әсер қалдырады. Өзіне тән бұл қасиеттері оның бойынан табиғи, емін-еркін, жайбарақат түрде көрініп, өзінің қол астындағы қызметкерлер мен әріптестері арасындағы татулыққа, ізгіліктерге жол ашып тұрғандығын көреміз. Ол орындаушыларға тапсырма бере тұрып, оны орындап шығудың нақтылы тәсілдерін таңдауды сол адамның өз еркіне қалдырады, бірақ оны қадағалауды ешқашанда назарынан шығармайды.

Міне, М.С.Нәрікбаевтың мемлекеттік қоғамдық-саяси, ғылыми және ғылыми-педагогикалық өмірбаянына жататын аздаған мысалдарды осылайша топтастыруға болар еді. Оның өмірдегі қызметтері мейлінше игілікті, жемісті болып, көптеген жақсы нәтижелерге қолын жеткізіп, бай сапалылықты, ұйымдастыра білетін қабілеттілікті, тәжірибелі жетекшілікті, теория мен практиканы ұштастыра алған ғалымдылығын айқындаса керек.

Мақсұт Сұлтанұлының тиісті қызметтерін мүлтіксіз атқаруына оның отбасы, Қасиет Қадырқызы, балалары, немерелерінің де үлесі бар деуіміз жөн. Олар әрқашанда тұғырлы тұлғаның рухани демеушілері болып, шығармашылық күш-қуатының қайнар көзіне, тірегіне айналып келеді.

Нәрікбаев Мақсұт Сұлтанұлының өмірлік және кәсіпқойлық жолы – мемлекет пен қоғамдық-саяси қайраткерінің, еңбекқор ғалым мен шығармашылық тұлғаның баршаға үлгі боларлықтай жолы.

ҚазГЗУ ұжымындағы мыңдаған азаматтардың атынан Мақсұт Сұлтанұлын бүгінгі мерейтойымен құттықтай отырып, оған алдағы уақытта да отбасына амандық, жеке басына саяси өсіп, өрлеу һәм шығармашылық табыстар тілейміз!

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет!

* * *

ЖЫЛЫ ЛЕБІЗДЕР АЛДЫНДА

Мақсұт Нәрікбаев. 2

Салтанатты жиналыс жүріп жатыр. Мен екінші қатардағы қалғымай, мүлгімей маған қарап отырған анашыма қарадым. Ішімнен: «шешем мәжілістің бас жағында шамалы ғана отырады да, үйге қайтып кетеді ғой» деп ойлағанмын. Жоқ, жарықтық, үш жарым сағатқа созылған мәжілістің басынан аяғына дейін тапжылмады. Жай ғана отырып қойған жоқ. Баяндама жасаған академик М.Баймахановтың әрбір сөзін мұқият тыңдап, ризаланып отырды. Сахна төріндегі үстел басында отырғаныммен, менің екі көзім залдағы шешемде. Байқаймын, шешем, әсіресе мәжіліс барысында хабарланып отырған құттықтау хаттар мен жеделхаттардың мәтіндеріне, қай елдерден келіп жатқанына құлағын түріп, баса мән беруде. «АҚШ-тан, Жапониядан, Лондон, Париж, Мәскеу, Санкт-Петербургтен» деген сөздерді естігенде ақ жүзі гүл-гүл жайнап, күлімдеп, еңсесін тіктеп, көтеріле түседі. Күбірлейді. «Сірә, тәуба деп отырсың-ау, шешетайым» деп қоямын ішімнен.

Қайран, балалары үшін отқа да, суға да түсуге, қажеттілік туса, балалары үшін омырауларын оққа да тосатын алтын аналар-ай. Сендердің бойларыңда сарқылмайтын не деген бұла күш?!

Көріп отырмын, шығып сөйлеушілердің ауыздарынан мен туралы мақтау, жылы лебіздер айтылған сайын анашым әрленіп, ажарланып, айбаттанып, көріктене түседі. Әуелі, ғылыми мәжіліспен өткен үш жарым сағатты былай қойғанда, кешкілікке қарай менің ұлдарым мен келіндерімнің, қыздарым мен күйеу балаларымның өздері даярлаған мейрамхана дастарқанының басына менің шешем ешкімнің сүйеуінсіз-ақ өзі ширақ басып барып отырған. Бата жасаған. Мен тыныш отырмай:

-Қалай, шеше, жаман балаңызды ел сыйлай ма екен, жоқ па? – деп едім, шешем емірене бетімнен сүйіп тұрып:

-Тіл-көзден аман бол, шырағым. Шет елдік тілеулес достарыңның көптігіне мен бүгін қуанғанымнан жарылып кете жаздадым емес пе? Елбасымыз да құттықтапты. Рақмет. Бұл қандай бақыт! Менің қолымнан келген бар қайран, «Тәуба, тәуба!» деу ғана болды ғой, күнім.

Сен, мен ойлаған жерден асып кеттің. Алла ақырын беріп, абыройыңды ұзағынан сүйіндірсін. Әсіресе, ақылды достарыңа сүйсіндім бүгін. Анабір маңдайы кере қарыс, бұрыл шашты жігіт ағасын әлде профессор, әлде академик деді ме, ол жағын анық ұқпай қалдым. Бірақ сөзі қандай салмақты, терең еді. Жаңылмасам, «Өмір адам үшін емес, адам өмір үшін күресуі керек» деді-ау деймін. Данышпан сөз ғой, балам. Бұл сөз бүгін маған да тың күш-қуат беріп тастады. Қазіргі шаршамай, шалдықпай отыруым да, сол сөздің шарапаты десем болады, - деп бір таңқалдырып қойды. Соңынан

сұрастырып білсем, менің шешеме мысқалдай болса да ем, саулығына дем бергендей сөзді айтқан адам - өзіміздің сүйікті профессор, заң ғылымының докторы, академик ағамыз С.Зиманов екен.

Бір ауыз сөзімен бір күнге болса да, шешемізді сырқатынан сейілтiп, тiптi сергiтiп, адамның өмiр үшiн күрескер болуының парыз екендiгiн ұғындыра алған, ұғындырып емес-ау, иландырып, сендiре алған академик ағамызға осы кiтап арқылы да алғысымды бiлдiре кетсем, артық болмас деп ойлаймын.

Осы ретте мына бiр жайтты айта кетуiм керек-ақ. Тағдыр дегендi қойсаңызшы, осыдан тұп-тура 40 күн өткен кезде – 8 мамыр, сенбi, 17 сағат шамасында менiң аяулы анашым – Зинаш (Зейнепгүл) Қойшыманқызы мәңгiлiкке көз жұмды. Көңiл айтушылар, әрине, көп болды. Бiрақ, солардың арасында мен 65 жасқа толған күнгi сөйлеген сөзiмен аяулы анамды қатты тебiренткен ҚР ҒА академигi, Заң ғылымының докторы, менiң сүйiктi әрiптесiм Салық Зиманов шет елдiк iссапарына байланысты бола алмаған едi. Ол, тiптi, iс сапарынан оралған соң да, бiздiң кездесуiмiздiң орайы келмей-ақ қойған.

Ақыры мен әрiптес ағамыздың ақ көңiл, адал жүрегiнен жазылған мына бiр сәлем-хатын алумен көңiлiмдi тоғайтқанмын.

«Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевқа

Қадiрлi Маке!

Сiздiң анаңыздың қайтыс болғанын кешiгiп естiп, сәтi түсiп кездескенде құшақтап тұрып, сiзге көңiл айтармын деп ойлап едiм. Сәтi түспей-ақ қойды. Өткенде, 30 маусымда Алматыда «Достық» Қонақ үйiнде өткен

конференцияға келетініңізді естіп, ертеңгі сағат 10-да әдейі Сізді көру үшін барсам, жиылыс сағат 9:30-да басталып кетіпті. Сіз баяндама жасап тұр екенсіз. Онда да көңіл айтудың реті келмеді.

Кездесер күннің созылуымен байланысты осы хатты Сізге көңіл айту үшін жазып отырмын. Анамыздың жаны жаннатта болсын!

Сәлеммен Зиманов

31.07.2005 ж.

Алматы.»

* * *

... Мен өзімнің атыма келген құттықтауларды келу реттеріне қарай қарап жатырмын. Қолыма алдымен мына бір құттықтау жырлар ілікті.



ҚҰТТЫҚТАУЛАР

Ханьша Дүкенқызы

Мақсұт ағаға

Бірінші жыр

Арнау

Марғасқасы алаштың,
Аллам ерен жараттың.
Ұл туса сіздей болсын тек,
Тұлпарын мінген талаптың.
Ата қонысын мешіт қып,
Ғасырға аңыз тараттың.
Алла жар болсын жақсы аға,
Ғұмыр берсін пәк-ақ шын.
Айтылған осы ақ тілек
Алатаудан ары ассын.
Халық сыйлап өзінді,
Арманың бұлтпен жанассын.
Нәрікбай ата әулеті
Шапағатпен таңы атсын.
Мұрағатта қалмай жырларым,
Кеңінен елге таралсын.

* * *

Екінші жыр

Бұны айтпай қалай аға тосыламын,
Білемін енді өлең жосыларын.
Бақ боп қонсын басыңызға,
Әкеден алып келген бір топырағын.

Өлеңім сізге қауыз жарды менің,
Аялап ұлын сүйіп алды елің.
Сұлтанның ұлы едіңіз Сұлтан болдың,
Бір атадан тараған жалғыз едің.

Өмірдің өзенімен сырлас болған,
Таймаған әділетте адал жолдан.
Пайғамбардың жасында жүрген аға,
Елбасы Нұрағаңмен құрдас болған.

Не өтпеді өмірде басыңыздан,
Әкеден ажырапсыз жасыңыздан.
Жеңгеммен қол ұстасып жүз жасаңыз,
Түспеніз тәңір берген атыңыздан.

* * *

Несіпбек Айтұлы

Киелі достық

(Мақсұт Нәрікбаевқа)

Үміттің оты жарқылдап жерден, аспаннан,
Бір жұлдыз сені жарқырап ылғи тосты алдан.
Алпыс бес жылдық ғұмырың, аға, аумайды,
Ақындар жазған оқиға толы дастаннан.

Есігін ашып, өмірге қадам басқаннан,
Қайғыны көрдің қабағы қара тас болған.
Әкенді жұтып көмейі қанды сұм соғыс,
Анаңмен қалдың көзінен ыстық жас тамған.

Жоқтатпай әжең әкенің орнын бос қалған,
Балалық өтті арғымақ мінген жас талдан.

Жігіттік жетті желбіреп алтын жалауы,
Ақ танда талай ақ білектерді жастанған.

Будақ та будақ басыңнан бұлттай көшті арман,
Аса алмай не бір асуы қиын асқардан.
Аямай тірлік от пенен суға салса да,
Қасқайып бақтың, жерің жоқ ешбір жасқанған.

Мейірім көрдің бірге өскен тату достардан,
Таяқ та жедің аяқтан шалған қастардан.
Жақсылық келсін, жамандық келсін Алладан,
Тұрмайды тағдыр күн бұрын құрған жоспардан.

Сақтасын құдай орынсыз асып-тасқаннан,
Өкінбес пенде өткенін оймен еске алған.
Бақыттың жолы Нұр-ағаң алғаш жолыққан,
Сонау бір жылғы жұлдызды сәттен басталған.

Етесің тәуба еске алған сайын сол күнді,
Сол күні Тәңір бағынды сенің жандырды.
Бозбала – достық болаттай берік құйылған,
Өзінің ізін өмірге мәңгі қалдырды.

Кім болжап білген күрмеуі қиын тағдырды,
Тағдырдың жүгі топшыңды талай талдырды.
Қызырдай жебеп киелі достық сол кезде,
Қырандай баптап, тұғырға биік қондырды.

Жігіттің гүлі бір сырлы және сан қырлы,
Шаттанған кезде жүректен төктің ән-жырды.
Төбеге шығып төрелік айттың би болып,
Айбының асып, даңқыңнан дала жаңғырды.

Жарқырап атып алдыңнан аппақ таң нұрлы,
Келесің кешіп, жаз-ғұмыр жасыл шалғынды.

Тектіден туған алмастай асыл болмасаң,
Жетелей бермес патшаның қолы әркімді.

Не керек, Мақа, осыдан артық адамға,
Жасаған жан жоқ мәңгілік мынау ғаламда.
Қолдасын дәйім үш бидің ұлы аруағы,
Лунап бір түсіп, орнынан ата-бабаң да!..

Астана

30 наурыз 2005 жыл

Мақсұт Нәрікбаев. 3. *Мұрат Тәжімұратұлының мазмұнды баяндамасынан соң жылы лебіз, жақсы тілек білдірушілер бірінен соң бірі суырылып шыға бастады. Алғашқы сөз иесі - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңестің Төрағасы, заң ғылымының докторы, профессор Игорь Иванұлы Роговтан кейін, құттықтау сөз ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы, заң ғылымының докторы Қайрат Әбдірызақ Мәмигетиді. Мұнан соң, ҚР-ның Бас прокуроры Рашид Төлеутайұлы Түсіпбеков және тағы бірнеше әріптес достарым сөйлеп болған сәтте, ғылыми мәжілісті жүргізуші - университетіміздегі Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары Е.А.Оңғарбаев мырза сөз кезегін университетіміздің оқу және оқу-тәсілдеме жұмыстары жөніндегі проректор, саясаттану ғылымының кандидаты Сайлау Аманжолұлы Қасабеков мырзаға берді. Ол өзінің әдемі баритон дауысымен алыс және жақын шет елдерден жеткен құттықтау жедел хаттармен таныстырып шықты. Байқаймын, залда отырған шешемнің көзі күлімдеп, жүзі жадырап, сырқат екендігін бір сәтке болса да ұмытып та кеткенге ұқсайды. Деміл-деміл маған қарап, жан ризалығын білдіріп қояды.*

Мұнан соң мінбеге заң ғылымының докторы, профессор, ҚР Конституциялық Кеңестің мүшесі Аманжол Мағзұмұлы Нұрмағамбетов мырза Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімұлы Әбдікәрімовтың құттықтау хатын оқып берді.

Жылы сөз, қызу қолшапалақтау кімдерге қуат, күш-жігер бермеген дейсіз, мен сәт сайын ма-сайрап, мерейленіп отырдым. Мені ондай күйге түсіріп отырған достарымның, әріптестерімнің, тілеулестерімнің ыстық ықыластары мен жүрек жылулары еді. Ішімнен мың қайтара тәубамды айтып, өзімді осындай құрметке бөлеп отырған барша ниеттестеріме іштей алғысымды да жаңбырдай жаудырып жатырмын.

Енді бір сәтте менімен үзеңгі қағыстырып жүрген демократиялық партиялардың өкілдері - «Отан» партиясының төрағасының орынбасары Қазбек Майлыбайұлы Қазкенов, «Асар» партиясының өкілі Серік Бекович Нұғманов, «Азамат» партиясының төрағасы Азат Тұрлыбекович Перуашев, өзім басқаратын Демократиялық партияның өкілі Қазбек Әбусағитович Жиренишин және тағы басқа партия өкілдері жүрекжарды құттықтауларын білдіріп жатты.



ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАРДЫҢ ЛЕБІЗДЕРІ

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді ел ағасы, ердің жасы – 65 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Қазақстан халқы сізді көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ірі заңгер – ғалым ретінде сіңіріп жүрген еңбегіңіз арқылы жақсы біледі.

Сіздің заң саласындағы ғылыми еңбегіңіз, өмір жолыңыз, жастарды тәрбиелеуде үлгі-өнеге деп айта аламын.

Қадірлі Мақсұт Сұлтанұлы!

Бүгінгі туылған күніңізде отбасыңызға бақыт, қуаныш, ел-жұрт алдындағы мерейіңіз әрдайым үстем, рухыңыз биік бола берсін деп тілек білдіремін.

Құрметпен,
Қазақстан Республикасы ІІМ
Академиясының бастығы
Полиция генерал-майоры

С.Е. Еркінов

Астана қаласы
2005 жылғы 30 наурыз



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 65 жасқа келген мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сізге елімізге мемлекетіміздің тыныс-тіршілігін таразылай білетін мемлекеттік қайраткер, жоғары дәрежедегі білікті заңгер ретінде жақсы танымалсыз.

Ата заңға сәйкес, азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуде және сот жүйесін реформалауда Қазақстан едәуір табыстарға қол жеткізуде. Сол игіліктердің бел ортасында жүрген Сіздің де өмірлік озық тәжірибелеріңіз бен кәсіби іскерлігіңіздің зор ықпалы болғаны даусыз. Оған Сізің жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтерде құқық саласын дамытуға ғылыми тұрғыдан жасаған жаңа талдауларыңыз бен тың жаңалықтарыңыз, сонымен қатар өзіңіз жетекшілік еткен іргелі зерттеулер мен ғылыми мемлекеттік бағдарламаларыңыз дәлел болмақ. Бүгінгі таңда жинақтаған кәсіби тәжірибелеріңізді еліміздің саяси өмірімен қатар, жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне де жаратып, риясыз еңбек етіп келесіз. Шәкірттеріңіз мемлекеттік мекемелердің қай саласы болсын, оның ішінде Сыртқы істер министрлігінде де табысты қызмет атқарып жатқандығын атап өткім келеді.

Алдағы уақытта да Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би бабаларымыздай ақиқатты анық айтып, қара қылды қақ жарар жастарды тәрбиелеудегі аса жауапты қызметіңізде жаңа жетістіктерге жете беруіңізге тілектестігімді білдіремін.

Қадірлі Мақсұт Сұлтанұлы, Сізді бүгінгі торқалы тойыңызбен тағы да құттықтап, отбасыңызға әрдайым ырыс пен бақыт, ал өзіңізге мықты денсаулық тілеймін.

Ізгі тілекпен,

Қасымжомарт ТОҚАЕВ

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді асқарлы 65 жастың белесіне шығуыңызбен шынайы көңілден құттықтаймыз!

Талдықорған қалалық прокуратурасының тәлімгері ретінде еңбек жолыңызды бастаған Сіз осынау жылдар ішінде қарапайым заңгерден көп білетін тұлға айналып, мемлекет пен қоғамның танымал қайраткері, білікті заңгер, білімді ұстаз болып қалыптасып, өмірдің үлкен мектебінен өттіңіз.

Ғылым мен саясатты қатар меңгерген, ізденімпаздық пен еңбеккерліктің үлгісін көрсеткен Сіз заң саласындағы әртүрлі жауапты қызметтерде талапшыл басшы, іскер азамат екеніңізді таныта білдіңіз. Қазақстандағы сот жүйесінің заманға сай бекіп, қалыпқа түсуінде заңгерлік қол таңбаңызды танытып, осы саладағы реформалардың өрістеп, өркендеуіне бастамашылдық пен ізденімпаздық көрсетіп, тәуелсіздіктің тірегі болып саналатын тұғырлы заңдардың қабылдауына атсалыстыңыз.

Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру және өркендету тұрғысындағы ұсыныстарыңыз уақыт талабынан шығып, ел егемендігіне еңбек етуде. Бұл жұмыстарыңыз дер кезінде мемлекет тарапынан орынды аталып өтіп, Сіз көптеген наградаларға ие болдыңыз. Елбасы жанындағы Демократия мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі ретінде қоғам дамуындағы парасатты пікірлерге, ел дамуындағы табыстарға ортақ үлес қосып келесіз.

Қазақ гуманитарлық заң университетінің ректоры ретінде жас ұрпақты тәрбиелеуде, отандық заңгер мамандарын дайындауда, ғылымдағы жастарды баулуда

мол тәжірибеңізді пайдаланып, ұстаздық ұлағат таны-
тудасыз.

Бүгінгі мерекелі күніңізде мен Сізге алда да табыс
пен сәттілік, отбасылық бақыт, мықты денсаулық, ұзақ
ғұмыр тілеймін!

О. ӘБДІКӘРІМОВ

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді Д.А. Қонаев атындағы Университет ұжымы 65
жасқа толған мерейлі күндеріңізбен құттықтай отырып,
деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, саяси өрлеу
және биік шығармашылық табыстар тілей отырып, сол
ойларын жырмен жеткізеді:

Тай- құлындай тебісіп,
Бірге ойнадық, бірге өстік.
Бір туған жандай сенісіп,
Арайлы жарқын күн кештік.

Маңымыз қандай жап-жарық,
Жанымыз қандай нұрлы еді.
Арманды асқар таңдадық,
Жұлдызды жанған бір көріп.

“Досым” деп сені түсіндім,
Достықтың жолы – асқар шың.
Бәрі де мықты ісіңнің
Биікке шалқып бастарсың.

Ұзақ-ұзақ жасайық.
Жанайықшы отқа ұқсап.

Келші, досым, кұшайын,
Айқассын бір кос кұшак.

Д.А. Қонаев атындағы
Университетінің ректоры
з.ғ.д., профессор

Ө.Қ. Қопабаев

* * *

Уважаемый Максут Султанович!

Горячо и сердечно от себя и всех жителей Восточного Казахстана поздравляю Вас с прекрасной датой в Вашей жизни – 65-летием со дня рождения.

36
Знаменательная веха в жизни человека, когда по-особому серьезно осмысливается то, что сделано за прожитые годы намечается главное, над чем предстоит работать в дальнейшем.

Ваша трудовая биография – летопись славных дел беспокойного, делового и умного поколения, которые всю свою энергию, знания и опыт направило на созидание, развитие и процветание своей Родины.

Вы, как истинный патриот своего Отечества, вносите огромный вклад в построение нашего молодого государства, формирование его законодательной базы, повышение авторитета Республики Казахстан в мировом сообществе.

За плечами у Вас – богатый жизненный опыт, школа, которая позволяет на высоком профессиональном уровне решать поставленные задачи.

Начав с работы в культурно-просветительских учреждениях Талды-Курганской области, Вы выбрали себе трудный и ответственный род деятельности, ко-

тому посвятили многие годы самоотверженного и вдохновенного труда.

Старший следователь Талды-Курганской городской прокуратуры, член Талды-Курганской областной коллегии адвокатов, народный судья Каратальского района.

Затем - старший консультант Министерства юстиции Казахской ССР, прокурор отдела прокуратуры, начальник управления систематизации и пропаганды законодательства Министерства юстиции Республики Казахстан, заведующий сектором государственно-правового отдела, заведующий отделом правоохранительных органов Аппарата Президента и Кабинета Министров Республики Казахстан, заместитель Генерального прокурора, первый заместитель Генерального прокурора, первый заместитель Председателя Верховного суда, Генеральный прокурор, Председатель Верховного суда Республики Казахстан.

В настоящее время Вы – Президент Казахского гуманитарно-юридического университета, Председатель Высшего Судебного Совета Республики Казахстан, Председатель Координационного совета Республиканского гражданского движения «За правовой Казахстан», Государственный советник юстиции 2-го класса, судья высшего квалификационного класса, доктор юридических наук, профессор, академик Международной Академии педагогических наук, автор 15 книг и более 100 научных и научно-популярных статей. Награждены орденом «Парасат» и многими медалями.

Все, кому посчастливилось работать с Вами, по праву этим гордятся.

Вы пользуетесь заслуженным авторитетом и уважением.

Где бы Вы не трудились, Вас отличает исключительное трудолюбие, разумный подход к решению поставленных задач, чувство долга и ответственности за порученное дело.

Вы всегда занимаете активную жизненную позицию, проявляя необходимую взвешенность, целеустремленность и принципиальность при решении важных вопросов.

В день Вашего рождения, Максұт Султанович, желаю Вам и Вашей семье крепкого здоровья, счастья, радости, мирного неба над головой, долгих лет жизни, дальнейших успехов в Вашем благородном деле.

С уважением,

Аким Восточно-Казахстанской области

В. ХРАПУНОВ

город Усть-Каменогорск

30 марта 2005 года

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді мерейлі мереке – 65 жасқа толған тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Асқақ Алатауы Алты Алаштың басын қосқан, жәннат ырыс-ынтымағы жарасқан Жетісудың аяулы перзенті – Сіздің бойыңыздағы биік парасатты, ұрпаққа үлгілі, өнегелі өңірде топырағыңыздан дарыған деп білеміз.

“Сүйер ұлың бола, сүйенерге жарар ел”, – деп, данышпан Абай айтқандай аузы дуалы көшпелі елдің ұрпағы – Сіздің еңбек жолыңызды ерте, жиырма жасыңызда-ақ ауылдың мәдени өміріне үлес қосудан бастап, аудан, облыс, республика көлемінде жауапты қызметтерге көтерілуіңіз – елінің ертеңін ойлаған ерен ердің ересен еңбегі деуге болар.

Төзім мен табандылықтан, тынымсыз тер төгу мен зор жауапкершіліктен тұратын әділдік жолындағы кәсіби мамандықтың биік шыңына Сіздей абыройлы көтерілу – әр кімнің тәлейіне жазыла бермейтін бақыт болса керек.

“Алдына келсе, әділдігінді аяма – аймағың кетпес алдыңнан”, - деген екен, Ыбырай Алтынсарин. Қай жерде, қандай қызметте болмасын қалың бұқараның ыстық ықыласына бөленіп, мақтанышына айналуыңыз ақыл – парасатыңыздың жоғарылығы, әділеттіктің туын жоғары ұстағандығыңыздың айғағындай. Сондай-ақ, еш бір елде кездесе бермейтін, қазақтың өзіне тән билік, төрелік жолындағы бабалар салып кеткен сара жолды заман талабына сай үндестіру жолындағы жанқиярлық ғаламат істеріңіз, ғылыми еңбектеріңіз ұрпаққа ұлағатты іс.

Елді танып, құрметтеген Сіздей асыл Азаматтың “Парасат” орденімен қоса, бес медальмен марапатталуы, 2-ші дәрежелі мемлекеттік Заң кеңесшісі, жоғары билікті сот атануы – еліңіз үшін емірене, жұртыңыз үшін жұмыла жұмыс істегендігіңіздің арқасы.

Қадірменді Мақсұт Сұлтанұлы!

Бүгінгідей қуанышты күні, Сіздей қажымас қайрат иесі, саялы бәйтеректей берекелі отбасының тірегі, аяулы Ағаға – осы бақытыңыз қашанда ортаймасын, денсаулығыңыз зор болып, ел игілігіне қызмет ете беруге нәсіп етсін деген ақ тілегімді қабыл алыңыз!

Ізгі ниетпен:

**ҚР Жер ресурстарын басқару
жөніндегі агенттік Төрағасы**

Б.С. Оспанов

* * *

Құрметті Мақа!

Семей мемлекеттік педагогикалық институтының ұжымы атынан Сізді ер азаматтың толысқан, кемел шағы – 65 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Алғашқы еңбек жолыңызды мәдени-ағартушылық мекемелерінен бастап, кейінен еліміздегі заң саласына белсене араластыңыз. Республикалық прокуратура мен Әділет министрлігінде, Президент және Қазақстан Республикасы министрлер кабинетінің аппаратында, Бас Прокурор, Жоғарғы сот төрағалығында лауазымды қызмет атқарып, әділ заң арқылы халықты, жас ұрпақты шындыққа, әділеттілікке тәрбиелеуге, егемен еліміздің заңдық тұғырын қалыптастыруға зор үлесіңізді қостыңыз.

Қазіргі уақытта осы мол тәжірибеңізді Соттар одағында жемісті пайдаланып келесіз.

Ғылым жолында да болашақ жасөспірімдеріміздің құқықтық тәрбиесі жайлы еңбектер жазып, ғылыми біліктілігіңізді әрдайым шыңдап отырасыз.

Сіз қай салада еңбек етсеңіз де өзіңізді ірі ұйымдастырушы, әр уақытта дұрыс шешім қабылдай білетін парасатты, іскер басшы, үлкен саясаткер, ірі қайраткер ретінде таныттыңыз. Көптеген шәкірттеріңізді тәрбиелеп, қоғамнан өз орындарын табуға қолғабыс жасадыңыз.

Қазір де өзіңіз басқарып отырған білім шаңырағында болашақ заңгерлерді даярлауда зор үлес қосып келесіз.

Қымбатты Мақсұт Сұлтанұлы!

Егеменді еліміздің ертеңі үшін атқарып жатқан еңбегіңізде жаңа табыстарға жетіп, абырой биігінен көріне беруіңізге тілектеспін.

Сіздің шаңырағыңызға құт береке, мықты денсаулық, сарқылмас дәулет тілеймін!

Ізгі ниетпен
Семей мемлекеттік
педагогикалық институтының
ректоры

Е.Б. Сыдықов

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Заң мен әділеттің тілісіз ғой,
бетке ұстар азаматтың бірісіз ғой.
жөн білер адамдарға жол сілтейтін,
Ізгілік, жақсылықтың жыры- Сіз ғой.

Астана қаласы прокуратурасының басшылығы мен ұжымы атынан Сізді 65-жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Заңдылықты қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының тәуелсіз, егеменді мемлекет ретінде дамуының басты шарты болып табылады. Оны жүзеге асыру үшін нардайлығыңызбен арқалаған осынау қызығы мен қиындығы мол, аса жауапты міндеттерді өзіңіз үлкен абыроймен атқарып келесіз.

Осынау игілікті істе 30 жылдай сіңірген еңбегіңіздің өзі үлкен сый-құрметке лайық. Осы жылдар ішінде Сіз еңбек жолының алғашқы қадамын Талдықорған қалалық прокуратурасының сапынан бастап, қажымас ерен еңбегіңіздің арқасында прокуратура және сот саласындағы ең үлкен белестерге қол жеткізіп – Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және Жоғарғы Соттың Төрағасы лауазымдарын атқардыңыз. Осы уақыт аралығында Сіз өзіңізді білгір маман, іскер ұйымдастырушы, белсенді басшы ретінде көрсете білдіңіз.

Мемлекет және халық алдындағы заңдылықтарды нығайту жолындағы сіңірген еңбектеріңіз үшін Сізге 2 дәрежелі Мемлекеттік әділет кеңесші кластық шені берілді.

Сондай-ақ, Сіздің елеулі еңбегіңіз Елбасы тарапынан көрініп, егемен еліміздің ерекше белгісі “Парасат”

орденімен, қосымша басқа да мемлекеттік грамоталармен марапатталдыңыз.

Заң және құқық қорғау тәртібін нығайтуға мол үлесіңізді қосып, тәлімгер ұстаз ретінде көптеген прокуратура және сот қызметкерлерін тәрбиелеп шығардыңыз.

Сіз, 2000 жылдың шілдесінен ҚазМЗУ-нің профессорлық-ұстаздар құрамын басшылыққа алғаныңыздан бері, аталған оқу орыны аз уақыттың ішінде жоғарғы білікті Заң мамандарын дайындау орыны екендігін көрсете білді.

Келешекте де ел алдындағы мәртебеңіз жоғары, мерейіңіз үстем болып, ұзақ ғұмыр жасай беріңіз!

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға баянды бақыт, еңбегіңізге табыс және шалқар шабыт тілеймін..!

Ізгі тілекпен,

Астана қаласының прокуроры

Е. Мерзадинов

Астана қаласы,
2005 жыл 30 наурыз

* * *

Уважаемый Максұт Султанович!

Молодежное общественное объединение «КӨМЕК» от всей души поздравляет Вас с юбилеем!

Желаем Вам крепкого здоровья, долголетия и счастья, творческих успехов в работе, в политической деятельности, в руководстве ведущего юридического ВУЗа страны! Ваш вклад в развитие демократического общества нашей республики неоценим!

Ваша отзывчивость и равнодушие к проблемам инвалидов, забота о молодом поколении являются для нас примером!

Мы всегда будем рады поддерживать инициативы Демократической партии Казахстана, будем активно сотрудничать с молодежным крылом партии.

Пусть судьба будет к Вам благосклонна!

С уважением

Абдулов Д.

* * *

Қадірменді Мақсұт Сұлтанұлы!

Ерекше қуаныш пен шаттыққа толы тамаша сәт – 65 жылдық мерейтойыңызбен Өзіңіз бас болған он мыңнан астам мүшесі бар ұжымның атынан Сізді шын жүректен құттықтаймыз! Шынайы көңілден шыққан ақ тілегімізді қабыл алыңыз. Мерейге толы әр жылыңыз алға озған сайын елімізге сіңірген еңбегіңіз елеулі бола берсін! Мұқалмас күш-жігер, қажымас қайраттың арқасында заң-құқық саласына қосып жүрген айтулы еңбегіңіз өміршеңдігімен Сізді бұдан да зор биіктерге жетелесін! Қара қылды қақ жарған бабалардың мұрасын ұстап қалған қызыл тілден май тамызатын шешендік өнеріңіз, ұлтымыздың дәстүр-салтын, өнерін ерекше қадірлейтін ақыл-парасатыңыз көпшілікке үлгі-өнеге болуда. Халық игілігі жолындағы қызметіңіз мемлекет тарапынан лайықты атап өтілгенін біз мақтан етеміз. Мұның өзі – қай салада болмасын жемісті, абыройлы еңбек ете білгеніңіздің айқын айғағы.

Сізді халыққа кең танытқан мұндай абырой-беделіңіз ортаймасын, әрдайым асқар биіктерге жеткізсін. Елінің нағыз ұлтжанды азаматына лайық іс-әрекетіңіз бен әкелік аялы алақаныңызды университет ұжымы ерекше қадірлейді және мақтан тұтады. Өзіңіздің тікелей басшылығыңызбен жұмыс істейтін профессорлық-

оқытушылар құрамы келешекке үлкен сеніммен қарайды. Студенттеріңіздің басқан қадамы нық, жүрер жолы айқын.

Сізді дүбірлі мерейтойыңызбен тағы бір мәрте құттықтай отырып денсаулық, бақытты және баянды өмір, жеке жоспарларыңыз бен мүдделеріңізді жүзеге асыруда мол табысқа жетуіңізге шын көңілден тілектеспіз. Ғылыми және ұстаздық жолындағы, қоғамдық қызметтегі табыстарыңыз мұнан да зор бола берсін деп тілейміз! Өзіңізге және отбасыңызға бақ-береке, ынтымақ-ырыс жолдас болсын!

Мерейтойлық құттықтаумен

Қазақ Гуманитарлық Заң Университеті ұжымы

* * *

Глубокоуважаемый
Максуд Султанович!

Поздравляю с днем рождения, желаю крепкого здоровья, благополучия и долголетия, крепко обнимаю, жму вашу могучую руку и поднимаю бокал шампанского в честь вашего дня рождения.

Прокурор города Алматы
Ж. Байтукбаев.

* * *

Дорогой Максут Султанович!

Редакция книги «Кто есть Кто в Республике Казахстан» горячо поздравляет Вас с юбилеем! Желаем Вам дальнейших творческих успехов, здоровья и великих свершений.

С уважением,
Айсулу Косимбетова

* * *

Дорогой Максут Султанович!

Поздравляю Вас с юбилеем, желаю Вам доброго здоровья, счастья и благополучия в семье.

К большому сожалению не могу приехать к Вам на торжество по состоянию здоровья, считайте, что я рядом с Вами, и в радости, и в беде (тьфу, тьфу, тьфу), пусть она обходит нас стороной.

Еще раз, поздравляю с Юбилеем!

Кайрат Муканович Исламкулов,
заслуженный деятель науки и техники
Казахстана, доктор технических наук, профессор.
30.03.05г.

* * *

Уважаемый Максұт Султанович!

Поздравляю Вас с юбилеем Вашего 65-летия, желаю Вам доброго здоровья, семейного счастья, радости от внуков, сыновей и друзей.

Вы, Максұт Султанович!

являетесь истинным сыном казахского народа, одним из символов нашей государственности.

Вы, своей интеллектуальностью, высокой эрудицией и образованностью, стали одним из не пререкаемых авторитетов формирования в стране конституционного строя. Ваша заслуга неоценима высока в становлении новой формации юристов в Казахстане.

Мы, Ваши ученики с достоинством гордимся Вами и желаем Вашей дальнейшей плодотворной деятельности во благо процветания Казахстана.

С уважением Ваш
Аспирант КазГЮУ,
зам.директора по правовому
урегулированию
К.Ертуганов

* * *

Уважаемый Максұт Султанович!

Примите самые искренние и теплые поздравления по случаю замечательного события в Вашей жизни – 65-летия со Дня рождения.

В течении всей своей жизни – Вы свои силы, знания, опыт отдавали и отдаете делу поддержания дисциплины, законности и правопорядка в стране, а также раз-

витию образования и правовой науки на благо нашей Родины – Республики Казахстан. Вы тот Человек, кто в прямом смысле посвящает свою жизнь благому труду и своему призванию. С редкой преданностью и готовностью на самопожертвование, с редкой любовью к своему делу Вы на протяжении многих лет и по сей день охотно посвящаете свои силы служению общему благу. Вы показываете образец безупречного отношения к своему гражданскому и служебному долгу, исполнительности, дисциплинарности. Ваш богатый жизненный опыт и трудолюбие из года в год становятся достоянием молодых юристов и государственных служащих страны. Вам, Максут Султанович, есть чем гордиться и можете с радостью оглянуться на такой славный путь в своей деятельности в юридической сфере государства. Пройдя славный путь от рядового юриста до генерала юстиции, прослужив на государственных должностях юридического поприща от стажера в органах прокуратуры до Генерального прокурора страны, от народного судьи и до Председателя Верховного суда государства, и ныне продолжая свою деятельность на поприще просвещения и науки, Вы вдохновляете будущих юристов на благородный труд и трудовой подвиг, служа для них примером подражания. Вы стали Руководителем одного из лучших юридических вузов нашего государства и вкладываете огромный труд в его дальнейшее развитие, в целях качественной подготовки специалистов права и государственного управления для нашей страны.

Своей гражданской принципиальностью, скромностью, силой духа, справедливостью, порядочностью, отзывчивостью и трудолюбием Вы снискали глубокое уважение и авторитет не только у огромного коллектива КазГЮУ, но и у всех тех, с кем Вам приходилось работать и служить.

* * *

Максұт Султанович!

Коллектив Военной кафедры КазГЮУ поздравляя Вас с 65-летием по праву гордится Вами, считает за честь трудиться бок о бок с таким неутомимым Человеком. От всей души выражаем нашу благодарность, глубокое уважение и сердечную признательность в своих пожеланиях Вам, здравствовать и распространять вокруг свет правовой науки, пусть Вам будет позволено и впредь посвятить свои еще бодрые силы благородному делу, служению которому Вы бескорыстно отдали немало лет своей жизни. От всего сердца желаем Вам здоровья, счастья, добра, долголетия, продолжения трудовой деятельности многие годы на благо нашей Родине.

30 марта 2005г.

Коллектив военной кафедры ГЮУ

* * *

Құрметті Максұт Сұлтанұлы!

Сізді 65 жылдық мерейтойыңызбен
шын жүректен құттықтаймын!

Құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр,
қажымас қайрат, сарқылмас қуат тілеймін.

Қайсар рухты қазақ елінің мәдениеті мен өркениетін
көтеруде атқарып жатқан жұмыстарыңыз жемісті
болып, Күн дидарлы Қазақстанның экономикасын
жақсартудағы еңбектеріңіздің нәтижелі
болуына тілектестік білдіремін.

Сізге және Сіздің отбасыңызға денсаулық пен
жақсылық, Отанымызға тыныштық тілеймін.

Ізгі ниетпен,
Павлодар гуманитарлық
Заң институтының ректоры

Р.С.Арын

Уважаемый Максут Султанович!

Молодежное общественное объединение «Альянс студентов города Астана» в лице всего студенчества нашего города от всей души поздравляет Вас с 65-летним юбилеем!

Мы с большим уважением относимся к Вашей личности. Являясь яркой политической фигурой нашего государства, руководителем элитного учебного заведения, заслуженным деятелем Казахстана, лидером крупнейшей политической партии, Вы уделяете огромное внимание студенческой молодежи и активно помогаете в решении её проблем. Благодаря Вам, КазГЮУ по праву называют «кузницей» молодёжных лидеров. Хотелось бы выразить Вам за это огромную благодарность и признательность! Верим в то, что Вы и впредь будете вместе с нами! Мы всегда поддержим любые Ваши инициативы, и будем продолжать активное сотрудничество с Молодёжным крылом Демократической партии Казахстана!

В этот знаменательный день примите от нас искренние поздравления. Желаем Вам крепкого здоровья, долголетия, бодрости, энергии, дальнейших успехов и процветания в Вашем благородном труде!

С уважением,
Председатель МОО
«Альянс студентов г. Астана»

С. Батпенов

Максут Султанович!

Руководство, Ученый совет, профессорско-преподавательский состав, курсанты и слушатели Омской академии МВД России поздравляют Вас с юбилеем!

Ваша трудовая деятельность является ярким примером целеустремленности в достижении поставленных целей, постоянного самосовершенствования.

Вы прошли большой и славный путь от Заведующего клуба до Президента Казахстанского Гуманитарно-Юридического Университета, академика Международной Академии педагогических наук.

Уже на заре своей трудовой биографии Вы накопили ценный профессиональный опыт в самых разных сферах деятельности, ставший необходимым ресурсом, реализация которого способствовала впоследствии успешной деятельности в качестве современного политика и видного ученого.

За период своей научной деятельности Вами опубликовано свыше ста научных трудов и общественно значимых публикаций по актуальным проблемам судебной реформы, развития права, деятельности органов прокуратуры, становления независимого государства, направлений совершенствования юридического образования. Вы являетесь автором многих монографий и литературных произведений.

Ваш большой личный вклад в развитие науки и педагогики неоднократно отмечался государственными наградами.

В этот день, уважаемый Максуд Султанович, примите наши самые искренние пожелания крепкого здоровья, семейного счастья. Пусть Ваши трудовые сверше-

ния будут и впредь служить достойным вкладом в дело укрепления могущества и процветания Казахстана!

Хорошего Вам настроения, благополучия, удачи и успехов во всех делах.

**Начальник
полковник милиции**

Б.Б. Булатов

* * *

Уважаемый Мақсұт Султанович!

Позвольте мне от имени руководства и профессорско-преподавательского состава Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева поздравить Вас со знаменательным событием – 65-летием со дня Вашего рождения.

Значение Вашей личности замечательно тем, что Вы являетесь лидером, носителем эстафеты, хранителем самых лучших традиций славного Казахского гуманитарно-юридического университета, всей юридической науки Казахстана.

Вы получили серьезную трудовую закалку, накопив ценный профессиональный опыт в самых разных сферах деятельности. Прошли через все должностные ступени, начиная от заведующего клубом до ректора ведущего вуза страны.

Новый этап в Вашей жизни начался в середине 90-х годов минувшего века, когда Вы были назначены Генеральным прокурором и позднее – Председателем Верховного суда Республики Казахстан. Вы внесли заметный вклад в дело обеспечения законности и справедливости.

В годы практической деятельности во имя процветания Казахстана начались Ваши первые научные изыс-

кания, результаты которых потом были выданы Вами в качестве кандидатской и докторской диссертаций, многочисленных научных статей и монографий.

Научное сообщество страны знает Вас как крупного юриста по проблемам уголовно-правовых и криминологических аспектов борьбы с преступлениями несовершеннолетних, охраны детства. Общественность страны с интересом встретила серию ваших монографий, таких как: «Правовая охрана детства в РК», «Дорога к правосудию», «От наших великих биев до Верховного Суда», «Актуальные вопросы применения нового уголовного и уголовно-процессуального законодательства РК» и др. Ваши научные труды всегда востребованы среди наших студентов, ученых.

Сегодня, оставаясь на своем боевом посту, Вы продолжаете вносить весомый вклад в развитие казахстанской юридической науки, подготовки высококлассных специалистов.

Ваша неординарная личность оказывает самое благотворное влияние на сегодняшнюю молодежь, в пытливых умах которых, вы зажигаете огонь научной мысли. Под Вашим руководством подготовлены десятки кандидатов и докторов наук. Вы готовите высококвалифицированных юристов, которые нужны сегодняшнему динамично развивающему Казахстану. Вы много сил и внимания уделяете привлечению в науку талантливой молодежи.

Уважаемый Мақсұт Султанович! Вы занимаетесь активной общественной и политической деятельностью. В 2001 году Вами создана общественное объединение «За правовой Казахстан». А сегодня Вы успешно возглавляете Демократическую партию Казахстана, играющую весомую роль в политической жизни страны. Несмотря на свою занятость, Вы являетесь и членом

Постоянно действующего Совещания по выработке предложений по дальнейшей демократизации и развитию гражданского общества, членом Комиссии по правам человека при Президенте Республики Казахстан.

Ваша заслуга перед родиной по праву оценена: Вы награждены орденом «Парасат», несколькими медалями.

Мы думаем, что в будущем Вас ждут новые награды и победы!

Разрешите мне еще раз поздравить Вас, дорогой Максут Султанович, со славным юбилеем, передать наши искренние чувства почтения и признательности, пожелать Вам крепкого здоровья, долгих и счастливых лет на радость всем, кто вас любит и восхищается Вами!

**Ректор Евразийского национального
университета им. Л.Н. Гумилева,
Председатель Совета ректоров
вузов Республики Казахстан,
Профессор**

С.А. Абдыманапов.

*** * ***

Уважаемый Максут Султанович!

В этот знаменательный день Вашего 65-летия примите самые искренние и теплые поздравления, пожелания дальнейших творческих успехов в науке и строительстве суверенного, демократического, правового государства!

Именно в этих сферах особенно заметен Ваш вклад как талантливого ученого, государственного и общественного деятеля, опытного политика, боль-

шой незаурядной личности, настоящего патриота своей страны.

Хочу с особым удовлетворением отметить Ваше активное, плодотворное участие в качестве лидера Демократической партии Казахстана в деятельности Национальной комиссии по вопросам демократии и гражданского общества при Президенте Республики Казахстан, перед которой стоят задачи по выработке модели политической модернизации современного казахстанского общества.

Зная Вас лично уже многие годы, могу утверждать, что Всю свою жизнь Вы посвящаете служению Казахстану и его народу! И впереди, я уверен, Вас ожидают новые значимые свершения и удачи.

Желаю крепкого здоровья, счастья и благополучия Вам и Вашим близким!

С искренним уважением,
Секретарь Совета
безопасности РК

Булат УТЕМУРАТОВ

* * *

Глубокоуважаемый Максут Султанович!

Позвольте от имени коллектива ЗАО «Институт повышения квалификации сотрудников органов юстиции, государственных и иных организаций Республики Казахстан» и от себя лично поздравить Вас со столь знаменательной датой 65-летием!

Ваш жизненный и профессиональный путь государственного деятеля, замечательного ученого и творческой личности, пример для многих. Для нас большая

честь работать под Вашим руководством и прилагать в дальнейшем все усилия в построении и развитии демократического общества.

Вот уже на протяжении 5-лет Вы возглавляете один из ведущих юридических ВУЗов Республики Казахстан, который вносит существенный вклад в развитие отечественной юриспруденции, выпуская высококвалифицированных, конкурентоспособных специалистов.

От всей души желаем Вам и Вашим близким крепкого здоровья, счастья, творческих успехов, неиссякаемой энергии и бодрости духа!

С наилучшими пожеланиями
Директор Института
к.ю.н., доцент
Мирбашир Алиев

* * *

**Уважаемый
Максут Султанович!**

Сердечно поздравляю Вас со знаменательным юбилеем – 65-летием со дня рождения!

Вы встречаете свой славный юбилей в расцвете сил и жизненной энергии. Ваша биография пример того, как настоящий государственный деятель добивается высот в служении своему Отечеству. Ваш трудовой путь показывает, что Вы, не жалея сил и здоровья, знаний и энергии, со всей ответственностью работали на тех участках, куда направляла Вас Родина. Вы зарекомендовали себя инициативным и умелым организатором, принципиальным руководителем.

Поздравляя Вас с замечательным юбилеем, желаю Вам крепкого здоровья, успехов в Вашей нелегкой работе на благо нашей республики, счастья и благополучия Вашей семье.

С уважением, от имени коллектива
Западно-Казахстанского
юридического института

А.С. Нурадинов

Астана,
30 марта 2005 года

* * *

Қадірлі Мақсұт Сұлтанұлы!

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі және өз атымнан Сізді алпыс бес дейтін асқарлы шыңға шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздің Судьялар қауымдастығын нығайтудағы қосқан зор үлесіңіз, судьялардың кәсіби біліктілік деңгейін көтерудегі және еліміздің заңгерлерін дайындаудағы жемісті еңбегіңіз құрмет-қошеметке бөлетіп, келешекте де еліміздің демократия жолындағы дамуына қосар үлесіңіз зор деп ойлаймын.

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы! Алпыс бес жасқа толған мерейлі жасыңыз құтты болсын! Алдағы ғұмырыңызда бұдан да биік табыстарға жетіп, денсаулықтың арқасында ағайын-туыс, дос жар, әріптестер ортасында әрқашан сый-құрметке бөлене беріңіз.

Отбасыңызға береке-бірлік, бақ-дәулет тілеймін!

Ізгі ниетпен,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сот судьясы,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының хатшысы
30 наурыз, 2005 жыл

Әуезнұр Қаженов

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Осы мерекелі күні, Сізді өміріңіздегі елеулі оқиға – 65 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстанның дамуына, еліміздегі саяси-құқықтық саланы жетілдіру ісіне зор үлесіңізді қосып, еңбек жолыңызды қадыр-абыроймен өтеп келдіңіз.

Қайсарлық пен қажырлық қасиеттеріңіздің арқасында игі мақсаттарыңызды жүзеге асыру жолында әріптестеріңізді біріктіріп, оларға көп жылдар бойы өнеге көрсетіп келдіңіз.

Қандай қызметте болмасын, тіпті ең жоғары мемлекеттік деңгейлі органдарда қызмет етуіңіз кезінде өмірге деген белсенді көзқарасыңыз, отан сүйгіштігіңіз, адамгершілігіңіз, адамдарға ықылас-ілтипатпен қарау қасиеттеріңіздің арқасында жұртшылықтың құрметіне бөленіп келесіз.

Сіздің көп жылғы жемісті еңбегіңіз Қазақстан Республикасы Президентінің “Парасат” орденімен, сонымен қатар көптеген медальдармен және грамоталармен аталып өтті. Сіздің ғылыми еңбектеріңіз отандық ғылымның дамуына үлкен үлес қосты.

Бүгінгі мерейлі тойыңызға қатысты шын көңілден шыққан құттықтауларымды жолдай отырып, Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға береке, алдағы өміріңізде жаңа белестер мен жетістіктерге қол жеткізуіңізге игі тілек білдіреміз!

Барлық армандарыңыз бен үміттеріңіздің жүзеге асуына тілектеспін.

Құрметпен,
Қазақстан Республикасының Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау Министрі Г.Қарақұсова

* * *

Құттықтау хат

Қазақ гуманитарлық заң
университетінің Президенті (ректоры)
заң ғылымдарының докторы, профессор
М.С.Нәрікбаев мырзаға

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 65 жасқа толуыңызға байланысты шын жүректен құттықтаймын! Осы орайда, Сіздің білгірлігіңізді, адалдығыңызды, тапсырылған қызметке деген жоғары жауапкершілігіңізді, әріптестеріңіздің арасында үлкен құрметке бөленіп жүргеніңізді атап өткім келеді.

Тәуелсіз мемлекетіміздің өркендеуі мен халқы үшін атқарып жатқан құқық саласындағы игі қадамдарыңызда үлкен жетістіктерге жетіңіз, мәртебеңіз өсіп, мерейіңіз артсын.

Барлық ақыл-ойыңызды, бойыңыздағы шебер ұйымдастырушылық қабілетіңізді және күшқайратыңызды еліміздің жарқын да сәулетті болашағы жолына жұмсап, алдағы уақытта да қажырлы еңбегіңіз нәтижелі бола берсін.

Қадірменді Мақсұт Сұлтанұлы, Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақыт, құт-береке тілеймін!

Павлодар облысының әкімі
2005 жылғы 30 наурыз

Қ.Нұрпейісов

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді өмірдің елеулі белесі, парасат-пайым кезеңіне шығарған Мерейтойыңызға байланысты шынайы құттықтауымды қабыл алыңыз!

Талдықорған қалалық прокуратурасында басталған еңбек жолыңыз Сіздің білімділігіңіз бен ұйымдастырушылық қабілетіңізге ұштасып, Қазақстан әділет министрлігінің басқарма бастығы қызметіңізбен жалғасты, президент және Министрлер Кеңесі Аппаратының құқық қорғау органдары бөлімінің меңгерушісі дәрежесіне дейін көтерілдіңіз. Сіз Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және Жоғарғы Сот төрағасы қызметтерінде де, ал қазіргі кезде Мемлекетіміздің Жоғарғы Сот Кеңесінің төрағасы, Қазақ гуманитарлық-әділет университетінің президенті лауазымында да еліміздің құқық қорғау және сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуына өзіңіздің айтарлықтай үлесіңізді қостыңыз және қосып та келесіз. Ғылым мен басшылық тізгінін қатар ұстай жүріп, мемлекетіміздің құқық қорғау және сот саласының майталманы, кәсіпқой маманы және тәжірибелі тарланы ретінде Республикаға белгілі азаматсыз.

Сіз 45 жылдан аса үздіксіз еңбек ете жүріп, осынау жылдар аралығында қайда және қандай ұжымда істесеңіз де дәйім абырой мен бедел биігінен көрініп келе жатырсыз. Бар саналы ғұмырыңызды асқақ істеріңізбен кестелей жүріп, халық игілігі үшін маңдай теріңізді молынан төгіп жүрген талантты мемлекет қайраткерісіз. Сіздің осындай қомақты да елеулі еңбектеріңізді Елбасымыз жоғары бағалап, Өзінің алғысымен, “Парасат” орденімен және медальдарымен марапаттады.

Осындай өнегелі өмір жолыңызды үлгі тұта отырып, қадірлі Мақсұт Сұлтанұлы, Өзіңізді туған күніңізбен тағы да құттықтаймын және зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға береке-бақыт, барлық бастамаларыңызға сәттілік тілеймін.

Ізгі құрметпен,

Омархан Өксікбаев
Есеп комитетінің төрағасы

* * *

Құрметті Мақа!

Өз атымнан және Алматы қаласы бойынша Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (қаржы полициясы) департаментінің жеке құрамы атынан Сізді туылған күн мерекенізбен құттықтаймыз!

Сізге еңбекте зор табыс, еселі еңбектеріңізбен елдің құрметіне, халықтың ыстық ықыласына бөлене беріңіз.

Сіздің отбасыңызға ашық аспан мен мол игілік, шаттық пен саулық тілегін ақ көңілімнен шыққан ілтипатты лебізімді қабыл алыңыз.

Ізгі ниетпен:

Алматы қаласы бойынша Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті бастығы қаржы полициясы генерал-майоры

Б.Бұлғақбаев

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді асқарлы 65 жасқа толу мерейтойыңызбен шын көңілден құттықтауға рұқсат етіңіз!

Сіздің есіміңіз Қазақстан халқына, алыс және жақын шетелге белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, белді де беделді заң қызметкері, ғалым ретінде жақсы таныс.

Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары Президенттің салиқалы саясатын басшылыққа ала отырып, егемен еліміздің еңсесін көтеруге, әлемдік деңгейдегі тұғырын нығайту жолында жан сала еткен еңбегіңіз бәріміздің де есімізде. Әсіресе, прокуратура, сот салаларында жаңа қоғам талабына сай, өркениет үрдісіне сәйкес келетін реформалар жүргізу, жас мемлекеттің құқықтық-демократиялық бағыт-бағдарын айқындау ісі қазір өз нәтижесін беруде. Жаңашыл бастамаларыңыз әрдайым жемісті жалғасын таба берсін!

Қадірлі Мақсұт Сұлтанұлы! Бүгінде болашақ заңгерлерді дайындайтын еліміздің іргелі білім ордасына басшылық жасап отырсыз. Жас толқынға ғалым ретіндегі, ұстаз ретіндегі тәлім-тәрбие берерлік білім-білігіңіз әрдайым алмастай жарқылдап, бойыңыздағы нағыз ер азаматқа тән адамгершілік пен адалдық, білімдарлық пен зиялылық сынды қасиеттеріңіз келер ұрпаққа үлгі-өнеге бола берсін.

Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, баянды бақыт және ұзақ өмір тілеймін!

Ізгі тілекпен,
Қазақстан Республикасы
ҰҚК Төрағасы
Генерал-лейтенант

Н. Дүтбаев

Қадірлі Мақсұт Сұлтанұлы!

Саған “65 жылдық мерейтойың құтты болсын, жасыңа жас, көңіліңе жарқын көңіл қосыла берсін, жетпеген армандарыңа жет!” деген ақ тілек арнаймын.

Қанша ғұмыр сүрсенде
Күш қуатың сарқылмасын, талмасын,
Бақыт гүлі бір басыңнан таймасын.
Әрқашанда Космостан Күн күліп,
Тұл бойыңнан қанағат, мейірім қалмасын!

Елеген ағаң
(профессор Қайыржанов)

8.04.2005-05-06

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Бүгінгі туған күніңізде Сіз Қазақстанда құқықтану саласындағы көрнекті мемлекеттік және қоғам қайраткері, ірі ғалымдардың бірі ретінде белгілі екеніңізді атап өтуге рұқсат етіңіз. Сіздің ерекше ұйымдастырушылық қабілетіңіз бен жоғары кәсіпқойлық деңгейіңіз Қазақстанның егеменді, демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуына көп дәрежеде ықпал етті.

Таңдаулы жоғары оқу орнының бірі – Қазақ Гуманитарлық-Заң университетінің ректоры бола отырып, Сіз ҚазМЗУ мен Қазақстан Республикасының Заң шығару институтының өзара белсенді ынтымақтастық жасауына ықпал еттіңіз. Сіздің тікелей қатысуыңызбен қабылданған ұлттық Заңнаманы жетілдіруге ықпал еткен еліміздің аса маңызды заң жобаларына тәуелсіз ғылыми құқықтық сараптамалар әзірленді.

Отандық заң ғылымын дамытуға Сіздің қосқан үлесіңіз баға жеткісіз. Қазақстанда Сіздің

басшылығыңызбен республикада, сондай-ақ алыс шетелде де беделге ие ғалым-заңгерлердің түрлі құқық салалары бойынша ғылыми мектебі қалыптасты. Сондай ақ, Қазақстан Республикасының Заң шығару институтының негізгі құрамы Сіздің шәкірттеріңізбен және ҚазМЗУ-дің түлектерімен толықты.

Мақсұт Сұлтанұлы! Сізге тән болған мейірімділік, ашықтық сынды адамгершілік қасиеттермен үйлескен жоғары кәсіпқойлық, талапшылдық Сіздің идеяларыңызды мемлекеттік билік органдарының практикалық саласында да, сондай-ақ ғылыми ізденістерге ұмтылған жастардың арасында да іске асыруға мүмкіндік береді.

Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, бақыт, шығармашылық табыстар тілейміз!

Ғылымға арнап халқы үшін,
Өткізген жасын жылдарын.
Көбейе берсін қатары,
Дәл сіздей асыл ұлдардың.

Тілейміз сізге ұзақ жас,
Бақытқа толы мәнді өмір.
Жемісті еңбек, мол табыс,
Зор денсаулық, шат көңіл!

Ізгі тілекпен

Қазақстан Республикасы Заң шығару институтының ұжымы

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді асқар таудың шыңына шыққан – 65 жасқа толған мерекеңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Жер жаннаты Жетісу өңірінде өмірге келіп, бүкіл саналы еңбек жолыңыз өзіңіздің замандастарыңыз бен әріптестеріңізге, әсіресе келешек жас ұрпақтар үшін бағыт-бағдар беретін жарық жұлдыз іспеттес. Өйткені Сіз азаматтардың құқықтары мен еліміздегі заңдылықтардың сақталуын қамтамасыз ету жолында өзіңізге жүктелген міндеттерді адал атқарғандығыңыздың, рухани байлығыңыз бен парасаттылығыңыздың арқасында халықтың құрметіне бөленіп, абырой мен беделге ие болудасыз.

Күрделі мәселелерді шешудегі Сіздің толымды ой-пікірлеріңіз бен жауапкершілігіңіздің, табандылығыңыз бен тыңнан жол таба білетін біліктілігіңіздің арқасында Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Жоғарғы Сотының Төрағасы болып қызмет атқарып, қазіргі кезеңде еселі еңбегіңізбен Отанымыздың болашақ заңгерлерін дайындаудың көш бастаушысы атанудасыз.

Еліміздің жұртшылығы Сізге саяси-қоғамдық өмірдің белсенді мүшесі ретінде сый-құрмет көрсетіп, тек қана өзіңізге тән шынайы адамгершілігіңіз бен инабаттылығыңызды, қарапайымдылығыңыз бен асыл-текті қасиеттеріңізді қастерлеп, өнеге тұтады.

Қай қызмет саласында болмасын өзіңіздің жақсы бастамаларыңызға өмірлік жарыңыз Қасиет Қадырқызы жеңгеміз бен балаларыңыз және немерелеріңіз тірек болып, өздерінің ыстық жүректерінің жылуымен жылытып, наз-күлкілерімен күш-қуат беріп, Сіздің өнімді еңбек атқаруыңызға барлық жағдайларды жасауда.

Қадірлі Мақа! Бүгінгі мерейтойыңыз күні өзіңізге зор денсаулық, қажымас қайрат пен ұзақ ғұмыр, отбасыңызға құт-береке мен барлық игі шапағат тілеймін!

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Бас прокуратура ұжымының және өз атымнан Сізді 65 жасқа толу мерейтойыңызбен құттықтаймын.

Сіз қажырлы еңбегіңіздің арқасында қатардағы прокуратура, сот және әділет органдарының қызметкерінен Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Жоғарғы Сот Төрағасы лауазымдарына дейін көтерілдіңіз.

Құқықтық демократиялық мемлекет құрудағы еңбегіңізде заңдылықты сақтау жолындағы қызметіңізде, Сіз әрдайым ұйымдастыру қабілетіңіздің, кәсіби деңгейіңіздің жоғарылығымен және іскерлік рухани ізгілікпен ерекшелендіңіз.

Қазақстан Республикасы мемлекетінің және халқының алдында заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жолындағы сіңірген еңбегіңіз үшін Сіз Елбасының алғысына бөлендіңіз, “Парасат” орденімен марапатталып, “Құрметті судья” атағына ие болдыңыз.

Сонымен қатар, Сіздің ғылыми-шығармашылық жолындағы еңбектеріңіз бағаланып, заң ғылымының докторысыз, профессор атағының иегерісіз.

Жас мамандарды дайындауға, оларды адалдыққа, жоғарғы рухани тазалыққа және моральдік тұрғыда орнықты болуға тәрбиелеудегі қажырлы еңбегіңіз бүкіл елімізге аян.

Сіздің шәкірттеріңіз Еліміздің заңдылығын нығайту жолында өзіңізбен бірлесіп қажырлы қызмет атқаруда.

Бүгінгі 65 жасқа толу мерейтойыңызда Сізге зор денсаулық, қызметте табыс, ұзақ өмір және отбасыңызға береке-бақыт тілеймін.

Ізгі ниетпен,
Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

Р.Түсіпбеков

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді бүгінгі туылған күніңізбен шын жүректен құттықтаймын.

Республика жұртшылығы Сізді көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері ретінде жақсы біледі. Сондай-ақ ғылым және білім беру саласының дамуына елеулі үлкен үлес қосып келесіз. Халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі болып сайландыңыз.

Ел ағасы жасындағы шағыңызда тойлап отырған қуанышты күніңізбен тағы да құттықтай отырып, бойыңыздан күш-қуат, қажыр-қайрат және сырсымбатыңыз таймасын дегім келеді. Егемен еліміздің игілігі жолында жасап жүрген еңбегіңізге табыс, деніңізге саулық және жанұяңызға амандық тілеймін.

Игі тілекпен,
ҚР Президентінің кеңесшісі
Протокол Басшысы

Ж.Түймебаев

* * *

«ҚазМЗУ» АҚ Президенті
М.С.Нәрікбаевқа

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Асқаралы алпыстың бесіне – аға жасы, әке жасы, ата жасына жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді де алып жетті. Сіз осындай кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз. Ендеше мерейлі жасыңыз бен торқалы тойыңыз құтты болсын!

Бұл жас – ел қамын жеген ер үшін өткенін бағымдап, ертеңін болжар, өзіне өзі есеп берер ерекше белес. Бұл жас – ел үшін жақсысын қадірлеп, ақылшысын ардақтап, данасын дәріптер айрықша кезең.

Осы биікке әркім әрқалай жетеді. Бұл ретте Сіз Жетісудың шағын аулында 1940 жылы ешкімге белгісіз болып туылып, балауса балалығыңызды соғыс өрті шарпып, қиындықтар етектен ерте тартқанымен, үлкен өмір жолын лайықты өтіп, биік деңгейдегі түрлі мемлекеттік қызметтердің тізгінің ұстап, бүгінгі күнге бүкіл Қазақстан халқына танымал азамат, саяси партия жетекшісі, қоғам қайраткері дәрежесінде келіп отырсыз. Егемендігін ежелден аңсаған дархан қазақ елінде жас ұрпақ тәрбиесіне, тәуелсіз мемлекетімізде заңдылықты нығайтуға Сіздің сіңірген еңбегіңіздің сүбелі екенін, Елбасымыздан бастап баршамыз жақсы білеміз. Әрдайым сол еңбегіңіз ел-жұртыңызға елеулі болсын!

Осының бәрі дана бабаларымыздың: «Әр адам әуел баста-ақ өзіне өмір бергендердің перзенті, ал тағдыр бойынша өз заманының ұлы» деп тегін айтпағанын растайды. Сіз де өз заманыңыздың Ұлысыз, «үлкен деме кемеңгер, жас та деме кемелді ер» - дегенге саятын болмысыңыз жанашыр ағайын-туыстарыңыз үшін, туған ұлтыңыз үшін, Сізді құрметтеп, қадір тұтатын біз үшін зор мақтаныш, үлгі болар өнеге!

Сондықтан, қадірменді Мақсұт аға, шын жүректен адал ниетпен Сізге зор денсаулық, отбасыңызға береке, ісіңізге игілік, өміріңізге мереке, қажымас қайрат, қайтпас дәулет, ұрпағыңызға ұлағатты ұзақ ғұмыр тілеймін!

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
Төрайымы

З. Балиева

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді С. Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің ректораты 65 жылдық мерейтойыңызбен ізгі тілек сезіммен шын жүректен құттықтайды.

Сіз еңбек жолыңызды Талдықорған қалалық прокуратурасында тәлімгер ретінде бастап, Қазақстан Республикасының Бас прокуроры лауазымына дейін, Талдықорған облысы Қаратал аудандық халық сотының халық судьясы қызметінен Қазақстан республикасы Жоғары сотының төрағасына дейінгі үлкен өмір жолынан өттіңіз. Сіздің бүкіл ғұмырыңыз үлкен саясатпен тығыз байланысты болды. Сіз – Қазақстан демократиялық партиясының төрағасысыз, белгілі саяси қайраткерсіз.

Мақсұт Сұлтанұлы, Сіз көрнекті мемлекет қайраткері бола тұра, үлкен ғылыми және білім беру қызметін де жемісті атқарып келесіз. Өзіңіздің қажырлы еңбегіңіздің арқасында отандық заңтанудың дамуына қомақты үлес қостыңыз. Сіздің сенімді болашаққа жетелеген, ұлы өзгерістерге толы, жанқиярлық үлкен істеріңіз, терең мәнді ғылыми тұжырымдамаларыңыз құқық тарихының дамуына, прокуратура органдары қызметі мен сот реформаларының өзекті проблемаларын шешуге септігін тигізуде.

Өмір жолыңыздың әрбір кезеңінде өзіңіздің тарлан талантыңыз бен жоғары жауапкершілігіңізді, адал борыштық сезіміңіз бен еңбексүйгіштік қасиетіңізді көрсете білдіңіз.

Бүгінгі күні, Сіз, еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орны – Қазақ гуманитарлық заң университетінің

ректоры, Қазақстан Республикасы Халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі ретінде заң туралы білімді жетілдіруге ат салысудасыз.

Сіз еліміздегі жастар саясатына айрықша мән беріп, болашағымыздың тұтқасы болған – жастарды тәрбиелеу мәселелерін жаңа да сапалы деңгейге көтердіңіз.

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы! Мерейлі мерекеңіз мәртебелі болсын! Сізге мықты денсаулық, сарқылмас ақыл – ой, қайсарлы жігер, отбасыңызға береке, тәуелсіз еліміз үшін жоғары білікті мамандар дайындау ісінде шығармашылық табыстар тілейміз.

С. Сейфуллин атындағы

**Қазақ мемлекеттік агротехникалық
Университетінің ректоры, ветеринария
Ғылымдарының докторы, профессор**

А.Қ. Бұлашев

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 65 жылдық мерейтойыңызбен шын жүрегімізбен құттықтаймыз!

Артыңыздан өсіп келе жатқан жастарға үлгі-өнеге болғаныңыз Сіздің мемлекеттік жастар саясатына қосқан мол үлесіңіз деп санаймыз.

Сізге зор денсаулық, мол бақыт, отбасыңызға құт-береке тілейміз. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» дегендей, әлі де орындалмаған армандарыңыз жүзеге аса берсін. Қызметіңізде жаңа шығармашылық табыстарға жетуіңізге, маңызды да, игі істер атқаруыңызға тілектеспіз!

Ізгі ниетпен,

Қазақстан жастарының конгресі

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің басшылығы және қызметкерлері атынан Сізді өміріңіздегі айтулы оқиға – 65 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Біз Сізді биік кәсіпқой, терең білімді басшы, ұстаз ретінде ғана емес, сондай-ақ көңілі дархан, жаны таза, ізіңізді басқан шәкірттеріңізге әкедей қамқоршы жан ретінде де жақсы білеміз.

Сіздің жоғары мәдениеттілігіңіз бен білімділігіңіз, адалдығыңыз бен парасаттылығыңыз, сонымен қатар өзіңізге де, өзгеге де талап қойғыштық қасиетіңіз, құқық қорғау жүйесі, сот қызметкерлерінің арасында өзіңіздің беделіңіз бен абыройыңыздың артуына зор ықпалын тигізді.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту бағытындағы салдарлы саясатын жүзеге асырушы мемлекет қайраткері ретінде Сіздің есіміңіз егемен еліміздің тарихында ерекше орын алады.

Соның айқын айғағы – Сіздің екінші дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі, жоғары білікті судья шендерін алуыңызбен қатар, омырауыңызға тағылған «Парасат» ордені. Еңбексүйгіш қасиетіңіз бағаланып, көптеген медальдармен, басқадай сыйлықтармен марапатталып, ел құрметіне бөлендіңіз.

Қымбатты Мақсұт Сұлтанұлы, мен Сіздің талай жылдар бойы жинақтаған іс тәжірибеңіз тәуелсіз Қазақстанның гүлденуі мен көркеюіне әлі де көп жыл қызмет етеді деп сенемін. Сізге және Сіздің отбасыңызға зор денсаулық, бақ-береке, мол табыс тілеймін. Еге-

менді елеміздің ертеңі, жас ұрпақтың кемелді келешегі жолындағы еңбегіңіз баянды болсын.

Құрметпен
Министр

М. Көпеев

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 65 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Жер жаннаты Жетісу әр кезінде өз заманына лайық тұлғаларды дүниеге әкелетін тарихи шындық. Ел бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де, талай-талай марқасқалар сол киелі топырақта дүниеге келген. Сол нәрлі де сәнді өңірдің тумасының бірі өзіңіз.

Жүріп өткен өмір жолыңыз бен ел алдында сіңірген ерен еңбегіңіз жас ұрпаққа-үлгі, замандастарыңызғамәртебе.

Заңгерлік еңбек жолыңызды жетпісінші жылдардың басында Талдықорған қаласында прокуратура тәлімгері, аға тергеуші, қорғаушы сияқты заң қызметінің ең төменгі сатысынан бастап, 1987 жылдан республиканың жоғары мемлекеттік органдары - Әділет министрлігінің, Қазақстан республикасы Президенті аппаратының жауапты қызметкері лауазымдарымен жалғастырдыңыз.

Бойыңызға туа біткен мол қабілет, жоғары таным мен талғампаздық Қазақстан республикасының Бас прокуроры, Жоғарғы Соттың төрағасы сияқты жоғары лауазымдарда айқын көрінді.

Республикамыздың сот жүйесін реформалауға қосқан үлесіңіз бір төбе, еліміз егемендік алғалы бері

Сіздің бастамаңызбен сот төрелігін жүзеге асыруда талай тың өзгерістерге қол жеткізілді, республика судьяларының I, II съездері өткізілді.

Заңгерлік мол тәжірибенізді ғылыммен ұштастырдыңыз, еліміздегі заңгерлер даярлайтын жетекші оқу орнын басқара отырып, талай шәкіртке өмірге жолдама бердіңіз.

Жинаған мол тәжірибеніз, сан қырлылығыңыз бен зерделі ой түйіндеріңіз бірнеше ғылыми еңбектер мен әдеби шығармаларға арқау болды.

Сіз білікті заңгер, көрнекті ғалым ғана емес, сонымен қатар саяси қайраткер ретінде де көпшілікке танымалсыз. Өзіңіз құрып төрағалық етіп жүрген Қазақстан демократиялық партиясы азаматтық қоғамды одан әрі демократиялау және дамытуға зор үлес қосуда.

Отан алдында сіңірген ерен еңбегіңіз, төккен маңдай теріңіздің жемісі – «Парасат» ордені мен бірнеше медальдар.

Сіз қайраткерлікпен бірге зор Адами қасиеттердің иесісіз – асыл жар, ардақты әке, сүйікті атасыз.

Қадірменді Мақсұт Сұлтанұлы!

Бүгінгі мерейтойыңызбен құттықтай отырып, қайратыңызға қажыр, қиялыңызға қанат, еңбегіңізге жеміс тілеймін. Жанұяңыз айдан аман, жылдан есен болсын, шаңырағыңыздан құт-береке кетпесін.

Ізгі ниетпен,
Қарағанды облысының әкімі

К. Мұхамеджанов

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Дәл осы жас алға қойған мақсатты орындауға жылдар бойы жинақтаған тәжірибелер мен біліктілікті жүзеге асыратын жас.

Сіздің белсенді және жан-жақты іс-әрекетіңіз Қазақстан Республикасының белгілі тұлғалары мен әріптестеріңіздің арасында өзіне лайықты орын алып, олардың сүйіспеншілігіне бөленуде.

Сіздің әрбір қызметіңіз адамдармен тығыз байланысты болып, яғни ұжымды біріктіру, қарамағындағы қызметкерлердің қажеттілігін түсіну, адамдармен тіл табыса алу сияқты көшбасшылық қасиеттеріңізбен түрлі әлеуметтік мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын таптыңыз.

Еңбек жолыңыз ерте басталып, 29 жасыңызда Талдықорған аудандық Еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалудан басталып, сот төрелігі органдарындағы жауапты қызметтерінде, ҚР Бас прокуроры және Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы қызметтерінде өзіңіздің ерекше ұйымдастырушылық қабілеттеріңізді көрсете білдіңіз.

Мақсұт Сұлтанұлы, өзіңізде жинақталған білім мен тәжірибе қорымен Қазақстанның саяси қызметкерлерінің қатарына батыл ендіңіз.

Мемлекеттік қайраткер бола отырып, үлкен ғылыми және білім беру қызметін де жүргізіп келдіңіз, ол отандық заңтанудың дамуына елеулі үлесіңіз болды.

Республиканың түкпір-түкпірінде өзінің қаншама мен шәкірттері қызмет жасап жатқан азаматты тек

мақтан тұтуға болады. Сіздің мемлекеттік қайраткер, дарынды ғалым және шығармашылық тұлға ретінде өмірлік кәсіби жолыңыз көп адамдарға үлгі.

Ердің жасы алпыс бесте басшының қызметіндегі ащы мен тұщының дәмін бірдей татып, мол тәжірибелі белгілі мемлекеттік қайраткер, сегіз-қырлы бір сырлы басшы, шебер ұйымдастырушы, үлгілі жанұя тірегі ретінде келдініз.

Осы бір есте қаларлық салтанатты күнде сізге мықты денсаулық, жанұяда бақыт, ұзақ өмір және жауапты қызметіңізде жетістіктер тілеймін.

Ізгі ниетпен,
Алматы қ. ИББ бастығы
әділет генерал-майоры
профессор

М.Оразалиев
30.03.05.

* * *

Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаев – 65 жаста!

Аса қадірлі Мақсұт Сұлтанұлы! Өзіңізге тән белсенділікпен қызмет атқарып, Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет болуына, елімізде демократиялық процестердің қалыптасуына зор үлес қосып, еңбек сіңіріп жүрген елімізге танымал, адал да ақжарқын азамат ретінде Сізді үнемі алдыңғы қатардан көрудеміз.

Бүгінгі таңда жаңа заманның талаптарына сай кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің қайта жаңғыруы өзіңіздің жастық шағыңыздағы білім алған Украинаның Днепродзержинск қаласындағы № 8-ші техникалық училищесін көз алдыңызда елестететін болар. Иә, ол кездегі білімге, еңбекке деген жастардың ынталылығы қазіргі жастарға да үлгі боларлықтай.

Жер жаннаты Жетісуда еңбек жолыңыз қоғамымыздың көптеген салаларында қызмет атқару арқылы басталғаны, кейіннен Қазақ білімінің қара шаңырағы Ұлттық Университетімізді тәмамдағаннан соң құқық саласының қыр-сырын меңгергеніңіз, осы бір жауапкершілігі мол, табанды еңбек етуді талап ететін мемлекеттік органдарда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы және Бас Прокуроры қызметтерінде үлкен жетістіктерге жеткеніңіз де бәріміздің көз алдымызда. Әріптес бола жүріп, талай ағалық қамқорлығыңызды да көрдік.

Заманымыздың жаңа үрдістері мызғымастай орын алған Қазақстанда азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру және дамыту, Конституциялық процестерді тұрақтандыру, азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелеріне тікелей араласып, болашақ білікті заңгер – мамандарды даярлау ісінде де сондай биіктерден көріне беріңіз, құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Ел ағасы жасына келуіңізбен құттықтай отырып, әрқашан денсаулығыңыз мықты, отбасыңыз аман болуына, еңбекте жаңа жетістіктерге жете беруіңізге тілектес

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

О. Жұмабеков

* * *

Қадірменді Мақсұт Сұлтанұлы!

Өзіңізді өткен мерекелермен ізгі тілекпен құттықтаймын. Есіңізде болса, бұл Сіздің балаңыздың Алматы қаласында өткен үйлену тойында, өзіңіздің тілегіңіз бойынша Астана қаласында қызмет көрсетіп, ән айтқан Жанар Сембиева қарындасыңызбын. Осы хат-

ты жазғанда сіздің өнер сүйер көңіліңізбен әншілерге деген мархабатты пейіліңізді еске тұттым. Өнер аясында алғашқы қадамдарын бастаған жас әншілердің қатарындамын. Соған орай маған қолдау көрсетуіңізді өтінемін. Сіздің бір сөзіңіз менің рухани өміріме және өнерім үшін көп жәрдемін тигізер еді.

Ізгі тілекпен, Сембиева Жанар.

29.03.2006 ж.

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сіз ел қамын ойлап, шырылдап, жаныңызды салып, елім, жерім, халқым деп басыңызды тауға да, тасқа да ұрып жүрген қазақтың адал азаматы, ұстаз ағасысыз ғой.

Сіздің 2006 жыл жаңа жылыңыз құтты болсын! Сізге зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат-жігер тілеймін!

Сіз Қазақстан Республикасына ортақ әділ ағасыз ғой.

Аға, сіз ренжімеңіз, менің ұстазымсыз, сол себепті мен сізге хат жазуды жөн көрдім. Артық сөзім, артық қадамым болса кешіріңіз.

Мен 2002 жылы сіздің университетті ойдағыдай бітіріп шықтым.

Аға, мен жетім қызбын. Мен туылғанда анам қайтыс болып кетіпті. Асырап алған шешем қайтыс болғанына үш жыл өтті. Басымнан қайғы кетпей, көзімнің жасы кеппей келеді.

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізден өтіне сұраймын. Сіздің жеке қабылдауыңызда болғым келеді. Мені жеке қабылдауыңызға шақырып, кездесер ме екенсіз. Соны білсем деп едім.

Ақтөбеден поезд демалысына 2 рет жүреді. Дүйсенбі күні Астанаға баратын поезд бар. Өтінішімді қабылдасаңыз екен.

Жауап күтемін.

Хат жазып, хабар күтуші бұрынғы шәкіртіңіз Клара Төлеубаева.

Ақтөбе облысы, Темір ауданы Шұбарқұдық,
Жамбыл көшесі, 197 үй
23.02.2006 ж.

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 65 жасқа толуыңызбен ыстық ықыласты құттықтауымды қабыл алыңыз!

Егемен еліміздің гүлденуі мен жарқын болашағы жолында атқарып жүрген қажырлы қызметіңізде әрдайым мол табысқа жетіп, барша қазақстандықтардың игілігі мен қоғамымыздың заңнамалық құндылықтарын сақтап, нығайту жолындағы биік белестерден көріне беріңіз!

Сіздің отбасыңызға ашық аспан, мол игілік, шаттық пен денсаулық тілеймін!

Ізгі ниетпен,

Республикалық ұлан

Қолбасшысының Бірінші орынбасары

М.Аюбаев
Астана, 2005

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сіз бүкіл саналы ғұмырын ғылым мен білімге, заң саласына арнаған айтулы ғалым, ардақты Азаматсыз. Сіз қай салада қызмет етсеңіз де халқыңыз үшін қалтқысыз еңбектің үлгісі болып келесіз. Абыроймен атқарған Бас прокурор, Жоғарғы Сот Төрағасы секіл-

ді жоғары лауазымды қызметтер, бүгінгі Университет ректорлығы, оған қоса Жоғарғы Сот кеңесінің төрағасы ретіндегі биік деңгейде атқарып келе жатқан қоғамдық жұмыс, осының бәрі де Сіздің еліміздің даму тарихына қомақты үлес қосқан қарымды да қажырлы, өрелі азамат екеніңіздің айғағы. Бұлардың бәрінде де Сіз бастаған, ұйытқы болған игілікті істер ізі сайрап жатыр. Сіз қай кезде де Елбасының да, елдің де сенімінің үдесінен шығып, ел егемендігі үшін еткен еселі еңбегіңізбен Елін сүйген Ер екеніңізді дәлелдеумен келесіз. Қашанда аспайтын, таспайтын, қиындықтан қашпайтын қайсар да қарапайым қалпыңызға қарап әрдайым сүйсініп келеміз. Сіз қазақ осы деп көрсете алатын достыққа адал, жолдастыққа берік, аңқылдаған ақ көңіл, ақжарқын мінезге бай адамсыз. Сізді шапқан сайын шабыты арта түсер тұлпар тектес, сұңқар сынды Азамат деп бағаласақ артық айтқандық емес.

Қадірлі Мақсұт Сұлтанұлы, 65 жас ақыл-ой мен пайым, парасат толысқан ақылман жас. Сіздің қоғамға бергеніңізден береріңіз мол. Сіздегі терең білім мен бай тәжірибе, іскерлік пен ұйымдастырушылық қабілет алда талай өз дәреже биігінде іске аса беретініне сенімдіміз.

Сізге қажымас қайрат, зор денсаулық, табыстар тілеймін.

Шабытты шақ, шуақты күндер мол болсын.

Өзіңізге деген үлкен құрмет,
ізгі тілектермен

Бекет Тұрғараев

Солтүстік Қазақстан облыстық
сотының төрағасы

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Адам жасының алдияр шағы алпыс бес жасқа толған туған күніңізді шын жүректен құттықтаймын! Шынайы

көңілден жолданған ізгі тілегім Сізді қуанышқа бөлеп, көңіл-күйіңізді одан сайын марқайта берсін.

Қадірлі Мақсұт Сұлтанұлы, мерейге толы әр жылыңыз алға жылжыған сайын еліміз үшін сіңіріп жүрген ерен еңбегіңіз бұдан да зор биіктерге жеткізсін.

Жоғарғы Сот Кеңесін іскерлікпен басқарған ыждаһатты еңбегіңіз жемісті бола берсін. Ел алдындағы беделіңіз ешқашан ортаймай, әрдайым биіктен көріңіз.

Қадірменді Мақсұт Сұлтанұлы, өзіңіз басқарып отырған оқу орнының ұстаздары мен шәкірттері алдында мәртебеңіз одан сайын асқақтап, халыққа қалаулы азамат болыңыз. Жасыңызға жас қосылып, зор денсаулықтың арқасында мерейіңіз өсе берсін. Өзіңізге және отбасыңызға бақ-береке, ынтымақ-ырыс тілеймін!

Ізгі ниетпен,

ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы

Қайрат Мәми

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 65 жасқа толу мерейтойыңызбен шынайы, ақжарқын көңілден және шын жүректен құттықтаймын!

Еңбек жолыңызды ауылдық клубтың меңгерушілігінен бастаған Сіз Отан алдындағы әскери борышыңызды өтеп келгеннен кейін өзіңіз туып-өскен Талдықорған облысында облыстық теле-радио тілшісі, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Талдықорған қалалық прокуратурасының аға тергеушісі, Қаратал аудандық халық сотының халық судьясы қызметтерін абыроймен атқардыңыз.

1987 жылдан бастап Сіз республиканың жоғары мемлекеттік органдарында аса жауапты қызметтер

атқардыңыз. Бастамашылдық, жоғары біліктілік, үлкен қабілет, адамгершілік, адалдық, өз ісіне шын берілгендік сияқты асыл қасиеттермен даралана көзге түскен Сіз Елбасының Жарлығымен Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Республика Парламенті Сенатының шешімімен Жоғарғы Соттың төрағасы болып тағайындалдыңыз. Елімізде саяси және әлеуметтік салалардағы заң жобаларын қабылдауға жетекшілік жасадыңыз. Сіз заңгерлікпен қатар, дарынды ғалым және әдебиетші ретінде де зор табыстарға жеттіңіз.

Сіз басқарған Қазақ гуманитарлық заң университеті еліміздегі ең беделді Жоғары оқу орындарының біріне айналды. Сіздің Отан алдындағы еңбектеріңіз “Парасат” орденімен, 5 медальмен атап өтілді.

Қымбатты Мақсұт Сұлтанұлы! Сіз зайыбыңыз Қасиет Қадырқызымен өнегелі отбасын құрып, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қуанышына, ағайын-туыстарыңыздың, қызметтес әріптестеріңіздің зор құрметіне бөленіп отырсыз.

Бүгінгідей мерейтой күні Сізге мықты денсаулық, баянды бақыт, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығы мен алдағы уақытта Қазақстанның жарқын болашағы жолында жаңа шығармашылық табыстарға жете беруіңізге ақ пейілден игі тілектестігімді білдіремін.

Ізгі тілекпен
Қостанай облысының әкімі
2005 жылдың наурызы

С.Кулагин

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

65 жасқа толуыңызға орай шын жүректен шыққан құттықтауымды қабыл алыңыз.

Бүгінде Сіз саяси және мемлекеттік қайраткер, мемлекет Басшысының серіктесі ретінде елімізде кеңінен танымалсыз. Құқықтық реформаны іске асыруға, республикамыздағы сот төрелігі жүйесін дамыту мен жетілдіруге елеулі үлес қосып, маңызды қоғамдық-саяси қызмет атқарып келесіз. Жоғары кәсіби шеберлігіңіз, заң ғылымын терең білуіңіз Сізді әріптестеріңіз бен достарыңыздың арасында шынайы құрметке бөлеп, бедел биігіне көтерді.

Республика Президенті Н.Ә.Назарбаевтың құқықтық мемлекет құру жолындағы күш-жігерін жан-жақты қолдай отырып, Сіз еліміздегі заңдылықты және Қазақстандағы судьялар корпусының тәуелсіздігін нығайту үшін, қылмыстық істерге және экономикалық қылмысқа қарсы күресті күшейту жолында қыруар іс тындырдыңыз.

Бұл тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихы жылнама-сына қосылған лайықты үлес болып табылады.

Осынау айтулы күні Сізге, құрметті Мақсұт Сұлтанұлы, зор бақыт, мықты денсаулық, игілік, табыстар мен сәттіліктер тілеймін.

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
Төрағасы

Нұртай ӘБІҚАЕВ

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді асқаралы жасқа келген мерейтойыңызбен Семей заң институтының атынан шын жүректен құттықтаймын!

Бұл той – Сіздің ғана емес, - халықтың тойы.

Терең мазмұнға толы өмір жолыңыз елге - өнеге, ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болғандай. Жетісудай жер жәннатының киелі топырағынан нәр алып, алты жастан алпыс беске дейінгі саналы ғұмырыңызда үйренуден, ізденуден, еңбек етуден талмай, тек өрлеу жолында келесіз.

“Туған халқыма қызмет етуден асқан игілік жоқ”, - деген ұстанымыңыз ізіңізді басқан әріптес іні-қарындастарыңыз үшін ерекше бір тағлым дүниесі.

Сіз еңбек жолыңызда қоғам қайраткері, ұстаздық аса жоғары лауазымды басшылық сияқты тұғырлы салалардың тізгінін тең ұстадыңыз. Осылардың қайсысында болмасын жұлдызыңыз әрқашан жоғары. Бойыңызда тектілік пен қоса терең ой, даналық пен парасат бар. Осы қасиеттерді ұштауға қасыңызда Қарашаштай ақылды, Ақжүністей ару, Құртқадай батыл жан-жарыңыз, маңдайыңызға біткен ерекше Қасиетіңіздің қосқан үлесі өлшеусіз зор.

Қымбатты Мақсұт Сұлтанұлы!

Сіз қазақстандық заң ғылымын теориялық-практикалық тұрғыдан нығайту және заңтану саласына ұлтымыздың мақтанышы үш кемеңгер би-бабаларымыздың әділдік қағидасын негізге алу идеясын ұсыну арқылы орасан еңбек сіңірдіңіз. Бұл Егемен Қазақстан тарихының беттеріне алтын әріптермен жазылатын айғақ.

Бүгінде Сіз басқарып отырған Қазақ гуманитарлық-заң университеті республикамыздағы жоғары санаттағы оқу орындарының бірі.

Осының бәрі Сіздің Қайраткер – Ғалым – Ұстаз – Басшы ретіндегі абырой биігіңізді асқақтата түседі.

Дархан даланың ұлы! Табиғатыңызға біткен кішіпейілділігіңіз, ақжарқындығыңыз, өнерпаздығыңыз, кішіге қамқорлығыңыз, үлкенге ізеттілігіңіз

– бәр-бәрі де Сіздің заңғар тұлғаңызды айшықтай түседі.

Қуатыңыздың толысып, кемелденген дер шағыңызда халқыңыздың Сізден күтері мол. Ел болашағы үшін еткен еңбегіңіз елеулі болсын!

Мол мүмкіндіктер, қажымас қайрат Өзіңізді әлі талай асқарлардан көрсетеді деген сенімдеміз.

Деніңізге саулық, еліңізге байлық, отбасыңызға береке тілейміз.

Ізгі ниетпен

Семей заң институтының

ректоры, саяси ғылымдар докторы Шырын Құрманбаева

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 65 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздің өмір жолыңыз еселі еңбекке, тынымсыз ізденіске, толағай табысқа толы.

Еліміздің гүлденуі жолында қомақты үлес қоса жүріп, өзіңізді білікті басшы, іскер ұйымдастырушы ретінде таныта білдіңіз.

Бұл күндері елімізге танымал ірі ғалым-заңгер ретінде сот, прокуратура органдарының қызметін жетілдіру мәселелері жөніндегі Елбасының салиқалы саясатын жүзеге асырып жүрген танымал тұлғасыз.

Сізді ұйымдастырушылық қабілеті зор, білікті мемлекет қайраткері, абзал азамат ретінде құрметтейміз.

Сізге және Сіздің отбасыңызға зор денсаулық, баянды бақыт, ұзақ ғұмыр тілеймін!

Егемен еліміздің игілігі жолында атқарып жүрген еңбегіңіз ел тарапынан әрдайым елеулі болып, абырой биігінен көріне беріңіз!

Құрметпен,
Астана қаласының әкімі

Ө.Шөкеев
Астана, 2005 жыл

* * *

Қымбатты Мақсұт Сұлтанұлы!

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректораты мен сан мыңдық ұжымы Сізді 65-жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сіздің өмір жолыңыз халыққа риясыз қызмет етудің жарқын мысалы бола алады. Сіз қандай лауазымды қызметте жұмыс атқарсаңыз да, Сіз өзіңіздің көшбасшылық қасиеттеріңізді көрсете біліп, ұжымыңыздағы қызметкерлермен оңай түсінісе біліп, қандай да мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын таба білдіңіз. Сіздің еңбекқорлығыңыз, табиғат берген ұйымдастырушылық қабілетіңіз қоғамдық және еңбек іс-әрекетіңізде ең биік шыңдарға шығуыңызға мүмкіндік берді.

Адалдығыңыз және принципшілдігіңіз, адам қажеттіктерін баспай табуыңыз, ұйымдастырушылық қабілетіңіз бен саясаткерлік дарыныңыз Сіздің Бас прокурор, одан кейін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Төрағасы қызметін атқаруыңызға сеп болды.

Жас тәуелсіз елімізде демократияны дамытуға Сіздің Қазақстанның Демократиялық партиясына Төрағалық етуіңіз үлкен үлес қосты. Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру және дамыту

жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі Тұрақты мәжілістің мүшесі, Қазақстан республикасы Президенті жанындағы адам құқықтары, Сыбайлас жемқорлықпен күрес және мемлекеттік қызметкерлер әдебін сақтау мәселелері жөніндегі комиссияларының мүшесі қызметін атқара отырып, Сіз біздің мемлекетіміздің дүние жүзіндегі дамыған елдердің қатарына қосылуына өзіңіздің зор үлесіңізді қосып келесіз.

Сіз сот реформасының маңызды мәселелері, құқық тарихы мен дамуы, тәуелсіз мемлекет құру мәселелері жөніндегі ірі ғалым ретінде Қазақстанның заң білімінің дамуы мен жетілуіне үлесіңізді қосып, оның көшбасшысы болдыңыз.

Қымбатты Мақсұт Сұлтанұлы, Сіздің өмірлік және кәсіби жолыңыз өзіңіздің ізіңізді алып келе жатқан ізбасарларыңызға, өскелең ұрпаққа үлгі болатынына сенімдіміз.

Сізге осы жарқын жолыңызда ұзақ өмір, зор денсаулық және шығармашылық табыс тілейміз! Бақытты болыңыз!

М. Әуезов атындағы ОҚМУ-нің
Ректоры, ҚР ҰҒА академигі

В. Бишімбаев

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымыздың болашағы үшін атқарып жатқан ісіңіз жемісті болсын.

Келешекке нық сеніммен берік қадам басып, абыроймен үлкен биіктерден көріне беріңіз.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін. Отбасыңызға құт-береке дарысын, игілікті іске деген арман-үміттеріңіз орындала берсін

Ізгі ниетпен,

З. Тұрысбеков

* * *

Уважаемый Максұт Султанович!

Позвольте от имени членов Демократической партии Казахстана поздравить Вас со знаменательной датой – 65-летним юбилеем.

Ваша активная гражданская позиция, Ваша неиссякаемая энергичная работа на благо нашей Родины может служить примером для многих поколений казахстанцев. За годы неутомимой деятельности Вами было сделано немало хороших дел, которые оставили свой отпечаток на развитие государственности нашей молодой республики.

Вы могли проявить себя и как талантливый юрист и как опытный руководитель Верховного суда РК, Генеральной прокуратуры РК, Высшего Судебного Совета. Вами создана целая школа молодых юристов и ученых правоведов, Вы вдохнули жизнь во многие начинания, которые нужны нашей стране. Ваша душевная щедрость, высота духа, четкие жизненные ориентиры и политическая прозорливость способствуют усилению авторитета нашей партии, росту численности членов партии, превращая ее в защитника интересов народных масс.

Желаем успешного продолжения Вашей деятельности, крепкого здоровья, больших свершений, дальнейших творческих начинаний. Политсовет Демократической партии Казахстана.

Акмолинский областной филиал
Актюбинский областной филиал
Алматинский областной филиал
Алматинский городской филиал
Астанинский областной филиал
Атырауский областной филиал
Восточно-Казахстанский областной филиал
Жамбылский областной филиал
Западно-Казахстанский областной филиал
Карагандинский областной филиал
Костанайский областной филиал
Кызылординский областной филиал
Мангистауский областной филиал
Павлодарский областной филиал
Северо-Казахстанский областной филиал
Южно-Казахстанский областной филиал

* * *

Уважаемый Максут Султанович!

Республиканская политическая партия «Асар» поздравляет Вас с днем Вашего юбилея!

Хотелось бы выразить Вам благодарность за годы напряженной работы, которые Вы посвятили становлению права нового независимого государства. На этом пути, несмотря на многие препятствия, Вы смогли внести большую лепту в развитие и реформирование судебной системы, деятельности органов прокуратуры. С 2000 года, возглавив один из важнейших Вузов нашей страны, Вы проявили себя как выдающийся деятель в области образования и науки.

Несмотря на многочисленные заботы, связанные с руководством Казахского гуманитарно-юридического

Университета, Вы вкладываете энергию в формирование правового и демократического государства. Деятельность Демократической партии Казахстана можно оценить как полезную и необходимую для нашего общества.

Желаем Вам и Вашей семье долгих лет жизни, крепкого здоровья, успешной политической деятельности.

Председатель РОО
РП «Асар»

Д. Назарбаева

* * *

Уважаемый Максұт Султанович!

Республиканская политическая партия «Отан» сердечно поздравляет Вас с юбилеем по случаю Вашего 65-летия.

Вы посвятили свою жизнь благородному делу – становлению правового государства и формированию правовой культуры среди населения страны. Вы прошли тернистый путь от рядового юриста до судьи высшей квалификации, Председателя Верховного Суда и Генерального Прокурора Республики Казахстан. Вы одновременно плодотворно занимаетесь научной работой, стали доктором юридических наук, профессором и академиком Международной Академии педагогических наук. Ваш педагогический опыт широко известен в воспитании молодого юридического поколения. Многие из Ваших учеников стали видными государственными деятелями.

Ваши заслуги были неоднократно отмечены правительственными наградами.

Бюро Политического Совета Республиканской политической партии «Отан» приветствует в Вашем лице

крупного политического деятеля, Председателя Координационного Совета Республиканского гражданского движения «За правовой Казахстан» и Председателя партии «Демократический выбор Казахстана».

Желаем Вам крепкого здоровья, долголетия и творческих успехов в Вашей многогранной деятельности.

Секретарь Политсовета
Республиканской политической
партии «Отан»

Казкенов К.М.

* * *

Уважаемый Максут Султанович!

От имени Военного Совета Пограничной службы КНБ РК горячо и сердечно поздравляю Вас с юбилеем – 65-летием со дня рождения!

Более 30-ти лет Ваша трудовая деятельность связана с юриспруденцией. Где бы Вы ни трудились главное кредо Вашей жизни неизменно: стоять на страже соблюдения законности и прав граждан нашего государства. Свой опыт и знания, незаурядные способности Вы смогли в полной мере реализовать на высоких государственных должностях.

В настоящее время, являясь Президентом Казахского гуманитарно-юридического университета, Вы не оставляете общественной деятельности, целиком и полностью направляете ее на демократизацию казахстанского общества. Об этом говорит Ваша работа в комиссии по правам человека при Президенте Республики Казахстан, совете по правовой политике при Президенте Республики Казахстан и также членом многих рабочих групп по совершенствованию законодательства Респуб-

лики Казахстан. Вы – профессионал своего дела, которого всегда отличает высокая личная ответственность за порученное дело и принципиальность.

Ваши научные труды по юриспруденции являются для многих молодых юристов азбукой, направляющей их на трудовой путь. Ваши заслуги перед Отечеством отмечены государственными наградами, одной из которых является орден «Парасат».

Ваш жизненный и профессиональный путь, путь государственного деятеля и творческой личности пример для многих.

Уважаемый Максут Султанович, в этот праздничный и радостный для Вас день, примите самые искренние и сердечные пожелания доброго здоровья, семейного счастья и благополучия, а также дальнейших успехов в Вашей почетной и благородной миссии – служение нашей Родине - Республике Казахстан.

С уважением,
Заместитель Председателя КНБ РК-
Директор Пограничной службы
генерал-лейтенант

Б. Закиев

* * *

Уважаемый Максут Султанович!

Сердечно поздравляю Вас знаменательной датой – 65-летием со дня рождения!

Обладая трудолюбием, целеустремленностью и высоким профессионализмом, Вы плодотворно работали в органах прокуратуры, юстиции и суда. Прошли путь от рядового следователя районной прокуратуры до Генерального Прокурора, а в судебной системе от судьи районного суда до Председателя Верховного Суда Республики.

В настоящее время Вы умело руководите одним из ведущих вузов – Казахским гуманитарным юридическим университетом. Плодотворно занимаетесь научно-педагогической деятельностью, передаете свои большие теоретические знания будущим юристам, являетесь Председателем Высшего Судебного Совета республики.

Вы также известны своим активным участием в политической жизни страны. Ваши заслуги отмечены высокими государственными наградами.

Мы знаем Вас как трудолюбивого, целеустремленного профессионала, отдающего много сил и энергии делу развития правовой системы Республики. Ваша компетентность, принципиальность, преданность делу снискали Вам уважение юридической общественности.

В этот торжественный день искренне желаю Вам крепкого здоровья, семейного благополучия, счастья, неиссякаемой энергии и успехов в благородной и ответственной работе по подготовке высококвалифицированных юристов для нашей страны.

Председатель
Конституционного Совета РК

И. Рогов

* * *

Глубокоуважаемый Максут Султанович!

Юбилейные торжества это повод еще раз оглянуться на пройденный жизненный путь, услышать мнение родных, близких друзей, единомышленников и даже недругов о том, что ты сделал в этой жизни, как ты прожил каждый день на этой бренной земле, под этим небом.

Юбилейные торжества – это попытка подвести определенный итог в прожитом, для того, чтобы честно и открыто посмотреть в будущее, почувствовать локоть и поддержку тех, кто и дальше намеревается идти с тобой вперед.

Вам, Максут Султанович, есть, чем гордиться и как отцу семейства, и как мужу, и как известному ученому, и как общественному и государственному деятелю.

Вам, Максут Султанович, есть на кого надеяться, вам есть с кем идти вперед – плечом к плечу, Вам есть с кем делить радость пути и раздумья в минуты отдыха!

Вы, Максут Султанович, можете быть глубоко уверены, что шанырак Вашего домашнего очага стоит крепко и основательно, Вы можете быть счастливы и горды тем, что в нем постоянно слышны голоса детей, внуков, правнуков и друзей. Вы можете умиротворенно созерцать связь времен, мудро направляя ее в кипучее русло жизни. Это Ваше будущее, Максут Султанович!

Вы, Максут Султанович, как авторитетный ученый можете полагаться на аттестованную Вами когорту молодых и даровитых ученых, уже пытающихся «встать Вам на плечи». За ними виднеются другие, моложе по возрасту, но энергичные и со здоровыми амбициями. В их энергичной деятельности – Ваш труд, Ваши помыслы, Ваши начинания, которые подхватываются ими и развиваются, доводятся до совершенства. Это Ваше будущее, Максут Султанович.

Наше государство строилось и строится при Вашем, Максут Султанович, активном и непосредственном участии, наше общество формируется благодаря и Вашим взглядам и жизненным принципам. Ваш талант, энергия и знания востребованы и государством, и обществом.

Благодаря Вашей позиции и Вашему авторитету эти два колосса нашего мироздания становятся все при-

влекательней и справедливей, надежней и уютней. Это Ваше будущее, Максут Султанович.

Имя нашего государства становится все более уважаемым в мире, мы с каждым годом чувствуем себя увереннее среди равных, мы с каждым годом ставим перед собой более высокие задачи и добиваемся их выполнения. В этом и Ваша большая заслуга, уважаемый Максут Султанович!

Ваша многогранность как человека, личности, гражданина, ученого, деятеля и политика переливается яркими красками, призывающими к добру и справедливости, зовущими вперед к торжеству разума и мудрости!

Живите долго и радуйте нас, дорогой Максут Султанович! Пускай Ваше прошлое станет кладезем знаний и опыта для молодежи, Ваше будущее вершиной, к достижению которой она должна себя готовить!

Пусть Ваш талант и энергия еще многие и многие годы подпитывают тех, кто устал от движения вперед, а Ваша мудрость и справедливость наставляют на путь истинный тех, кто сбился с пути!

Многие Вам лета и глубокоуважаемый Максут Султанович, здоровья и радости, тепла и солнца во имя и на благо всех нас, любящих, искренне уважающих и почитающих Вас!

От всей души и сердца, профессор

Марат Когамов

* * *

**Уважаемый
Максут Султанович!**

Искренне поздравляю Вас со знаменательной датой – 65-летием со дня рождения!

Ваша многолетняя и плодотворная деятельность в системе образования снискали Вам Заслуженный авторитет.

Весь Ваш жизненный и профессиональный путь государственного деятеля, Замечательного ученого и творческой личности – это яркий пример для многих.

Возглавляя один из ведущих вузов в республике, Вы передаете весь свой опыт и знания молодому поколению. Выпускники Университета востребованы и вносят достойную лепту в прогрессивное развитие нашей страны.

Активная жизненная позиция, преданное отношение к своему делу снискали истинное уважение и любовь всего коллектива, что позволяет Вам оставаться бессменным лидером и вдохновителем всех новаторских идей в деле подготовки высококвалифицированных юридических кадров. Ваш талант ученого и педагога высоко оценен Отечеством. Вы награждены правительственными наградами.

Занимая активную гражданскую позицию, проявляя профессионализм и компетентность, Вы являетесь достойным примером для подрастающего поколения и заслуживаете глубокого уважения и признательности.

Желаем Вам, Максут Султанович, крепкого здоровья, семейного благополучия, долгой и активной плодотворной жизни, дальнейших творческих успехов в деле подготовки высокопрофессиональных юридических кадров!

Министр образования
и науки РК

Б. Айтимова

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі атынан 65 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Өзіңізді мемлекет заңдарын күшейтуге үлес қосқан айтулы азаматтардың бірі деп білеміз. Кәсіби жолыңызды Украинаның Днепродзержинск қаласынан бастап, көп жылдарыңызды заң саласына арнадыңыз. Еңбегіңіздің еш кетпегені тәуелсіз Қазақстанымыздың көрнекті қайраткері, заң саласында еңбек сіңірген қазақтың зиялы ғалымы ретінде қалыптасуыңызбен дәлелденіп отыр. Қазақтың киелі білім шаңырағы – С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін 1974- жылы тәмамдағаннан кейін, Талдықорған қаласында аға тергеуші, Қаратал аудандық халық сотында халық судьясы сияқты қызмет баспалдақтары арқылы жоғары қарай өрлеуіңіз ерекше біліктіліктің арқасында деп ойлаймын. Ең бастысы Сіз тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінде елеулі істер атқардыңыз. Саяси салауаттылық пен мол тәжірибеңізді ел білген кезде Сіз 1995 – жылы Президент жарлығымен ҚР Бас прокуроры, ал 1996- жылы ҚР Парламенті Сенатының шешімімен аса жауапкершілікті лауазым – Жоғарғы соттың төрағасы болып тағайындалдыңыз. Бұл тек қызмет белестері ғой. Ал, Егемен еліміздің саяси өміріне белсене араласып, қоғамдық және әлеуметтік салаларда өзекті заң жобаларын жасайтын топ құрамында болуыңызды мемлекетімізге деген ғалымдық жанашырлығыңыз деп білемін. Қазақ ғылымының Заңтану саласында қосқан сүбелі еңбектеріңіздің орны ерекше. Сіздің басшылығыңызбен көптеген докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалды. Енді міне еліміздегі салмағы мықты Қазақ

гуманитарлық заң университетінің ректоры қызметін атқарудасыз. Жұмысыңыз жемісті болсын!

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы, пайғамбардың жасынан асқан Сізге тыныш өмір, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақыт, ырыс-береке тілейміз! Еліміздің мүддесі үшін еңбек ете беріңіз!

Қоршаған ортаны қорғау министрі

А. Самақова

* * *

Аса құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Әрбір азаматтың көрер қызығы мен қуанышы, жетер жетістіктері мен жеңістері... туған күннен бастау алары анық. Сондықтан да туған күн құрметті күн. Әсіресе, әр жылының әр күні тынымсыз еңбекке толы өзіңіз секілді азамат үшін айрықша құрметті күн деп есептеймін.

Осы бір құрметті күн қуанышымен Сізді шын жүректен құттықтаймын. Мақа, Сіз жүріп өткен әрбір жыл, әрбір жол мәнді де мазмұнды екенін атап айтуымыз керек. Талай жылдан бері қанаттас, қабаттас келеміз. Біз Сізді алдымыздағы ағамыз деп қана емес, айбынымыз, арымыз деп білеміз. Ізбасар інілеріңіз үшін қашанда Сіздің ісіңіз үлгі, сөзіңіз өнеге. Өйткені, Сіз сот саласының хан базарынан қайнап шыққан кәнігі шебер, кәсіби мамансыз. Демократиялық бағыт ұстанған елімізде батыл жүргізіліп жатқан реформалар негізінде, бүгінде тәуелсіз сот билігі қалыптасқан болса, оған Сіздің қосқан азаматтық үлесіңіз өте қомақты. Сіздің есіміңіз құқықтық реформалардың белсенді іске асырушыларының бірі ретінде әрдайым құрметпен аталатын болады.

Жақыннан танымаған, жетік білмес жандар, Сізді даңғыл жолмен тоқтаусыз өрлеп келе жатқан жұлдызы жанған, жолы болғыш біреу деп ойлауы да, айтуы да әбден мүмкін. Жұлдыздың жанғаны да, жолдың болғаны да рас, әйтсе де оның бәрінің өз-өзінен келе қалмағаны және рас. Айқас пен арпалысы аралас ұмтылыс пен құлшынысқа толы өмір Сізге де жеңісі мен жеңілісін, қызығы мен қиындығын қатар ұсынып келгенін өзіңізбен қызметтес, дәмдес боп етене жүрген біз жақсы білеміз. Кесір-кедергі де аз болған жоқ. Әйтсе де болмысыңызға біткен байыпты байсалдылық, сабыр мен төзім, ана сүтімен дарыған ізгілік ниеттегі қасиет бәрін жеңіп шығуға дем беріп отырды. Қилы-қилы кезендерді бастан кешірдіңіз, бірақ қай уақытта да халық үшін қалтқысыз еңбек етуден бір танбадыңыз, еш жалықпадыңыз. Және әрдайым ұлт пен мемлекет мүддесін бірінші кезекке қойып келесіз.

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы, қанша жыл қатар келеміз, сондағы бір байқағаным, Сіз білікті маман, шебер ұйымдастырушы ғана емес, биік адамгершіліктің үлгісін көрсетіп келесіз. Жолдастыққа деген адалдықтан еш ауытқымаған аңқылдаған ақ көңіл қалпыңыз, ақ пейілін ұсынудан еш танған емес.

Соңғы шыққан шығармаңызды «Бақыттың қиын баспалдақтары» деп атапсыз. Жақсы жазылған екен, оқып шықтым. Шындықтан туған шығарма екені көрініп тұр. Сіздің өскен ортаңыз бен жеткен биігіңіз шыңыраудан шыңға шыққанмен тең.

Мақа, Сіз бақытты адамсыз. Бақыттың биік баспалдақтары әлі алда. Мен осыған сенемін. Мен осыған тілектеспін!

Ізгі тілекпен, інііз

Бекет Тұрғараев

Алысып, асық ойнап, есейіп, ержетіп, онжылдықты

бірге тәмамдап шыққан қадірлі дос - Мақа (Мақсұт Сұлтанұлы), бүгінгі сенің қуанышыңа өзіңмен сыныптас болған 41 ұл мен қыздардың бәрі де ортақ деп білгейсің. Сен бәріміздің де мақтанышымызсың. Өркендеп, өсе бер деген игі тілекті сыныптастарыңның атынан шын жүректен білдіруші Бекет Мейірманов.

Ескелді ауданы,
Алматы облысы.

* * *

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Қорғаныс министрлігінің басшылығы атынан және жеке өз атымнан Сізді бүгінгі туған күніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, шынайы көңілден шыққан ең ізгі тілектерімді жолдаймын.

Мемлекетіміздегі заңдылықтардың сақталуын қадағалайтын ведомствоны басқара жүріп, бойыңыздағы іскерлік қасиеттерді барынша таныта білдіңіз. Сіз өзіңіздің бүкіл саналы өміріңізді әділеттіліктің салтанат құруына арнау арқылы Отан алдындағы азаматтық борышыңызды абыроймен атқарып келесіз. Бүгінгі күні Сіз қара қылды қақ жарған бабаларымыздың биік абыройын асқақтатар болашақ заңгерлерді даярлау ісінде тек абырой мен құрметке, отандастардың сүйіспеншілігіне бөлене беретініңізге кәміл сенемін.

Бүгінгі туған күн мерекеңізде Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, мол бақыт, отбасыңызға береке-бірлік, шуағы мол шат көңіл тілеймін. Лайым сүйікті Отанымыз – Қазақстан Республикасының гүлденіп, өркендеуі жолындағы абыройлы да жауапты қызметіңізде толағай табыстарға жете беріңіз.

Құрметпен,
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі армия генералы

М. Алтынбаев

ЖЕДЕЛ ХАТТАР (Телеграммы)

Алматы

Дорогой Максут Султанович

Сердечно поздравляю 65-летием желаю крепкого здоровья дальнейших успехов на политическом научном педагогическом поприще. Вы один из тех кто строит новое суверенное государство кто пишет новые страницы казахстанской правовой науки готовит новое поколение юристов. Долгих лет жизни. **Ваш Академик Сапаргалиев Гайрат.**

Караганда

Дорогой Максут Султанович. Тепло и сердечно поздравляю с 65-летним юбилеем. Мы знаем Вас как выдающегося юриста взошедшего в результате кропотливого труда на сияющие вершины правосудия внесшего неопределимый вклад в юридическую науку и образование. Наряду с этим вы являетесь одним из крупнейших общественных и политических деятелей нашей стран. Ваше приглашение на свой юбилей я расцениваю как ваше ко мне доброе отношение, очень сожалею что не смогу присутствовать на торжестве, в связи с выездом за пределы Казахстана. Верю в неиссякаемость вашего творческого потенциала. Доброго Вам здоровья, большого человеческого счастья и долгих плодотворных лет жизни. **Ваш академик З.М.Мулдахметов.**

Усть-Каменогорск

Қадірменді Максұт Сұлтанұлы. 65 жасқа келіп отырған мерей тойыңызға байланысты ақ ниетті құттықтауымды қабыл алыңыз. Сан тарау өмірдің өзіңіз таңдап алған саласында еңбек еткен алғашқы күннен

тындырымды ісіңізбен дараланып, еліміздің прокуратурасымен сот жүйесінің шырқау шыңын бағындырдыңыз. Келген жасыңыз Мақсұт аға өмір жолыңыздың белгілі бір аралығы ғана. Алдағы сапарыңыздың бұдан да ұзақ мейлінше табысты да абыройлы болсын. Деніңіздің сау, отбасы мен ағайын туған өзіңізге тілеулес достарыңыз ортасында бақытты да бақуатты өмір сүруіңізге деген інілік ізгі тілекпен.

Шығыс Қазақстан облысының прокуроры Хәкім Көшқалиев.

Москва

Уважаемый Максуд Султанович. В день вашего 65-летия примите самые теплые сердечные и искренние поздравления от руководства Профессорско-преподавательского состава и сотрудников Московской Академии экономики и права. Мы ценим и уважаем Вас как талантливого руководителя крупного ученого человека с широкой душой и добрым сердцем. Желаем Вам крепкого здоровья, личного счастья и дальнейших успехов в служении науке и образованию.

Ректор Московской Академии экономики и права В.П.Буянов.

25.03.05.

№76/443

Уважаемый Максуд Султанович!

От имени многотысячного коллектива Алтайского государственного университета примите самые искренние поздравления по случаю Вашего славного 65-летнего юбилея! Ваш жизненный и профессиональный путь

– пример служения высокому гражданскому и человеческому долгу. Ваши незаурядные организаторские качества, неординарность, эрудиция, инициативность нашли яркое проявление в самых разных сферах Вашей трудовой и общественной деятельности, сформировали Вас как государственного деятеля, политика, ученого, литератора, человека. Вы вносите огромный вклад в развитие юриспруденции Казахстана, проводите большую научно-педагогическую работу, находите время для литературного творчества. Ваши заслуги перед Отечеством получили достойное признание и отмечены высокими государственными наградами.

Вы щедро делитесь своим опытом, знаниями, душевным теплом со многими сотнями будущих специалистов и коллегами. Ваша демократичность и коммуникабельность, ответственность и требовательность находят у них самый живой отклик и заслуженное уважение.

С удовлетворением отмечаем, что между нашими университетами с Вашим участием сложились теплые взаимоотношения, основанные на взаимоуважении, тесном сотрудничестве, понимании общих проблем в подготовке высококвалифицированных кадров, достойных граждан наших дружественных стран. Уверены, что и впредь наши связи будут только крепнуть. Позвольте от всей души пожелать Вам, Мақсұт Султанович, здоровья, личного счастья, больших успехов! Пусть Вас не покидает оптимизм, уверенность в своих силах, пусть сопутствует удача в выполнении возложенных на Вас ответственных задач во благо Республики Казахстан, во благо Казахского Гуманитарно-Юридического Университета!

Ректор профессор

Ю.Ф. Карюшин

**Уважаемый ректор,
Дорогой Максуд Султанович!**

Позвольте поздравить Вас от всего сердца с замечательной датой – Вашим 65-летним юбилеем!

Нас вами соединила наша совместная работа, которая привела к плодотворному и успешному сотрудничеству как с Вами лично, так и с руководимым Вами Университетом, что способствовало еще большему углублению добрых взаимоотношений между нашими двумя странами.

Благодаря Вашему высокому профессионализму Вы снискали глубокое уважение в широком кругу своих коллег и друзей, к которому я с Вашего позволения – отношу и себя.

Желаю Вам и в дальнейшем крепкого здоровья и счастья в кругу своих близких, а также прежней целеустремленности профессиональной работе и многих лет успешной деятельности на благо Вашей страны.

С глубоким уважением
Ваш Рольф Книпер

(г. Бремен, Германия)

* * *

Уважаемый Мистер Нарикбаев,

Я очень рад пожелать Вам самого наилучшего в день Вашего 65-летия. Я желаю доброго здоровья Вам и Вашей жене. Желаю дальнейшего процветания Вашему Университету под Вашим руководством на ближайшие 10 лет. Очень жаль, что не могу поздравить Вас лично в этот знаменательный день. Но я обязательно привезу Вам что –нибудь особенное, когда приеду в апреле.

Ваш Университет был достойно представлен делегацией, и мы готовы к сотрудничеству в ближайшее время.

Доктор Парик Томас. Лондон

Уважаемый Мистер Нарикбаев,

Я являюсь Президентом Армстронгского Государственного Атлантического Университета. Я хочу поздравить Вас с юбилеем и пожелать Вам всего наилучшего, здоровья и успешной работы в Вашем Университете.

Мы надеемся на долгое и продуктивное сотрудничество.

Доктор Томас З.Джонс.
Президент Армстронгского Государственного
Атлантического Университета.

ТЕЛЕГРАММА

Уважаемый Максут Султанович!

В день Вашего 65-летия примите самые теплые, сердечные и искренние поздравления от руководства, профессорско-преподавательского состава и сотрудников Московской академии экономики и права.

Мы ценим и уважаем Вас как талантливого руководителя, крупного ученого, человека широкой душой и добрым сердцем.

Желаем Вам крепкого здоровья, личного счастья и дальнейших успехов в служении науке и образованию.

Ректор
Московской академии
экономики и права

В.П. Буянов

ПАРАСАТ ПЕН ІЗГІЛІК

Өзінің туған елі үшін, халқының жарқын болашағы үшін бойына әуел баста табиғат берген қабілет пен қарымын, білігі мен білімін сарқа жұмсаған көрнекті мемлекет қайраткерлері Қазақ топырағында бұрын да аз болмаған. Алаштың арыстары Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, мемлекет қайраткерлері Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов сияқты небір асылдарымыз халқының кемел келешегі үшін тыным таппай, көгімізден аққан жұлдыздай жарқырап өтті. Бірақ олардың ізгі арман-мұраттары аяқсыз қалған жоқ. Еліміз өзінің тәуелсіздік туын тігіп, тұғырына қондырысымен маңдайлары жарқырап туған марқасқа азаматтарымыз жаңарған замана көшінің мойынға артқан салмағы батпан жүгін белі қайыспас нардай көтеріп кетті. Бұл арада олардың бәрін айтып жатудың қажеті бола қоймас. Тіпті, ол мүмкін де емес. Алайда, солардың қатарында алпыс жастың бел ортасына табанын нық басып тұрған белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, заң саласындағы алдыңғы лектегі жетекші ғалым, Халықаралық Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевтың есімін айрықша атап өтудің сәті бүгін түскендей.

Халқымызда «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген алғысқа бергісіз сөз бар. Мақсұт Сұлтанұлы осыған азаматтығының қай қырынан болса да әбден лайық.

Алматы облысының Талдықорған ауданындағы Еркін ауылында дүние есігін ашқан Мақсұт Сұлтанұлының азамат болсам, өмірден өз орнымды тапсам деген талпынысы 1959 жылы Украинада техникалық училищені бітіргеннен кейін ауылдық клуб меңгерушісі,

Талдықорған радио және теледидар хабарларын тарату басқармасында тілші, редактор, еңбекшілер депутаттары Талдықорған аудандық атқару комитетінде мәдениет бөлімінің меңгерушісі сияқты түрлі қызметтерді атқару барысында қалыптасты десек, қателесе алмасымыз анық. Өйткені, осы аталған қызметтердің қай-қайсысы да жұртпен біте қайнасуына, олардың жан дүниесін терең зерделеуіне бағыт-бағдар бергендігі сөзсіз. Сондықтан да ол білімнің көк тасын кеміріп, ой-өрісін кеңейтуге, сол арқылы халыққа пайдасы көбірек тиетін бір шаруаның тізгінін жасауға бет бұрды.

Мақсатсыз адам – тұл. Бұл өмір қағидасы. Мәкен осыны бойына ерте сіңірген. Осы байлау оны С.М.Киров атындағы қазақ Мемлекеттік университетінің табалдырығын аттатты. 1974 жылы оның заң факультетін ойдағыдай тәмамдаған ол Талдықорған қалалық прокуратурасында үйренуші, аға тергеуші, Талдықорған облыстық адвокатурасы және халық судьясы сияқты өсу мен өрлеу баспалдақтарынан өтті. Осының бәрінде түзу жолдан қия басқандардың тағдыры заң адамдарының әділдіктің ала жібiнен аттамай, әр жайға байыппен маңыз беруіне, «тура биде туған жоқ» деген аталы сөзді берік ұстауына байланысты екендігіне талай мәрте көзін жеткізді. Осыны өз қызметінің алтын қазығы ете алды. Сол арқылы ел елейтін, халық айрықша қастерлейтін биік тұлға дәрежесіне көтерілді. Бұған 1987 жылдан бастап жоғары мемлекеттік органдарда – Қазақ КСР Әділет министрлігінде және Прокуратурасында лауазымды қызметтерде болғандығы дәлел.

Ол шын мәнінде оның мемлекеттік және қоғамдық қайраткер ретінде биік тұлғасы, мінсіз ұйымдастырушылық қабілеті Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасу кезінде жарқырай көрінді. ҚР Президентінің аппаратында, ҚР Бас про-

куратурасында және ҚР Жоғарғы Сотында жауапты лауазымдық қызметтер атқарды. Ал 1995 жылы Мақсұт Нәрікбаев ҚР Бас прокуроры, келесі жылы ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы болып тағайындалып, жас тәуелсіз Қазақстанның заң жүйесін қалыптастыруға бойында бар барлық қажыр-қайратын жұмсады. Ол әлі де өзінің сол биігінде.

Екінші санатты мемлекеттік әділет кеңесшісі, біліктілігі жоғары судья Мақсұт Сұлтанұлы тек адам тағдырына араласатын, төбе билік айтатын, тек заңның әрпімен ғана жүретін жан десек, онымыз ақиқат ауылынан алыстап кетер еді. Ел оны ЗАҢҒЕР, ОҚЫТУШЫ, ҒАЛЫМ деп бағалайды. Себебі, ол мемлекеттік қызметті ғылыми-педагогикалық жұмыспен қатар үйлестіріп келеді. Республикамыздағы балаларды қылмыстық-құқықтық қорғау проблемаларына қатысты көп жылғы ғылыми зерттеулерін жинақтау нәтижесінде ол алғашқыда кандидаттық, одан кейін докторлық диссертацияларын қорғады. Осыдан тура бес жыл бұрын, яғни 2000 жылы М.Нәрікбаев отандық жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры ретінде жақын және алыс шетелдердің әлем мойындаған жоғары оқу орындарымен байланысын қалыптастырып қана қоймай, аталған білім шаңырағын биік сатыға алып шықты. Оны аз десеніз, оның тікелей бастамашылығымен ҚР Заң институты жүзеге асыратын заң жобаларын жасау жөніндегі бірлескен жұмысқа университеттің біліктілігі жоғары ғылыми кадрларын тарту жөнінде ҚР Әділет министрлігінің Заң шығару институтымен келісім жасалды. Сондай-ақ, республикамыз үшін анағұрлым маңызы бар заң жобаларына тәуелсіз ғылыми-құқықтық сарапшыларды жұмылдыру ұсынысы да оның қарымы мен қабілетінің аса ауқымды екендігінің көрінісі. 2003

жылы Республика Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы болып тағайындалуы оның осы біліктілігін бағалаудың жемісі деуіміз керек.

Сонымен қатар білікті заңгердің есімі «Құқықтық Қазақстан үшін» қоғамдық демократиялық бірлестігін (2001 ж.) құрумен де тығыз байланысты. Ал 2004 жылдың сәуір айынан ол Қазақстан Демократиялық партиясының төрағасы.

М.Нәрікбаевтың партиясы салыстырмалы түрде алғанда аз уақыттың ішінде ауқымы кең жұмыстардың басын қайырып тастады. Атап айтқанда, Қазақстан еңбекшілерін құқықтық және әлеуметтік қорғау жөнінде бірнеше акциялар өткізіп үлгерді. Сондай-ақ, Қазақстан Демократиялық партиясы Құқық пен Зандылықты сақтау партиясы ретінде, ҚР азаматтарының құқығы мен бостандығын қорғау саласында бірқатар заң жобаларына бастамашылық жасады. Оның тікелей араласуымен қазіргі таңда «Қазақстандағы сот присяжных-лары туралы» Заң жобасы жасалып жатыр.

Әрине, атан тартар жүкті мойнына арқалаған азаматтың, мемлекет деңгейіндегі қайраткердің бар болмыс-бітімін бір мақаланың ауқымында толық айтып шығу мүмкін емес. Бірақ оның бұлардан басқа «Право и государство», «Предупреждение преступности», «Правовая реформа РК» журналдарының редакциялық алқасының мүшесі екендігін де айта кетпесек, оның толық бейнесінің бір қыры олқы соғып жатқандай көрінуі мүмкін.

Адал еңбек қай кезде де қастерлі. Мақсұт Сұлтанұлы мемлекеттік және қоғамдық-саяси өмірдегі, жемісті ғылыми-педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін «Парасат» орденімен және басқа мемлекеттік медальдармен марапатталған. Сондықтан да Мәкеңе – Мақсұт Сұлтанұлына, бүгінгідей мерейлі биік белеске аяқ ар-

тып тұрған шағында асқарлы асулар төрінен көріне беріңіз, тәуелсіз Қазақ елінің халқына пайдасы тиер жемісті істеріңіз көп болсын, абыройыңыз арта түссін дегіміз келеді.

Сағади Бөлекбаев,
саяси ғылымдар академиясының академигі, философия
ғылымдарының докторы, профессор.

* * *

Біреудің жақсылығын қосып айтсаң да ерсі емес. Ал өзің істеген жақсылықты кемітіп айтқаның абзал, айтпасаң тіпті жақсы. Ондайлардың есімі елдің жадында, жақындарының жүрегінде жүреді. Елі ерекше құрмет тұтатын азаматтардың бірі – Мақсұт Нәрікбаев. Қоғамдық өмірімізде де, ғылыми ортада да белгілі тұлғаға айналған оның бар өмірі халықтың көз алдында.

ӨМІРДІҢ МӘНІ – ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Мен Мақсұт Сұлтанұлымен Жоғарғы соттың төрағасы қызметін атқарып жүрген кезден бастап араластым. Қарым-қатынасымыз республика Әділет министрінің орынбасары болып тағайындалуыма байланысты белсенді сипат алды. Ол менің өмірдегі ұстазым болды. Ағалығы даналыққа ұласқан жаннан көп нәрсе үйрендім.

Әрине, мен Мақсұт Сұлтанұлының жалғыз шәкірті болмасам керек. Оның еліміз бойынша талай-талай талантты жастарды тәрбиелеп, үлкен өмірге жолдама бергені анық. Қазір құқық саласында Мақсұт Сұлтанұлының «шекпенінен шықтық» деп мақтанатын

саналы азаматтар, белгілі ғалымдар, іскер басшылар көптеп саналады. Олардың көпшілігі Нәрікбаевтың парасаттылық мектебінен тәлім алғандар. Солардың баршасына Мақаң ұлағатты ұстаз, ақылшы аға, жол сілтер тәлімгер.

Бойында ұлттық намысы бар, өз елінің мүддесін ойлайтын азамат, болашаққа көз жіберіп, ой түйеді. Сондықтан ондай азаматтар үшін, өмірдің мәні алдымен халқының мүддесін қорғап, оған қызмет ету болса, екіншіден сол абырой биігінде қалу. Мақсұт Сұлтанұлының да кездегені осы.

Жоғарғы соттың төрағалығына дейін Мақсұт Сұлтанұлы Министрлер кеңесінде, Бас прокуратурада түрлі жауапты қызметтер атқарды. Бұл жылдар Мақаңның өсу, шынығу, өрлеу жылдары болды. Мақсұт Нәрікбаев ірі ұйымдастырушы, беделді басшы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері ретінде өсіп қалыптасты.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жетекші заңгерлердің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы дайындалып, ол Үкіметте қолдау тауып, қабылданған болатын. Бұл құжат күні бүгінге дейін қызмет етіп келді. Оның негізінде бірқатар заң жобалары дайындалды. Еліміздің заңгерлері құқықтық реформалар жөніндегі бағдарламаны дайындауға да тікелей ұйытқы болды. Бір айта кетерлігі, қабылданған бағдарламада қамтылған барлық мәселелер толықтай жүзеге асты. Мұның бас-тауында Мақсұт Сұлтанұлының тұрғанын айта кету керек.

Қазіргі кезде елімізде адам құқығының қорғалуы көкейкесті мәселе болып отыр. Сондықтан адам құқықтарының сот төрелігімен қорғалуын қамтамасыз ету жолдары қарастырылуда. Бұл пікірдің түп

қазығында «адам үстінен» болатын сот үлгісін «адам үшін» жүргізілетін сот үлгісіне өзгерту қағидасы тұр. Демек судьялардың іс-әрекетіне баға беретін қоғамдық бақылау институттарының болуы адам құқығының қорғалу кепілдігін қамтамасыз етуді көздейді. Бұл орайда Мақсұт Сұлтанұлының өз ойы бар.

- Алқабилер институтының негізгі мақсаты – сот ісін қарау кезінде халықтың бақылау көзін іске қатыстыру, - дейді Мақсұт Сұлтанұлы. Алқабилердің құрамына кәсіби прокурор емес, халықтың өз арасынан шыққан, ел сенетін, сөзіне қалтқысыз иланатын сыйлы, қадірлі адамдар мүшелікке енуі тиіс.

Жоғары білім мен ғылым көкжиегіне Мақсұт Сұлтанұлы теориялық терең біліммен, іскерлік, ұйымдастырушылық бай тәжірибемен келді. Қазақ гуманитарлық заң университетінің ректоры қызметіндегі алғашқы күннен бастап-ақ оның барлық мұрат-мақсаты жас ұрпаққа терең білім, заманға сай тәлімді тәрбие беру арқылы ел үшін аянбай еңбек етер, ұлтына пайдасын тигізер, аға буынға лайықты ізбасар мамандар дайындап шығару болды. Білім беру жүйесінің жаңа құрылымдары мен тың үлгілерін іздестіру, оны жетілдіруде профессор М. Нәрікбаев көп ізденістер жасады. Соның арқасында оқу орны құқықтану бойынша еліміздегі жетекші білім ордасына айналып, Еуропалық студент-заңгерлер қауымдастығы шығаратын анықтамаға енді. Университет жанында 4-ғылыми-зерттеу институты және бірнеше ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді. Оқу орны сан рет халықаралық ұйымдардың грантын жеңіп алды. Жаңа заманға сай лайықты мамандар даярлау үшін оқу орнының материалдық базасы қалыпқа келтірілді. Қазіргі заманғы құрал-жабдықтар, жақсы жабдықталған қолайлы дәрісханалар жеткілікті. Еліміздің өзге аймақтарында оқу орнының филиалда-

ры жұмыс істейді. Қазіргі уақытта Астана қаласында гуманитарлық заң университетінің ғажайып ғимараты бой көтеріп келеді.

Мақсұт Сұлтанұлы білім жүйесіндегі жетістіктерге ол өзінің қайсарлығының арқасында қол жеткізді. Оның ұшқыр ойынан, жүйрік қаламынан оншақты кітап жазылды. Бұл профессор М.Нәрікбаевтың ғылымдағы жетістігі.

Ел өмірінде ерекше оқиғалар орын алған күрделі кезеңде Мақсұт Сұлтанұлы «Құқықтық Қазақстан үшін» азаматтық қозғалысының бастауында тұрды. Қозғалыс өз платформасында отаншыл күштерді, елімізге игілік пен ілгерілеуді тілейтін барша қауымды бірігуге шақырды.

Мұның өзі демократиялық қоғам құру жолындағы өз Отанының нағыз азаматына тән қасиет болса керек.

Қозғалыс кейбір партиялар мен қоғамдық бірлестіктер сияқты билікке ұмтылмады, коммерциялық мақсатты да көздемеді. Алдарына қойған ең басты мүддесі – заңгерлер мен интеллигенция өкілдерінің, студент жастардың басын біріктіріп, тәуелсіз мемлекетіміздің нық қалыптасуына үлес қосу болды. Бұдан біз М.Нәрікбаевтың мемлекетшілдігін көреміз.

Қоғамды демократияландыруға өзіндік үлес қосқан «Құқықтық Қазақстан үшін» қозғалысы өткен жылы Қазақстанның Демократиялық партиясы болып қайта құрылды. Партия алдында сапа жағынан жаңарып, бұрынғыдан да ұйымдасқан түрде жұмыс істеу міндеті тұр. Оған партия төрағасының ақыл-ой, парасатының жететініне сенім мол.

Мақсұт Сұлтанұлының өнбойы адами қасиеттерге бай. Талғампаз, бірақ тәкаппар емес. Дауды дабырамен емес, сабырмен шешуді ойлайды. Бұл оның адамгершілік қасиетінің бір қыры. Қазір ол белсенді іс-қимыл үстінде. Алпыс пен жетпістің талтүсінде тұр.

Адамның өмірі жылдың төрт мезгілі іспетті төртке бөлінеді екен. Көктем – тайға мініп шапқылап аунап-қунап жүретін алаңсыз балалық кезің болса, жайма шуақ жаз – оқтаулы тұрған мылтықтан да қаймықпайтын сақа жігіттігің, күз – елдің ынтымағы мен бірлігін ойлайтын сарабал даналығың болса, қытымыр қыс – ескексіз қайықта қалған абыз қарттығың екен. Мақсұт Сұлтанұлы қазір өмірінің жемісті күзінде отыр. Халқымызда «Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ» деген сөз бар. Олай болса жақсыларымыз ел мүддесі үшін шапағатын төге берсін.

Еңлік Нұрғалиева,
Алматы гуманитарлық заң академиясының ректоры,
заң ғылымдарының докторы, профессор

* * *

Уважаемый Максұт Султанович!
Позвольте от имени Союза студентов Вашей академии сердечно поздравить Вас с Днем Рождения! Мы знаем, как много Вами сделано для Казахстана. Посвятив свою жизнь служению Отчизне, Вы даете нашему поколению наглядный пример живого патриотизма. И сегодня, в период становления политический независимого, экономический суверенного Казахстана, Ваши мудрость, человечность, широта души, опыт, напор, воля к победе и другие качества будут необходимы в деле создания свободного, эффективного и правового общества.

Ваши наставления и любовь станут для нас ориентиром и огромным стимулом к тому, чтобы продолжить и

развить большое дело - построение открытого демократического государства – дела, начатого Президентом и Вами. Быть рядом с вами большая радость и честь для нас. Ту отеческую заботу и чуткость, которые Вы проявляете к нам – Вашим детям, - мы пронесем своих сердцах!

Пусть радость, удача, успехи и отличное здоровье будут Вашими спутниками в новом веке!

ҚазМЗА Студенттер Одағының
Төрағасы А.Асанбаев

**Аса құрметті Мақсұт Сұлтанұлына
ҚазМЗА Студенттер Одағынан**

Туған күн жылына бір келеді,
Қуанышты күндерге теңеледі.
Өлеңменен арнайды сыйлықтарын,
«Студенттер одағының» мүшелері.

Шығыпсыз алпыс бестің асқарына,
Үлгі болып бүгінгінің жастарына.
Есіміңіз тарихта мәңгі қалып,
Жете берсен ғасырдан ғасырларға.

Болдыңыз-дағы ректор ҚазМЗА-ға,
Заңдылықты алмақшы болып қолға.
«Елім деген» дәл сіздей азаматты,
Құдайым өзің жебеп, өзің қолда.

Ордамызды жеткізе бер табысқа,
Танытып атын шетел, алысқа.
Өзіңіздей ректормен «заң ордасы»,
Мерейің тасысын, мәңгі шарықта.

Тілейміз бақыт, байлық өзіңізге,
Ойнап-күліп жүріңіз елімізде.
Деніңіз сау, аман боп әрқашанда,
Табыстарға жетіңіз бастаған ісіңізде.

Тілейміз табыстың кенін сізге,
Қолдаймыз өзіңізді, демеп біз де.
Өзіңізді мақтан тұтып студенттер,
Ұқсағымыз келеді біз де Сізге.

Отбасыңызға тілейміз амандық,
Береке, бірлік, адалдық.
Атаныңыздар үлгілі жанұя,
Халқымыз үлгі аларлық.

КСП – 108 топ студенті
Әбдікәрімов Бейбітжан



ӨТКЕН КҮНДЕРДЕ НЕГЕ БЕЛГІ БОЛМАСЫН

Мақсұт Нәрікбаев: Алдыңғы буын ағаларымыз бен аталарымыздың ауыздарынан «өткен күнде белгі жоқ» дегенді жиі естуші едік. Есейіп, ержете келе осы сөз мені көп ойлантатын болды. Өткен күндерде неге белгі болмасын? Тек соларды елеп, ескеріп, есте сақтай алсақ, белгінің әкесін де, көкесін де таппаймыз ба? Тек, қоғамдық өмірдегі әрбір мәнді қарекеттеріңді ұмытпай, зердеңде сақтап немесе қағазға, ия болмаса магнитті ленталарға түсіріп қояр болсаң, әрбір жыл, әрбір күн ғана емес, әрбір сағаттың да тиісті мөлшерде айта жүрерліктей уақиғалармен өткендігін байқауға болмас па еді?

Менің, міне, 65-ке толуымнан бері жылгадағы жылжыған судай болып, табаны күректтей төрт жыл да өте шығыпты. Бірде мен жападан жалғыз отырып, белгілі бір ақынның жыр жолдары ойыма түсіп кетті де, «Мен 68 жастамын, сондай-ақ не істеп тастадым?» деп өзіме өзім сауал бердім. Жауабым жазған мақала, әңгіме, сауалдама секілді ой мәйектерім болып шықты. Демек, өткен күндерде неге белгі болмасын, бар екен зой.

2004 жылға дейін ақпарат құралдарында жарық көрген біраз мақалаларым мен сұхбаттарым «Дорога к правосудию» (1997 ж.), «Ұлы тарихпен бетпе-бет» (2005 ж.) кітаптарымда орын алған еді. Бұл жолы 2005-ші - 2008-ші жылдардағы шығармаларымды ұсынғанды жән көрдім.

ДЕМОКРАТИЯ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЕМЕС, ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН КЕЛУІ КЕРЕК

Таяуда ҚДП-ның лидері, Қазақ Мемлекеттік Заң академиясының ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Мақсұт Нәрікбаевпен сұхбаттасудың сәті түскен еді. Сол сұхбатты қаз-қалпында оқырмандарға ұсынуды жөн көрдік.

-Мәке, заңгер, саясаткер ретінде сізді қазіргі кезде қандай жайттар толғандырып жүр? Мәселен, осыдан бір аптадай бұрын Демократиялық күштердің Үйлестіру Кеңесі жаңа конституция жобасын дайындап, ол оппозициялық басылымдарда жарияланғаны мәлім...

-Елбасы өткен жылы Қазақстан халқына Жолдауында, Отан партиясының кезектен тыс съезіндегі Үндеуінде, одан қалса жаңадан сайланған мәжілістегі Отан фракциясының мүшелерімен кездесуіндегі мемлекетімізге саяси тұрғыдан өзгеріс жасау жөніндегі ұсыныс айтқан болатын. Ол биылғы жылы жүзеге асады деп есептеймін. Осы тұрғыда Елбасы айтқан ұсынысты әрбір саяси партия, әрбір зиялы азамат қандай жолмен іске асыру керектігі туралы ой айтқандары (оның ішінде оппозицияның жаңа конституция жасау қажет дегені де) еліміз үшін пайдалы болады. Мәселен осы бағытта біздің партия да шамасы келгенше өз үлесін қосуда. Мен басқа да саяси партиялардың төрағасы сияқты Елбасы жанынан құрылған мемлекетімізді демократияландыру, азаматтық қоғам құру жөніндегі комиссияның мүшесі болғандықтан, саяси өзгеріс жасау туралы идеяны іске асыру мақсатында өз әріптестеріммен бірге шаруаға кірісіп те кеттім. Өкінетін бір жағдай бар. Ол - оппозицияның Елбасының ұсынысымен

құрылған аталмыш үлкен комиссияның жұмысына тікелей араласпағаны. Мысалы, «Ақ жол» партиясының және басқа да саяси-демократиялық партиялардың сайлау алды бағдарламаларының ең бірінші бабында мемлекетімізде сондай комиссия құру керектігі туралы ұсыныстары болған. Солардың ұсынысын Елбасы қолдап, комиссияны құрған соң олар да комиссия жұмысына қатысуы керек еді. Бірақ енді одан аса зиян келіп жатыр деп айта алмаймын. Өйткені оппозиция қоғамды демократияландырудың басқа бір жолдарын ұсынып жатыр. Әлгіндегі айтқан жаңа конституция жобасы. Ал енді оның қаншалықты қажетті, қажетсіздігі туралы оны тікелей оқып, өзіміздің Ата Заңмен салыстырмалы түрде ғана айтуға болады. Мен бүгін аты-жөні жоқ «бұл дұрыс болмаған екен» деп айтпаймын.

-Мүмкін, сол жоба Ата Заңымызда кемшіліктер болған соң жасалған шығар? Сіздің ойыңызша қазіргі Ата Заңымызда қандай ірі кемшіліктер бар?

-Менің ойымша, оппозицияның өзі айтып жүрген парламенттің беделін көтеру, үкімет пен биліктің жауапкершілігін арттыру сияқты ірі мәселелерді конституцияны өзгертпей-ақ, сол конституция негізінде заңдарды өзгерту арқылы да жетілдіруге болады. Парламент мүшелерінің санын көбейту мәселесі де конституцияны өзгертпей-ақ «Сайлау туралы» заңды жетілдіру арқылы жүзеге асатындай. Әрине, бұл менің жеке пікірім.

-Ал оппозицияның Грузиядағы, Украинадағы әр түрлі түстегі революцияларды алға тартуына, «бізде де болуы мүмкін» деген болжамдарына қалай қарайсыз?

-Басқа мемлекеттердің саяси өзгерістерінің механизмін ТМД елдерінің арасында элеуметтік жағынан да, саяси-экономикалық жағынан да алда келе жатқан елдердің бірі Қазақстанға революция есебінде іске асы-

руды мақсат етіп қою қажетсіз нәрсе деп есептеймін. Революция бізге не үшін қажет? Егемендік алу үшін бе? Егемендікті алып қойдық емес пе? Ал қоғамды демократияландыру мәселесін революциясыз-ақ, эволюциялық жолмен шешуге болады. Әр демократиялық қадамды кезеңімен, кезегімен іске асыратын болсақ, біз үшін сол пайдалы болар еді.

-Қоғамымызда партиялар қаншалықты көп болса да, біздің түсініктегі партия екі-ақ түрлі: президенттік және оппозициялық. Сұрайын дегенім, Қазақстан Демократиялық партиясының бағыты қандай? Аталмыш екеудің қайсысын қолдайды?

-Біз билікке де, оппозицияға да оппозиция болатын партиялардың қатарындамыз. Егер билік тарапынан заң бұзушылық көрініп жатса айтамыз. Жұқартып емес, негіздеп, әрі заңгерлер есебінде айтып та жүрміз. Ал егер оппозицияның әрекеттері заңға қайшы болса, оларға да «мынауың дұрыс емес» деп айта аламыз. Яғни, біз оңға да, солға да бұрылып кетпейтін, орталық бағытты ұстанатын партиямыз.

-Соңғы кездері Елбасы жергілікті әкімдерді сайлау туралы бастама көтеріп жүр. Тіпті жергілікті әкімдерді сайлауды Алматы, Астана қалаларынан бастау, яғни, эксперимент жасау туралы жарлық та шығып қойды. Заңгер ретінде пікіріңіз қандай? Қазақ қоғамы жергілікті әкімдерді сайлауға дайын ба?

-Меніңше дайын емес. Сайлау - демократиялық қоғамның ең бір қажетті тетігі. Әрбір әкім халық сенім артып сайлағаннан соң, сол халықтың алдында есеп беріп тұру керек. Ал, ұлттық ерекшелігімізді саралай келгенде айтарым, біз ондай сайлауға әлі дайын емеспіз. Бізден бір ғасырдан аса бұрын өмір сүрген Абай бабамыз да сайлаудың кезінде таяқ жегендердің бірі.

Яғни, жүзге, руға бөлінушілік сол кезде де орын алған. Қазір де бар. Мәселен, мен бір ауданда үш жүздің балалары әрқайсысы өз «Президентін» сайлап алғанының куәсі болдым. (Сайлау кезінде Республиканы аралап жүріп). Ал ертең сайлауға келгенде не боламыз? Бір аудан үшке бөлініп шыға келмей ме? Сондықтан әкімдерді сайлауды партиялық жүйенің әбден жетілген кезінде ұйымдастыру керек. Мүмкін ол кезде қазіргідей 12 партия болмайтын шығар. Партиялар іріленіп, бір-бір саяси күшке айналған кезде аталмыш сайлау ұйымдастырылса, ұлттық кемшілігімізді аңғартпайтын болар.

-Әңгімеңізге рақмет!

ӨТКЕНГЕ ОРАЛУДАН ҰТАРЫМЫЗ ЖОҚ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа Жолдауында үстіміздегі жыл саяси реформаларды белсенді түрде алға бастыру мен оларды бүкілхалықтық талқылау жылы ретінде енуі керектігіне баса тоқталды. Президент жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия да осы саяси реформаларды талқылап келе жатыр. Біз Қазақстан Демократиялық партиясының төрағасы Мақсұт Нәрікбаевқа жолығып, аталған мәселелерге орай әңгіме құрған едік.

-Мақсұт Сұлтанұлы, Елбасы өз Жолдауында саяси реформалардың жалпы ұлттық бағдарламасы бүкіл қоғаммен үндесу арқылы жүзеге асырылуға тиіс дегенді айтты. Сіздің ойыңызша, демократиялық үрдістер мен саяси реформалар қалай қабысуы мүмкін?

-Қазіргі кезде қолданып жүрген Ата Заңымызда дүниежүзілік тұрғыда қалыптасқан демократиялық үрдістердің негізі толық бекітілген десек, қателеспейміз. Қажетті заңдарды өз кезеңімен қабылдау арқылы ол үрдістердің біразы қоғамымыздың саяси құрылымдарына айналып та үлгерді. Мысалы, мемлекеттік биліктің тәуелсіз үш буынға бөлінуі - сот билігінің атқарушылық биліктің (Әділет министрлігі) қол астынан шығып, тәуелсіз, әділетті сот жүйесіне айналуы, бұрынғы жүйеге мүлде ұқсамайтын жаңа сайлау жүйесінің, екі палаталы Парламенттің, көп партиялық саяси қоғамның қалыптасуы... Айта берсе бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Небәрі 13 жылдың ішінде тоталитарлық жүйеден шыға салып, демократиялық қоғамның осыншама үрдістерін өмірге келтіру аз ба, көп пе? Меніңше, жеткілікті. Осы демократияға деген ізгі қадамдардың бәрі халықпен ақылдасып, кеңесіп, қоғаммен үндесу негізінде ғана жүзеге асырылды. Елбасының айтқанындай, қоғамымызды бұдан әрі демократияландыру шаралары тек осындай тәсілмен, өз кезеңімен, кезегімен жасалады деп есептеймін.

-Өзіңіз қатысып жүрген Ұлттық комиссия отырысында Парламент құзіретін кеңейту жөнінде мәселелер көтеріле бастады. Сондай-ақ, кейбір саясаткерлер бір палаталы Парламент болса деген пікірлерін айтып қалды. Сіздің пікіріңіз қандай?

-Парламент демократияның бірден-бір қажетті құрылымы. Ата Заңымыз бойынша Парламент жоғарғы заң шығарушы орган болып табылатындықтан, әрбір биліктің атына заты сай болғаны абзал. Парламенттің құзіретін кеңейту – тікелей заң шығарушылық қызметіне байланысты. Бірақ, оның екінші жағы да бар. Ол - өкілетті билік. Парламент халықтың билігі

болып табылатындықтан, оны да ұмытпауымыз қажет. Осы мәселеге қатысты біраз партиялардың, депутаттардың Парламент құзіретін арттыруға, әсіресе мемлекеттік құрылымды қалыптастыруға байланысты қадағалаушылық құқын кеңейтуді мәселе етіп көтеріп отырғандары дұрыс деп есептеймін.

Бұл жөнінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір емес, бірнеше рет айтты да. Ұлттық комиссияның отырысында Ғани Қалиев жетекшілік ететін жұмыс тобы Парламент құзіретін арттыру жөнінде бірқатар ұсыныстарын ортаға салды. Сонда бір палаталы Парламент дегенді де айтып қалды. Менің ойымша, біз ол белестен өтіп кеткендіктен, оған қайта оралудың қажеті жоқ. Егер әлемдік тәжірибеге назар салсақ, көптеген мемлекеттерде екі палаталы Парламент қолайлы болып табылады.

-Кезінде министрлер депутаттардың тілін табу үшін кабинеттерді аралаушы еді. Соның салдарынан заң жобаларын қарау тым кешеуілдеп кететіндігі жөнінде Мемлекет басшысы мәселе көтерген болатын. Парламентке қадағалаушылық құқық беру арқылы осыған қайта келмейміз бе?

-Қазірдің өзінде Парламент қажет деп тапса, министрлерді шақырып алып жүр. Өйткені, депутаттар түсінбеген жағдайларға байланысты сұрақтар қойып, неге былай жасалмады дегендей мәселелер көтеріп, одан қалса, депутаттық сауалдарын жолдай алуының өзі қадағалаудың бір түрі. Депутаттық сауалға жауап алу, көрсетілген мәліметтер негізінде белгілі бір шаралар қолдану, заңдарға түзетулер енгізу туралы ұсыныстар айту – қадағалау тетігі болып табылады. Парламенттің қадағалау тетігі жеткілікті, мәселе – табылған кем-

шіліктерді жоюда, заңды бұзған лауазым иесін орнынан босатуда депутаттардың қаншалықты күші бар. Міне, осыған көңіл аударып, депутаттарға осы жағынан құқық берілуі тиіс. Ол құқықты Конституцияны өзгертпей-ақ, Парламент регламентін толықтыру арқылы да іс жүзіне асыруға болады.

Мен комиссия отырысында да айттым, депутаттар алдында есеп берген лауазым иесінің мәліметтері қанағаттанғысыз деп табылған жағдайда, лауазым иесінің жауапкершілігі туралы мәселені депутаттар да қойғаны жөн. Яғни, Парламенттің лауазымды тұлғаны қызметінен алу мәселесін көлденең тарту құқын заң жүзінде бекітсек, депутаттар мәселе қоюға міндетті болады. Мысалы, өткен жылы республикалық бюджеттің миллиардтаған қаржысы игерілмеді. Сол үшін ешкім жауапқа тартылған жоқ. Парламенттің құзіретін күшейтсек, мүмкін бұлай болмас та еді. Бұл мәселе жергілікті мәслихаттарға да қатысты сияқты.

Осы орайда айта кетерлік жәйт, Президенттің ұсынысымен Премьер-Министрді Парламент сайласын деген пікірлер де болып жатыр. Мейлі сайласын. Ал министрлерді сайлаудың қажеттілігі бар ма? Меніңше, Президенттің ұсынысы дұрыс деп есептеймін. Салалық комитеттерде лауазымдық орындарға үміткерлердің кандидатуралары жан-жақты қаралсын, содан кейін барып Президентке ұсынылып жатса, орынды болмақ.

-Сонда министрлердің кандидатураларын кім ұсынып, кім бекіткені жөн?

-Үкімет басшысы министрлердің кандидатурасын Парламентке ұсынады, олардың кандидатуралары комитеттерде талқыланып, Премьер-Министрге қайтарылады. Егер Үкімет басшысы келісімін берсе, Президент бекітеді. Жалпы министрлердің тағайындалуы Елбасының құзырында болғаны дұрыс

деп есептеймін. Өйткені біздің елде билік президенттік қой. Екіншіден, министрлердің қызметінен орынсыз босатылып кетпеуі үшін де бұл міндеттің Президентте болғаны жөн сияқты.

-Конституциялық Кеңестің функциясын Парламентке беріп, оның орнына Конституциялық сотты қайта қалпына келтіру керек деген ұсыныстар айтылып жүр. Бұған қалай қарайсыз?

Конституциялық Кеңестің құзіретін Парламентке беру керек деген ұсынысты Елбасы да жасаған. Оған қарсылық білдірудің қажеті жоқ. Мұндай қадам Конституциялық Кеңестің қазіргі таңдағы құқығына, деңгейіне және мемлекет құрылымындағы орнына сәйкес мүшелерінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге арналған тетік. Сондықтан да оған қарсылығым жоқ. Бірақ, Конституциялық сотқа қайта оралайық деген пікірмен келіспеймін. Өйткені жоғарыда атап көрсеткенімдей, өткенге қайта оралудың қажеті жоқ. Алдымен бір нәрсені түсініп алайық, Конституциялық соттан неліктен бас тарттық? Себебі, Конституциялық сот Саясатқа араласуға жол беріп, сот билігінен гөрі саяси құрылымға ұқсап кетті. Ал соттың саясатқа араласуы жақсылық емес.

-Депутаттардың санын екі есеге көбейтуге қатысты көзқарасыңызды білдірсеңіз.

-Кәсіби тұрғыдан заң жобаларын қабылдауға келер болсақ, қазіргі құрам жеткілікті деп ойлаймын. Депутаттар саны неғұрлым көп болған сайын мәселені талқылау соғұрлым ұзаққа созылады. Біз осындай шағын құрамды Парламентпен экономикамызды, саяси және әлеуметтік бағыттағы мақсаттарымызды іс жүзінде жасап алдық. Республика тұрғындарының саны аз екендігін ескерсек, бізге соншалықты құрам қажет пе өзі деген сұрақ туындайды. Қазіргі Парла-

мент өзіне тиісті негізгі міндетін ойдағыдай атқарып келеді.

-Мақсұт Сұлтанұлы, заң жобалары Парламентке көбінесе Үкіметтен түседі. Кей кездері заң жобалары өз деңгейінде дайындалмайды. Олардың дайындалу сапасын артыру үшін не істеу керек?

-Қазіргі таңда заң жобаларын ұсынуға Үкімет пен депутаттардың ғана құқы бар. Бір палаталы Парламент кезінде мұндай құқық Жоғарғы сотта, Бас прокуратурада да болды. Өйткені, олар заңмен тікелей жұмыс істейтіндіктен де сондай құқыққа ие еді. Ол кейін алынып тасталды. Менің пікірімше, осы құқықты соларға қайтарып беру керек. Тікелей заңдармен жұмыс істеп отырғандықтан, қай заңның қай жерінде қате кеткендігін білетін де солар. Егер бұл іске асса, онда заңның сапасының артуына және қажетті заңдардың қабылдануына мүмкіндік берілер еді.

Ата Заңымызда түсінік беру Конституциялық Кеңестің құзырында, ал заңдарға түсінік беру ешбір органға жүктелмеген. Тек Жоғарғы Соттың пленарлық отырыстарында судьяларға заңдарды қалай қолдану керектігі жөнінде түсінік беріледі. Жалпы, мемлекеттік құрылымдағы лауазым иелеріне қолданыстағы заңдардың кейбір тұстарын түсіндіретін орган жоқ. Бұл мәселені де шешу керек. Көптеген елдердің сот жүйесінде заңға түсінік беру үрдісі бар. Мұны Парламентке беру керек деген ұсыныспен келіскім келмейді.

* * *

ЕЛІНДІ АДАЛДЫҚПЕН СҮЮ - АСЫЛ ҚАСИЕТ

-Мақсұт мырза, адам баласы үшін перзенттік парыздан артық ештеңе жоқ. Осы тұрғыдан келгенде сіз отаншылдық, ел намысы, ұлттық намыс деген ұғымдарды қалай түсінесіз? Олар заманның өзгеруіне байланысты әрқилы сезім туғызуы мүмкін бе?

-Меніңше, бүкіл адамзат қауымдастығы жөнінде бағалау бір бөлек, ал енді әрбір екі адамның бірінің басына келгенде отаншылдық сезімі елі мен туған жеріне, мемлекетке, оның мейлі, ол император бола ма, жоқ президент бола ма, басшылығына қатысты заман ағымына қарай өзгере береді дегенге қосыла қоймаймын. Отаншылдық сезім адам бойына жарық дүниеге келгеннен бастап ананың ақ сүтімен, әкенің өнегесімен бітетін асыл қасиет. Әрине, әлемдегі ең ірі ел Америка патриотизмі мен басқа біртекті елдің патриотизмін салыстыруға болмайды. Адамдар әлемнің түкпір-түкпірінен жақсы өмір іздеп, солай қарай мұхит асып, ағылып баруда. Әртүрлі ұлт, әртүрлі нәсіл - осылардың бәрі Америка елінің рухын асқақ ұстайды. Бірақ сол мемлекеттің жағдайы күні ертең басқадай бола қалса, әлгі жақсы өмір іздеп барған адамдардың бойындағы патриотизм сақталып қалады дегенге сену қиын. Австралияға барған сапарымда бір ой түйіп қайттым. Бұлар да бай ел, сондықтан да жан-жақтан адамдар көп келеді. Ел іші тыныш, қауіп-қатер жоқ, барлық жағдай жасалған. Бір университеттің деканымен сөйлескенімде, ол маған бүй деді: «Сіздер, қазақстандықтар, қандай бақытты адамсыздар, туған жерлеріңіз бар, өз мемлекеттеріңізді құрып жатырсыздар. Ал менің шешем швед, әкем неміс болған. Өзім Америкада он жыл, Канадада он екі жыл, қазір Австралияда он екі жылдан бері тұрып ке-

лемін. Әйелім де австриялық. Оның да әкесі бір бөлек, шешесі бір бөлек. Австриялықтарда осы елге деген соншалықты отансүйгіштік сезім жоқ. Ертең ел ішіндегі жағдай өзгерсе, басқа мемлекетке қарай кете береді».

-Тұлғаларды тану, қадір тұту да елдік ауызбірліктің, өзін-өзі сыйлаудың белгісі емес пе? Өкінішке қарай, біз көзге түскен адамның бойынан бір мін табуға, шаужайына жабысуға құмар сияқты көрініп бара жатырмыз. Осы жәйттер сізді қандай ойға қалдырады?

-Сіз айтып отырған әлгіндей теріс іс-әрекеттер біздің мемлекетімізде демократия орнатумен байланыстырылып айтылып жүр. Тұлғаны тұлға демей, жазушыны жазушы демей, ғалымды ғалым демей, шын өнер иесін талант демей не деуіміз керек? Күні кеше жоғары лауазымды қызмет еткен жігіттер аяқ астынан демократ болып шыға келгенін айыптауға болмас. Бірақ сол кісілер қолына билік берілген кезде халық үшін не істеп, не тындырды екен. Қазіргі жүйе біздің алға жылжуымызға кедергі болып отыр деп бөседі. Шындығына келсек, мен сондай азаматтардың біразын жақсы білемін. Өткен жолғы Парламент сайлауында республиканың барлық аймағын аралап, өте көп кездесу өткізіп қайттық. Жұрттың айтқанынан ұққаным, қызмет берсе разы, қызмет бермесе наразы болып жүрген ондай азаматтарды түлен түрткен шығар дегеннен басқа айтарым жоқ. Біздің еліміздің өскенін қаламайтындар, өздеріне бағынышты етіп ұстағысы келетіндер әлгіндей адамдардың қолтығына су бүркіп, адастырып жүргенін де теріске шығара алмаймын. Елбасы тәрбиесін көріп, жастайынан биік лауазымдарға жетіп, сол қызметтің қызығын да, қиындығын да көріп өскен азаматтардың бүгін билікке қара күйе жаққысы келіп, өз елін жамандап, барды жоқ деп, тырнақ астынан кір іздеп қаралауы

барып тұрған ұят нәрсе. Біздің ұлттық дәстүрімізге де, ерекшелігімізге де сәйкес келмейтін әдет пайда болды. Біз бағзы заманнан-ақ ақылды даналарды, билерді, үлкенді сыйлап, құрметтеп өскен халықпыз. Ал қазір бір күнде батыс мәдениетін бойымызға сіңіріп, әдет-ғұрпымызды қоқысқа апарып тастағандай болғымыз келеді. Бір қабілетті адам туралы әңгіме бола қалса, заң жобасы талқыланған кезде маған судьяларды саяси қызметкер дейміз бе, жоқ әкімшілік қызметкер деп ауыстырамыз ба деген ыңғайда сұрақ қойылған еді. Мен сонда судьялардың барлығын саяси қызметкер қатарына жатқызу керек деп дәлелдеп бақтым. Өйткені мемлекеттің қандай мәселесі болмасын заң арқылы жүзеге асады. Ол пікірім, өкінішке қарай, қолдау тапқан жоқ. Ал қазір судьялар не әкімшілік қызметкер, не саяси қызметкер қатарында жоқ. Олардың мәртебесі «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» заңда қарастырылған. Мүмкін сол да дұрыс болған шығар.

Саяси элита бізде қалыптасып келеді. Әйтсе де барлық зиялы қауымды саясатпен айналыспайды деп жазғыруға болмайды. Ондай ойдан аулақпын.

-Сіз ұзақ жылдар бойы республиканың заң органдарына басшылық жасап келдіңіз. Талай істі қолыңыздан өткердіңіз. Содан бері сот беделі, сот тәуелсіздігі, сот әділдігі туралы жиі айтылып, жиі жазылады. Не себептен осылай болып отыр?

-Бір оқиға есіме түсіп отыр. Жоғарғы Сот төрағасы болып қызмет атқарып жүргенімде, бір азаматшаның ісін қарадық. Бір мекеменің қызметкері сол мекемеде жұмыс істейтін массаж жасаушының қателігінен жұлынына зақым келіп, мүгедек болып қалған. Заң жүзінде ол өндіріс кезінде жарақат алған. Енді соған мекеме ақша төлеу керек. Олар төлегісі келмейді. Әлгі кісі жеті жыл бойы әділдік іздеп шағымданады. Біз ол істі

Жоғарғы Соттың төралқасында қарап, заңсыз шешімді бұзып, кейін қайтардық. Соттар әділдік жасамаған деп айта алмаймын. Бірақ бар заң әртүрлі қолданылған. Жақында сол кісі маған тағы келді. Бес жылдан бері сот шешімі орындалмаған. Мұны естіп қатты қиналдым. Бұл әдеттегі төрешілдік қой.

Ал енді қазақтың отансүйгіштігі философиялық пайым-парасатқа, тарихи тағдырлы кезеңдерге бай, әбден шындалып шыққан. Қара қазанда қайнаған. Арыға бармай-ақ, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын алайық, қазақтың ұлттық намысының буырқанып шыққан бір сәті болды. Сол жылдары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов сияқты Алаш ардақтылары қазақтың ұлттық мемлекетін құрамыз деп ұлттық мәселелерді бәрінен де биік қойған жоқ па? Шыны керек, дәл сол кезде «Оян, қазақ!» деген ұлттық сезім, отаншылдық күш-қуат өте жоғары болған. Қазақтың ұлттық намысының тағы бір атойлап, жарқырап көрінгені, әрине, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының кезі.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғалы бері өте күрделі кезеңдерді басынан өткерді. Құлдилаған тұстары да болды. Қайта көтерілдік, ауыртпалық аз болған жоқ. Қиындықтарды бірлесіп еңсердік. Ел егемендігін сақтап қалу үшін ертеңгі күнге ерекше сенім болды, халқымыз шыдамдылық пен төзімділік таныта білді. Бір адамның ойында «Осы біз ел бола аламыз ба?» деген сұрақ та болған жоқ. Бұл біздің халқымыздың мінез-құлқында, ділінде сенімділік мен төзімділік қасиеттердің бәрінен биік екенін дәлелдейді. Мұның бәрі тоқ жүріп, тәуелді болғанымыз артық деген бабалар аманатына адалдық деп санауымыз керек.

-Қазіргі кезде ел намысы азаматтардың бойында қалай көрінуі керек?

**АЛЫС САПАРЛАР МЕН ДЕМАЛЫС
СӘТТЕРІМНЕН**



















































-Өз еліңді адалдықпен сүю асыл қасиет қой. Ұлттық намыс дегенді мен ұлттық қауіпсіздікті сақтау деген ұғыммен қатар қоямын. Қазақ «іштен шыққан жау жанман» дейді. Бұл күндері өз ішімізден шаңырағымызды шайқалтып, іргемізді сөгуге, ауызбірлікті бұзуға түрлі әрекеттер жасап жүргендерді көргенде қарадай қарным ашады. Қазіргі демократтар мен жалған патриоттардың ел егемендігін алмай тұрған кезде қайда жүргенін білмеймін. Мені қуантатын бір нәрсе, егемендігіміз әлі беки қоймаған кезде «Азат» сияқты қозғалыстың құрылып, өте өткір – ұлт мүддесі, ұлт тілі туралы мәселе қозғап, қазақ жерінің аумағында тыныштықты сақтау үшін кәдімгідей үлес қосқан Сәбетқазы Ақатай, Хасен Қожахмет сияқты азаматтардың бар болуы. Олар ұлттық намыстан от алып, қайнаған уақытша шыққан жүректі азаматтар. Сол жігіттер оппозицияға қосылмай жүріп-ақ, билікке өз дауыстарын ашық жеткізуде. Біз өскелең даму жолына түстік. Алда әлі қиын кезеңдер бар. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бүкіл қазақ және бүкіл қазақстандықтар өзіміздің әлеуметтік-рухани күш-қуатымызды көрсетуіміз керек. Енді көшеге шығып ұран салудың уақыты кеткен сияқты.

129

Әрине, осының бәрі біздің дәстүрлі игіліктерімізге салқынын тигізеді. Бұл жетпіс жыл бойғы жүргізілген орыстандыру саясатының ызғарынан арылмағанның белгісі. Қазақтардың 40 пайызы өз тілінде сөйлеп, өз тілінде жаза алмайтын құбылыстың сеңі әлі сөгіле қойған жоқ. Меніңше, өтпелі кезеңнің тұсында өзінікін бақыр, өзгенікін алтын деп санау сияқты жеңілтек ой бола береді.

Қазақ ұлтының сапалық деңгейі 20-30 жылдан кейін үлкен биіктерге көтеріледі. Оған кепіл де бар, сенім де жеткілікті. Алғыр да білімді, интеллектуалдық мүмкіндігі зор жастар қазақ тілінің бағын да ашады,

қазақ халқын дүние жүзіне таныта түсетін әлеуетке де ие болады. Сондықтан да тұлғаларды сыйлап, дәріптеу мәселесін айтқан кезде, сол көзқарастарды жастардың бойына сіңіріп, рухани құндылықтарымызды қордаландыра түсуіміз қажет.

-Біздің елімізде көппартиялық жүйе қоғамдық ой-сананы көтеріп, саяси мәдениетті қалыптастыра алды ма?

-Көппартиялық жүйе саяси мәдениетті орната қойған жоқ. Өткенде Парламент сайлауында, әлбетте, саяси күрес, саяси мәдениет, сайлау технологиясы тұрғысында үлкен жұмыстар жүргізілді. Он екі саяси партия халық арасында көп жұмыс жүргізді. Оны жоққа шығаруға болмайды. Бірақ біздің ұлттық ерекшелігімізде көппартиялылыққа деген аса құмарлық жоқ сияқты. Сондықтан да менің ойымша, көппартиялық жүйе керек, бірақ болашақта бірқатар партиялар қосылу керек деп есептеймін. Мысалы, мен өзім осындай ұсыныспен төрт партияның басшысына хат жаздым. Бәріміздің айтып жүргеніміз ортақ мәселе. Саяси тұғырнамамыз да ұқсас. Көзқарасымыз да бір-бірімізге жақын. Бөліп-жаратын не бар? Төрт-бес партия бірігіп, ортақ мәмілеге келейік деп айттым. Екі партияның жетекшісі ықылас білдірді, қалған екеуі үнсіз. Халыққа пайдасы тиетін қызметті бірлесіп атқарған жөн.

Кейбір оппозициялық партиялар құқықтық реформа жөнінде айтып жүр. Бірақ олардың ұсыныстары Елбасы бекіткен құқықтық реформа жөніндегі бағдарламада толық қамтылғанын неге ескермейтіні таңғалдырады. Оның бір-екі тұжырымын басқаша баяндап, бір-екі сөзді қосып көзге түскісі келеді. Олай болмайды ғой. Демократия құқықтық тәртіп арқылы келу керек. Анархияға ешуақытта жол беруге болмайды. Көрші Қырғызстанда болған бейберекетсіздік биліктің әлсіздігі, әлеуметтік

проблемалардың ұзақ жылдар бойы шешілмей келуі және құқықтық, демократиялық мәдениеттің жетіспеуі, саяси элитаның қалыптаспауы сияқты мәселелерден туындаған жоқ па?

-Жалпы саяси элита туралы қандай ойдасыз?

-Қазір мынандай бір түсінік бар. Жұрт көпшіліктің көз алдында жүрген, ашық саяси жұмыспен айналысып жүрген адамдарды ғана саяси элита деп санайды. Бүкіл шенеуніктер саясаткер емес пе? Кезінде «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң қабылданды. Осыдан 15 жыл бұрынғы сот пен қазіргі сот жүйесінің арасы жер мен көктей. Бірақ халықтың сотқа деген сенімі әлі күнге дейін жоғары деңгейде емес.

-Біздің де сұрап отырғанымыз осы ғой...

-Себебі, біріншіден, судья қараған әрбір іске тараптың бір жағы өкпелеп кетеді. Екіншіден, сот шешімдерінің орындалмауы. Статистикаға сүйенсек, 100 істің 97-сі заңды шешілген. Жақсы көрсеткіш. Бірақ бір қателіктің өзі бүкіл сот жүйесіне көлеңке түсіреді.

-Мәселе заңгер мамандардың біліктілігіне қатысты болса, елімізде жылына 10 мыңнан астам адам заңгер дипломын алып шығады екен. Осының оң әсері байқала ма?

-Әрине, байқалады. Сонымен бірге заңгер мамандығы бойынша жұмыс табу оңай емес. Ілгеріде біздің елімізде жыл сайын 600 адам ғана заң факультетінде оқып, диплом алушы еді. Қазір елімізде 110 жоғары оқу орны заңгерлер даярлауда. Жыл сайын 10-13 мың адам диплом алады. Заң тілін білгеннің өзі олжа емес пе?!

-Сіз басқаратын Гуманитарлық заң университетінің базалық жоғары оқу ретінде қандай жетістігі бар? Университеттің меншік иесі кім?

-Шүкір, біз түлектерімізді мақтан етеміз. Жақында Ақтөбе мен Қызылорда облыстарына барғанымда бұған

тағы көзім жетті. Бір ғана Ақтөбеде 36 судья, 26 прокуратура қызметкері біздің шәкірттеріміз екен. Кезінде Елбасының қолдауымен құрылған университеттің абырой-беделі жыл сайын артып келеді.

Меншік иесі туралы айтайын. Үкіметтің қаулысымен республикамызда 18 ЖОО жекешелендірілуі керек еді. Қазір соның 10-11-і акционерлік қоғам болып құрылды. Біз де солай еттік. Оның акциясының 20 пайызы ұжымдікі, 35 пайызы мемлекеттікі, қалған 45 пайызын банк жүйесі алған.

-Заман адамы мен уақыт адамының арасында қандай айырмашылық бар?

-Сіздің бұл сұрақпен нені меңзеп отырғаныңызды білмедім. Уақыт адамы бүгін керек. Ол да аз іс тындырмайды. Заман адамы озық ойлы, қоғамның қозғаушы күшін туғызатын көшбастаушы. Олар ұлттың қасиетін, мемлекетті тұғырлы етуді кең көлемде ойлай алады. Үлкен қызметтегі әріптес інілеріме олардың өздеріне жүктелген жауапкершілікті дұрыс, адал атқара алмай жүргенін, қоғам мүддесінен гөрі өз баспайдасын көбірек ойлайтындарын айтып, ренішімді білдірген едім. Күнтүн демей, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген Елбасына қарап сап түзеуді баса айтқым келеді. Мемлекеттік қызметкер уақыттың да, заманның да адамы бола білуі керек. Ал менің ісіме бағаны халық береді.

-Әңгіменізге рақмет.

* * *

ЕКІНШІ БӨЛІМ

2006 – ИТ ЖЫЛЫ

ЖАҢАЛЫҚ

2006 жылдың 7 қыркүйегінде «Сократтың халықаралық наградасымен» ҚазГЗУ ректоры марапатталды.

ЛОНДОН. 7 қыркүйек. ХХІ-ғасырдың интеллектуалдық дамуына зор жеке үлес қосқан үшін Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры (ҚазГЗУ) Мақсұт Нәрікбаев Еуропалық Бизнес Ассоциациясының «Сократтың халықаралық наградасымен» марапатталды. Бұны агенттікке Ұлыбританиядағы ҚР елшілігі хабарлаған.

Сократтың наградасын беру рәсімі Оксфордта өткен. Еуропа Бизнес Ассамблеясының наградалардың тізіміне «Еуропаның ең жақсы кәсіпорны», «Сократтың халықаралық наградасы», «Бірлескен Еуропаның наградасы», «Еуропа сапалығының наградасы» және «Королева Викторияның ұмытылмас медалі» деген наградалар енеді.

Аталған наградалар соңғы 38 жылда саясаткерлерге, қоғам қайраткерлеріне, бизнесмендерге, ғалымдарға және өнер қайраткерлеріне қазіргі қоғамның дамуына үлес қосып және жетістіктері үшін беріледі. Бұл жолмен Еуропалық Бизнес Ассамблеясы халықаралық экономикалық, ғылыми және мәдениетті байланыстарды бекітеді, еуропалық интеграцияның процесіне өзінің үлесін қосады.

Елшілікте белгілегендей, Ұлыбританияға бару барысында М.Нәрікбаев Лондон Метрополитен Университетінің өкілдерімен кездесті. Кездесу кезінде ҚазГЗУ ректоры лондондық оқу орнының мақсаттары мен алға қойған мәселелерімен таныстырылды және екіжақты ынтымақтастықты дамуын қарастырды. Кездесу барысында ҚазГЗУ мен Лондон Метрополитен арасында білім беру бағдарламаларды жасау алдын-ала келісімге жетті. Екі жақ келіссөздерді одан әрі жалғастыруға келіскен, оның бірінші қорытындысы өзара түсінушілік жөнінде Меморандум болу керек, ол болашақта білім беру айырбас қатынастарға негіз болуға тиісті.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ гуманитарлық заң университеті Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен құрылғанын мақтан тұтады. Жас, тәуелсіз Қазақстан құқықтық демократиялық мемлекет құру жолына түскен кезде жаңа үлгідегі заң мамандарын дайындайтын жоғары оқу орнын құру қажеттігі күн тәртібіне шықты. Құрылғанына көп уақыт өтпесе де, біздің оқу орнымыз өзін жоғары деңгейдегі білім беру мекемесі ретінде көрсете білді. Бұл, біріншіден, кәсіби профессорлық-оқытушылық құрамның еңбегі, сондай-ақ білім және ғылым министрлігінің, басқа да мемлекеттік, әсіресе, республикалық құқық қорғау органдары қолдауының нәтижесі.

Университет басшылығы Болон процесі аясында қабылданған білім сапасын жетілдірудің маңызы мен қажеттілігін сезіне отырып, білім беру саласындағы жаңалықтар мен өзгерістерді тез қабылдауға, оларға жылдам бейімделуге тырысады.

Соңғы кезде жаңа білім беру технологияларын енгізу бағыты бұрынғыға қарағанда неғұрлым реттелген сипатқа ие болып келе жатқандығын және жаңа білімді тарату алдында салмақты дайындық жұмыстары жүргізілетіндігін атап айту керек. Дәрежедегі ЖОО қызметкерлері үшін оқыту семинарларының жүргізілуі білім беру қызметкерлерінің жинаған тәжірибесі мен іскерлік қабілеттерінің өскендігін көрсетіп отыр. Мысалы соңғы уақыттың өзінде ғана Білім және ғылым министрлігі аккредитация (Ұлттық аккредитациялық орталық) ҰБТ және МАБ өткізу (Білім және ғылым саласын қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитет), типтік оқу бағдарламаларын әзірлеу мәселелеріне

арналған оқыту семинарларын (оның ішінде Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларына шығу арқылы) жоғары деңгейде ұйымдастырды. Бұл шаралар Қазақстан білім беру мекемелерінің өз қызметінің жаңа бағыттарын жүзеге асыру ісіне бірізділікпен және нәтижелі тұрғыдан келуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ электронды қорларды пайдаланудың үлкен маңызын да айта кету керек. Әңгіме ҚР Білім және ғылым министрлігінің, министрліктің Білім және Ғылым саласын қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитетінің, Ұлттық аккредитациялық Орталықтың, министрліктің басқа да құрылымдарының білім беру саласын реформалау жөніндегі қажетті мағлұмат көзіне айналған сайттары туралы болып отыр. Бұл сайттардың маңызы зор екенін есте ұстау қажет, өйткені кез келген адамның Астанаға келіп, Білім және ғылым министрімен, басқа да жауапты қызметкерлермен кездесуге мүмкіндігі бола бермейтіндігінен бұл сайттар кері байланысты жүзеге асыруға, жаңа технологияларды қолдана отырып, өзіне қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

ҚР БҒМ қызметінің басты жаңа бағытының бірі оқу әдебиетін әзірлеу, аудару және дайын күйінде сатып алуға, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарын әзірлеуге, ашық конкурстар өткізуі болып табылады. Бұл олардың саласының жақсаруына әкелетіні сөзсіз. ҚазГЗУ «Заңтану» және «Құқық қорғау қызметі» мамандықтары бойынша МЖМБС әзірлеу жөніндегі конкурстың жеңімпазы атанды. Бұл стандарттарды жасау кезінде Қазақстанның жоғары оқу орындары жетекші мамандарының ұсыныстары есепке алынды.

Оқу әдебиетін дайындау мәселесіне қатысты ҚР БҒМ-ның тағы бір оң бастамасы атап өтуге тұрарлық. Бұл жұмыс сапасы төмен оқулықтар мен оқу құралдарының шығарылуына тоқтау салуға

бағытталған. Осы бағытта оқу әдебиеті қолжазбаларын міндетті түрде мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік кеңестерде талқылаудан өткізу көзделіп отыр. ҚазГЗУ-де «Заңтану» және «Құқық қорғау органдары» мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік кеңес жұмыс істейді. Осы кеңес «Оқу әдебиетіне оқу-әдістемелік кеңесінің «Ұсынылған» грифін беру тәртібі туралы ережелерді» бекітті. Сапасы төмен оқу әдебиетін анықтап, жетекші ғалымдардың пікірлерін жариялау арқылы қоғамды хабардар етіп отыру оқу-әдістемелік кеңестер қызметінің басым бағыттары болуы тиіс. Осы ретте көлемді жұмыс атқарып отырған оқу-әдістемелік кеңестердің жұмысы туралы ақпарат әлі де болса жеткіліксіз екенін атап айту керек.

Министрлік пен оқу-әдістемелік кеңестердің тығыз ынтымақтастыққа жұмыс істейтіндігі де бұл іске он сипат беретіндігі сөзсіз. 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі ретінде білім алушылардың құқықтық дайындығын күшейту көзделгендіктен, университет оқу-әдістемелік кеңесі министрлікке заң мамандықтарынан басқа мамандықтардың МЖМБС дайындайтын авторлық ұжымдарына «Құқық негіздері» пәнін таңдалатын компонент ретінде қосу туралы ұсыныс айтуын өтінген болатын. Бұл ұсыныс министрлік тарапынан қолдау тапты. Министрлікте ҚазГЗУ-дің де, оқу-әдістемелік кеңестің де барлық дерлік бастамалары түсіністікпен қабылданып келеді.

Білім беру ісін жетілдіру жайында айта отырып, жоғары заң білімі туралы дипломдардың, жалпы «университеттік білім» ұғымының құнсыздануы туралы айтпай кетуге болмайды. Тиісті кадрлық және материалдық, оның ішінде заң мамандарын дайындайтын да, қоры жоқ ірілі-ұсақты университеттердің

қаптап кеткені құпия емес. Олардың қызметінің сапасы туралы баспа беттерінде де, ғылыми басылымдарда да аз жазылып жүрген жоқ. Осы ретте Ресей Федерациясында қолданылып жүрген білім беру мекемелеріне қойылатын талаптарды зерттеудің қажеттігі бар деп ойлаймыз. Бұл талаптар бойынша осы жылдың басынан бастап жоғары оқу орындары өздерінің кадрлық-материалдық қорларына байланысты үш топқа бөлінеді, университет мәртебесін алу қатаң талаптарға сәйкес болуы қажет. Университет дипломы қоғамда міндетті түрде жоғары сапа ретінде танылуы тиіс.

2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың тағы бір бағыты стратегиялық жоспарлауға, сапа менеджменті жүйесін енгізуге негізделген жоғары оқу орындарын басқарудың жаңа қағидаттарын қалыптастыруды көздейді. Білім сапасын бақылаудың осы түрі жоспарлаудан басталып, жоспарланғанды орындағаннан кейін қол жеткен нәтижелерді тексеруден және қажетті түзету шараларын қолданудан тұрады.

2005 жылдың қазан айында ҚазГЗУ білім беру қызметіне қатысты лицензиялау және мемлекеттік аккредитация саласымен сәйкестендірілген мемлекеттік жалпы білім стандарттарына сәйкес мамандықтар және бағыттар бойынша жоғары кәсіби білімді кадрлар (бакалавр, магистр) дайындау жөніндегі білім беру қызметінің ИСО 9001:2000 сәйкестігінің халықаралық сертификатауынан өтті (2005 жылдың 1 желтоқсанында «Русский регистр» сертификация жөніндегі ассоциациясы тіркеу № 05.366.026 сертификат берді).

Білім беру жүйесін жетілдіру мәселесі аясында оқу мекемесі қызметін бағалау кезінде сандық көрсеткіштерден сапалық сипатқа көшуді көздейтін білім берудің жаңа саясатына үлкен рөл бөлінеді. Осын-

дай сипаттардың бірі - жоғары оқу орнының өз міндетін анықтауда.

Қазақ гуманитарлық заң университетінің міндеті - болашағы зор білім беру технологияларын және алдыңғы қатарлы академиялық идеяларды ілгерілету негізінде жоғары білімі және рухани әлеуеті бар, бәсекелестікке қабілетті құқықтық және демократиялық мемлекет құруға сүбелі үлес қосу Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа енуі жағдайында өзін көрсете алатын мамандарды дайындауды жүзеге асыру. Университет өзінің стратегиялық мақсаты ретінде мыналарды алға қойып отыр: гуманитарлық бағытындағы бәсекелестікке қабілетті, жаңашыл, ғылыми-зерттеу университеті, Қазақстандағы заң және онымен байланысты басқа салалардағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамытудың жетекші орталығы ретіндегі өз позициясын ұстап тұру және бекіту. Осымен байланысты білім алушылар, жұмыс берушілер және қоғам ретінде көрінетін тапсырыс берушілер мен тұтынушылар талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру және ғылыми қызметтердің саласын жетілдіру, осы арқылы Қазақстанның әлемдік еңбек нарығында тиісті орнын алуына үлес қосу болып табылатын ҚазГЗУ-дің даму тұжырымдамасы анықталды.

Өзінің міндетін, өз қызметінің басым бағыттарын анықтай отырып, университет алға жылжу үшін болашағы зор бағыттарды таңдау үстінде. Таңдаған бағыттарды дамыта отырып, үлкен бәсекелестік жағдайында жұмыс істеп жатқан білім беру саласында тұрақты, жетекші орында тұрған жаңашыл және алдыңғы қатарлы университет ретінде танылуға қол жеткізіп отыр. Алға қойған стратегиялық бағыттардың жүзеге асуы болашақ жұмыс ауқымының дұрыс анықталуына байланысты екендігі белгілі.

Жаңа нарықтық кезеңде университеттің жалпы дамуына қатысы жоқ жағдайларға байланысты басқа бәсекелес жоғары оқу орындарымен салыстырғанда (басқа жоғары оқу орындарында көп жылдардан бері қалыптасып қалған зияткерлік және материалдық-техникалық база академиялық дәстүрлердің болуы, ұйымдастырушылық тәжірибе т.б.) өзін әлсіз сезінетін салаларға өзінің кадрлық және материалдық қорларын босқа жұмсауға болмайтындығын сезінеміз. Барлық күш жоғары оқу орны қызметінің мықты бағыттарына жұмсалыуы тиіс. Университеттің бәсекелестік басымдықтарын одан әрі күшейте отырып, зияткерлік, материалдық және кадрлық қорларын неғұрлым жеңісті, табысты салаларға жинақтау қажет. Барлық салаларды қамтығысы келген жоғары оқу орнының күш-жігері зая кететіндігі белгілі.

ҚазГЗУ басынан заң бағытындағы жоғары оқу орны болып қалыптасты. Бізде республикадағы алдыңғы қатарлы заң кадрлары жинақталған оқу орнында заң әдебиетінің бай қоры бар. Университетте жалпы және арнаулы заң пәндерін оқытудың өзіндік құрылымы мен әдістемесі қалыптасқан мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен тәжірибеден өтудің тығыз байланыстары орнатылған Қоғам ҚазГЗУ-ді заң бағытындағы жоғары оқу орны ретінде біледі. Білім және ғылым министрлігі өткізген аралық мемлекеттік бақылау нәтижелеріне сәйкес. Қазақ гуманитарлық заң университеті «Заңтану» мамандығы бойынша республикада екі рет бірінші орын алғандығы біздің оқу орнындағы заң мамандарын дайындаудың саласына айқын дәлел бола алады.

Осымен қатар ҚазГЗУ соңғы жылдары заң мамандықтарынан басқа экономика, қаржы, есеп және аудит, маркетинг, менеджмент, аударма ісі, шетел тілі, әлеуметтану, психология, әлеуметтік жұмыс

мамандықтарын да ашуға бағыт алып келді. Бұл уақыт талабына, жинақталған әлеуетке сәйкес жасалып, заң кадрларын дайындайтын оқу орындары арасындағы күшейіп келе жатқан бәсекелестік жағдайында қосымша фактор ретінде іске қосылып отыр.

Біздің ойымызша, басқа мамандықтарды мақсатты түрде заң мамандығымен бірге дамытқан дұрыс. Яғни тек экономист қана емес, кәсіпкерлік, банкілік, қаржылық құқықты білетін экономисті, таза аудармашыны ғана емес, халықаралық құқықты жақсы игерген аудармашыны, тек психологты ғана емес, түзету мекемелерінде, кәметке толмағандармен жұмыс істей алатын психологты, еңбек құқығымен және әлеуметтік қамсыздандыру құқығымен таныс әлеуметтік қызметкерді дайындау қажет. Бұл пәнаралық байланыстардың күшеюіне, түрлі ғылыми бағыттардың түйісуінен көрінетін әлемдік ғылым үдерісіне де сәйкес келеді. Осы айтылғандар Мемлекеттік бағдарламада да «ЖОО-ларда орын алып отырған тар профильді мамандар дайындау жоспары экономикаға тән тұрақты салалар мен тұтынушыларға бағытталған» деп сын ретінде көрсетілген.

Қазіргі жағдайда еңбек нарығында кәсіпке қажетті барлық білім кешенін игерген мамандар көбірек сұранысқа ие, өйткені жұмыс беруші ретінде көрінетін қоғам жұмыскерді қайтадан қосымша оқытуға үлкен қаржы мен уақыт жұмсауға мүдделі емес. Маман өзінің еңбек шығындарын тиімді пайдалану үшін өз қызметінің жанама салаларында да еркін қозғалуы, олар жөнінде теориялық білім және бегілі дағдылары болуы және өз білімін кеңейтуге және жетілдіруге үнемі дайын болуы тиіс. Тұтынушыға құқық және ғылыми білімінің басқа өзекті салалары, атап айтқанда, экономика, қаржы, менеджмент, маркетинг, шетел тілі т.б. салалардың түйісуі

тұсындағы білім бойынша дайындығы бар, дағдылар мен машықтарды игерген маманды ұсыну қажет. Бұл жұмыс берушінің кәсіби сұраныстарына және талаптарына сәйкес келетін маманның сапасын анағұрлым жақсартады.

Сонымен қатар, кәсіптік кадрды, мамандықтарды дайындау құрылымы бойынша дәл және толық мағлұмат алу үшін мамандарды қабылдау және бітіру туралы нақты жоспарлауына, білім беру бағдарламаларының мазмұнды блоктарына түзетулер енгізу үшін ЖОО-ның потенциалды талапкерлеріне, жұмыс берушілер мен бітірушілер арасында жүйелі түрде маркетинг зерттеулер жүргізу қажеттілігіне назар аудару қажет. ҚазГЗУ-де маркетинг және білім беру бизнесі орталығы қызмет жасайды.

ЖОО жұмыс сапасының көрсеткіші туралы сұрақ төңірегінде тек оң сипаттағы жұмыс жайында ғана емес, кері нәтижелерді де айтып кету керек. Мысалы, ЖОО-ның жаңа технологияны сапасыз енгізуі, сапа саласы біліктілік және қызмет көрсету персоналдарының міндеттеріне, жұмыс нәтижесіне қойылатын талаптардың төмендігі т.б.

Жұмысты бағалауда кірісі (шығыс) мәліметтері мен шығыс (соңғы) нәтижелерінің сапа динамикасын ескеру өте маңызды. Егер динамика төмен әлде қозғалыстың мүлдем болмағанын көрсетсе, ЖОО-ның жұмыс сапасының көрсеткіші төмен екендігін айғақтайды.

Мемлекеттік бағдарламада қозғалған еліміздің бүкіл педагог қауымын алаңдатып отырған тағы бір көкейкесті мәселелердің бірі «кәсіптік мәселелерді өздігінен және шығармашылық тұрғыда шеше алатын бәсекеге қабілетті маман кәсіптік тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ете алатын білім беруді басқарудың нәтижелі жүйесін құру». Бұл мәселе студенттердің білімін бағалаудың

қорытындысы туралы. Білім беру сапасын көтеруде тест түрі, әсіресе, гуманитарлық пәндер үшін қаншалықты әсерін тигізіп, нәтиже береді? Біз емтиханның білімділік және дамытушылық қызметімен қатар белгілі дағды мен іскерлікті қалыптастыратын тәрбиелік мәні де болуы тиіс деп есептейміз.

МАБ өтуге арналған тест тапсырмаларының мазмұны жақсарып, дәлсіздік пен қателері азайған. Тест тапсырмалары МБСТҰО мамандарының ақылы жүргізетін сараптамасына жіберілгендіктен сапалы болып келеді. Тест тапсырмаларының мазмұнында өзгертулер болғанымен, жалпы тұрғыда ешқандай өзгертулер жоқ. Біздің көзқарасымыз бойынша, тест жаттап алуға емес, ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұған біз тест тапсырмалары тәжірибелік тапсырмалар сипатында болса ғана жете аламыз. Мұндай қадамдарды әсіресе болашақ заңгерлер ақтай алады. Бұл жерде кейстехнологияны оқу үрдісіне енгізу және тәжірибеге бағытталған тест тапсырмаларын дайындау үшін оқыту семинарлары қажет болады, сондықтан ол ҚР БҒМ көмегін қажет етеді.

Студенттердің өзіндік жұмысының белсенділігін арттыруға жағдай жасау, білім беруді дамыту бағдарламасының нұсқауларының бірі болып табылады, бұл, әсіресе, кредиттік технологиямен оқытуда маңызы зор.

ҚазГЗУ – республика бойынша 2003 жылдан бастап кредиттік технологияға көшуді іске асыра бастаған ЖОО-ның бірі болып саналады.

Жаңа жүйе тұрақты жұмысқа көшкенге дейін, оқу-әдістемелік қорларды жинақтау, жұмысты іс жүзінде қайта құрып, қосымша құрылымдарды құру белгілі бір уақытты талап етеді. Бастысы – студенттің өзінің кәсіптік білімін, дағды мен іскерлігін өзіндік және нәтижелі да-

мытуына мүмкіндік беретін білім беру бағдарламасы бағыты есебімен іске асыру дайындығы болып табылатын шығармашылық әлеуетін қалыптастырумен тұжырымдауға болатын бұл жаңалықты университет ұжымы – философиялық тұрғыда қабылдады.

Қазіргі заман жағдайларына байланысты ақпараттық ресурсты қолданбаған студенттің өзіндік жұмысы сапалы болады деп айта алмаймыз. ҚазГЗУ-де қашықтан оқыту технологиясы енгізілді. Осы мақсатта барлық оқытуға қажетті тұстары ескерілген арнайы бағдарлама өңделді. Бағдарлама қашықтан оқыту кейс-технологиясының талаптарына жауап бере алады.

Оқу үрдісін ақпараттандыруға үлкен назар аударылып отыр. Университетте 2005 жыл компьютерлендіру жылы деп жарияланып, жалпы оқу үрдісі мен құжатайналымды ақпараттандыру мәселесі – ҚазГЗУ-дің стратегиялық даму жоспарына сәйкес іске асырылуда.

Университетіміздің Қашықтан оқыту және ақпараттық технологиялар орталығы оқу үрдісі бойынша құжаттама жүргізудің негізгі кезеңдерін автоматтандыратын ақпараттық кешенді құрастырды. Кешен «Студенттер есебі», «Оқу жоспары», «Үлгерім есебі», «Білім базасы» деген модульдерден тұрады.

«Студенттер есебі» модулі студенттер контингентін студенттердің есептік саны, студенттердің сапалық есебі, студенттер контингентінің ағымдық есебі, студенттердің мұрағаты (шығарылғандар және бітіріп кеткендер) бойынша мәліметтер беретін бөлімдерден тұрады.

«Оқу жоспары» модулі оқу жоспарымен жұмыс істеуге арналған. Бұл модуль арқылы педагогикалық жүктемені анықтауда негізгі болып табылатын сағаттардың есеп жиынтығы туралы мағлұмат алуға болады.

«Үлгерім есебі» модулі студенттер үлгеріміне бақылау мен мониторинг жүргізуге арналған Модуль келесі құрамадан тұрады: «Оқу жоспары» мен «Студенттер есебі» модульдерін өңдеу жолымен жиынтықтарды автоматты түрде қалыптастыру, мерзімді бақылау, ведомост есебі, бағыт есебі, жиынтық ведомостілерін автоматтық түрде қалыптастыру.

«Білім базасы» модулі университет сайтында біздің студенттерімізге арналған оқу материалдарын жариялау жөніндегі бағдарлама болып табылады.

Сайттағы арнайы бөлім студенттердің оңтайландырылған режимінде оқу материалдарын алуы үшін арналған Бөлім мағлұматы өңделген модуль арқылы толықтырылып отырады.

Сонымен қатар, студенттерді тестілеу бойынша модуль өңделіп, енгізілді. Бұл модуль басқа да модуль жүйелерімен байланысты және тестілеу барысы туралы жедел ақпарат алу мен тестілеу қорытындысы бойынша мағлұматқа орталықтандырылған өңдеу жүргізуге мүмкіндік беретін архитектура клиент сервер бойынша іске асырылды.

Электронды кітапхананың болуы және электронды оқулықтарға еркін қол жеткізу – білім беру жүйесін ақпараттандыруда маңызды рөл атқарады. Университетте электронды кітапхана жұмыс істеуде. Кітапхана қызметінде «Ирбис» электронды –катализатор жүйесі қолданылады. Бұл жүйе кітапхана жүйесіне қойылатын барлық талаптарға жауап бере алады. RusMark және UniMark форматы арқылы басқа да кітапхана жүйелерімен мәлімет алмасуына қолдау көрсетіп отыр. Кітапхана жылы деп жариялану үрдісіне байланысты кітапхана деңгейін Мәдени-ақпараттық Орталық дәрежесіне дейін жабдықтау жоспарланып отыр. Оқу үрдісінде компьютерлік бағдарламалар қолданылады.

2003 жылдан уақыт пен материалдық шығындарды үнемдеуге себепін тигізетін электрондық құжатайналымы іске қосылды.

Қазіргі таңда білім берудегі енгізетін жаңалықтардың сапасы мен қаржыны шетел ЖОО-мен серіктестік қатынастың тығыз болуын іске асыру арқылы анықталады.

Жыл сайын шетел білім беру мекемелері, халықаралық ұйымдар, қорлары және орталықтармен, және серіктестік қатынастағы халықаралық ынтымақтастық орнатып отырады. Біздің ЖОО-ның халықаралық байланысы кең. Мысалы, университетіміз Лондон университеті, Каталония Халықаралық университеті, Нагой университеті, Армстронг Атлантикалық Мемлекеттік университеті, Бремен университеті, Гант университеті және көптеген басқа университеттермен серіктестік байланыс жасасады.

Жасалған шарттар бойынша ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындауға өзара көмек көрсетіп, оқытушылар мен басқа да қызметкерлермен түрлі білім беру шараларын ұйымдастыруға жәрдем береді, оқыту мен жаңа технологияларды дамытудың алдыңғы қатардағы әдістері туралы тәжірибелерімен алмасады, ғалымдарымыздың ғылыми біліктілігін көтеруге көмек көрсетіліп, екі жақ бірігіп, семинарлар мен конференциялар және басқа жиындар ұйымдастырады.

ҚазГЗУ бірқатар еуропалық және американдық қорлар және ұйымдармен тұрақты байланыста болып, олардың өкілдерімен жыл сайын кездесулер мен семинарлар өткізіп тұрады. Солардың ішінде, Ағылшын-Американдық білім беру Қоры, Халықаралық даму жөніндегі АҚШ агенттігі (USAID), бұрынғы кеңес Одағы Тәуелсіз мемлекеттерінің ғалымдары ынтымақтастығы көмегінің Халықаралық Ассоциа-

циясы (INTAS), Халықаралық білім беру жөніндегі Американдық кеңесі (ACCELS), халықаралық зерттеу мен алмасу жөніндегі Американдық кеңесі (IREX), SOROS қоры, неміс академиялық алмасу қызметі (DADD), Еуропалық Кеңес бағдарламасы, Заңгер-студенттер Еуропалық Ассоциациясы – ELSA және басқа ұйымдарды атауға болады.

2002 жылы ҚазГЗУ ТЕМПУС-ТАСИС Біріккен Еуропалық Жобаның грантын ұтып алып, соның негізінде Еуропалық құқық және экономикалық зерттеу Орталығын құрды. 3 жылға есептелген гранттың жалпы сомасы 400000 евро. Орталықтың мақсаты – ҚазГЗУ оқыту жүйесіне Еуропалық білім беру стандартын инновациялық және интерактивтік оқыту технологиясын енгізу және Еуропалық құқық саласында білікті мамандар тобын қалыптастыру. Святое сердце Милан католиктік университеті (Италия), Кембридж университеті (Ұлыбритания), Утрехтск университеттері (Нидерланд) ҚазГЗУ-мен серіктестік жасасты. 2003-2004 жылдар аралығында Еуропалық құқық орталығы «Темпус-Тасис» грантын іске асыру мақсатында көптеген жұмыстар атқарылды. Атап өтетін болсақ, инновациялық және интерактивті әдістерімен оқыту бойынша, халықаралық құқық пен еуропалық құқық мәселелері, оқытушылардың өтілденуі, серіктестік-университеттердің профессорларын дәріс оқуға қабылдау, магистранттарды серіктес-университеттерде оқуына бағыттау, еуропалық кітапхананы құру туралы семинарлар, дөңгелек үстелдер және халықаралық конференциялардың өткізілуі.

ҚазГЗУ қызметкерлері мен студенттері әртүрлі халықаралық семинарлар, тренингтер, курстар мен бағдарламаларға қатысып, өздерінің кәсіптік деңгейлерін белсенді көтеріп отырады. Оқытулардың

нәтижелері ретінде «Еуропалық құқық» мамандығы бойынша халықаралық құқық магистрі дипломдары және оған сәйкес ЖОО серіктестіктерінің халықаралық сертификаттары тапсырылды.

Темпус-Тасис бағдарламасының жобасын іске асыру мақсатында магистранттарға арналып Милан Католиктік университеті Утрехтск және Кембридж университеттерінен – Серенна Джусти, Масима Бербер, Ван де Кастелеен, Рональд Ван Оайк секілді шетел профессорларының келуі ұйымдастырылды.

2004-2005 жылдары ҚазГЗУ оқытушылары келесі курстар бойынша Утрехтск университетінде «Саясат және адам құқығы» «Халықаралық коммерциялық арбритаж», неміс тілі бойынша әдеби оқулықты оқу ғылыми өтілденуі, Милан Католиктік университетінде – «Еуропалық қаржы нарығын реттеу», Кембридж университетінде – «Заң саласына арналған ағылшын тілі», «Антимополизмге талдау» тақырыптарында ғылыми өтілден өту .

2004 жылы 24 маусымда Женевада (Швейцария) өткен «Іскерлік тәжірибедегі жоғары сапа» тақырыбындағы Форумда Бизнестің Жоғары Институты мен Басқармасының сараптама кеңесінің шешімі бойынша ҚазГЗУ тамаша іскерлігі үшін Алтын медальға ие болды.

ҚазГЗУ-де халықаралық конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер тұрақты ұйымдастырылып отырады. Сонымен қатар, университет шетел елшіліктерімен, консулдықтарымен тығыз байланыста.

Біздің университетте студенттердің бүкіл дүние жүзіне әйгілі халықаралық құқық бойынша Филипп Джессап кубогы жарысына қатысуына ерекше тоқталып өткім келеді. Ұлттық финалда ұлттық чемпион атану үшін Қазақстанның 8 үздік командасы жарысқа түсті.

Нәтижесінде екі орынды ҚазГЗУ командалары ұтып алып, біреуі Американдық білім беру академиясы ұйымдастырған Вашингтондағы (АҚШ) халықаралық раундтың финалдық ойынына қатысатын болды.

Білім беруді дамыту бағдарламасындағы басым мәселелердің қатарында университет қызметінің маңызды бөлігі болып табылатын қазақстандық Отансүйгіштік тәрбиелеу мәселесі екендігін көруге болады. Ауысым сабақтарын Қазақстан Республикасының Әнұранымен бастау бұл сұрақты шешудің бастамасы болып табылады. ҚазГЗУ-дің бүкіл ұжымы бұл ұсынысты бірауыздан қабылдады. Университет ғимаратының радиобайланысы арқылы құлаққа жеткен Әнұранымыздың тамаша әуені мен сөзі де оқытушылар мен студенттердің жүректерін тебіrentпей қоймас.

Осылайша, ҚазГЗУ 2005-2010 жж. арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы мәселесі төңірегінде белгілі нәтижелерге жетті деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар бес жылға арналған нысананы іске асырудың бір жылы ғана өтіп, алдымызда бірінші кезек бойынша қорытынды жасау күтіп тұр. Университет бағдарламасының негізгі идеясымен бұлтартпай алып жүруді ниет етіп отыр.

ЗАҢҒА БАҒЫНУ ПРИНЦИПІН ӨМІРГЕ ӘКЕЛУ ҚАЖЕТ

— Әңгімемізді соңғы күндері қоғамдық пікірдің арқауына айналған ұлттық компания топ-менеджерлерінің айлық жалақысына қатысты мәселеден бастасақ. Бұл қаншалықты әділеттілікке саяды?

— Жалпы халықтың қазіргі әлеуметтік деңгейімен салыстыратын болсақ, әрине, бұл көріністі әділетсіздік

деп айту керек. Тіпті, топ-менеджерлердің мемлекетке соншалықты пайда әкеліп, экономикамызға толағай кіріс кіргізіп жатса да, өздеріне осыншама мөлшерде жалақы тағайындау астамшылық. Егерде ұлттың, кәсіпкерлердің, орта деңгейдегі қоғам мүшелерінің жағдайы көңілдегідей болса, әңгіме басқа. Елбасының айтқанындай, орта тап өкілдерінің саны артып, халықтың жалпы санының 70-80 пайызына жетсе, сол тұста ғана халықтың әлеуметтік жағдайының жақсарғаны жөнінде айтуға болады. Қазіргі таңда елдегі орта дәулеттілер қатары 30-40 пайыз шамасында, әлеуметтік жағдайы төмен азаматтардың саны анағұрлым басым болған тұста қыруар қаржыны қалтаға басу әділеттілікке келмейтін әрекет.

Әйтсе де, бұдан үлкен трагедия жасауға болмайды. Бірақ, трагедияның үлкені менің ойымша, Мемлекет басшысына сол ақпарат жетіп, өз қолына алмағанша, мемлекеттік құрылымдар мұнымен шұғылданбағандығы. Сонда Үкімет пен Парламент қайда қарап отыр? Бәлкім, Парламент депутаттарын ұлттық компанияларды тексеруге мүдделі жасау керек шығар? Ұлттық компания топ-менеджерлерінің аспандаған айлық жалақы алатыны жөніндегі ақпарат Үкімет деңгейіне жеткізілген. Бірақ, мәселе жабулы қазан күйінде қалған. Қайта топ-менеджерлердің айлық жалақысы бұрынғыдан да асқақтап кеткен.

— Бұл халықтың назарын басқа жаққа аударудағы биліктің кезекті пиар-акциясы емес пе? Қалайша бұл мәселе осыған дейін «құпия» болып келді? Әлде, атқамінерлер жалақысынан салық төлемей ме?

— Бұл мәселе әлдеқашан белгілі болған. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті аталған мәселені тексеру ба-

рысында анықтап, оны Үкіметке, ұлттық компаниялар басшылығына дер кезінде айтқан. Бірақ, аспандаған жалақыға байланысты Мемлекет басшысына жетпегенше, құзырлы органдар ешқандай іс-шара қабылдамаған. Олар өз құзыреті шеңберінде шара қабылдауға тиіс еді. Бұны пиар-акция деп айтуға болмайды. Себебі, жақында Парламентте «Қазынаның» басшысы Қайрат Келімбетовтің есебі тыңдалды. Келімбетовтің айтуынша, «Қазына» басшылығы шешім қабылдап, ең үлкен айлық жалақы 5 мың АҚШ долларынан аспайтындығы жөнінде ұйғарымға келген. Міне, бұл ептеп көңілге сыяды. Яғни, қозғалған мәселеден нақты нәтиже шығып отыр деп айтуға болады.

Ұлттық компаниялардың қай-қайсы да, жаңадан құрылған «Самұрық» холдингі болсын, «Қазына» болсын алдарына үлкен мақсат қойып отыр. Ол — атқарушы органдағы сыбайлас жемқорлық қақпанынан экономикамызды алып шығу мәселесі. Осыған байланысты Үкіметтің, министрліктердің құзырындағы өкілеттілік ұлттық компанияларға ауысады. Әрине, қолдағы биліктен ажырап қалмас үшін оған қарсыластар да табылады. Ел экономикасын өркендетуге үлес қосатын ұлттық компанияларда еңбек ететін мамандардың еңбекақысы жоғары болу өте маңызды. Ал жоғары деңгейдегі жалақының мөлшері де қоғамдағы жағдаймен сәйкес болуы тиіс. Қоғамдағы әлеуметтік жағдай деңгейі әзірге төмен кезде ұлттық компания топ-менеджерлерінің айлық жалақысы жер менен ғарыш арасындағыдай болуы халықтың наразылығын тудырады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы қарама-қайшылықтарға апарып соқтыруы ықтимал. «Қазақтелеком» президентінің 365 мың долларлық айлық жалақысы өмірінде түсіне кірмеген де адамдар бар. Мен де бұрын-соңды ұлттық компания басшыларының айлық жалақысы жоғары болады деп

ойлайтынмын. Алайда, осыншалықты жоғары деген ой миыма әсте кіріп-шыққан емес. Бүгінгі топ-менеджерлерге білім берген мектеп мұғалімдері жалақысының өзі 30 мың теңгеден аспайды. Соны біле тұрып, өздеріне соншалықты жоғары деңгейде еңбекақы қойғанына қалай күйінбейсің.

Ұлттық компаниялар топ-менеджерлерінің айлық жалақысы туралы мәселенің күн тәртібіне қойылуын пиар-акция деп бағалауға болмайды. Егер «Қазына» басшылығы жоғарыдағыдай шешім қабылдап жатса, онда басқа компаниялар да алдыңғысының ұсынысын қолдайды деген ниеттемін. Бұл шешім халыққа да түсінікті болар еді.

— Айлық жалақы демекші, сіз судьялар жалақысының төмендігі туралы жиі айтасыз. Олардың жағдайы соншалықты төмен бе? Занда судьяларды әлеуметтік жағынан қорғау туралы тайға таңба басқандай жазылған емес пе?

— Елімізде бар болғаны 3 мың судья бар. Біз солардың еңбекақысын көтеру төңірегінде бес жылдан бері тұрақты түрде айтып жүрміз. Егер олардың жағдайы жақсы болатын болса, бұл мәселені қозғай беріп қайтеміз?

Кейбіреулер қазақстандық судьялар жоғары деңгейде жалақы алады деп Елбасына жалған ақпарат беріпті. Ал шындығына жүгінетін болсақ, Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты судьяларының айлық жалақысы өте жоғары емес. Бүгінгі таңда Жоғарғы соттың судьялары 300 мың теңге шамасында алады. Аудандық соттың судьялары еңбек өтіліне сәйкес 40-60 мың теңге деңгейіндегі жалақы алуға мәжбүр.

1994 жылы Елбасының «Қазақстан Республикасы соттарының, судьяларының әлеуметтік жағдайын жақсартудың қосымша мәселелері» деген Жарлығы

қабылданды. Осы Жарлық бойынша аудандық судьяның еңбекақысы Жоғарғы сот судьясының еңбекақысынан 50-60 пайызы деңгейінде белгіленген болатын. Судьяларға еңбекақы тағайындаудың осы принципі кейінірек Ораз Жандосов вице-премьер болған кезде өзгерді. Судьяларға көрсетілетін зейнеткерлік, әлеуметтік тұрғыдағы көптеген жеңілдіктер түрі қысқартылды. Сөйтіп, судьялар мемлекеттік қызметкерлермен теңестірілді. Қазіргі кезде аудандық судьялар Жоғарғы соттағы әріптестері жалақысының төрттен бір бөлігіне ғана қанағат етеді. Негізі сот істерінің 90 пайызы аудандық, облыстық соттардың үлесіне тиеді. Моральдық тұрғысынан болсын, басқалай болсын басты ауыртпалық аудандық, облыстық соттардың иығына түседі. Жалпы дүние жүзінде судьялардың еңбекақысына да, әлеуметтік жағдайына да айрықша көңіл бөлінеді. Тіпті, олардың зейнеткерлікке шыққаннан кейін жағдайы да өркениетті мемлекеттер тарапынан жан-жақты ойластырылған.

— **Өзіңіз білетін қай мемлекеттердің судьяларға жасаған айрықша қамқорлығын алдымен тілге тиек етер едіңіз?**

— Алысқа бармай-ақ көршіміз Ресейді алайық. Онда судьялар үшін жеңілдіктердің бәрі сақталған. Аудандық судьяның еңбекақысы Жоғарғы сот судьясы еңбекақысының 70 пайызын құрайды. Оларға айрықша еңбек жағдайына сай айлық жалақысының 50 пайыз деңгейі шамасында төлемақы да төленеді. Оған қоса, ресейлік судьяларда сыныптық шені тағы бар. Бізде ол әлдеқашан алынып тасталған. Ресей судьяларының еңбек демалысы 45 күн болса, қазақстандық судьялар мемлекеттік қызметкерлер сияқты 28 күн демалады.

1993 жылы АҚШ-қа арнайы сапармен барып, алпауыт елдің сот жүйесімен танысуға тура келген-ді. Сапар барысында елдегі Жоғарғы соттың төрағасы АҚШ

президентінің жалақысынан әжептәуір жоғары алатынына көз жеткіздік. Ал Сауд Арабиясында судьяның стажері 3 мың АҚШ доллары шамасында еңбекақы алады. Стажер үш жылдан кейін судьялыққа ауысқан күнде, онда жаңадан тағайындалған судьяға мемлекеттік қазынадан ешқандай төлемақысыз жеңіл мәшине беріледі. Оларда қызметтік мәшине деген жоқ, себебі олардың еңбекақысы өте жоғары. Сондай-ақ, осыдан жеті жылдан астам уақыт бұрын саударабиялық судьяның ең төменгі жалақысы 12 мың доллардың шамасында болған еді. Міне, сот тәуелсіздігі басқа елдерде қалай шешімін тапқан? Жалақысы жоғары судья басқа біреудің қалтасына сұқтанбайтын, әлеуметтік мәселесін шешу үшін әкімге де жалынбайтын болады. Судьялардың еңбекақысы жоғары болуы сот саласындағы жемқорлықтан да арылуға мүмкіндік береді. Судьялардың жалақысын көтеру керек, әлеуметтік рөлін арттыруымыз қажет деп жиі айтатынымыз да сондықтан.

— Сот жүйесіндегі қазіргі жүргізіліп жатқан реформаға сіздің көңіліңіз толмайтын сияқты. Әлде, сіз төрағалықтан кеткеннен кейін шын мәнінде сот жүйесіндегі жағдай құлдырап кетті ме?

— Көңілім толмайды деп айта алмаймын. Еліміз тәуелсіздік алған он бес жыл ішінде сот жүйесінде көп жұмыс жасалды. 1995 жылы, 2000 жылы Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы екі мәрте заң қабылданды, ел Конституциясына өзгерістер енгізілді. Кезінде үш сот — Конституциялық сот, Арбитраждық сот, Жоғарғы сот болған-ды. 1995 жылы қабылданған Ата Заңға сәйкес осының бәрін бір сот жүйесіне ыңғайладық. Сот жүйесінің аясында көптеген шаруа атқарылды. Бірақ, қазіргі таңда сол жасаған жұмысымызға, сот жүйесіне деген халықтың

бағасы, халықтың көзқарасы кезіндегі кеңес өкіметі деңгейінде қалып отыр. Сол себепті сот жүйесіне жасаған реформаның бағытын өзгерту керек деп ойлаймын. Көптеген заңгерлердің пікіріне сәйкес, қазіргі сот жүйесінің атауы өзгергені болмаса, кеңес өкіметі тұсындағыдай құрылымы сол қалпы өзгермеген. Әрине, техникалық жабдықтау, әлеуметтік тұрғыдағы өсіп-өркендеу бар. Әйтсе де, еліміз он бес жылда түбегейлі өзгерді емес пе. Біз ол тұста социалистік мемлекет болсақ, қазір нарықтық жүйені таңдаған елміз. Дегенмен сот жүйесі де, судьялардың психологиясы да сол қалпында. Сот жүйесінде түбірімен өзгеріс болмағаннан кейін судьялардың да психологиясы өзгермей отыр.

— Ендеше, кеңестік стереотиптен арылу үшін сот жүйесінде қандай өзгерістер жасау қажет?

— Жақында біздің жұмысшы тобының ұсынысын демократиялық реформаларды әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшелері де қолдады. Ол ұсыныс Жоғарғы сот жүйесін өзгерту мәселесіне қатысты. Менің білуімше, қазір Жоғарғы соттың Азаматтық алқасы жұмыссыз отыр десе де болады. Мұны Жоғарғы сот судьяларының өзі де айтады. Өйткені, Азаматтық кодекстегі кейбір өзгерістерге байланысты ең соңғы шешім облыстық сот деңгейінде қабылданады. Сол себепті бүгінде Жоғарғы соттағы 44 судьяның қажеттілігі шамалы болып тұр. Бұл біріншіден. Екіншіден, әлі күнге дейін облыстық, аудандық судьялардың атқарушы билікке деген тәуелділігінен арыла алмай отыр. Осы деңгейдегі судьялардың әлеуметтік жағдайы, тұрғын үй мәселесі негізінен атқарушы биліктің құзырында. Республикалық бюджеттің деңгейінде 6 айдың ішінде судья тұрғын үймен немесе пәтермен қамтамасыз етілуі керек деп заңда тайға таңба басқандай жазылған. Бірақ, осы нор-

ма іс жүзінде орындалмайды. Оның орындалуы үшін аудандық судья аудан әкіміне, облыстық судья облыс әкіміне, Жоғарғы сот төрағасы Үкімет басшысына барып, бюджеттен қаржы бөлуді сұрауға мәжбүр, яғни алдыңғылары соңғыларына тәуелді деген сөз. Атқарушы биліктен «жалынып» көмек алған судья ертең атқарушы билік сот дауының бір жағында тұратын болса, әділетті шешім қабылдайтыны күмән тудырады. Атқарушы билікке тәуелділіктен арылу мақсатында мемлекеттік комиссиядағы біздің жұмысшы тобы Округтік сот құруды ұсынып отыр. Оны Аймақтық сот деп атауға да болады.

Бұл мәселе кезінде Ата заңымызға сәйкес келмегендіктен, оны жылы жауып қойған едік. Соңғы кездері Мемлекет басшысы саяси жүйені Конституцияға өзгеріс енгізу арқылы өзгертуді, соның ішінде сот жүйесін, сот тәуелсіздігін қалыптастыру мәселесін де айтып жүр. Осыған сәйкес біздің жұмыс тобы Округтік сотқа көшуді ұсынды. Аталған ұсынысқа орай республикада бес судьялық округ болмақшы. Аудандық соттар да аудандық-аумақтық бөліністерден, тәуелділіктерден арылып, учаскелік соттар деңгейіне ауысу керек. Олардың қараған сот істерін апелляциялық тұрғыда, қадағалаушылық деңгейде бес округтік сот қарайды. Азаматтық істердің, қылмыстық істердің көпшілігі ең соңғы шешімін Округтік сот деңгейінде бітіруі тиіс. Ал Жоғарғы сотта өте бір ерекше жағдайдағы қате жіберілген шешімдер, азаматтың конституциялық құқығы бұзылғанда, мысалы, азаматтарға жаза белгіленген тұста қателіктерге бой ұрған кездегі мәселелер қаралады.

— Сіз айтқан ұсыныстарды жүзеге асыру үшін Конституцияға өзгерістер енгізу керек болады ғой?

— Иә. Бірақ, біз айтып отырған ұсыныстардың алғышарты ретінде әзірше Конституцияға өзгеріс ең-

гізбей-ақ атқарылатын істер жеткілікті. Мәселен, облыстық соттың Алқа төрағаларын облыстық соттың судьялары, аудандық соттың төрағасын судьялар сайласа деген ұсыныс бар. Сот төрағасының негізгі мақсаты — сот процесін ұйымдастыру. Онда одан басқа міндет болмауы керек. Сот төрағасының құзырында кадрлық, қаржылық, ұйымдастыру мәселелері болса, ол судьядан гөрі шенеунікке біртабан жақын келеді. Сот төрағасының шенеунік болуы ең соңында сот шешімдерінің әділетсіз болуына ықпалын тигізеді.

— Қандай да болсын өзгеріске қарсылардың болатыны белгілі. Сіздің айтқан ұсыныстарыңызды қазіргі сот жүйесінде қызмет етіп жүргендер қабылдай қояр ма екен?

— Мен сынап жүрген жоқпын, тек дәлелді тұжырымдарымды ортаға салу үстіндемін. Әрине, ұсынысыма қарсылар бар. Болуы да заңды. Өйткені, тыныш отырған жерінен қозғалу кімге ұнайды дейсін. Ұсыныс айтқанда, судьялардың еңбекақысы жөнінде жеріне жеткізе айтып жүрген кім бар менен басқа? Өйткені, кеңестік кезеңдегі құндылықтар өзгерді. Социализм тұсында қаншалықты моралдық тұрғыда адал адам тәрбиелеуге ұмтылғанмен, ол еңбектің бәрі Карл Маркстің «сананы тұрмыс билейді» деген тұжырымынан аса алмады. Оған кезінде көзіміз жеткенімен, сырттай мойындамауға тырысып бақтық. Сол сияқты сот жүйесінде де уақыт талабына сай батыл өзгерістер жасау қажет.

Еліміздегі сот жүйесі басшыларының ішінде мемлекеттік комиссия қабылдаған шешімдерге қарсылық танытып отырғандар да бар. Мәселен, олар билер соты қажеті жоқ деп есептейді. Иә, билер соты болу үшін де, оларды халық сайлауы үшін де Конституциямызға өзгеріс енгізуіміз қажет. Онсыз болмайды. Сонда Ата

занды өзгертуге болмайды, тимеу керек деп жүре береміз бе? Елбасының өзі де сот жүйесінде күрделі өзгерістер жасау керек деп жүр. Күрделі өзгеріс тек Конституцияға өзгеріс енгізу арқылы жүзеге асады. Әрине, күні ертең өзгертейік деп жатқан біз жоқ. Әзірше, қолданыстағы Ата заңның шеңберінде де талай-талай шараны жүзеге асыруға болады. Болашақта сот жүйесінде күрделі өзгерістер жасамай, үлкен жетістікке жетеміз дегенге өз басым сенбеймін.

Билер сотының неге қажеті жоқ? Көршіміз Ресейде осы тектес «мировая судья» жұмыс істеп жатқалы да біраз болды. Отбасылық, азаматтық істердің көпшілігі, тіпті екі жылға дейін бас бостандығынан айыруға негіз болатын қылмыстарды «мировая судья» шешеді. Осындай дауларды біз айтқан билер сотының да шешуге мүмкіндігі бар. Қазақтың билері ғасырлар бойы елдің ішкі дауын, талас-тартысын шешіп келген ғой. Тіпті билер соты қазақ жерінде 1923 жылға дейін болған. Тек сол жылдан бастап билер сотын Халық сотына айналдырып, оны Жоғарғы сотқа бағындырды. Өйткені, билер сотының негізгі мақсаты — дауласушы тараптарды татуластыру, бітістіру. Менің айтатыным сол. Бұл ұсынысты мемлекеттік комиссия мүшелері де қолдады. Қарсы болып отырған аппараттағылар. Олар билер сотының, оқуруттік соттың қажеті жоқ, ол ұйымдастырушылық, қаржылық мәселеде қиындық туғызады дейді. Шын мәнінде бұл кадрлық жағынан, қаржы жағынан қазіргіден үлкен шығынды талап етпейді де.

— Елімізде сот орындаушылығы төмен деңгейде. Сот шешімі шыққанымен, оның орындалуы сағызша созылып кетеді. Бұл халықтың сотқа деген сенімін төмендетпей ме?

— Жақында осы мәселе Адам құқын қорғау комиссиясының отырысында қаралды. Қазіргі кез-

де сот орындаушының еңбекақысы — 18 мың теңге. Сот орындаушыларының жетіспейтін себебі де осы. Аталған жұмысқа негізінен жоғары оқу орнын енді бітірген жастар келеді. Шамалы уақыттан кейін олар жалақысы жоғары басқа жұмысқа ауысады. Сот орындаушыларының сот шешімін орындау арқылы мемлекетке кіргізетін кіріс мөлшері жылына 1,5 миллиард теңге екен. Осы соманың 70 пайызы ғана орындалады. Кезінде сот орындаушы мемлекет бюджетіне қайтарған мүлік сомасының 50 пайызын алады деген норма болған еді. Міне, осындай нормалар болған жағдайда қабылданған сот шешімдерінің орындалуына жан бітеді. Сот шешімін орындамау деген қылмыстың қылмысы. Жоғарғы соттың Сот әкімшілігі жөніндегі комитетінің деректері бойынша сот шешімін орындамайтын негізінен атқарушы билік, мемлекеттік құрылымдар екен. Ал оның ар жағында белгілі тұлғалардың тұрғаны анық. Олар сот шешімін орындамау арқылы олар мемлекеттің абыройын, беделін түсіреді.

— Қазіргі қоғамды демократияландыру реформасына көңіліңіз тола ма?

— Жалпы Ата заңымызда халықаралық деңгейдегі қалыптасқан демократиялық қоғамның үрдістері түгелдей дерлік қамтылған. Конституция негізінде қабылданып жатқан заңдардың кемшілігі, олардың іс жүзінде бұрмалануы немесе орындалмауы болып табылады. Заңдарды әкім бұзады, не сот бұзады, не сот орындаушы бұзады, сөйтіп барады да, ең ақырында демократиялық принциптерге нұқсан келеді. Бар мәселе осында.

— Демократиялық партия «Отанға» қашан қосылады?

— Осыдан екі жыл бұрын, парламенттік сайлау өткеннен кейін бес партияның бірігуі жөнінде

олардың басшыларына хат жолдадым. Екі-үш айда «Асар» партиясының төрайымы Дариға Назарбаевадан жауап алдым. Осы мәселеге байланысты Дариға Нұрсұлтанқызымен екі-үш мәрте кездесіп, қос партияны біріктірмек болдық. «Асар» мен демпартия қосылғанда, ірі партия болатынына сендік. Өйткені, асарлықтардың қозғап жүрген әлеуметтік мәселесі мен біздің құқықтық мәселеміз өзара тығыз байланысты. Әйтсе де, екі партияның да мүшелері бірігуге қарсы болды. Себебі, әр партияның бет-бейнесі қалыптасып үлгергендіктен, алдағы уақытта да жеке-дара қимыл көрсетуді қалайтындықтарын аңғартты. Алайда, осы ұсыныстың соңы Президент сайлауы қарсаңындағы Қазақстанның халықтық коалициясының дүниеге келуіне әкелді. Бұны партиялардың бірігуінің бастамасы деп айту керек.

«Әділет» партиясы қазір сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, заңның орындалмауы, Конституциямызда көрініс тапқан заң үстемдігі мәселесі барысында жұмыс жүргізуде. Жеке адамға табыну емес, заңға бағыну принципін өмірге әкелуіміз қажет. Қазірше біздің партиямыздың жоспарында басқа партиямен бірігу туралы мәселе жоқ. Менің ойымша, «Отан» мен «Асар» қосылды, енді солардың қатарын Азаматтық партия, Аграрлық партия толықтырса, билік партиясы қуатты күшке айналар еді.

— Елдің экономикалық жағдайы жақсарған сайын сыбайлас жемқорлық та белең алып барады. Оған қарсы күресте билік неге шарасыздық танытып отыр? Оған биліктің өзінің ішінара болса да, қатысы жоқ па?

— Әрине, қатысы бар. Жергілікті өзін-өзі басқару заңын Конституция қолданысқа енгеннен кейін көп ұзартпай қабылдау керек-тұғын. Егерде жергілікті өзін-

ӨМІР – ЕҢБЕК, ӨМІР – ЖОЛ,
КҮРЕСКЕ ДЕ ТОЛЫ ОЛ


































КДП лидерінің Өскемен қаласы әуежайындағы кездесуі
Встреча лидера ДПК в аэропорту г. Усть-Каменогорска



Ғылым министрлігінің басшысы
Азамат Аманжолұлы



Өскемен қаласының қоғамымен митингінде
На митинге с общественностью г. Усть-Каменогорска



Жарма ауданына ұшып келуі
Прилет в Жарминский район





На встрече с ректором университета в Казани



Выступление на встрече с ректором университета в Казани


















өзі басқару туралы заң жобасы сол кезде дайындалып, қабылданғанда, аудандық, облыстық билік өкілдері сайланатын. Сайлану арқылы әкімдердің халық алдындағы жауапкершілігі де ұлғаяды. Халық өзі сайлағаннан кейін оны өзі қадағалап отырады. Атқарушы биліктің төменгі деңгейіндегі сыбайлас жемқорлықты жоюға ықпал ететін бірден-бір тетік болып табылады. Осы тетік іске қосылмайынша, қанша жерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресіп жатырмыз десек те, түк нәтиже шықпайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалғыз құқық қорғау органдары күресіп емес, фактіні бекітіп, сотқа беру, яғни жазалау процесін ғана жүзеге асырып отырады.

— Сіз өзіңіз қатысып отырған Демократиялық реформаларды әзірлеу және нақтылау жөніндегі комиссияның жұмысы нәтижелі болатынына сенімдісіз бе? Әлде, бұл да осы бағытта жұмыс жүріп жатыр дегенді аңғартатын кезекті көз алдау ма?

— Біріншіден, бұрынғы Ұлттық комиссияның жұмысы нәтижесіз болды дегендер қателеседі. Ұлттық комиссияның қабылдаған ұсыныстарын Президент қолдап, сол ұсыныстар негізінде Парламент талай заңдар қабылдады. Ұлттық комиссиядағы мен басқарған жұмысшы тобы әзірлеген Алқа билер соты ұсыныс заң түрінде қабылданып, келесі жылдан бастап қолданысқа енгізіледі. Әрине, оның қаншалықты тиімді болатынын уақыт көрсетеді. Талас-тартыспен классикалық нұсқаны емес, континенталдық нұсқаны қабылдадық. «Континенталдық» дегенімізбен әлемдік тәжірибедегі қолданылатын қос нұсқаның негізінде қазақстандық нұсқа дүниеге келді. Іс жүзіне оны бұрмаламай жүзеге асыратын болсақ, төл нұсқамыздың түбегейлі орнығып кететіні сөзсіз. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң да ұлттық комиссияның қолдауымен шыққан дүние.

Одан кейін тұтқындау мәселесін прокуратурадан сотқа алып беруді де жүзеге асырған ұлттық комиссия болып табылады.

Азаматтық қоғамның тұжырымдамасын да ұлттық комиссия әзірледі. Ол қабылданып, оған Президент қол қойды. Ұлттық комиссияның орындалмаған көптеген жоспары Парламенттегі өзгерістер, Конституцияға өзгеріс енгізу мәселесі, Сот жүйесінің кейбір мәселелері қазір мемлекеттік комиссияда қаралып жатыр. Меніңше, ұлттық комиссияның жасаған жұмыстары өте көп, мемлекеттік комиссия да біраз шаруаны тындыруда.

— Парламент өкілеттігін кеңейту мәселесіне қалай қарайсыз? Қазына қаржысының орнымен жұмсалудың қадағалау құзыретін заң шығарушы органға беру қаржының ысырапсыз жұмсалудына ықпал етер еді ғой.

— Біріншіден, Парламент өкілеттілігіне қатысты кейбір мәселелер Елбасы Жарлығының негізінде шешімін тауып отыр. Мәселен, кейбір атқарушы биліктегі лауазым иелерінің кандидатураларын Парламент комитеттерінде алдын ала талқылаудан өткізіп, содан кейін барып бекітіледі.


Ал Премьер-Министрді, Бас прокурорды, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын Елбасы Парламентпен келісе отырып тағайындайды. Жоғарғы соттың төрағасын Сенат депутаттары сайлайды. Сол себепті, Парламенттің құзыры аз деп айтуға болмайды.

Кейбір Парламент депутаттары кезінде заң шығарушы биліктің құзыры төмен, атқарушы биліктегі кейбір лауазымды тұлғаларды жіберген заңсыздығына байланысты жұмыстан алуға ешқандай құқы жоқ деп айтып қалды. Неге? Конституцияда Парламенттің әрбір палатасы жеке-жеке өздері үштен екі дауыспен кез келген министрді, бүкіл Үкімет құрамын отставкаға жібе-

ру мәселесін қозғап, оны Мемлекет басшысы қарауына ұсына алады. Егер Президент келіспесе, онда алты айдан кейін жаңағы палата тағы да үштен екі дауысымен қабылдап, министрді орнынан алу керек деп Елбасына талап қоятын болса, онда Мемлекет басшысы аталған министрді міндетті түрде қызметінен босатады. Бұл аз құзыр ма? Аз емес, алайда Парламент оны қолдана алмай отыр. Қанша министр бюджетті талапқа сай орындамай жатыр? Қанша миллиард теңге елге, халыққа жетпегенде? Депутаттар аталған мәселелерге қатысты айқайлап, шулап, ақырында қояды. Яғни, мәселені аяғына дейін жеткізуге олардың жігері жетпейді.

Менің ойымша, облыс деңгейіндегі мәслихаттар деңгейін көтеру керек. Парламент тәрізді мәслихат та әкімді жалпы депутаттар санының үштен екі дауысымен босатуды мәселе етіп қоя алатындай жағдай жасау қажет. Әзірге мәслихатта мұндай құзырет жоқ.





МОНУМЕНТ АҚШ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚАДАМЫ АТНАСЫНА

ҒОН МИНИСТРАЛ, БҮГІНГІ ҮЛКЕСЕ, ҚИРАМАНН ОҚСЫМЫН

2007 – ДОҢЫЗ ЖЫЛЫ

КЕЗЕКТІ СҰХБАТТАР

АТА ЗАҢНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ТОЛЫҚ
ПАЙДАЛАНЫЛЫП БОЛҒАН ЖОҚ

- Мақсұт Сұлтанұлы, мемлекеттік комиссия құрылғанынан бергі кезеңде елімізді демократиялық үдерістерге бастауда біршама жұмыс істеді деуге негіз бар. Осы арада сұрайын дегенім, Комиссия жұмыс тобының жетекшісі ретінде құрылым қызметін қалай бағалайсыз? Жеткен жетістігіміз неде, алдан не күтесіз?

- Татарстанға барған сапарымда Елбасының ұтымды бір ұстанымын әңгіме өзегіне айналдырғаным бар. Онда Президенттің мемлекеттік деңгейде әр түрлі мәселелерді қарау үшін қоғамдық ұйымдар құрып, сол арқылы түйткілді мәселелерді шешіп отырғанын айтқан болатынмын. Мысалы, ұлттар арасындағы дау-дамай мен кикілжіңді болдырмау үшін Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Мұндай қоғамдық институт ешбір елде жоқ. Мен мұны Парламент ішіндегі парламент деген болар едім. Елбасы маңызды бір шара қабылдар алдында міндетті түрде Ассамблея шақырып, сол қоғамдық ұйыммен келіседі. Содан кейін барып қана халыққа жариялайды.

Кейбіреулер Мемлекеттік комиссияның жұмысына дұрыс баға бере алмай келеді. Ол елімізге қажетті көптеген маңызды шешімдерді жүзеге асыру үстінде. 1995 жылы еліміздің қолданыстағы Конституциясы қабылданса, содан екі жыл өткеннен кейін жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң өмірге келуі керек еді. Өкініштісі сол, біз аталған заңдық құжаттың қабылдануын әлі күнге дейін созбақтап келеміз. Бір қарағанда, оны бірден қабылдай қою да қиын. Қиын болса да аталған заң жобасы жоғарғы заң шығарушы органға өткізіліп, қазір пысықталу үстінде.

Заң жобасы қабылданар болса, онда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі жұмыс істеп кетуге тиіс. Өйткені, ол жұмыс тобының отырыстарында сан мәрте қаралып, пісіп-жетілді деуге болады. Сол сияқты Азаматтық қоғамның тұжырымдамасын жасау барысы да Комиссияда қызу талқыға түсті. Елбасының қол қоюымен ол бекітілді де. Енді Үкімет сол құжат негізінде бағдарлама жасап, оны жүзеге асыру үстінде. Бұл да Мемлекеттік комиссияның елімізді демократияландыруға қосқан үлесі.

Сот процестеріне алқа билердің қатыстырылуы да біраздан бері айтылып келген, ол да шешімін тауып отыр. Халықаралық стандартқа қарайтын болсақ, ондай сот бізде бар деп айта аламыз. Мүмкін, ондай соттың онша пайдасы да шамалы болар. Әйтсе де халықаралық қоғамдастықтың демократиялық стандарттарын ұстануымыз шарт. Мұндай сот тәжірибеде бар. Естеріңізде болса, бізде «халық заседательдері» деген болды ғой. Қазір тоғыз адам болса, ол кезде екеуден аспайтын еді. Салыстыра қарайтын болсам, қазіргісі елімізге келген үлкен бір жаңалық іспетті.

Өткен жыл үлкен мәселелердің талқыға салынуымен ерекшеленді. Мемлекеттік комиссияның жүзеге асқан жұмысы жеткілікті. Соның бір дәлелі ретінде Елбасының өз Жарлығымен Парламенттің құзіретін арттырғанын атауға болады. Ол да әуелде Ұлттық Комиссияда талқыға салынып, артынан шешімі табылғанды. Мәселен, осыдан екі жыл бұрын біреу Конституцияны өзгерту керек десе, оны міндетті түрде жау сияқты көретінбіз. Қазір жағдай түпкілікті өзгерді. Ата Заңымызды қайбір жылы референдум арқылы өзгерткен де жоқ па едік. Сол өзгеріс арқылы демократияландыруды тереңдете түстік. Қазіргі таңда Конституцияның кейбір баптары біздің қоғамдық үдерістерден кеш қалып қоюда. Атап айтқанда, еліміздің Бас құжатында

мемлекеттік жоғары оқу орындарында ақысыз білім алуға кепілдік беріледі. Ал бізде ондай жоқ. Бүкіл мемлекеттік жоғары білім беру ордалары ақы алу арқылы да оқытуда. Олай болса, бұл - Конституцияға қайшы. Ал енді Конституцияға қайшы келеді екен деп босқа отыра алмаймыз. Егер мемлекеттік жоғары оқу орындары барлығын бірдей ақысыз оқытса, онда олар әлдеқашан шығынға батар еді. Еліміз нарықтық экономикаға аяқ басқалы қашан. Талап бар да, ұсыныс жоқ. Оны қолдан жасауға тура келгені де сондықтан. Міне, осы тұрғыдан келгенде, Конституцияның өмірлік қағидаттардан қалыс қалып жатқанын несіне жасырайық. Мемлекеттік комиссияның құрылуы да осындай мәселелерді шешуге арналған.

-Жұмыс топтары көптеген отырыстар өткізді. Сол отырыстарда өңшең бір ыңғайдағы адамдар жиналып, сіз айтсаңыз болды, соған бас шұлғи берейік деген түсінік қалыптасқан жоқ па?

-Ұлттық комиссия кезінде талқыға салынған «Алқа билер туралы» заң жобасы екі нұсқада жасалған болатын. Екіншісін Жоғарғы сот ұсынған еді. Соңғы нұсқасы екі дауыс артықшылығымен қабылданып кетті. Бұл өз ұстанымынды қорғап қалудың да оңай еместігін көрсетеді. Мен басқаратын топтың отырыстарында сот және құқық қорғау жүйесін әрі қарай демократияландыру жөніндегі көптеген ұсыныстар әзірледік. Мемлекеттік комиссия солардың 90 пайыздайын қолдап шықты. Оның өзін жеңілдікпен келді деп айта алмаймын. Әлі күнге дейін алқа билер соты керек пе еді өзі, деген пікір айтушылар баршылық. Мен билер соты болу керек деп жүргеніме жиырма жылдан асыпты. Талай заңгерлер қарсы болса да, алқа билер соты институты елімізде жүзеге асқаны осы комиссиялар (Ұлттық және Мемлекеттік) жұмысының арқасы деп білемін.

Қазақта барлық дау-дамайды билер шешіп отырған. Маған сонау біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда өмір сүрген бір бидің аты белгілі. Сол заманның өзінде қазақ жеріндегі барлық дау-дамайды ешқандай түрмесіз, полициясыз және прокурорсыз-ақ билер атқарған. Олар шығарған үкімді, тіпті өлім жазасын халықтың өзі орындап отырған. Сол жүйе арқасында қазақ халқы тілін де, ділін де, бет-бейнесін де сақтап қалды. Билер сотының негізгі мақсаты дауласып келген жақтарды татуластырып шығарып салу десек, қазақтар өлім жазасының орнына азаматының құнын төлету арқылы мәселені шешіп келген. Татуластырушы судья қазіргі кезде Ресейде де, АҚШ-тың көптеген штаттарында да бар. Олардың негізгі мақсаты – ұсақ-түйек үшін адамды жазаға тартпай, дауласып келген жақтарды бітімгерлікке шақыру.

Сонымен қатар, әр жұмыс тобының ұсыныстары да жеткілікті екендігін айтқым келеді. Ғ.Қалиевтің Парламенттің өкілеттігін арттыру жөніндегі, Д.Назарбаеваның саяси партиялардың болашақ демократиялық қоғамдағы орны мен Парламент депутаттарының саны жөніндегі қызықты пікірлері қызу талқыға түсіп жатыр. Әсіресе, Дариға Нұрсұлтанқызының депутаттардың 50 пайызын мажоритарлық, ал қалған жартысын партиялық тізіммен сайлау жөніндегі ұсынысы әріптесі Ә.Бәйменов тарапынан қолдау тапты. Менің ойымша, біз ақыры демократиялық қоғамды тандаған екенбіз, соған неге ертерек жетуге қимылдамасқа. Яғни, төменгі палата депутаттарын толық партиялық тізіммен сайлағанмыз жөн. Демократияның нағыз қайнап жататын жері осы Мәжіліс. Сол жерде барлық ойлар айтылуы тиіс. Партиялық тізіммен сайланғандар нағыз шешен, тәжірибелі, білікті саясаткер болғаны керек. Олар көбінесе партияларда пісіп-жетіледі емес пе. Ондай са-

яси құрылымдарда мүшелікте жоқтардың құқы аяқасты болады ғой деушілер табылады. Егер мәселе осылай төтесінен қойылар болса, онда бізде Сенат бар. Онда аймақтық, ұлттық және өзге де мәселелерді қозғайтын өкілдер отырады.

Соңғы кезде Елбасы Қазақстан халықтары Ассамблеясы өз өкілдерін Сенатқа жіберіп тұрса деген жақсы бір ұсыныс айтып жүр. Алты жылда аталған қоғамдық институт өзінің өкілдерін Сенатқа жіберіп тұратын болса, біраз мәселе шешілген болар еді. Олардың арасында білімді де біліктісі болып жатса, Президенттің жеті адамдық тізімін ұлғайту қажет. Осы жерде Мәжілісті пропорционалдық жүйеге көшіретін болсақ, онда ұлттық бөліну, қалтамен депутаттықты жеңіп (сатып) алу, не болмаса руға, жер-жерге бөліну сияқты теріс қылықтардан толық арылар едік. Онда тек партия ғана өзінің жұмысы арқылы, дайындаған бағдарламасымен халыққа қажеттігін дәлелдер еді. Сонда ғана нағыз демократияға аяқ басатын боламыз. Менің осындай ұсынысымды отырыс барысында қолдаған О.Сүлейменов пен И.Рогов қана болды. Енді қазір қолдаушылар қатары біртіндеп артып келе жатқан сияқты. Бір адамның ыңғайында кетіп жатпағанымызды, әрбір ұсыныс осылайша таласпен өтетінін осыдан-ақ көруге болады.

- Егер депутаттарды партиялық тізіммен сайлайтын болсақ, онда парламенттік басқару жүйесіне ауысып кетпейміз бе?

- Жо-жоқ. Парламенттік басқару жүйесіне ауыспаймыз. АҚШ-тың өзінде президенттік билік екенін ұмытпайық. Оларда тек сайлау ғана партиялық тізім арқылы жүзеге асады. Оның президенттік билікке еш нұқсаны болып көрген емес. Біздің ойланатын жеріміз де осы. Саяси партияларымыздың деңгейі,

құрылымы қаншалықты жетілген дей аламыз. Өзімнің байқағаным, соңғы парламенттік сайлауда күштердің бірігуі, одан кейінгі президенттік науқанда центристік партиялардың коалиция құруы, ал оппозициялық саяси құрылымдардың бірлесе қимылдауы олардың айтарлықтай өскендігін көрсетті. Бізде неге анау айтқандай оппозиция жоқ. Олар да билікпен бірге мемлекеттің, халықтың қамын ойласа. Тек билікте отырғандарды сынап қана қоймай, халықтың әлауқатын жақсартатын жақсы бағдарламалармен бірге сайлауға түссе...

Уақыт төрт биліктік партия қосылуының дұрыстығын дәлелдеп берді. Меніңше, оппозиция да солай істеуі тиіс. Көппартиялық сақтала отырып, кейбір партиялардың айналасына өзгелерінің шоғырлануына халықтың өзі ықыласты болып отыр. Жаңа жылдың алдында «Әділет» партиясы «Ақ жол» демократиялық партиясымен келісім-шартқа қол қойды. Бағдарламаларымыз ұқсас болғандықтан, бір бағытта жұмыс жасауды ұйғардық. Сөйтіп, біздің де партияларымызды күшейтсек деген ойымыз бар.

-Төрт басым күш бірігіп жатқанда, сіздер соларға қарсы әрекет еткендей болған жоқсыздар ма?

-Кейбіреулер оппозиция дегенді жау сияқты көреді. Мысалы, біздің партияның бағдарламасында былай жазылған: «біз билікте де, оппозицияға да қатысты адам құқының заңдылығы сақталуы позициясын ұстанамыз». Тарқатып айтқанда, бұл заңға сәйкес іс-әрекет жасалмаса, билікке де, оппозицияға да қарсы іс-әрекет жасаймыз деген сөз. Бұл жердегі мақсат күйе жағу емес, заң неге қабылданбайды немесе орындалмайды деген тұрғыда өз ойымызды білдіреміз.

-Конституцияның кейбір баптары уақыт көшіне ілесе алмай жатқандығын орынды айтып кеттіңіз.

Ал басты заңның тұрақтылығы жөніне ойыссақ, көбіне Америка мысалға келтіріліп жатады. Ол кездің дамуы мен қазіргі қарқынды салыстыруға болмайтын сияқты. Бұрын «елу жылда ел жаңа» деп жатушы еді, қазір «он бес жылда ел жаңа» деген теңеу айтылып қалып жүр. Осыған орай қазіргі даму қарқынына байланысты Конституцияға өзгерістер енгізу алға тартылып келеді. Ал оппозициялық партиялар мен қозғалыстар жаңа Конституция қабылдау керек дегенді көлденең тартады. Өзгерістер енгізу мен жаңасын қабылдаудың айырмашылығы неде дей аламыз?

-Ата Заңымыздың біраз баптары бүгінгі өмірімізге сәйкес келмейтіні жасырын емес. Тіпті өсіп-өркендеуімізге тұсау болатын кездері де бар. Енді сол баптарды дұрыстамасақ, онда осы кедергі кедергі болып қала бермек. Оның үстіне, жаңағы кедергілерді еңсермесек, сынаушылар қашан да табылады. Сонымен бірге, еліміздің басты заңдық құжатының көптеген баптары әлі жүзеге аспай келеді. Мәселен, Конституцияның 83-бабына сәйкес, Бас прокурор қабылданған заңға да, Президенттің Жарлығына да ең жоғары бақылаушы құрылым ретінде наразылық келтіре алады. Бірақ тарихта бірде-бір рет Бас прокурор мына заң дұрыс емес деп наразылық білдіргені, не болмаса Президенттің Жарлығы дұрыс емес деп айтқан кезі болған емес. Мен Бас прокурор болып тұрған кезімде Елбасына хат жазып, сол арқылы қабылданған шешімнің өзгеруіне қол жеткізгенмін.

Кейбір халық қалаулылары Парламент пен оның депутаттарының беделі жоқ дегенді жиі көтереді. Үкімет басшысы түгіл министрлерге де шамамыз келмейді деп жатады. Шынтуайтында олай емес. Конституция бойынша әрбір палата үштен екі дауыспен кез

келген Үкімет мүшесін жұмыстан алу жөнінде (отставка) Елбасының алдына ұсыныс қоя алады. Көпшілік дауыспен дейтін болсақ, онда әркім білгенін істейді ғой. Сондықтан да Конституцияда әдейі осындай тежемелі тетік енгізілген. Осындай жәйт бірде-бір рет бізде болды ма? Болған жоқ. Депутаттар министрлерді кез келген уақытта шақырып, жауап алады, бірақ аталған мәселені әзірше ешкім көтеріп көрген емес. Олай болса, Ата Заңымыз өзінің әлеуетін толық сарқып болды деп тағы айта алмаймыз. Ал жетпей жатқан тұстарды басқа заңдармен-ақ жүзеге асыруға болады. Мысалы, Елбасы өзінің Жарлығымен Конституция бабына сәйкес Парламент комитеттерінің құзырын көтерді. Сөйтіп, салалық комитеттерде әлеуметтік-экономикалық блокқа жататын министрлердің кандидатуралары талқыланатын болды. Осылайша Конституцияның кейбір баптарының аяғымызға тұсау болуы, ал кейбірінің әлі де толық қолданылмай жатуы тиісті тетіктердің қарастырылмауынан да шығар. Осы тұрғыдан келгенде, жаңа конституция қабылдау керек деген мүлде дұрыс емес. Халықаралық қоғамдастық мойындап отырған жетістіктеріміз, соның ішінде экономикалық даму қарқыны осы Ата Заңымыздың арқасы екенін ұмытпауымыз керек. Бүкіл жетістікке Конституция жеткізді десек, мұның бәрі басты заңдық құжат жағдай туғызып отырған мықты президенттік биліктің арқасында мүмкін болды.

Америкалық президенттік билікті салыстырып қарайтын болсақ, олардікі біздегіден мүлде басқаша. Ол жақта президент атқарушы биліктің тікелей басшысы. Біздегі Үкімет басшысы сияқты ғой. Бізде Мемлекет басшысы үш биліктің (заң шығарушы, атқарушы және сот) үстінде тұрған төбе би сияқты. Президенттік билік осылайша өзінің теңгермелі-тежемелік тетігі арқылы

әрқайсысының керек уақытында орнына қоя алады. Соның арқасында қоғамда тұрақтылық сақталып отыр.

-Қоғам ілгері дами береді десек, оны демократияландыру мәселесі бәрібір күн тәртібінен түспек емес. Осы орайда не істеуіміз керек, Мемлекеттік комиссия жұмысын жалғастыра ма, жоқ осымен өз қызметін аяқтай ма?

-Егер конституциялық өзгерістер жасау арқылы қоғамымызды демократияландыру мәселесі жақын арада шешілетін болса, онда Президент конституциялық комиссия құрады да Мемлекеттік комиссияның жасаған ұсыныстарын іс жүзіне асыру үшін Ата заңға өзгерістер енгізуді қарастыратын болады. Ол конституциялық комиссия немесе жұмыс тобы деп атала ма, әйтеуір сондай құрылым міндетті түрде болатын сияқты. Мемлекеттік комиссия халықтың пікірін жинақтап, ұсыныстарды Мемлекет басшысына жеткізу үшін құрылған. Бірақ саяси шешімді қабылдайтын Елбасының өзі. Өйткені, халықтың алдында жауап беретін де өзі. Менің ойымша, Конституцияға үлкен өзгерістердің қажеті жоқ. Жетпей тұрған тұстарын жаңа заң қабылдау арқылы Конституция негізінде реттеуге болады. Жалпы, ел Конституциясының 1-бабында Қазақстанның демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық, азаматтық қоғам құруға ұмтылыс танытатыны айқындалған. Яғни, біз осындай қоғам құру үстіндеміз. Бұл еліміздің басты заңдық құжатында демократияның барлық халықаралық стандарттары белгіленген. Олжас Сүлейменовтың «Демократиялық қоғамда өмір сүре білу керек» деген сөзі бар еді, ал біз соған қадам жасау үстіндегі мемлекетпіз.

Кейбір саясаткерлер елімізге парламенттік билік керек дегенді де айтып қалып жүр. Біз ондай

басқару жүйесінен өтіп кеттік. Екі жылда заңдар өте аз қабылданғаны белгілі. Қалған уақыт дау-дамаймен өтті. Сондықтан президенттік билік сақталуы тиіс. Ал бірақ Парламентке атқарушы билікті жауапкершілікке тарта алатын тетіктер қажет екені де даусыз. Сөздің шыны керек, қазір әкімдердің өзі би, өзі қожа болып алғалы қашан. Сол үшін жергілікті мәслихаттың да құзырын кеңейтіп, бұл мәселені оң шешкен ләзім. Президент әкімді тағайындаса, оған жергілікті мәслихат келісімін беретін етіп жасауымыз керек. Облыстық мәслихаттың Президент алдына әкімді орнынан босату туралы мәселе көтере алатын құзыры болғаны жөн. Сонда халықтың алдындағы жауапкершілік артады.

-«Әділет» деп атауы айтып тұрғандай, партияңыздың мүшелері осы әділет саласының қызметкерлері емес пе?

-Партия атауына салсақ, солай көрінуі мүмкін. Конституция және заң бойынша әділет саласының қызметкерлері партияға мүше бола алмайды. Сондықтан негізгі мүшелеріміз заңгерлерден тұрады десем дұрыс болатын шығар. Партия қатарында мұғалімдер, студенттер, басқа салаларда жұмыс істейтіндер де көптеп кездеседі. Қазіргі кезде 60 мыңдай мүшеміз бар.

Сөз реті келгенде айта кететін бір жәйт, кейбіреулер демократияны тырнақ астынан кір іздеуге, орынды, орынсыз сынауға мүмкіндік беретін құрал деп ойлайды. Ондай жөнсіз сын айтудан да біртіндеп арылып келеміз. Демократия дегеніміз заңдылық екенін қалың қауым түсінетін кез жетті.

-Әңгімеңізге рақмет.

* * *

БИЛІК ПАРТИЯСЫМЕН БӘСЕКЕЛЕСУ ҮШІН БІЛІКТІЛІК КЕРЕК

Республикамызға танымал қоғам қайраткері, Қазақ гуманитарлық-заңгерлік университетінің ректоры Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаев - өзінің азаматтық және саяси белсенділігімен кеңінен танылып жүрген тұлға. Ол бүгінгі сұхбат барысында газет тілшісінің қойған қоғамымыздағы және мемлекетіміздегі ең бір өткір де көкейкесті мәселелер туралы сұрағына ешбір бүкпесіз сындарлы жауап берді. Осы әңгіме барысында біз бұл саясаткердің шын мәнінде біліміне біліктілігі сай екендігін таныдық. Оған төмендегі салиқалы сұхбат дәлел болса керек.

-Ең алдымен ХХІ ғасырдағы интеллектуалдылықты дамытуға қосқан жеке үлесіңіз үшін сізге еуропалық бизнес ассоциация берген беделді халықаралық Сократ наградасымен Сізді шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіз. Сол сияқты Сіздің Еуропа Ректорлар Клубының мүшесі болып қабылданғаныңызға да қуаныштымыз. Осыдан тұатын алғашқы сұрақ - Сіз үшін бұл оқиғалардың маңызы неде, мұны Қазақстанның әлемдік дамудағы бағаланған беделі деп түсінесіз бе?

-Лтипаттарыңызға рақмет, Қазақстандағы жоғары білім жүйесінің дамуы халықаралық білім саласында болып жатқан процестерден тыс емес. Ол әлемдегі, сол сияқты Еуропадағы жүріп жатқан процестермен тығыз байланыста. Еліміздің жоғары білім жүйесін дүниежүзілік білім сахнасындағы оқиғалармен интеграциялау ұлттық басымдылық болып табылады. Оның басты бағыты Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейін білім жүйесін дамытудың Концепциясымен сәйкестендірілген, 2008 жылы құрамына кіру

жоспарланған Болония процесімен сабақтастырылған. 1997 жылы Қазақстанда халықаралық маңызды құжат - еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты кәсібилікті мойындау туралы Лиссабон конвенциясына қол қойылды және қабылданды.

Еліміздегі білім жүйесін одан әрі жетілдіру үшін Қазақстан республикасында 2005-2010 жылдары білім саласын дамыту жөніндегі арнаулы Мемлекеттік бағдарлама қабылданды.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында кәсіби білікті тұлғаларды қалыптастыру, бәсекеге қабілетті, кәсіби міндеттерді өз еркімен және шығармашылықпен шешетін, өзінің және қоғамның маңызды міндеттеріне біліктілікпен жауап беретін, оның нәтижелеріне жауапкершілікпен қарайтын, білімді де білікті мамандар даярлау мақсатында білім беру саласында тиімді басқару жүйесі қалыптасады. Дүние жүзіндегі жетекші елдердің жоғары білім жүйесіне және жоғары мектеп бітіргеннен кейінгі білім алу саласын дамытуға сараптама жасаған кезде, барынша ең дамыған және мойындалған кадрларды дайындаудың үш сатылы моделі екендігі анықталды. Олар: несиелік оқу жүйесіне негізделген бакалавриат-магистратура-докторантура Ph.D. Бұл модель АҚШ университеттерінде және көптеген Еуропа елдерінде тәжірибеге алынған. Қазақстан бұл моделдің озықтығын түсініп, қазір өзінің жоғары және жоғары оқу орындарын бітірген кадрлардың біліктілігін арттыру саласын да тәжірибе жүзінде қолдана бастады.

Қазір бізде оқу процесінің дәстүрлі әдістерімен қатар, білім алушыларды белсенді жеке жұмысқа ынталандыратын, білім алу әдістерін жеке таңдай алатын бакалаврларға, магистранттарға және докторанттарға үлкен дәрежедегі академиялық еркіндік беретін оқу бітіру куәлігінің әлемдік білім саласында мойындалуын

қамтамасыз ететін несиелік оқу жүйесі тәжірибеге енгізілген.

Ал Еуропа Ректорлар Клубына қабылдануымды мен халықаралық қауымдастықтың Қазақстанды тең дәрежелі әріптес деп мойындағаны деп білемін. Сөзсіз, бұл Қазақстандық жоғары оқу орындарының, оның ішінде біздің жоғары мектептің халықаралық білім беру жүйесіне интеграциялануы үшін жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар ашады.

-Жоғарыда айтылған Сіздің өміріңіздегі игі жағдайлар өзіңіз басқаратын университетті халықаралық дәрежеде танытуға және байланыс бағытын нығайтуға жаңа мүмкіндіктер аша ма? Бүгінде Республикамызда білікті заңгер мамандарын даярлау мүмкіндігі қандай, даярланған кадрлар еуропалық мемлекеттерде беделді ме? Оларды даярлауда халықаралық байланыстардың көмегі қай деңгейде?

-Тәуелсіз Қазақстан құқықтық және демократиялық мемлекет қалыптастыру жолына түскен кезде, жаңа формациядағы заңгер кадрлар даярлайтын жоғары оқу орындарына деген сұраныс артты. Осындай ЖОО өмірге келді. Қазақ гуманитарлық-заңгерлік университеті (ҚазГЗУ) Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен өмірге келгенін заңды түрде мақтан тұтады. Ашылғанына көп болмаса да бұл оқу орны өзінің жоғары дәрежесін дәлелдеп берді.

ҚазГЗУ бастапқыда тек қана заңгерлер дайындайтын оқу орны ретінде қалыптасты. Мұнда Республикамыздың ең үздік заңгер кадрлары шоғырланды. ЖОО-да бай құқықтық әдебиеттер қоры топтасты. Университет жалпы және арнаулы заң пәндерін оқытуда өзіндік әдістемесі мен құрылымын қалыптастырды. Мемлекеттік және құқықтық қорғау органдарымен тығыз байла-

ныс қалыптасты. Бұл мекемелерде студенттер тәжірибе сынақтарынан өтті. Біздің заңгер кадрлар даярлаудағы қызметіміздің жоғары дәрежесіне жыл сайын мемлекет тарапынан өткізілетін бақылауда Қазақ гуманитарлық-заңгерлік университетінің «заң ғылымы» мамандарын даярлау бойынша тұрақты түрде Республикамызда бірінші орын алып келе жатқандығы дәлел.

Сонымен бірге, соңғы жылдары біздің университетіміз заңгерлік емес мамандықтар бойынша да кадрлар дайындауға бет бұрды. Олардың ішінде: экономика, қаржы, есеп және аудит, маркетинг, менеджмент, аударма жұмысы, шет тілдері, әлеуметтану, психология, әлеуметтік жұмыс факультеттерін атауға болады. Ерекше атап көрсететін бір жайт, бұл мамандықтар мақсатты түрде заңгерлік ғылымымен сабақтаса жүргізіледі.

Студенттердің белсенді жеке жұмысын қамтамасыз ету соңғы жылдары несиелік технологиялық оқыту жүйесі аясында жаңа бағдарламалық тұрғыда жүргізіледі. ҚазГЗУ республикамызда алғашқылардың бірі болып 2003 жылы несиелік жүйеге көшкен ЖОО болып табылады. Ең бастысы – ұжым осы бір жаңалықты өмірге енгізіп, студенттердің шығрмашылық қуатын жетілдіруге, олардың өз еркімен және тиімді түрде кәсіби білімі мен біліктілігін нығайтуға деген талпынысын арттыратындығын түсініп, бастамашылық жасады. Бүгінгі таңдағы басты жетістігіміз шетелдік ЖОО-мен серіктестік байланыс жасауды дамыту болып отыр. Біздің университетіміздің халықаралық ЖОО-лармен байланыс ауқымы өте кең. Мәселен, Лондон университеті, халықаралық Каталония, Нагой, Армстронг атлантикалық мемлекеттік университеттері, Бремен, Гент университеттерін және басқа көптеген ЖОО-ын атауға болады. 2004 жылғы 24 маусымда Женевада (Швейцария) «Іскерлік тәжірибедегі жоғары

сапа» атты форум өтіп, Бизнес және басқару жоғарғы институтының сараптау кеңесінің шешімімен ҚазГЗУ озық іскерлік біліктілігі үшін Алтын медальға ие болды. Бүгінгі таңда ҚазГЗУ Университеттердің Ұлы Хартиясына кіру жолындағы дайындық жұмыстарын жүргізуде. Бұл мақсатымыз ойдағыдай орындалады деп сенеміз, себебі, Қазақстандағы 8 университет Еуропадағы ең беделді академиялық форумның толыққанды мүшесі болып табылады.

Күні кеше мен Лондонның Метрополитен университетінің делегациясымен кездестім. Онда магистрларды бірігіп даярлау мәселесі сөз болды. Бұл менің Еуропа Ректорлар Клубының мүшесі ретіндегі алғашқы кездесуім еді.

-Сіз «Әділет» Демократиялық партиясының төрағасы болып табыласыз. Демократияландыру және реформа жөніндегі ұлттық комиссияның жұмысына белсене қатынасасыз. Сіздің саясат және сот реформасы жөніндегі көптеген ойларыңыз бен тұжырымдарыңыз БАҚ-тарда дәйектемеге алынып жүр. Осыған орай, ойларыңыздың негізгілерін тұжырымдап берсеңіз.

-Біқыласыңыз үшін рақмет. Мемлекеттік комиссияның қызметі БАҚ-тарда мәселен, «Адам және заң» газетінде кеңінен насихатталуда. Сондықтан мен жарық көрген мәселелерді қайталап жатқым келмейді. Алайда өзекті мәселелерге тоқталған артық болмас.

Жұмыс тобына түскен ұсыныстарды біз екі топқа бөлдік. Бұл – біріншіден Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен қосымшалар енгізуді қажет етпейтін ұсыныстар және Конституцияға өзгерістер мен қосымшаларды қажет ететін ұсыныстар. Біздің ойымызша бірқатар демократиялық қайта құрулар қолданылып отырған ата заңның қуатын толығымен пай-

далана отырып, жүзеге асыруға болады. Өз кезегінде біз ұсыныстардың бұл екі тобын тағы да үш бөлікке бөлдік. Олар: сот жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар, құқық қорғау органдарының және адвокаттар қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар және азаматтардың құқығы мен еркіндігін нығайту, адамдардың саяси еркіндігі және азаматтығы туралы халықаралық пактіні имплементациялау жөніндегі ұсыныстар.

Сот жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар туралы айтқанда мына мәселелерді атап өту керек. Аудандық сот төрағаларын әрбір екі жылда ротациядан өткізу. Ауыс-түйіс сот қызметінде көп жылғы еңбек өтілі бар білікті адамдармен автоматты түрде жүзеге асырылуы керек. Бұл сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Сол сияқты оларға Конституциялық Кеңеске жолданатын шағымдарға қол қою құқығын беру, соттардың еңбекақысын өсіру, оларды дер кезінде тұрғын үймен қамтамасыз ету, отставкадағы соттармен бірге зейнет артықшылығын қамтамасыз етуді жақсарту, кәсібиленген әділет алқасының функцияларын Жоғарғы соттық кеңеске беру сияқты шараларды жүзеге асыруда сот тәуелсіздігіне игі ықпал етпек.

Құқық қорғау органдарының және адвокаттар қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар және азаматтардың құқығы мен еркіндігін нығайту, адамдардың және азаматтардың саяси еркіндігі және азаматтығы туралы халықаралық пактіні имплементациялау жөніндегі ұсыныстар жүйесі бойынша да Жұмысшы тобы тиімді де ықпалды шаралар жүйесін белгілеп, ұсыныстар енгізді.

Біздің жұмысшы тобымыз өзінің құрамына көрнекті қоғам және саяси қайраткерлерді, саяси партиялардың өкілдерін, мемлекеттік қызметкерлерді және заңгер ғалымдарды топтастырған. Сондықтан жұмыс тобы жа-

сап шығарған ұсыныстар ұжымдық еңбектің нәтижесі болып саналады.

-Сіздің ойыңызша, жақын арадағы екі жыл ішінде партиялық құрылыс қандай жолмен дамуы мүмкін?

-Таяудағы екі жыл ішінде біздің еліміздегі жергілікті (2007 жыл) және орталық (2008 жыл) өкілеттік органдарға сайлау өтеді. Сондықтан барлық саяси күштер дәстүрлі түрде жұмыс белсенділігін арттырады. Ол ол ма, бірқатар саяси партиялар біріккеннен кейін еліміздің саяси сахнасында үш «ағым» айқын анықтала бастағандай. Бірінші – бұл билік партиясы, екінші – радикалды оппозиция және үшінші – осылардың ортасындағы орталық ұғымдағы саяси күш. Соңғы саяси күштің ерекшелігі – ол билікпен ешқандай байланыста болмағандықтан атқарушы билікті еркін сынай алады. Сол сияқты радикалдық оппозицияның шектен тыс асуына да тежеу болады. Саясат сахнасына біріккен «Нұр-Отан» партиясының шығуына байланысты тағы да топтасқан жаңа саяси күштердің (партия, қоғамдық бірлестіктер, одақтар және блоктар) өмірге келуі әбден мүмкін. Оған өткен жылдың соңында «Әділет» демократиялық партиясы мен Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы арасындағы ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылуы айқын дәлел бола алады.

-Әр түрлі саяси көзқарастардың оң мақсаттағы саяси күш және оппозициялық күштерге бөлініп, қысқаруы қоғамдық және мемлекеттік өмірге жаңалықтар әкелуі мүмкін бе?

-Әрине, саяси партиялардың бірігуі басқа саяси күштердің қызметі үшін бос кеңістік ашады. Сонымен бірге, менің ойымша, оппозициялық және басқа саяси күштерді іріленуге және бірігуге итермелейді. Алайда, билік партиясымен бәсекеге түсу үшін билік-

тілік, бірізділік және үлкен күш-жігер қажет екендігін естен шығармаған жөн. Бұл еліміздегі «саяси ахуалды» сауықтыруға жол ашатындығы заңдылық. Бұл саяси партиялардың рөлін күшейтеді. Өкілетті органдардың бақылау функциясының өсуіне және жергілікті органдардың рөлінің артуына оң ықпал етеді.

Парламент құрылымы мәселесіне келетін болсақ, менің ойымша, Мәжілістің пропорционалдық жүйе бойынша, яғни, партиялық тізім бойынша сайланғаны жөн. Тек осындай жолмен ғана біз еліміздегі партиялық құрылыстың қалыптасуын жеделдетеміз және ұлттық, рулық және басқа сипаттар бойынша сайлауға түсуге тосқауыл қоямыз.

-Сөзімізді түйіндей келе сізден тағы бір мәселені білгіміз келеді: соңғы жылдары Сіз мемлекеттік қызметтен кетуіңізге байланысты көптеген маңызды мемлекеттік істерден сырт қалған сияқтысыз. Қайтадан билік Олимпіне шығуға талпынбайтын да көрінесіз...

-Сұрағыңызға рақмет. Қанша тосын болып көрінсе де мен мемлекеттік істен сырт қалдым деп ойламаймын. Соңғы жеті жыл бойы еліміздегі ең беделді оқу орнының ректорымын, ал өскелең ұрпақты тәрбиелеу ең маңызды мемлекеттік іс екендігі белгілі. Сонымен бірге мен Жоғарғы Сот кеңесінің, ҚР Президенті жанындағы адам құқығы жөніндегі Комиссияның, Ұлттық кеңестің, Мемлекет басшысы жанындағы құқықтық саясат жөніндегі Кеңестің мүшесімін және «Әділет» Демократиялық партиясының жетекшісімін. Ең бастысы мемлекеттік қызметтен «тыс» жүру маған саяси және азаматтық көзқарасымды таңдауда еркіндік береді. Мен үшін ешқашан «кіші» және «үлкен», «елеусіз» және «құрметті» лауазымдар болып көрген емес. Егер адам өз жұмысын сүйе білсе, сонымен бірге өз

мамандығының шебері болса, қандай қызметте болса да, өзіне жақындары мен туыстарына, мемлекет пен қоғамға мейлінше үлкен пайда әкелмек.

-Әңгімеңізге рақмет!

* * *

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ІРГЕТАСЫ ЗАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕУ, ЗАҢДЫ САҚТАУ МЕН ЗАҢҒА БАҒЫНУДА ЖАТЫР

-Мақсұт Сұлтанұлы, сонау жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы мемлекеттік қызметінен кейін, енді міне, жетінші жыл, сіз, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры болып еңбек етіп жатырсыз. Алайда сізге «мемлекеттік қызметтен сырт қалдым» деген ой келмей ме?

-Бұдан құпия іздеудің қажеті жоқ. 1996 жылдың маусымы мен 2000 жылдың шілде айына дейінгі аралықтағы менің Жоғарғы сот төрағасы болып жүрген кезімдегі қызметтің жай-жағдайы бір басқа да, Елбасымыздың тікелей атсалысуымен өмірге келген оқу орнының ректоры болудың айырымы, жасыратыны жоқ, айтарлықтай.

Дегенмен мен үшін жұмыстың «кішісі» мен «үлкені», «елеулісі» мен «елеусізі» болған емес. Ал адамның зауқы соғып, көңілі қалап тұрса, қандай қызмет атқарып жүрсе де, өзіне де, өзгеге де, туғандары мен туыстарына да, мемлекет пен қоғамға да үлкен пайда келтіре алатындай істермен шұғылдануы керек. Мен қазір еліміздегі ең ірі һәм ірігелі оқу орындарының бірі – Қазақ гуманитарлық-заң университетіне басшылық етемін. Ал егеменді, тәуелсіз еліміздің болашағы болып саналатын – жасөспірім жастарды кемелдеріне келтіре кәметтендіріп, бүгінгі күннің талабына сай сапалы біліммен салауаттандырып шығару – мемлекеттік ең үлкен мәселелердің бірі.

Осымен қатар мен «Әділет» демократиялық партиясының теңтөрағасымын. Жоғарғы сот Кеңесінің, ҚР Президенті жанындағы адам құқығы комиссиясының, құқықтық саясат Кеңесінің, ұлттық Кеңесінің мемлекеттік комиссиясының мүшесімін.

-Сіз ұлттық және мемлекеттік комиссиялардың құрамында жүріп, заң мен құқық саласын реформалауға қатысты біраз ұсыныстар айттыңыз-ау осы.

-Жалпы, демократия және демократияландыру деген не? «Демократия» латын тілінен аударғанда – халық билігі екендігі баршаға түсінікті. Халық билігі қашан да өздерінің сенген өкілдері арқылы жүзеге асып отырады. Яғни халық сайлаған депутаттар арқылы. Олар Парламентіміздің Сенат пен Мәжіліс палаталарында аз жұмыс істеп жатқан жоқ. Халық қажетсінген, қоғамға аса қажетті керекті заң жобаларын жасап, оларды талқылап, өзгертіп, толықтырып, бекіттіріп, тынбай қызмет атқаруда. Демек, шаңырағын көтеріп, отауын тіккеніне 15 жыл ғана болған құқықтық мемлекетіміздің іргетасы заңды құрметтеу, заңды сақтау мен заңға бағынуда жатыр. Мұндағы ескеретін басты нәрсе – қабылданған заңды әрбір азаматтың, біріншіден – білулері шарт, екіншіден – оны бұзбай, бұлжытпай орындаулары тиіс. «Демократия тек заңдылық қатаң сақталатын жерде ғана дамиды» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев күні кеше ғана жариялаған Қазақстан халқына Жолдауында айтып өтті.

Осы ретте мен бұл тұжырымды өзім негізін қалап, теңтөрағаларының бірі болып отырған «Әділет» демократиялық партиясының түп қазығы саналатын, 2002 жылдың ақпан айында өмірге келген «Құқықтық Қазақстан үшін» қозғалысының тұғырнамасында баса көрсетілгендігін де еске түсіре кеткім келеді. Бір

сөзбен айтқанда, қашан да болмасын, Алтын заңымыз – Конституциямызды алға тартып, оның әрбір бап, әрбір тармақтарын алдымен әрқайсымыз өзіміз біліп, орындап, сонан соң барып, оны өзгелерден талап етіп отырсақ, демократиямыздың нығая беретіндігі күмәнсіз дер едім.

Өткен жылдың соңына таман біздің Мемкомиссиядағы жұмысшы тобының алдында: «ҚР Конституциясы өзгертулер мен толықтыруларды қажет етпейді» және «Өзгертулер мен толықтыруларды қажет етеді» деген екі ұдай ұсыныс тұрды. Біріміздің ойымызша, демократияның өрістей түсуіне негізгі заңымыздың әлеуетін шамалы редакцияласақ та жеткілікті болатын. Екіншілердің пікірінше, олаздықетті. Бүлекі ұсыныстың жақтаушылары өз іштерінен тағы бөлініп, өз кезегінде: сот жүйесін, құқық қорғау органдары мен адвокаттық қызметкерді жетілдіру және адамдар мен азаматтардың азаматтық және саяси құқықтары туралы Халықаралық келісім негізінде адамдар мен азаматтардың құқықтары және бостандықтарын нығайту сияқты топтар болып үшке бөлінді.

Сот жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныс бойынша мыналарды атап өткеніміз жөн: аудандық сот төрағаларын әрбір екі жыл сайын ауыстырып отыру ұсынылды. Судьялық қызметке жеткілікті жұмыс өтілімен келу сот жүйесінің тәуелсіздігін айтарлықтай нығайтары сөзсіз делінді. Судьялар мәртебесін көтеру мақсатында Конституциялық Кеңеске арналатын хатқа тиісті іс бойынша сот жұмысына төрағалық етіп отырған судьяның қол қоюына құқық беріп, алдын ала тергеу және үкімнің орындалу кезеңдеріндегі соттық бақылаудың ауқымын кеңейтіп, оларға уақтысында баспана беру, зейнетақымен қамтамасыз етуді жақсарту, бір сөзбен айтқанда отставкадағы судьяларды қосқанда

олардың құқықтық және әлеуметтік жағдайларына кепілдіктер беруді одан ары жүргізе беру керектігін көтергенбіз. Сонымен қатар Әділет басқармасындағы Біліктілік алқасы міндетін Жоғарғы сот Кеңесіне өткізуді мәселе етіп қойғанбыз.

Ал құқық қорғау органдары мен адвокаттық қызметтерді жетілдіру жөніндегі жұмысшы тобының ұсыныстарынан мыналарға тоқталдық: өз мекемесіндегі қызметкердің қылмысты ісін тергеу тәжірибесін жойған жөн, ұйымдасқан топтар жасайтын экономикалық және сыбайласқан қылмыстарды, оның ішінде экстремистік және ланкестіктерді, сондай-ақ есірткі айналымымен байланысқан қылмыстарды ашуға маманданған қызметтерге шектеу қою дұрыс емес деп таптық. Сонымен қатар қылмыстың алдын алу жұмыстарын атқаратын, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқық бұзушылық істерін қарайтын мамандандырылған соттарды ерекшелеп, ювеналдық әділет мекемесін құруды қозғадық. Сондай-ақ айтылған азаматтармен жұмыс істеу үшін тергеу мен прокуратура жүйесіндегі арнайы дайындықтардан өткен адамдары бар тиісті бөлімшелерді қалдырып, адам саудасы секілді ұлтаралық ұйымдасқан қылмыстардың алдын алып және оларды табу жөніндегі Ішкі істер органдарында да арнайы бөлімшелерді құру, қылмысты істі қарау кезінде куәгерлер мен басқа да қатысушыларды қорғау шараларын қамтамасыз ететін қызметтер түрін қарастырып, олардың мүлтіксіз жұмыс істеулерін «Қылмысты істі қарауға қатысатын барша адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР Заңын іске асыру бойынша үкіметтік бағдарлама жасап, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін арттыру, қызмет орны бойынша қызметтік баспана беру, мемлекеттің есебінен медициналық көмектермен

қамтамасыз ету және тағы басқа мәселелерді алға қойдық. Болашақта біртұтас соттық тергеу өтерліктей алдын ала тергеу мен анықталудың қарапайым тәртібін, сондай-ақ қылмыстық атқару жүйеге сынақ қызметін ендіру, бұл жүйедегі ізгілікті күшейтіп, сотталғандар үшін мемлекеттік бюджетке салмақтар түсірмеу, бас бостандығынан айыратын жазалау шараларының баламасын табу, адвокаттық қызметті лицензиялау тәртібін жеңілдету, қылмысты сот ісін жүргізу аясында екі жақтың реалды тең құқықтарын қамтамасыз ету, дәлелдер мен құжаттар бойынша адвокаттар құқықтарының құқықтық негіздерін жасау, қылмыстық процестің барлық кезеңінде азаматтардың өздерін қорғау үшін жеткілікті заң көмегін алуларына жағдай тудыру және оған прокуратураның қатысуын міндеттеп, муниципалды адвокатура құру қажет деп таптық.

Адамдар мен азаматтардың азаматтық және саяси құқықтары туралы Халықаралық келісім негізінде олардың бостандықтары мен құқықтарын нығайту жөнінен болған ұсыныстарды былай топтадық: адам құқықтары жөнінен жарияланған Халықаралық келісімдер бойынша мемлекеттің Тұжырымдамасын жасау, Заңнамалардың, әсіресе адамдардың бостандықтары мен құқықтарын қуайтын ведомстволық нормативтік актілердің кеңінен жариялануын қамтамасыз ету, сотқа дейінгі рәсімдерді жеңілдету, қосымша тексеру институттарын реформалап, өлім жазасын алып тастау мәселелері де күн тәртібіне қойылды.

Біздің жұмысшы тобымыз өз құрамына көрнекті қоғам және саяси қайраткерлерді, саяси партиялардың өкілдерін, мемлекеттік қызметкерлер мен оқымыстық-құқықтанушыларды тартып отыр. Сондықтан да біз дайындаған ұсыныстар біліктілік пен ғылымға сүйенген іргелі ұжымдық еңбек болып өмірге келіп жатыр.

-Елбасымыз күні кеше Қазақстан халқына жариялаған Жолдауында «Реформалаудың аса маңызды бағыттарының бірі – сот –құқық жүйесін жетілдіру болады» - деді, ал жұмысшы тобының бұл салаға қосқан үлестері қандай?

-Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзінде үлкен негіз бар. Бұл саладағы реформалық ұсыныстардың жүзеге асып жатқандары қазірдің өзінде ел өмірінде байқалып жатыр. Атап айтқанда, үстіміздегі жылы сот жүйесі саласында тұңғыш рет алқа билер соты ресмилендіріліп, ол Солтүстік Қазақстан облысының сот өндірісінде тұсауын кесті. Бұл енді республикамыз бойынша кең өріс алғалы тұр. Былайша айтқанда, мемлекетіміздің ішкі өндірістерде қалыптасып келе жатқан азаматтық қоғамымыздың жетілдірулері мен жаңғырта жаңартулары үзіліссіз жүргізілуде. Айталық, тұтқындауға құзырлықты бұдан былай прокуратура емес, соттар қолдарына алатын болып отыр. Амандық болса, біз біртіндеп осы заманғы ашық тұрпатты сот өндірісіне біржолата көшетін боламыз. Бұл біздің төңкерістік жолмен емес, эволюциялық жолмен, яғни қоғамдағы демократияны біртіндеп, сатылап дамыту тәсілімен бара жатқандығымызды байқатады.

Бүгінгі өмір барысындағы мысалдарға қарап-ақ, құқықтық тетіктерге қол жеткізудің толыққанды демократия орнату үшін аздық ететіндігі көрер көзге сезіліп отыр. Демек, демократия алдымен анархияға, одан соң зұлымдыққа айналып кетпес үшін, біздің азаматтық қоғамымыз демократия заңдары бойынша өмір сүруге дайын болуы тиіс. Яғни демократиялық қоғамның ең басты қағидаты – заң құдіретін, заңның күшін жете мойындау болып табылады. Ағымыздан жарылсақ, осы қағидатты біздің қоғамымыз қазір кінәратсыз сақтап отыр ма? Қауіпсіздік Кеңесінің соңғы мәжілісіндегі

мәліметтерге жүгінетін болсақ, қарапайым халықты былай қойғанда, әуелі мемлекеттік құрылым өкілдерінің біраз бөлігі заң бұзушылыққа барып отырғандарына көз жеткіздік. Біз сол себепті де өзін 15 жыл ішінде әбден ақтап отырған президенттік ел басқару жүйесінің әлі талай жылға қажет болатындығына күмән келтірмедік.

Ел басқарудың осы жүйесінің арқасында біздің елімізде саяси тұрақтылық сақталып, экономика саласы секілді, әлеуметтік саяси бағытта да талас тудырмастай табыстарға қол жетіп отыр. Алайда, заман ағысында тоқтау жоқ. Дүниеде өзгермейтін ештеңе жоқ, бәрі де жаңаланады, жақсарады, ауысады. Соған орай, ел-жұрттың саяси сауаттылығы артады. Бұл – президенттік өкімет өз билігінің біразын Парламентке өткізу арқылы біртіндеп ырықтандырылуға түседі деген сөз.

Былайша айтқанда, демократияландыру мен жаңғырта жаңарту жоғарғы өкілді органның өкілеттілігін жай ғана кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар Конституциялық Кеңестің, Орталық Сайлау комиссиясының, Есеп Комитетінің және Үкіметтің жұмысын шынайы қоғамдық бақылауда ұстауға мүмкіндік береді. Бірақ парламент депутаттары дәл қазіргідей өз өкілеттіліктерін пайдаланбаса, одан келер ешқандай пайда болмайды. Мәселен, Парламент депутаттарының үштің екі бөлігіндей дауыспен Президент алдына Үкімет мүшелерінің бірін орындарынан алу жөнінен мәселе қойған бірде-бір оқиға болған жоқ. Ал Конституция бойынша олардың әрекет етерліктей өкілеттіліктері бар.

-Президент Парламент депутаттарын сайлау жөнінен мажоритарлық және пропорциональды жүйелердің бірін таңдауды ұсынды. Сіз қалай ойлайсыз, осы екі жүйенің бірін ғана таңдау заң шығарушы органдардың жұмысында, сондай-ақ

еліміздің саяси өмірінде партия рөлін жоғарылата ала ма?

-Егер Парламент Мәжілісінің қалыптасуын назарға алар болсақ, біздің «Әділет» демократиялық партиясы төменгі палатаның депутаттарын сайлауды пропорционалды жүйе бойынша жүргізуді қолдайды. Біздің еліміз өз мемлекеттілігін қалыптастырудың ұзақ та ұзын жолының басында тұр. Біздің демократиялық, құқықтық мемлекет құруды таңдағанмыз анық. Оған ешкім де күмәнданбайды. Бүгінгі күнге әлемдегі барлық ел біркелкі демократиялық мемлекет аясында өмір сүріп жатқан да жоқ. Алайда әлемдік қауымдастық демократиялық мемлекет қағидаттарын айшықтап қойды. Соның бірі – азаматтардың саяси партияларға бірігуі арқылы жүзеге асарлықтай тәуелсіз, еркін саяси бәсекелестік. Тек осы жолмен ғана халықтың мемлекетті басқару ісіне қатысуына қол жеткізуге болады. Бұл демократияның түпкі мақсаты болып табылады. Партия құрылымы да бізде мемлекетіміз секілді, өзінің бастапқы кезеңінде тұр.

-Неге сіз сайлаудың партиялық тізім бойынша өтуін қолдайсыз?

-Атап айтар болсақ, мажоритарлық жүйе - әлемдегі ең қарабайыр тәсіл. Ол КСРО-дан қалған қалдық. Мажоритарлық сайлау жүйесінің негізгі кемшілігі сол, оның барысында сайлаушылардың көп мөлшердегі дауыстары, кейде 50 пайызы «жоғалады». «50 пайыз қосу бір дауыс» алып, жеңіске жеткен кандидат «50 пайыз алу бір дауысты» құраған сайлаушыларды ескеріп жатпайды. Оларды ол өзінен берілмеген дауыстардың қатарына қосады да қояды. Бұл дұрыс емес. Пропорционалды жүйе мұны болдырмайды. Мұнда көппартиялы жүйенің нығайып, сайлау демократиялығының элементі анық көрінеді.

Біз таңдап отырған жүйе ХХ ғасырдан әлемнің жүздеген елдерінде, ал 1990 жылдан бері көптеген Шығыс Еуропа мемлекеттерінде қолданылуда. Бұл жүйе көпшіліктің де, азшылықтың да мүдделерін ескереді. Пропорционалды жүйеде дауыс жоғалту, азшылықтың пікірін ескермеу, партия тізіміне жасалынатын қалаймақандарды болдырмаудың мықты шаралары қарастырылған.

Біз сондықтан да озық үлгідегі пропорционалды жүйеге, яғни партиялық тізім бойынша сайлауға 100 пайыз – толық көшуді құптап, қуаттаймыз. Тек осындай жол ғана партиялық құрылымның қалыптасуын жеделдетіп, халықтың саяси белсенділігі мен саяси мәдениеттілігін арттырады. Сайып келгенде, ол қоғамды рулық, ұлттық және тағы басқадай белгілері бойынша таңдау «сырқатынан» айықтырады.

-Сіздің ойыңызша, таяудағы екі жыл ішінде партиялық құрылым қандай жолмен дамиды деп ойлайсыз?

-Таяудағы екі жыл жергілікті және орталық өкілдік органдардың электоралды сайлау жылдары болып саналады. Сондықтан да қалыптасқан дәстүр бойынша барлық саяси күштер өз белсенділіктерін барынша көрсетеді. Оның үстіне бірсыпыра саяси партиялардың бірігулеріне байланысты саяси сахнада үш түрлі «топтың» төбелері көріне бастады. Біріншісі – билік партиясы, екіншісі – радикалды оппозиция, үшіншісі – оң центристік саяси күштер. Әсіресе, соңғы саяси күштің сілтемі пәрменді бола ма деп ойлаймын. Өйткені ол алдыңғы атқарушы өкіметті де, радикалды оппозицияны да еркінше сынап тастай алады. Себебі олардың ешқайсыларына тәуелді емес.

Біріккен «Нұр Отанның» өмірге келуіне орай, алдағы уақытта жаңа саяси күштердің (партиялар, қоғамдық бірлестіктердің, одақтар мен блоктардың) пайда болулары да мүмкін. Соның айқын бір мысалы ретінде өткен жылдың соңына таман біздің «Әділет» демократиялық партиясы мен «Ақ жол» демократиялық партияларының ынтымақтастықта болу жөніндегі келісімдерін айтуға болады.

-Мақсұт Сұлтанұлы, өткенде «Саяси партияларды республикалық бюджеттен қаржыландыру туралы» ұсыныс айтылды. Бұған қалай қарайсыз?

-Мен бұған күдікпен қарайтындығымды жасырмаймын. Мұндай тетіктерді жүзеге асыру арқылы саяси партиялардың өздеріне тән бет-бейнелерін жоғалтып алуымыз кәдік. Бұған бірден құлай кетуге болмас. Мен, әрине, үзілді-кесілді қарсы да емеспін, себебі Италия секілді кейбір демократиялық елдерде бұл тетік ешбір кінәратсыз жұмыс істеп те отыр. Алайда ол елде, әсіресе сөз бостандығына, көзқарас бостандығына өкімет те, қоғам да екіжақты құрметпен әрі іждағаттылықпен қарайды. Өйткені онда барлығы да құқықтық негізде жүргізіліп, заң құдіретін мойындаулары жоғары деңгейге жеткен. Ал бізде, ілгеріде айтқанымдай, әлі де болса заң мен заңдылықты бұзушылықтың көріністері көп.

Сондықтан саяси партияларға мемлекет тарапынан материалдық көмек көрсетуді ұсына отырып, қай партияға болмасын, мемлекет жағынан ықпал етпеу жақтарын да құқықтық тұрғыда бекіткен жөн. Бұл біздің елдің нағыз демократиялық жолға түсіп, қоғамымызды жаңғырта жаңартудағы құтты қадамдары болмақ.

ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТА ЖАҢАРТУ

Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры, «Әділет» демократиялық партиясының тең төрағасы, Мемлекеттік комиссияның мүшесі - Нәрікбаев Мақсұт Сұлтанұлымен тілшіміздің тілдесуі.

Тілші: Мақсұт Сұлтанұлы, біз сізді сонау жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы тұғырында танып-біліп, жиі ұшыраса алмай, тілдесе алмай жүруші едік. Енді міне, иншалла, жетінші жыл сіз Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры болып, білім және ғылым саласында еңбек етіп жатырсыз. Бұрынғыдай емес, ұшырасуымыз да, тілдесуіміз де молайды. Мұнда бір заңдылық бар деп ойлайсыз ба?

Жауап: Бұдан құпия іздеудің қажеті не? Демек, 1996 жылдың маусымы мен 2000 жылдың шілде айына дейінгі аралықтағы менің Жоғарғы Сот төрағасы болып жүрген кезімдегі қызметтің жай-жағдайы бір басқа да, Елбасымыздың тікелей атсалысуымен өмірге келген оқу орнының ректоры болудың айырымы, жасыратыны жоқ, айтарлықтай емес пе?

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтен тысқары болған соң, өзімнің саяси және азаматтық көзқарастарымды жұртшылыққа кеңінен білдіріп отыруды орынды ғой деп ұғамын. Жалпы алғанда, мен үшін жұмыстың «кішісі» мен «үлкені», «елеулісі» мен «елеусізі» болған емес. Меніңше, адамның зауқы соғып, көңілі қалап тұрса, қандай қызмет атқарып жүрсе де, өзіне де, өзгеге де, туғандары мен туыстарына да, мемлекет пен қоғамға да үлкен пайда келтіре алатындай істермен шұғылдануы керек. Өзіңіз айтқандай, мен қазір еліміздегі ең ірі һәм іргелі оқу орындарының бірі - Қазақ гуманитарлық-заң университетіне басшылық

етемін. Ал егеменді, тәуелсіз еліміздің болашағы болып саналатын - жасөспірім жастарды кемелдеріне келтіре кәметтендіріп, бүгінгі күннің талабына сай сапалы біліммен салауаттандырып шығару мемлекеттік ең үлкен мәселелердің бірі.

Осымен қатар, мен «Әділет» демократиялық партиясының тең төрағасымын. Жоғарғы Сот Кеңесінің, ҚР Президенті жанындағы адамдар құқығы комиссиясының, құқықтық саясат Кеңесінің, ұлттық Кеңесінің, мемлекеттік комиссиясының мүшесімін.

Тілші: Міне, міне, Мақсұт Сұлтанұлы, келесі қоятын сұраққа өзіңіз таяп барасыз. Біздіңше, ұлттық және мемлекеттік комиссиялардың құрамындағылардың ішінен сіздің шоқтығыңыз да, белсенділігіңіз де ерекше көрінеді де тұрады. Бұл сіздің, сірә, заңдар мен құқықтар саласын терең білетіндігіңізге және тәжірибеніздің молдығына байланысты болса керек. Ендеше демократияландыру мен жаңғырта жаңартудың барысынан айтылар әңгімені өзіңізден естісек.

Жауап: Әңгімені сұрағыңыздың бірінші жартысынан бастайық. Демократия және демократияландыру деген не? Демократияны латын тілінен аударғанда - халық билігі екендігі баршаға түсінікті. Халық билігі қашан да өздерінің сенген өкілдері арқылы жүзеге асып отырады. Яғни, халық сайлаған депутаттар арқылы. Олар Парламентіміздің Сенат пен Мәжіліс палаталарында аз жұмыс істеп жатқан жоқ. Халық қажетсінген, қоғамға аса керекті заң жобаларын жасап, оларды талқылап, өзгертіп, толықтырып, бекіттіріп, тынбай қызмет атқаруда. Демек, шаңырағын көтеріп, отауын тіккеніне 15 жыл ғана болған құқықтық мемлекетіміздің іргетасы - Заңды құрметтеу, Заңды сақтау, Заңға бағынуда жатыр. Бұл адамзат өркениеттілігінің әу басынан бері жалғасып келе жатқан үрдіс. Мәселен, ХІ ғасырдың

ішінде өмір сүріп, артына барша адамзат баласының игілігіне жарайтындай «Құтты білік» атты даналық кітабын қалдырған данышпан бабаларымыздың бірі - Жүсіп Баласағұн бір сөзінде: «Занды түзе - сұмдық сонда сасады, құтың өсіп, абыройың асады» дейтіні бар. Мұндағы ескеретін басты нәрсе - қабылданған заңды әрбір азаматтың біріншіден - білулері шарт, екіншіден - оны бұзбай, бұлжытпай орындаулары тиіс. «Демократия тек заңдылық қатаң сақталатын жерде ғана дамиды» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев күні кеше ғана жариялаған Қазақстан халқына Жолдауында айттып өтті.

Осы ретте мен бұл тұжырымды өзім негізін қалап, тең төрағаларының бірі болып отырған «Әділет» демократиялық партиясының түп қазығы саналатын, 2002 жылдың ақпан айында өмірге келген «Құқықтық Қазақстан үшін» қозғалысының тұғырнамасында баса көрсетілгендігін де еске түсіре кеткім келеді. Бір сөзбен айтқанда, қашан да болмасын «Алтын Заңымыз» - Конституциямызды алға тартып, оның әрбір бап, әрбір тармақтарын алдымен әрқайсымыз өзіміз біліп, орындап, сонан соң барып оны өзгелерден талап етіп отырсақ, демократиямыздың нығая беретіндігі күмәнсіз дер едім.

Ал енді сұрағыңыздың екінші жартысына өтер болсақ, құрамында өзім де бар Мемлекеттік комиссияның атқарып жатқан алуан істерінің аса маңыздыларына тоқтала өтуге тура келеді. Өткен жылдың соңына таман біздің жұмысшы тобымыздың алдында: «ҚР Конституциясы өзгертулер мен толықтыруларды қажет етпейді» және «Өзгертулер мен толықтыруларды қажет етеді» деген екі ұдай ұсыныс тұрды. Біріміздің ойымызша демократияның өрістей түсуіне негізгі Заңымыздың әлеуетін шамалы редакцияласақ та жеткілікті болатын.

Екіншілеріміздің пікірлерінше ол аздық етті. Бұл екі ұсыныстың жақтаушылары өз іштерінен тағы бөлініп, өз кезегінде: сот жүйесін, құқық қорғау органдары мен адвокаттық қызметтерді жетілдіру және адамдар мен азаматтардың азаматтық және саяси құқықтары туралы Халықаралық келісім негізінде адамдар мен азаматтардың құқықтары және бостандықтарын нығайту сияқты топтар болып үшке бөлінді.

Сот жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныс бойынша мыналарды атап өткеніміз жөн: Аудандық сот төрағаларын әрбір екі жыл сайын ауыстырып отыру ұсынылды. Судьялық қызметке жеткілікті жұмыс өтілімен келу сот жүйесінің тәуелсіздігін айтарлықтай нығайтатын сөзсіз делінді. Судьялар мәртебесін көтеру мақсатында Конституциялық Кеңеске арналатын хатқа тиісті іс бойынша сот жұмысына төрағалық етіп отырған судьяның қол қоюына құқық беріп, алдын-ала тергеу және үкімнің орындалу кезеңдеріндегі соттық бақылаудың ауқымын кеңейтіп, судьялардың еңбекақыларын көтеріп, оларға уақтысында баспана беру, зейнетақымен қамтамасыз етуді жақсарту, бір сөзбен айтқанда, отставкадағы судьяларды қосқанда, олардың құқықтық және әлеуметтік жағдайларына кепілдіктер беруді одан ары жүргізе беру керектігін көтергенбіз. Сонымен қатар Әділет басқармасындағы Біліктілік алқасы міндетін Жоғарғы Сот Кеңесіне өткізуді де мәселе етіп қойғанбыз.

Ал құқық қорғау органдары мен адвокаттық қызметтерді жетілдіру жөніндегі жұмысшы тобының ұсыныстарынан мыналарға тоқталдық: өз мекемесіндегі қызметкердің қылмысты ісін тергеу тәжірибесін жойған жөн, ұйымдасқан топтар жасайтын экономикалық және сыбайласқан қылмыстарды, оның ішінде экстремистік және ланкестіктерді, сондай-

ақ есірткі айналымымен байланысқан қылмыстарды ашуға маманданған қызметтерге шектеу қою дұрыс емес деп таптық. Сонымен қатар қылмыстың алдын алу жұмыстарын атқаратын, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқық бұзушылық істерін қарайтын мамандандырылған соттарды ерекшелеп, ювеналдық әділет мекемесін құруды қозғадық. Сондай-ақ айтылған азаматтармен жұмыс істеу үшін тергеу мен прокуратура жүйесіндегі арнайы дайындықтардан өткен адамдары бар тиісті бөлімшелерді қалдырып, адам саудасы секілді ұлтаралық ұйымдасқан қылмыстардың алдын алып және оларды табу жөніндегі Ішкі істер органдарында да арнайы бөлімшелерді құру, қылмысты істі қарау кезінде куәгерлер мен басқа да қатысушыларды қорғау шараларын қамтамасыз ететін қызметтер түрін қарастырып, олардың мүлтіксіз жұмыс істеулерін «Қылмысты істі қарауға қатысатын барша адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР Заңын іске асыру бойынша үкіметтік бағдарлама жасап, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін арттыру, қызмет орны бойынша қызметтік баспана беру мемлекеттің есебінен медициналық көмектермен қамтамасыз ету және тағы басқа мәселелерді алға қойдық. Болашақта біртұтас соттық тергеу өтерліктей алдын-ала тергеу мен анықтаудың қарапайым тәртібін, сондай-ақ қылмыстық атқару жүйеге сынақ қызметін ендіру, бұл жүйедегі ізгілікті күшейтіп, сотталғандар үшін мемлекеттік бюджетке салмақ түсірмеу, бас бостандығынан айыратын жазалау шараларының баламасын табу, адвокаттық қызметті лицензиялау тәртібін жеңілдету, қылмысты сот ісін жүргізу аясында екі жақтың реалды тең құқықтарын қамтамасыз ету, дәлелдер мен құжаттар және тағы басқадай мәліметтер жинау бойынша адвокаттар құқықтарының құқықтық

негіздерін жасау, қылмыстық процестің барлық кезеңінде азаматтардың өздерін қорғау үшін жеткілікті заң көмегін алуларына жағдай тудыру және оған прокуратураның қатысуын міндеттеп, муниципалды адвокатура құру қажет деп таптық.

Адамдар мен азаматтардың азаматтық және саяси құқықтары туралы Халықаралық келісім негізінде олардың бостандықтары мен құқықтарын нығайту жөнінен болған ұсыныстарды былай топтадық: адам құқықтары жөнінен жарияланған Халықаралық келісімдер бойынша мемлекеттің Тұжырымдамасын жасау, Заңнамалардың, әсіресе, адамдардың бостандықтары мен құқықтарын қурайтын ведомстволық нормативтік актілердің кеңінен жариялануын қамтамасыз ету, сотқа дейінгі рәсімдерді жеңілдету, қосымша тексеру институттарын реформалап, өлім жазасын алып тастау мәселелері де күн тәртібіне қойылды.

Біздің жұмысшы тобымыз өз құрамына көрнекті қоғам және саяси қайраткерлерді, саяси партиялардың өкілдерін, мемлекеттік қызметкерлер мен оқымыстық-құқықтанушыларды тартып отыр. Сондықтан да біздің жұмысшы тобымыз дайындаған ұсыныстар біліктілік пен ғылымға сүйенген іргелі ұжымдық еңбек болып өмірге келуде.

Тілші: Мақсұт Сұлтанұлы, Елбасымыз күні кешегі жариялаған Қазақстан халқына Жолдауында «Реформалаудың аса маңызды бағыттарының бірі – сот-құқық жүйесін жетілдіру болады» дегенді нығырақ айтып қалды ғой, жұмысшы топтарыңыздың бұл салаға қосқан үлестері қандай?

Жауап: Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзінде үлкен негіз жатыр. Бұл саладағы реформалық ұсыныстардың жүзеге асып жатқандары қазірдің өзінде ел өмірінде байқалып

қалды. Атап айтқанда, осы үстіміздегі жылы сот жүйесі саласында тұңғыш рет алқа билер соты ресмилендіріліп, ол Солтүстік Қазақстан облысының сот өндірісінде тұсауын да кесті. Бұл енді Республикамыз бойынша кең өріс алғалы тұр. Былайша айтқанда, мемлекетіміздің ішкі өндірістерінде қалыптасып келе жатқан азаматтық қоғамымыздың жетілдірулері мен жаңғырта жаңартулары үзіліссіз жүргізілуде. Айталық, тұтқындауға құзырлықты бұдан былай прокуратуралар емес, соттар қолдарына алатын болып отыр. Амандық болса, біз біртіндеп осы заманғы ашық тұрпатты сот өндірісіне біржолата көшетін боламыз. Бұл біздің төңкерістік жолмен емес, эволюциялық жолмен, яғни қоғамдағы демократияны біртін-біртін сатылап дамыту тәсілімен бара жатқандығымызды байқатады.

Тарихтың бұрынғы беттеріндегі ғана емес, бүгінгі өмір барысындағы мысалдарға қарап-ақ, құқықтық тетіктерге қол жеткізудің толыққанды демократия орнату үшін аздық ететіндігі көрер көзге сезіліп отыр. Демек, демократия алдымен анархияға, одан соң зұлымдыққа айналып кетпес үшін, біздің азаматтық қоғамымыз демократия Заңдары бойынша өмір сүруге дайын болуы тиіс. Яғни, демократиялық қоғамның ең басты қағидаты - Заң құдіретін, Заңның күшін жете мойындау болып табылады. Ағымыздан жарылайықшы, осы қағидатты біздің қоғамымыз қазір кінәратсіз сақтап отыр ма? Қауіпсіздік Кеңесінің соңғы мәжілісіндегі мәліметтерге жүгінетін болсақ, қарапайым халықты былай қоя тұрғанда, әуелі мемлекеттік құрылым өкілдерінің біраз бөлігі Заң бұзушылықтың қандайына болмасын, тіпті, қылмыскерліктерге дейін барып, «Алтын Заңымыздың» тармақтарын табандарымен таптап отырғандарына көз жеткіздік. Біз сол себепті де өзін 15 жыл ішінде әбден ақтап отырған президенттік ел басқару жүйесінің әлі

талай жылдарға ауадай қажет болатындығына күмән келтірмедік.

Ел басқарудың осы түрінің арқасында біздің елімізде саяси тұрақтылық сақталынып, экономика саласы секілді әлеуметтік саяси бағытта да талас тудырмастай толымды табыстарға қол жетіп отыр. Алайда, заман ағысында тоқтау жоқ. Зымыран уақыт зымырап барады. Ұдайы өзгеріс, ұдайы даму өз жаңалықтарын да әкеліп жатыр. Дүниеде өзгермейтін ештеңе жоқ, бәрі де жаңаланады, жақсарады, ауысады. Соған орай ел-жұрттың саяси сауаттылықтары артады. Бұл дегеніңіз президенттік өкімет өз билігінің біразын парламентке өткізу арқылы біртіндеп ырықтандырылуға түседі деген сөз.

Былайша айтқанда, демократияландыру мен жаңғырта жаңарту жоғарғы өкілді органның өкілеттілігін жай ғана кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар Конституциялық Кеңестің, Орталық Сайлау комиссиясының, Есеп Комитетінің және Үкіметтің жұмысын шынайы қоғамдық бақылауда ұстауға мүмкіндік береді. Бірақ парламент депутаттары дәл қазіргідей өз өкілеттіліктерін пайдаланбаса, одан келер ешқандай пайда болмақ емес. Мәселен, мен өзім парламент палаталарындағы депутаттардың үштің екі бөлігіндей дауыспен Президент алдына үкімет мүшелерінің бірін орындарынан алу жөнінен мәселе қойған бірде-бір жағдайды білмеймін. Ал конституция бойынша олардың олай етерліктей өкілеттіліктері бар.

Тілші: Президент парламент депутаттарын сайлау жөнінен мажоритарлық және пропорционалды жүйелердің бірін таңдауды ұсынды ғой. Сіз қалай ойлайсыз, осы екі жүйенің бірін ғана таңдау заң шығарушы органдардың жұмысында, сондай-ақ еліміздің саяси өмірін толайым алғанда партия рөлін жоғарылата ала ма?

Жауап: Егер Парламент Мәжілісінің қалыптасуын назарға алар болсақ, біздің «Әділет» демократиялық партиясы төменгі палатаның депутаттарын сайлауды пропорционалды жүйе бойынша жүргізуді қолдайды. Біздің еліміз өз мемлекеттілігін қалыптастырудың ұзақ та ұзын жолының әу басында тұр. Біздің демократиялық, құқықтық мемлекет құруды таңдағанымыз айдай анық. Оған ешкім де күмәнданбайды. Бүгінгі күнге әлемдегі барлық ел біркелкі демократиялық мемлекет аясында өмір сүріп жатқан да жоқ. Алайда әлемдік қауымдастық демократиялық мемлекет қағидаттарын айшықтап қойды. Соның бірі – азаматтардың саяси партияларға бірігуі арқылы жүзеге асарлықтай тәуелсіз, еркін саяси бәсекелестік. Тек осы жолмен ғана халықтың мемлекетті басқару ісіне қатысуына қол жеткізуге болады. Бұл демократияның түпкі мақсаты болып табылады. Партия құрылысы да бізде мемлекетіміз секілді өзінің бастапқы кезеңінде тұр.

Неге біз сайлаудың партиялық тізім бойынша өтуін қолдаймыз? Атап айтуымыз керек, мажоритарлық жүйе әлемдегі ең қарабайыр тәсіл. Ол бізге КСРО-дан қалған қалдық.

Мажоритарлық сайлау жүйесінің негізгі кемшілігі сол, оның барысында сайлаушылардың көп мөлшердегі дауыстары, кейде 50 пайызы «жоғалады». «50 пайыз қосу бір дауыс» алып, жеңіске жеткен кандидат «50 пайыз алу бір дауысты» құраған сайлаушыларды ескеріп жатпайды. Оларды ол өзінен берілмеген дауыстардың қатарына қосады да қояды. Бұл дұрыс емес.

Пропорционалды жүйе мұны болдырмайды. Мұнда көппартиялы жүйенің нығайып, сайлау демократиялығының бір элементі анық көрінеді.

Біз таңдап отырған жүйе ХХ ғасырдан бері әлемнің жүздеген елдерінде, ал 1990 жылдан бері көптеген

шығыс еуропа мемлекеттерінде қолданылуда. Бұл жүйе көпшіліктің де, азшылықтың да мүдделерін ескереді. Пропорционалды жүйеде дауыс жоғалту, азшылықтың пікірін ескермеу, партия тізіміне жасалынатын қалаймақандарды болдырмаудың мықты шаралары қарастырылған.

Біз сондықтан да озық үлгідегі пропорционалды жүйеге яғни партиялық тізім бойынша сайлауға 100 пайыз – толық көшуді құптаймыз. Қуаттаймыз. Тек осындай жол ғана партиялық құрылыстың қалыптасуын жеделдетіп, халықтың саяси белсенділігі мен саяси мәдениеттілігін арттырады. Сайып келгенде ол қоғамды рулық, ұлттық және тағы басқадай белгілері бойынша таңдау «сырқатынан» айықтырады.

Тілші: Сіздің шет таяудағы екі жыл ішінде партиялық құрылыс қандай жолмен жүреді деп ойлайсыз?

Жауап: Таяудағы екі жыл жергілікті (2007 жыл) және орталық (2008 жыл) өкілдік органдардың электро-ральды сайлау жылдары болып саналады. Сондықтан да дәстүр бойынша барлық саяси күштер өз белсенділіктерін барынша көрсетеді. Оның үстіне бірсыпыра саяси партиялардың бірігулеріне байланысты саяси сахнада үш түрлі «топтың» төбелері көріне бастады. Біріншісі өкімет партиясы, екіншісі – радикалды оппозиция, үшіншісі – бағыт-бағдарларын әлі анықтай қоймаған саяси күштер. Әсіресе, осы соңғы саяси күштің сілтемі пәрменді бола ма деп ойлаймын. Өйткені, ол алдыңғы атқарушы өкіметті де, радикалды оппозицияны да еркінше сынап тастай алады. Себебі ол олардың ешқайсыларына тәуелді емес.

Біріккен «Нұр-Отанның» өмірге келуіне орай, алдағы уақытта жаңа саяси күштердің (партиялар, қоғамдық бірлестіктердің, одақтар мен блоктардың) пайда болулары да мүмкін. Соның айқын бір мысалын-

дай етіп өткен жылдың соңына таман біздің «Әділет» демократиялық партиясы мен «Ақ жол» демократиялық партияларының ынтымақтастықта болу жөніндегі келісімдерін айтуға болады.

Тілші: Мақсұт Сұлтанұлы, Елбасымыз жуырда жариялаған Қазақстан халқына Жолдауында «Саяси партияларды республикалық бюджеттен қаржыландыру ұсынылады» деп қалды ғой. Бұған қалай қарайсыз?

Жауап: Мен бұған қарсылық білдірместен, күдікпенмін. Мұндай тетіктер арқылы саяси партиялардың өздеріне тән бет-бейнелерін жоғалтып алуымыз кәдік. Халық ішінде: «Музыканы кім сұраса, ақысын сол төлейді» деген қағидалы сөз бар емес пе? Ендеше бұған бірден құлай кетуге болмас. Мен, әрине, үзілді-кесілді қарсы да емеспін, себебі Италия секілді кейбір нағыз демократиялы елде бұл тетік ешбір кінәратсыз жұмыс істеп те отыр. Алайда, ол елде, әсіресе, сөз бостандығына, көзқарас бостандығына өкімет те, қоғам да екіжақты құрметпен әрі іждақаттылықпен қарайды. Өйткені онда барлығы да құқықтық негізде жүргізіліп, Заң құдіретін мойындаулары жоғары деңгейге жеткен. Ал бізде, ілгеріде айтқанымдай, әлі де болса Заң мен Зандылықты бұзушылықтың көріністері көп.

Сондықтан саяси партияларға мемлекет тарапынан материалдық көмек көрсетуді ұсына отырып, қай партияға болмасын мемлекет жағынан ықпал етпеу жақтарын да ойлаған жөн. Бұл біздің елдің нағыз демократиялық жолға түсіп, қоғамымызды жаңғырта жаңартудағы құтты қадамдары болмақ.

- Әңгімеңізге көп-көп рақмет!
- Өзіңізге де сәттіліктер тілеймін!

«АҚ ЖОЛ» ҰСТАНҒАН ҮШ ҚАҒИДА

саяси сахна мен сайлауда қандай салмаққа ие болмақ?

Жексенбі күні (8 шілде, 2007 ж.) оңтүстік астанада Қазақстанның демократиялық «Ақ жол» партиясының VII съезі болып өтті. Съезге еліміздің әр аймағынан 300-ден артық делегат қатысып, өздерінің сайлау алдындағы тұғырнамасын сарапқа салып, Парламент Мәжілісі депутаттығына үміткерлердің партиялық тізімін бекітті.

Сайлау алдында аталған партияның өмірінде де үлкен өзгерістер болып жатқанын атап өту керек. ҚД «Ақ жол» партиясының құрамына Қазақстанның демократиялық «Әділет» партиясы қосылды. Халықтың алдында кәдімгідей абыройға ие екі партия бұл шешімге дәл сайлау алдында асығыс келіп отыр деп тұжырым жасауға болмайды. Бұл туралы «Ақ жол» партиясының төрағасы Әлихан Бәйменов те, «Әділет» партиясының төрағасы Мақсұт Нәрікбаев та атап өтті.

-Біз сайлауға қатысу үшін жедел біріге салған жоқпыз. Жеті ай бойы «Ақ жол» партиясының көшбасшыларымен келіссөздер жүргізіп, кеңесіп, ойласа келе осындай тоқтамға келдік, - деді Мақсұт Нәрікбаев.

Осылайша «Ақ жол» мен «Әділет» бірегей саяси күшке, бір партияға айналды. Бұл қадамнан екі жақ та ұтылмайтынын партия мүшелері айқын аңғарып отыр. Съезд делегаттарының алдында «Әділеттің» көшбасшысы сайлау нәтижесінде жақсы көрсеткішке қол жеткізу үшін барынша ауызбіршілік пен келісе қимылдау қажеттігін айтып өтті. Өз кезегінде ақжолдықтар да:

-«Әділетті», «Ақ жолдың» құрамына ақ құшағымызды ашып қарсы аламыз! - деді.

Расында, елдің саяси сахнасында сындарлығымен, сабырлылығымен, бірізділігімен көзге түсіп жүрген,

құрамында Қазақстанның белгілі заңгерлері мен ғалымдары бар «Әділет» партиясының маңызды шешім қабылдап, «Ақ жолмен» бірігуі айтарлықтай оқиға.

Сонымен «Ақ жол» партиясының VII съезі өз жұмысын ашық деп жариялап, партия төрағасы Әлихан Бәйменов делегаттар алдында баяндама жасады.

-Құрылған күнінен бастап, «жетістікті көрмеу соқырлық, кемшілікті көрмеу жаны ашымағандық» деген қағиданы ұстанып келе жатқан ақжолдықтар осы бес жылдың ішінде билікті тек сынап қана қоймай, сындарлы да жасампаз ұсыныстар жасап, еліміздің көптеген саяси-әлеуметтік, экономикалық мәселелерін шешуге ұмтылып келеді, - дей келе Әлихан Бәйменов, балама пікір болмай, сын болмай елдің тұрақты дамуы мүмкін емес екендігін атап өтті.

Бірінші рет пропорционалдық жүйемен өткелі отырған Парламент сайлауы ақжолдықтардың да алдына жаңа талаптар қойып жатқаны аян. Аталған саяси партия сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстарын қалай жүргізеді? Сайлаушылардың сенімі мен аманатын алып жүру үшін өздеріне нақты қандай жауапкершілік жүктейді? Партия көшбасшысының сөз саптауы осы міндеттердің айналасында өрбіді.

Бүкіл делегаттар куә болып отырғандай, соңғы съезд негізгі үш ұранды, үш қағиданы ұстаныпты: Теңдік, Еңбек және Имандылық. Осы үш құндылықты таратып айтып, оларды тұжырымдап, осыдан келіп туындайтын өмір мен саясат талаптарын алға тартқан партия төрағасының сөзі делегаттарды серпілтіп, өз бастамаларының аясына ұйытып отырды.

Осыдан кейін де партияның жетекшілері кезегімен сөз алып, сайлау барысына қатысты және басқа да әлеуметтік, саяси, экономикалық жағдайларға байланысты өз ойлары мен ұсыныстарын ортаға салды.

«Ақ жол» партиясының кезекті съезінде басқа да маңызды оқиғалар аз болған жоқ. Мәселен, аталған партияның құрамы жаңа мүшелермен толығып, бірқатар азаматтар осы партияның мүшелігіне өтетіндіктерін мәлім етті. Олардың қатарында үшінші шақырылымдағы Мәжіліс депутаты А.Айталы, Батыс Қазақстан университетінің ректоры Х.Қапанов, академик М.Баймаханов, ақын С.Тұрғынбек, т.б. еліміздің белгілі қоғам қайраткерлері, заңгерлер мен журналистер, зиялы қауым өкілдері бар.

Съезд делегаттары өздерінің жаңа мүдделестерін құттықтап, қошемет көрсетті. Партия мүшелерінің кезекті бас қосуына еліміздің бірқатар танымал тұлғалары қатысып, съездің салмағын арттырып отырды. Сонымен бірге, академиктер Төрегелді Шарманов, Камал Ормантаев, жазушы Смағұл Елубай, мәдениет қайраткері Ескендір Хасанғалиев «Ақ жол» партиясының съезіне келіп, партия жанашырлары екендіктерін көрсетті.

Сонымен, съезд барысында «Ақ жол» партиясының төрағасы болып Әлихан Бәйменов, төраға орынбасары әрі «Ақ жол» партиясы Орталық кеңесінің төрағасы болып Мақсұт Нәрікбаев, төраға орынбасарлары болып Людмила Жуланова мен Бөріхан Нұрмұхамедов сайланды.

Съезге ғарышкер Токтар Әубәкіров құттықтау хат жолдап, алдағы сайлауда аталған саяси партияға сәттіліктер тілепті.

Тамыздың тамылжыған күндерінің бірінде өтетін Парламент Мәжілісінің сайлауында жаңа құрамдағы «Ақ жолдың» қандай үлеске ие болып, берген уәделері мен уәждерінің үдесінен қаншалықты шығатынын уақыт көрсетеді. Ал әзірше ақжолдықтар ұжымдаса, ауызбіршілікпен қимылдаса, алдағы сайлауда 30 пайызға дейін сайлаушылардың дауысына ие болатындықтарына сенімді.

«АҚ ЖОЛ» - КӨКІРЕГІ ОЯУЛАРДЫҢ ПАРТИЯСЫ

-Бүгін біздің партияның бес жылдық тарихында ерекше оқиға болып отыр. Ол біздің қатарымызға Қазақстанның саясатында өзінің біліктілігімен, сындарлығымен, сабырлылығымен, бірізділігімен көзге түсіп жүрген құрамында белгілі тұлғалары бар Қазақстанның демократиялық «Әділет» партиясының үлкен саяси жігерлілікті қажет ететін шешім қабылдап, бізге қосылған күні, - деді «Ақ жол» демократиялық партиясының VII съезінде баяндама жасаған Әлихан Бәйменов.

Сонымен, «Әділет» партиясы тарих қойнауына кетті. Өз еріктерімен «Ақ жолға» қосылған Мақсұт Нәрікбаевтың «Әділет» партиясы билікке талас үшін бір майданда Әлихан Бәйменовтың қоластында басқа саяси күштермен бәсекеге түсетін болады. Демек, ендігі жерде «Ақжолдың» қатары белгілі азаматтардың келуімен бұрынғыдан да күшейіп, саяси қуаты артатыны ақиқатқа айналды. Атап айтар болсақ, Сергей Ударцев, Мұрат Баймаханов, Амангелді Айталы, Серік Тұрғынбекұлы, Білім және ғылым саласы кәсіподағының төрайымы Майра Амантаева, сондай-ақ Мырзагелді Кемел, Владимир Шокарев, Еңлік Нұрғалиева сынды партияға жаңадан келген белгілі тұлғалар «Ақ жолдың» парламентте алатын дауысына салмақты үлес қосатыны сөзсіз. Десек те...

«Әділет» партиясы «Ақ жолға» неге қосылды? Бұл сауалға съезде сөз алған Нәрікбаев тұщымды жауап берді: «Еліміз таңдау алдында тұр. Ендеше, біз де дұрыс таңдау жасап отырмыз деп ойлаймын. Бұрын екі жақта, өз бағыттарымен жұмыс істеген қос партия бүгін ортақ күш болып, бір бағдарламаны негізге алып, бір партияға айналды. Біз алға қойған мақсатымызға

жетеміз. Егер кімде-кім Қазақстанның адал азаматы болса, егер кімде-кім сол партияның адал мүшесі болса, ол шындықтан алыс кетпеуі керек. Әлихан бауырым «жетістікті көрмеу - соқырлық, кемшілікті көрмеу - жаны ашымағандық» деп керемет сөз айтты. Біз «Ақ жол» партиясы алға қойып отырған мақсаттарға толық қосыламыз. Сондықтан алдарыңызға келіп отырмыз», - деді. Сонымен, съезд шешімі бойынша «Ақ жол» партиясының төрағасы болып Әлихан Бәйменов, төраға орынбасары әрі «Ақ жол» партиясы Орталық кеңесі төрағасы болып Мақсұт Нәрікбаев, төраға орынбасарлары ретінде Людмила Жуланова және Бөріхан Нұрмұхамедов сайланды.

Ал билікке жету жолында үлкен саяси күшке айналған «Ақ жол» партиясының «Нұр Отаннан» қандай айырмашылығы бар? «Ақ жол» неге басты назар аударады? Алға қойылған мақсат, міндеттерді партия төрағасы Әлихан Бәйменов съезд делегаттарының алдында жете түсіндіріп берді.

-Біздің негізгі ұранымыз - Теңдік, Еңбек және Иmandылық. Теңдік дегеніміз ол - тең мүмкіндік. Біз Қазақстанды тең мүмкіндіктің елі қылып, қалыптастыруымыз керек. Бай баласы бола ма, кедей баласы бола ма, ауыл баласы бола ма, қала баласы бола ма, шыққан тегіне қарамастан Қазақстанда кез келген саланың бәсекесінде шынайы жүйріктер мен шешендер алда болуы керек. Сонда ғана біз өзіміздің қоғамымызды, экономикамызды, мемлекетімізді алға жетелейтін шынайы жетекші тұлғаларды барлық салада қалыптастыра аламыз.

Тағы бір қағидалы құндылығымыз ол - Еңбек. Егер де еңбек құндылыққа айналмаса, еңбек адамы өзін абыройлы сезінбесе, еңбек абыройлы болмаса, онда Қазақстан ары қарай да тек қана мұнай мен көмірдің,

темір мен мырыштың бағасына тәуелді болып қала бермек. Сол себептен де, біз еңбек адамының мүддесін, адам мүддесін бағдарламамыздың ортасына қойып, біз қандай сандық межелерге жетеміз деп емес, ол межелерге бізді кім жеткізеді, ол межелерге біз қалай жетеміз және қандай жағдай туғызғанда әр адам өзінің бейнетінің зейнетін көретін жағдайға бастайтын жол ұсынамыз... Алпауыттар да, мемлекет те өзінің күшін пайдаланып, адал еңбекпен қалыптасқан меншікті тартып алу саясатын тоқтату керек.

Сонымен бірге өзіміздің құндылығымыз ретінде Имандылық пен рухани саланы да айтамыз. Себебі экономика, саясат болсын, ол қоғамдағы қалыптасқан құндылықтардың негізінде дамиды. Экономикада да, саясатта да күнде жазылмаған, заңмен белгіленбеген дәстүрлер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас нормалары руханият пен имандылық арқылы қалыптасады. Кезінде бізге өне бойы үлгі болып табылатын, біздің осы ХХ-ХХІ ғасырдағы үлкен сара жолымызды көрсетіп кеткен Абай мен Шәкәрімнің, Ахмет пен Міржақыптың, Мұстафа мен Әлиханның сара жолы бізге әрдайым үлгі. Міне, осы ұлы бабаларымыздың ағартушылықпен айналысқаны, сол көкірегі ояулардың көзін ашуға бағытталған еді. Жалпы, көзі ашықтың көкірегін ояту немесе көкірегі ояудың көзін ашу да - «Ақ жолдың» басты мақсаты.

Ал тіл мәселесінде тежеу болып тұрған тек мемлекеттің табансыздығы емес, бірінші кезекте осы тіл мәселесінде кешенді көзқарас болмағандығы. Тіпті тіл жанашырларының өзі оны түбінде сананың отарсыздандыруы жатқанын түсінуге қажет. Екінші жағынан тіл саясатында қай ұлттың өкілдері болмасын, мемлекет тарапынан жүйелі көзқарас бар екенін сезіну керек. Мемлекеттің іс-қимылы болжамды бо-

луы қажет. Үшіншіден, тіл саясатына келгенде, біздің саяси қайраткерлеріміз, мемлекеттік қызметкерлеріміз де Атырауда айтқан сөздерін Өскеменде, Шымкентте айтқан сөздерін Петропавлда айтулары керек. Біздің «Ақ жол» партиясы осы саясатты ұстанып келеді, - деді Әлихан Бәйменов.

Ал «Ақ жол» партиясы алдағы болатын сайлауға 114 үміткерін ұсынды. Олардың ішінде партия басшыларымен қатар, Ханбибі Есенқараева, Исраил Сапарбай, Амангелді Айталы, Серік Тұрғынбекұлы, Мырзагелді Кемел, Ибрагим Иса және тағы басқа халқымызға танымал тұлғалар бар. Съезд делегаттарына арнап Халық қаһарманы, ғарышкер Тоқтар Әубәкіров құттықтау хат жолдады.

Амангелді Айталы:

-Мен неге «Ақ жолды» таңдадым?

Менің «Ақ жол» партиясына мүше болып кіруімнің себебі, бұл партияда үлкен байыптылық пен байсалдылық бар. Адамды жалықтыратындай мақтамайды, я қорқытқандай даттамайды. Қолынан келгенше, шындықты айтады. Бұра тартпайды. Қытай философы Конфуцийдің: «Егер барлық адамдар бір адамды мақтаса, ол адамның тәуірлігі күмәнді, егер бар адам жабылып, бір адамды жамандаса, ол адамның зәбірлігі күмәнді. Шындық осы екеуінің ортасында» деген сөзі бар. Ал «Ақ жол» бұра тартпайтын, шындықтан айнамайтын партия. Сондықтан мен осы партияны таңдадым.

ҚОСЫЛҒАН ҚОС ӨЗЕН СЕКІЛДЕНІП...

2002 жылдың соңғы он күндігінде бүкіл республика жұртшылығын, барша қоғамымызды, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарын «Қазақстанның демократиялық

таңдауы» деп аталатын қозғалыс кезінде күркіреген күндей, аяқасты дүрліктіріп жібергенін зиялы қауым әлі ұмыта қойған жоқ. Әсіре қызыл сөздерді күтпеген кезде күмбірлетіп, әп-сәтте үйіп-төгіп салған ҚДТ-ның бағыт-бағдарын, тұғырнама-тұжырымдарына тереңдеп бой жүгіртіп үлгере алмаған халық мәре-сәре болып тұрғанда Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ғалымдары бұл қозғалыстың соншалықты аптығып, асқақтата айтқандарын да, жалындата жазғандарын да жаңғақтай шағып, олар қозғап отырған, дұрысы, қозғаймыз деп отырған мәселелердің бәрінің де Мемлекеттік бағдарламада бар екендігін, ал олардың гуілдетіп, елді елендетіп қалған істерінің шынтуайттап келгенде бос сөз екендігін тайға басылған таңбадай етіп, дәлелдеп, барша қазақстандықтарға арнап нақтылыққа негізделген Үндеу қабылдаған болатын.

Заңғылымының шырағын жаққан, білікті де білімдар ғалымдар бұнымен шектелініп қалмай, бір мүшелге жаңа толған мемлекетіміздің заңдылық, құқықтық жақтарын нығайта түсуге атсалысу мақсатында «ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН» атты республикалық азаматтық жаңа қозғалысты өмірге әкелген.

Арада бір жарым жылдай уақыт өткен кезде бұл қозғалыс «Қазақстан демократиялық партиясы» болып құрылған. Ол артынша «Әділет» деп аталып, еліміздегі оппозициялық он екі партияның қатарына енген еді.

Міне, содан беріде судай сырғып, үш жыл да өте шығыпты. Әрине, Уақыт, Дәуір, Қоғамдық өзгерістер қашан да болсын, өз жаңалықтарын әкеліп жатады. Ол, әсіресе, ел өміріне етене араласып, оның көкейкесті мәселелеріне белсене кірісіп жүретін халықтық, демократиялық, оппозициялық партиялардың өмірлерінде жиі болып тұратын құбылыс. Айталық, үстіміздегі жылдың маусым айындағы еліміздің Ал-

тын Заңы - Конституцияға енгізілген толықтырулар мен түзетулер Мемлекеттік құрылымдарда, Үкіметте, Парламентте көптеген өзгерістер жасауға әкеп тіреді. Соның нәтижесінде еліміздің Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен ҚР Паламент Мәжілісінің жұмысы тоқтатылып, ол мерзімінен бұрын тарқатылды. Бұл сайып келгенде қабылданған Заңды сыйлаудың бірден-бір үлгісі, демократияның салтанат құрып, оның іс жүзіндегі қарыштап дамуы еді. Сөйтіп ҚР Паламент мәжілісі депутаттарының жаңа құрамын түзетін Сайлау - үстіміздегі жылдың 18 тамызындағы сенбі күнге белгіленген болатын.

Парламент Мәжілісінің құрамына өз мүшелерін мейлінше көбірек өткізіп алудың мүмкіндігін тудырып тұрған мұндай жағдай сирек болатын жайт. Сондықтан үрдіс қимылдап, үлкен жетістіктерге жету - қай партияның болмасын мүддесі ғой.

«Әділет» атты Қазақстанның демократиялық партиясының басшылары да, оның мың сан қол мүшелері де бұл мәселе жайында он ойланып, тоқсан рет толғана келе, соңғы кезде күні-түні шапқылап, жергілікті жерлердегі бөлімшелерінің мүшелерімен жиналыс, жиындар өткізіп, ақылдасып, кеңесіп көрген. Сөйтіп «Әділет» ДП-ның кезектен тыс V құрылтайын үстіміздегі - 2007 жыл, 8 шілде, жексенбі күні өткізуге бәтуелескен еді.

Міне, оңтүстіктегі астанамыз - Алматы қаласындағы «Алтын Алма Холл» мейрамханасының жиындар өткізіліп тұратын залының іші «Әділет» партиясы делегаттарына лықа толған. Әдеттегі салтанатты рәсімдерден соң, кезектен тыс шақырылған V құрылтай өз жұмысын бастап та кетті. Мінбеде осы партияның негізін қалаушы, әрі бүгінгі теңтөрағалардың бірі - заңғылымының докторы, профессор Нәрікбаев Мақсұт Сұлтанұлы.

-Құрметті әріптестер, достар және шақырылған қонақтар! Келген қадамдарыңызға нұр жаусын дей отырып, кезектен тыс шақырылып отырған Ү құрылтайымызға сайланған 282 делегаттардың 250 осында отырғанын құлағдар етемін. Құрылтай жұмысы үшін бұл жеткілікті ғой деп ойлаймын. Басқа ұсыныс бар ма? - деп бастады сөзін ол.

Делегаттардың құрылтай ашылсын деген құптауын естісімен Мақсұт Сұлтанұлы «Әділет» ДП жұмысының қорытындысын шығару және электоралдық кезеңге қойылатын міндеттер жайындағы баяндамасын бастап кетті. Ол өз сөзінде «Әділет» партиясы идеологиясының «оңсыз», «солсыз» екендігін, адам құқығының, әділеттіліктің, сондай-ақ заңды мойындап, оны сақтаудың партиясы болғандығын, өкіметті тек қана сынаумен шектелмей, ұтымды ұсыныстар жасап, халықтың жай-жағдайына мүмкіндігінше қамқорлық жасауға шақырып келгендігін келістіре атап өтті.

Мұнан соң ол:

-Жасыратыны жоқ, бүгінгі көптеген шенеуніктердің халықтың жағдайынан гөрі, қара бастарының қамын күйттеп жүргендерін, олардың заңсыздық қарекеттерін түбегейлі жоюмен партия белсенділері ымырасыз күресіп келе жатыр. Дұрысын айтқанда, қоғамды ешбір төңкеріссіз-ақ эволюциялық жолмен жаңартуға да, жақсартуға да болады. Біздің ұранымыз - әлеуметтік теңдік, әділеттілік, заңдылық!

Біздің партия жекешелендірудің кейбір нәтижелері заңдылықты аяққа басып, өрескілікпен жүргізілгенін, халықты ортақ игіліктен шеттетіп, қалыс қалдырып, тонағандықтарын айтпай кете алмаймыз. Сондықтан пысықтар мен алаяқтардың қолында кеткен Отан байлығын қайта қайырып, бүгінгі нарықтық бағамен мемлекеттік бюджетке түсуін қалаймыз.

Біз табыстардың таза болуын, мұрагерлік пен мол табыстың салықтың жетілген түрімен қамтылуын талап етеміз.

Біз «Нұр Отан» секілді «Мега» партия монополиясын жаратпаймыз. «Нұр Отанға» ғана жол ашып қою - қалың бұқараны қалтарыста қалдыру, оны дискриминациялау деп білеміз. Бүгінгі күндері жоғары лауазымдардың айттып жүргендеріндей жалғыз ғана «Нұр Отан» партиясы мемлекеттік кадрлар дайындайтын немесе озық ойлы азаматтар шығатын бастау көз бола алмайды.

Біз конструктивті оппозициялық партия бола отырып, қоғамымыздағы көптеген көкейкесті мәселелердің уақтысында шешілмей жатуы Президентіміз Н.Назарбаевтың Жарлықтары мен айтқандарына астыртын қарсы әрекет жасаушылар мен төрешілдердің теріс пиғылдарынан болып отырғанын да айтуға тиіспіз! - деді «шаянның қайда қыстап жатқанын» нұсқағандай етіп.

Баяндамашы осымен қатар «Әділет» демократиялық партиясының сот реформасын жүргізуде көшбасшылықта болғандығын, соның айғағындай «сыбайластық жемқорлықты жоюдағы жеті қадам» бағдарламасының өмірге келгендігін және мемлекеттік органдар жұмысына құқықтық мониторинг жүргізу керектігін көтеріп, әділетті де, ізгілікті қоғам орнату басты мақсатқа қойылғандығына тоқтала өтті.

Бұның жай айтыла салған сөз емес, шынайы шындық екендігін білетін делегаттар өз басшыларының лебізіне ризаланып, жиі-жиі қол соғып, қоштау білдіріп отырды. Себебі, тарих үшін түкке тұрмайтын, күрмеуге келместей үш жылдың ішінде-ақ «Әділет» демократиялық партиясының атқарған істері алуан түрлі болатын. Атап айтқанда, сыбайласқан жемқорлықпен күресу мәселесін басқа партиялар да көтергендерімен, олардың бәрі

айтқандарынан асып, ештеңе істей алмай отырған сәтте «Әділет» ДП-ның:

1. Барлық деңгейдегі өкіметке жолдың ашық болуы.
2. Сайлаудың мейлінше таза әрі жариялылығы.
3. Мемлекеттік бюджеттің жұмсалыуына қоғамдық бақылау.
4. «Лоббилау туралы» ҚР Заңын қабылдау.
5. Қызмет түрлерін лицензиялауды және лицензия алу рәсімдерін қарапайым ету.
6. Қазыналық және бақылау органдарының санын барынша азайту.
7. Әкімшілік айып салу құқығын бақылаушы органдардан алып, сотқа жүктеу.,
- деп нықтылы ұсыныстарымен Үкімет алдына дейін барып, дабыл көтерген.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, «Әділет» ДП-ның кезең-кезеңде: «Мұғалімдердің мәртебесі», «Студенттердің мәртебесі», «Лоббилау туралы» заң шығару, «Орта және Кіші бизнесті дамыту» секілді күрделі-күрделі мәселелерді көтере отырып, мемлекеттік басқару, әлеуметтік саясат, білім мен ғылым, кәсіпкерлік, экономика мен банк әрекеті және тағы басқа салалар бойынша да көш бастағаны хақ. Осы жайттардың бәрі баяндамашының назарынан тыс қалмай, егжей-тегжейлі баяндалды.

Біз Қазақстандағы демократияның, саяси және құқықтық жүйенің одан әрі жетілуіне, осы арқылы оның экономикасының қарыштап өсіп, қазақстандық әр азамат пен әр отбасының хал-ахуалдарының көтеріле беруіне жан-жақты ықпал жасауды нысанамызға қойдық. Біздің бағытымыз – заңдылық, ар-ожданнның тазалығы, әділеттілік. Мейлінше әділеттілік! – деп ақтарыла сөйлеген М.С.Нәрікбаев мырза, баяндамасының

соңында, - «Әділет» демократиялық партиясы енді тарихқа кетіп барады. Біз бүгіннен бастап «Ақ жол» демократиялық партиясымен бірігіп, саяси жаңа өмірімізді бастаймыз. Бұл біздің өмірге екінші рет келуіміз болып саналады. Сөйтіп қазақстандықтардың игіліктері үшін оның саяси картасында уақыт талабына сай келетін жаңа саяси күш пайда болды деп санауымыз керек!

Біз бәріміз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара келіп, «КҮШ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ, АЛ БІРЛІК ЖЕҢІЛҮДІ БІЛМЕЙТІНДЕРДІ ТУДЫРАДЫ» деген қағиданы ұстануымыз жөн. Міне, біздің бірігуіміздің алтын арқауы осы! – деді М.С.Нәрікбаев мырза.

Мұнан кейін жарыссөзге шығып сөйлеген «Әділет» демократиялық партиясының мүшелері: С.Бөлекбаев, Қ.Амандық, Шайх Қазбек Алтайұлы, О.Кичигина, М.Аренова, Ж.Қошқаровтар өз партияларының аздықөпті уақыт ішінде қазақстандықтардың өмірлік мүдделерін ескеру мақсатында маңызды талай нәтижелерге қол жеткізген саяси күш екендігін, елдегі өзекті мәселелерді дер кездерінде көтере біліп, әсіресе әлеуметтік жағынан толық қамтамасыз етілмеген жандарды қорғауда айқын белсенділік танытқандығын, «Еңбек туралы кодекс», «Байқоңыр қаласының тұрғындарын әлеуметтік жағынан қорғау», Экологиялық заңнамаларға ұсыныс енгізу, «Мемлекеттік тіл туралы», «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заңдардың жобаларын әзірлеп, қоғамды демократияландыру жөніндегі Мемкомиссияның, сондай-ақ басқа да мемлекеттің Кеңестік органдарының жұмыстарына кезең-кезеңде пәрменді араласып келгендігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылаудың қорытындысы бойынша «Әділет» партиясы мүшелерінің пікірлерін тыңдай отырып, «Әділет» Демократиялық

партиясының кезектен тыс шақырылған V құрылтайы былай деп шешті:

1. 15.06.2007 жылы болып өткен «Әділет» демократиялық партиясының кезектен тыс V Пленумының: «Әділет» ДП-ның «Ақ жол» ДП-на бірігу туралы ұсынысымен келісілсін.

2. «Әділет» ДП-ның қызметін тоқтату жөніндегі комиссияның құрамы бекітілсін.

Сол күні түс ауа бере сол ғимаратта «Ақ жол» және «Әділет» партияларының біріккен алғашқы құрылтайы өтіп, онда екі партияның көшбасшылары: Ә.Бәйменов пен М.Нәрікбаев мырзалар тарихи мәнге ие болғандай мазмұнды баяндамалар жасады. Оның шешімін екі партияның делегаттары да қанағаттанған сезіммен қарсы алып, алдағы болатын ҚР Парламент Мәжілісінің сайлауына ұсынылатын 114 кандидаттың тізімін бекітті.

Құрылтай алдында қатысушыларға қызықты концерттік бағдарлама ұсынылса, соңынан дарқан дастарқан жайылып, «Ырыс алды ынтымақтың» ұлттық сипаты көрініс тапты.

Сонымен еліміздің өміріне жұмырықтай жұмылған жаңа бір қуатты саяси күш келіп қосылды. Бұл қосылған қос өзен секілденіп, делегаттарды қуаныш құшағына бөлеп тұрды.

«АҚ ЖОЛ» ИМАНДЫЛЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН ЖАЛҒЫЗ ПАРТИЯ

«Ақ жол» партиясын көпшілік сындарлы оппозиция қатарына жатқызады. Бұл сонда қандай оппозиция? Осы сауалды «Ақ жол» партиясының төраға орынбасары Мақсұт Нәрікбаевқа қойған едік.

-Мен заңгермін, бекініс жасап, текетіреске баратындарды жақтамаймын, - дейді Мақсұт Нәрікбаев, - Тек қана айтарым: билік халықты «оппозиция» деген сөзден үркіту үшін не әдейі, не байқаусыз қолынан келгенін бәрін жасады. Оппозиция (радикалды бөлігі) бір жақты стратегия мен тактиканы қолданып, еліміздің қол жеткізген барлық жақсылығын жоққа шығарып, жеке тұлғаларды кінәсі дәлелденбегеніне қарамастан, жаппай қаралау арқылы ұпай жинағысы келсе, оларға өркениетті түрде саяси тойтарыс беруге қауқарсыз билік оппозицияны тек құдалаумен шектеледі. Сонымен қоғам үшін қажет «оппозиция» ұғымы қорқытып-үркітудің құралына айналады.

Сындарлы оппозиция, менің ойымша, қазіргі қалыптасқан жүйені бас - көзсіз сынай бермей, кемшіліктерді жоюдың, қоғамды дамытудың жолдарын қарастырып, нақты идеялар мен ұсыныстар айтуды мақсат тұтады. «Ақ жол» партиясының негізгі принципі: «жетістікті көрмеу - соқырлық, кемшілікті көрмеу - жаны ашымағандық». Иә, біздің жеткен жетістігіміз бар. Бірақ, кемшіліктеріміз одан әлдеқайда көп қой. Әсіресе, заң алдында қоғам мүшелерінің теңсіздігі, олардың азаматтық құқықтарының қорғалуы бойынша кемшіліктер шаш етектен. «Ақ жол» партиясының бағдарламасы әрбір сала бойынша нақты балама ұсыныстардан тұрады.

-Мысалы, сол бағдарламаларыңызда Қазақстанның кейбір аймақтарында белең алған жұмыссыздықпен күресудің қандай тәсілдері бар?

-Біз шикізаттан түскен табысты кейбір ұраншыл партиялар сияқты халыққа таратып беруді емес, оны жаңа жұмыс орындарын ашуға жұмсауды ұсынамыз. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шардара ауданында кеңес үкіметі кезінде күріш және мақта өсірумен

айналысқан 15 совхоз болған. Ал, бүгін сол жақтағы халықтың дені жұмыссыз. Неге сол кәсіпорындарды қайта жандандырмаққа? Осы облыстағы Мақтарал ауданында шетелдік инвесторлардың зауыты салынып жатыр. Бірақ оның құрылысына жергілікті халық араласып отырмағандықтан, ертең сол кәсіпорынның иесі де, сонда жұмыс істейтіндер де мақтаралдықтар емес, сырттан келгендер бола ма деп қорқам. Қызылорда облысы Арал өңірінде халықтың тең жартысына жуығы - жұмыссыз. Арал жұртшылығы балық аулаушылар мен оның өнімдерін өңдеушілердің барлығы шеттен келетіндігін айтады. Егер бюджеттен қаржы бөлініп, жұмыс орындары ашылса, үкіметке ешкім де алақан жаймас еді ғой.

-Ел аралаған кезіңізде тағы қандай мәселе көбірек назарыңызды аудартты?

-Жұмыссыздықтан кейінгі күрделі мәселе - сапалы ауыз су. Мысалы, оңтүстік өңірдегі Шардара ауданы жұртшылығының айтуына қарағанда, нашар ауызсудың салдарынан жергілікті халықтың 50 пайыздан астамы асқазан ауруымен ауырады екен... Жалпы, ауызсу проблемасы оңтүстік өңір үшін ғана емес, Қазақстанның көптеген облыстары үшін өзекті. Бірақ бұл мемлекеттік деңгейде өз шешімін таппай келеді. Сондықтан да, «Ақ жол» партиясы жылына бюджеттен кемінде 100 миллиард теңгені осы салаға арнайы бөлуді ұсынады.

-Ал ауылдан қалаға жұмыс іздеп келгендер ше? Оларға жұмыс қана емес, баспана да үлкен мәселе ғой...

-Біз жас отбасыларға, әсіресе, ипотекалық несиенімен пәтер ала алмайтын, өзінің үй жағдайын шеше алмайтындарға арнайы әлеуметтік үйлер салу керек деп ойлаймыз. Ондай үйлер арзан бағамен жалға беріледі. Сонда жастардың ақша жинап, несиеге пәтер алуына

немесе оны толық сатып алуына мүмкіндік туады. Екіншіден, кейбір статистикалық мәліметтерге қарағанда, 2030 жылға дейін халқымыздың саны өсудің орнына кемитін тәрізді. Демографиялық мәселені жас отбасыларды ынталандырмай қалай шешеміз? Осыған байланысты «Ақ жол» партиясы жас отбасының бірінші баласы дүниеге келгенде ипотекалық несиенің 30 пайызын, екінші балада - 60 пайызын, үшінші балада - 80 пайызын, ал төртінші бала туғанда мемлекет түгелдей банкке беретін шығынды өз мойнына алуы керек деп есептейді. Міне, осылай, үйсіз жүрген жастарымыздың баспаналы болуына мүмкіндік жасаймыз.

-Сыбайласқан жемқорлық та қазіргі қоғамымыздың дертіне айналған тәрізді. «Ақ жол» бұл аурудың емін біле ме?

-Мемлекет парақорлықтың тамырына балта шаппаса, еліміздің болашағы бұлыңғыр екенін партиямыз жақсы түсінеді. Сарапшыларымыз «парақорлыққа қарсы жеті қадам» деген нақты бағдарлама дайындап қойды. Бұл шара қоғамдық көкейкесті мәселені шешуге бағытталған үлесіміз болып табылады. Бағдарламада парақорлықты жүйелі құбылыс ретінде оның себептерінен арылу арқылы жою көзделген. «Ақ жолдың» бағдарламасында тексеруші, одан кейін рұқсат беруші мемлекеттік құрылымдар көбейген сайын жемқорлықпен шұғылданатын лауазым иелері де көбейеді дедік. Мысалы, осыдан 3-4 жыл бұрын Президенттің тапсырмасымен тексеруші және реттеуші құрылымдардың санын азайту мәселесі қойылған. Сонда тек 19 тексеруші орган қалып, қалғандары жабылатын болған. Ал бүгінгі таңда тек қана республикалық деңгейде 47 тексеруші және рұқсат беруші құрылым бар екен. Бұл нені көрсетеді? Президенттің сол кездегі тапсырмасын үкімет пен парламент әлі орындамай

отыр. «Ақ жол» партиясы сол жемқорлықтың салдарымен емес, оның түпкі себептерімен күресетін көптеген жаңа жолдар ұсынады. Мысалы, соттардың үкіметтен, әкімдерден, өзінен жоғары соттардан, материалдық, техникалық және кадрлық тұрғыда тәуелсіз болуын қамтамасыз ету қажет. Төменгі соттардың еңбек ақысын үш-төрт есеге көтеру керек.

-Жалпы өзіңіз айтып отырған сот жүйесінің бүгінгі жағдайын қалай бағалайсыз?

-Біз құқықтық - сот реформасының кешенді түрде жүруін қалаймыз. Сот жүйесі тиімді жұмыс жасамай, бүкіл қоғамның мүддесін қорғамай, әділеттілік туралы айту қиын. Біз тәуелсіз, қуатты, тиімді жұмыс істейтін сот жүйесінің құрылуына көңіл бөлудеміз. Ол мынандай қағидаларға сүйенеді: соттардың тәуелсіздігі және олардың тек қана заңға бағынуы, соттың имандылығы мен жариялылығы, жеке тұлғалардың құқығын қорғау, екі тараптың тең құқығы, әрбір сот актісінің заңдылығы мен негізділігі.

-«Ақ жол» партиясы Теңдік, Еңбек деген құндылықтармен қоса Иmandылықты да ұран етіп алыпты. Неге?

-Ия, «Ақ жол» имандылықты ту еткен жалғыз партия. Себебі, өкінішке орай, егемендік алғаннан кейін алғашқы 7-8 жылда көпшілік жаппай күн көріс қамымен кетіп, имандылығымызды ұмыта бастадық. Нарықтық экономика қазақстандықтарға жаңа құндылықтар алып келді. Мәселен, кеңес заманында байлық теріс құндылық ретінде бағаланса, бүгін ол көптеген жастар үшін басты мақсатқа айналды. Керісінше мораль, адамгершілік деген құндылықтар назардан тысқары қала бастады. Осындай қоғамдық құндылықтардың ауысуы салдарынан жалпы адамдардың бір-біріне деген жанашырлығы азайып, үлкенге ізет кеми түсті. Шын мәнісінде заң алдындағы теңсіздіктің де, әлеуметтік әділетсіздіктің

де түп-тамырында имандылықтың құндылық ретінде төмендей бастауы жатыр. Себебі, заңды белден басып, біреудің меншігін басқаға тартып әперетін әкімдерде, әділетсіз шешім шығаратын соттарда имандылық бар деуге бола ма?! Бұл – шешімі күрделі мәселе. «Ақ жол» партиясы бұқаралық құралдар арқылы мәдениетімізді, әдебиетімізді насихаттап, «Мәдениет» және «Өркендеу» бағдарламаларын ашуды ұсынды. Ал имандылық тәрбие тірегіне айналуы тиіс.

-Өзіңіз де музыкаға жақын, суретке әуес, өлең жазып, ән шығарады деп естідік...

-Әдемілікке жаны қас, мәдениеттілігі төмен адамнан қара қылды қақ жарған әділетті судья шыға қоймас. Жүрегінің жылуы жоқ адам басқаның тағдырына селқос, немқұрайлы келеді, жаны ашымағандықтан заңсыз шешімге оңай барады. Алла тағаланың әдемілікті сезіну сияқты ізгі қасиеттер бергеніне шүкіршілік етемін!

(Жариялану ақысы Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің сайлау қорынан төленді).

БІЗ ЖЕҢІЛГЕНІМІЗДІ МОЙЫНДАУДЫ ҮЙРЕНУІМІЗ КЕРЕК

-Өткен сайлау науқанының қорытындысына сіздің берген бағаңыз жеңілген партиялардың, оның ішінде «Ақ жол» партиясының жетекшілерінің қатаң мәлімдемелерінен мүлдем өзгеше. Қалай болғанда да біз бұқаралық мәлімдемелердің куәгері болдық. Сіз қазір өткен сайлауға жүйелі баға беруге дайынсыз ба? Пікіріңіз осы уақыт аралығында өзгерген жоқ па?

-Сайлауға жан-жақты талдау жасау таяу болашақта атқарылатын іс. Ал қазір екі басты мәселені ашық айту керек. Өйткені ол екеуі бір-біріне қарама-қайшы болып тұр.

Біріншісінде Мемлекетіміздің басшысын және ол жетекшілік ететін партияны қазақстандықтардың басым бөлігі қолдайтынын өткен сайлау көрсетті. «Нұр Отанның» жеңісі даусыз және оны ешкім теріске шығара алмайды. Сондай-ақ «Нұр Отан» партиясы елдегі басқа ірі үш партиямен бірігуі арқылы сандық жағынан ғана емес, сапалық жағынан да күшейе түсіп, сайлау алдындағы науқанды белсенді өткізгенін, сайлаудағы жеңіс сайлауға дейін қамтамасыз етілуі керектігін іс жүзінде дәлелдеді. Басты ақиқат - «Нұр Отанның» беделі толығымен және түбегейлі оның жетекшісі - Нұрсұлтан Назарбаевтың беделіне негізделген. Мұны да ешкім жоққа шығара алмайды.

Екінші мәселе - аса жағымды емес. Өткен сайлау саяси элитада «орталық аймақтарды басқара алмай тұр» деген пікір қалыптастырды. Барлық деңгейдегі әкімдер өз жерінде қожайын және олар кез келген заңды бұза алады. Бұл орайда олар заңның дұрыс-бұрыстығын өз білімдігі деңгейінде байыптайды. Осы жолы да олар таза болуға тиісті жерде мәселе қоздырды. «Билікке жағымпазданамыз» деп елді саяси дағдарысқа итермеледі. Мұны да айтпай кетуге болмайды. Өйткені ол заңды бұзушылардың, оларға дем берушілер мен атқарушылардың бір де біреуі жауапқа тартылмайтындығы жылма-жыл қайталанып отыр. Сондықтан да барлық деңгейдегі әкімдердің өздері қолдан жасаған мәслихаттар арқылы емес, тікелей азаматтардың дауыс беруі арқылы сайлану жүйесіне мүмкіндігінше жылдамырақ ауысқанымыз жөн.

«Ақ жол» партиясына да Серікболсын Әбділдиннің коммунистері сияқты сайлауға бойкот жариялау қажет пе еді?

-Ешқашанда! Бойкот – саяси күрестәсіліндегі мүлде әлсіз әрекет. Ал «Ақ жол» өзін конструктивті саяси күш ретінде көрсетіп келе жатқан партия. Сайлау белсенділікті арттыру қажеттігін, аймақтардағы өзіміздің ықпалымызды нығайту керектігін, сондай-ақ күшті және осал жақтарымызды бағалай алу қажеттігін көрсетіп берді.

-Сіздің оппозицияны естен тандырған 21 тамыздағы оқыс мәлімдемеңізге оралайықшы. Осыдан кейін «Ақ жолда» ресми және ресми емес деңгейде салиқалы әңгіме болған шығар деп ойлаймыз. Сіздің қазіргі ұстанымыңыз қандай? Егер қоқысты үйден шығарудан қорықпасаңыз, өз партияңыздың жағдайына баға бере кетсеңіз?

-Сайлаудағы біздің партияның нәтижесіне қатысты сұрап отырсаңыз, онда мен әділдік жағындамын, күштердің арасалмағы кімдердің пайдасында екенін көрдік. Шын мәнінде біз екінші орынды иемденеміз деп ойлаған едік. Дегенмен, бұл жерде объективті және субъективті жағдайлар өз «қызметін» атқарды.

Біріншіден, біздің екі партия дәл сайлау науқанының алдында ғана бірікті, сондықтан да «Әділет» демократиялық партиясының мүмкіндіктері өз деңгейінде пайдаланылмай қалды. Өйткені біздің партияның мүшелерінің көпшілігі заңгерлер мен ғылыми-педагогикалық топтан болатын. Ал олар бұл кезде демалыста жүрді.

Екіншіден, соңғы бір жарым жылда анық сезілген «Ақ жол» партиясындағы қаржылық тапшылық оның аймақтардағы ықпалының төмендеуіне жол ашты.

Үшіншіден, басшылық, бүтіндей айтқанда, партияның Орталық сайлау штабының басшылығы

науқан кезінде ұйымдастыру және тактикалық маңызды мәселелерде қателіктерге орын берді.

Төртіншіден, билік «Ақ жол» мен Жалпыұлттық социал-демократиялық партия жетекшілерінің арасында түсініспеушілік бар екенін біле тұрып, олардың өзара күресуіне ықпал етті де, оппозиция күшін әлсіретті, электорат назарын басқа жаққа аударып жіберді. Өкінішке қарай, Жалпыұлттық социал-демократиялық партияда бұл арандатуға сенім пайда болды. Олардың жарияланған кейбір мақалаларында Ә.Байменовтың де, менің де, Амангелді Айталының да және «Ақ жолдағы» басқа да көрнекі тұлғалардың атына сындар айтылды.

Бесіншіден, әкімшілік қысым тетігі кері бағытта қызмет етті. Бүкіл сайлау алдындағы үгіт-насихат науқанында барлық деңгейдегі әкімдер мұғалімдерді, дәрігерлерді және бюджет саласының басқа да қызметкерлерін «қол қойдырып» «Нұр Отан» партиясына дауыс беруге күштеді. Мұндай жағдайда кез келген азамат немесе сайлауға бармайды, немесе өзіне жасалған кемсітушілік пен басына төндірген қара бұлтқа орай кек алу үшін Жалпыұлттық социал-демократиялық партияға дауыс береді. Сөйтіп, біздің партия белгілі бір деңгейде электоральдық вакуумда қалды. Бұларға қосарым, қазірдің өзінде 7 пайыздық мөлшерді алғанымызды дәлелдейтін құжаттар қолымызда болмай тұр. Ал жекелеген өрескел заң бұзушылықтарды көрсету арқылы біз соттың қанағаттанарлық шешімін ала алмайтынымыз белгілі.

Біздің қарсыластарымыз күштірек болып шықты, біз жеңілдік. Бізге жеңілгенімізді мойындауды үйренуіміз керек. Өзіміздің намысқорлығымыз бен ренішімізден жоғарырақ тұруға тиіспіз. Мен өзімнің мәлімдемем өз партиямың мүшелері тарапынан да, оппозиция мен

билік тарапынан да белгілі бір пікір туғызатынын алдын ала білдім. Қазір мені «шпион», «жікшіл» және басқа да теңеулермен атайды. 24 тамызда «Ақ жол» партиясы Орталық Кеңесі президиумының кеңейтілген мәжілісі өтті. Онда маған партиядан шығу жөнінде өтініш беруіме ұсыныс жасалғанын да жасырмаймын. Ал қазір қалай болғанда да сайлаудағы жеңілістен кейінгі ауыр жағдайды бастан кешсе де менің мәлімдемемнің мағынасын түсініп, өзімді бір ауыздан қорғап қалған партиялас достарыма алғыс айтамын. Мен «Ақ жол» партиясының болашағы әлі алда екеніне сенемін.

-Сіз сайлау туралы заңдардың бұзылғандығына нақты мысал келтіре аласыз ба?

-Әлбетте. Бізде Қарағанды облысындағы учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Тілеубердин дейтін біреудің дауыс жиналатын қораптарға төрт рет бюллетень салғанын түсіріп алған бейнематериал бар. Маңғыстау облысындағы біздің қолымызда бас сайлау нәтижесінің хаттамаларында солардың 30 пайызында Орталық сайлау комиссиясы жариялаған нәтижелердегіден артық дауыс жинағанымыз туралы да мәлімет бар. Оңтүстік Қазақстан облысы сайлау учаскелерінің бірқатары бойынша бізде екі түрлі хаттама бар. Олардағы сайлау қорытындысы бір-біріне ұқсамайды.

-Сіз келтірген заң бұзушылықтар сайлаудың жалпы нәтижесіне әсер ете алды ма?

-Мен келтірген заң бұзушылықтар жекелеген аймақтарда орын алды және ол аймақтық маңызға ғана ие. Менің ойымша, түпкілікті қорытындыға «естіп көрмеген қатысуды» (кейбір аймақтарда 90 пайыз) қамтамасыз еткен әкімдердің «социалистік жарысы» әсер етті.

-«Ақ жол» сайлау қорытындысы бойынша сотқа шағым түсіре ме?

-Әрине. Біз Қазақстан аймақтарының барлығында және 200-ден астам заң бұзушылықтың болғанын біліп отырмыз және дәлелдей аламыз. Әрине, олардың кейбірі сотқа шағымдануға негіз бола алмайды. Бірақ біздің қолымызда кінәлілерді қылмыстық жауапкершілікке тартуға дейін талап ете алатындай айтарлықтай заң бұзушылықты дәлелдейтін де айғақтар бар.

-Болашақ Мәжіліске қандай баға бересіз?

-Мемлекет және құқық теориясында ұстамдылық және арасалмақ жүйесі дейтін ұғым бар. 18 тамыздан кейін бұл түзілім бұзылды. Бүгін билік өзін-өзі тұйыққа тіреді. Өйткені заң шығару билігі «Нұр Отан» партиясының мүшелерінен тұрады. Премьер-министрден ауылдық жердегі әкімдіктерге дейінгі атқарушы билікті «Нұр Отан» партиясы жасақтайды. Мұның салдары өзінің соңынан экономиканы да жетелейтін терең саяси дағдарысқа соқтыруы мүмкін.

Сондықтан да мемлекеттік басқару жүйесіндегі «бірпартиялылықтың» қалыпты салмағын жасаудың тегігі жайлы бүгін ойласу керек. Бұл қоғамдық құрылым бола ма, әлде басқа бола ма, оны уақыт көрсетер. Дегенмен саяси партияларды мемлекеттік қаржыландыру мәселесін ойдағыдай шешу, Парламент Мәжілісінің тек бір партия өкілдерінен құрылуын болдырмай құқықтық тетік жасау қажет. Әрі-беріден соң атқарушы билік органдарына тек байыпты ғана емес, сондай-ақ радикалды оппозиция өкілдерін де қатыстыру, Парламентте саяси партиялардың бақылаушылар корпусын құру, оларға белгілі бір өкілдіктер беру жағына да қадам жасау қажет.

-Сіз сайлау алдындағы сөздеріңізде Президенттің досы ретінде оған тек қана ақиқатты ашық айтатыныңыз жайлы мәлімдеп едіңіз...

-Шын мәнінде мен Мемлекет Басшысына хат жаздым. Онда тек бұзылған заңдар туралы ғана баяндап қойған жоқпын, бұл заң бұзушылықтарға кінәлі мемлекеттік қызметкерлердің нақты есімдерін атап, олардың істеген істерін дәлелдеп жаздым.

-Қандай нәтиже күтесіз?

-Ол енді Президенттің өз шаруасы.

* * *

**Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы
Орталық кеңесінің төрағасы – менің партияның
саяси кеңесіне, мүшелеріне және сайлаушыларға
ашық Хатым**

Құрметті серіктестер мен «Ақ жол» партиясының жақтастары!

Парламент мәжілісінің депутаттарын сайлаудың алдын ала қорытындыларына сәйкес, үлкен өкінішке орай, «Ақ жол» партиясы жеті пайыздық табалдырықты еңсере алмаған және тиісінше еліміздің ең жоғары заң шығарушы органында өз сайлаушыларының мүдделерін білдіру мүмкіндігінен айрылған жәйтін атап айтуға мәжбүрмін.

Жергілікті орындардан алынған алдын ала ақпаратты негізге алып, ойдағы ниетті ақиқатқа балай отырып, партия Орталық Кеңесінің Төралқасы мәлімдеме таратып, онда дауыс беру қорытындыларының бұрмаланғаны туралы көрсетілген.

Осынау алдын ала ақпаратты алғашқы тексерулердің нәтижелері сайлау үдерісін жекелеген бұзушылықтар орын алғанын көрсетеді, бірақ та олар сайлаудың жалпы қорытындыларына әсер ете алмайды. Өзіміздің тым өршіл шамшылдығымызды көрсете отырып, біз болашақта тіпті біздің партиямызды жақтап дау-

ыс берген сайлаушылардың да қолдауынан айрылып қалуға тәуекел етеміз. Демократиялық реформалар жүргізуді жақтай отырып, біз өз бағдарламамыздың негізгі ұстанымдарынан ауытқуға тиіс емеспіз және 18 тамызда бізге өз дауыстарын берген азаматтар дұрыс таңдау жасағандығын сөзбен емес, іспен дәлелдей отырып, әр сайлаушының дауысы үшін өркениетті жолмен күресуіміз керек.

Біз бәріміз сайлау биліктегі «Нұр Отан» партиясының толық та сөзсіз жеңісімен аяқталғанын мойындауға тиіспіз, ал дауыс берудің қорытындыларын мойындамаушылық – басым көпшілік қазақстандықтардың пікірімен санаспаушылық болып шығады.

Кез келген демократиялық мемлекетте елде көшбасшы болу ниетіндегі партия көпшілік отандастарының таңдауын елемеушілікке бара алмайды, сондықтан осы жағдайды пайдалана отырып, «Нұр Отан» партиясын және оның лидері Нұрсұлтан Әбішұлын парламенттік сайлаудағы жеңісімен құттықтағым келеді.

Өз сайлаушыларымыздың атына алғыс сөздерін айта отырып, оларды сайлауалды бағдарламада айтылған барлық бастамалар мемлекеттік органдармен қалыпты жұмыс жүргізу арқылы іске асырылатынына сендіргіміз келер еді.

Қымбатты ниеттестер! Халықтың үлкен тобына біздің бағдарламаның негізгі идеяларын жеткізе алмағанымызды мойындау керек, осы сайлаудағы сәтсіздіктің негізгі себептерін, мен, осыдан көремін. Сондықтан бүгінгі күннен бастап келесі сайлауларға жемісті әзірлікке кірісуге шақырамын, біз оларда өркениетті де демократиялық жолмен талап етіліп, қажет екенімізді дәлелдейтін боламыз.

ОЙТҮЙІН

Мақсұт Нәрікбаев, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары:

-Жалпы, көппартиялық жүйеде пропорционалды сайлау өткізудің негізгі мақсаты - Парламентке жеткен партиялар пайыздық салмағына сәйкес Үкімет құрамына да кіруі керек. Өкініштісі, барлық жерде де «Нұр Отан» партиясының кандидаты өтуі керек деген түсінік қалыптасқан. Өйткені әкім-кадрлардың көпшілігі осы партияның өкілі. Рас, сайлауда «Нұр Отан» партиясы жеңіске жететініне ешкімнің күмәні жоқ. Дегенмен сайлау әділ де таза өткізілсе, өзге партиялар да Парламенттен өзіне тиесілі еншісін ойып алатыны даусыз. Сондықтан Үкімет құрамында пайыздық тұрғыда өзге фракция өкілдері болса, бұл - кадрлық тұрлаулықтың кепілі. Себебі өзге партиялардың да реформаға өзіндік көзқарасы, бағдарламасы бар. Сол тұрғыдан, өзге партиялар Үкіметтің тиімді әрекет етуіне ықпал етеді. Өзге партиялар фракция құрып, Үкіметті құруға қатысқаны жөн. Ал болашақта Үкімет тек бір-ақ партиядан жасақталатын болса, бұл жаңа конституциялық өзгерістерді жоққа шығару болып есептеледі.

БҰЛ ЕЛБАСЫҒА ӨКПЕЛЕГЕНІМ ЕМЕС

кімде-кім Президентке шын дос болса, шындықты айтуы керек

«Біріншіден, «Әділет» партиясын «ақжолдықтардың» ақ құшағын жая қарсы алғаны үшін мың алғыс! Шынында да, біздің мемлекетіміз қазіргі кезде үлкен даму, өсу жолында тұр. Оның барлығы біздің мемлекетімізде орын алып отырған саяси оқиғаларға бай-

ланысты болып отыр. Мінеки, бүгін екі жақта жүрген екі партия бірігіп, бір бағдарламаны, бір мақсатты негізге алып, қосылу үстінде. Осы бірігу жолындағы қосылысымыз, біздің жолымыз ақ жол болып, бір күш болып, қойған мақсатымызға жетуге Алла жар болсын деймін!

Мен бірнеше облысты аралап келдім. Сонда ел арасынан мынадай бір алып-қашпа сөздер естідім. «Ойпырмай, мына Нәрікбаев Назарбаевқа өкпелеген бе, неге оппозиционер болып кеткен?» деген сынды сөздер. Рас, мен кезінде Президенттік партияның басшысы болдым. Бірақ бұл Елбасымызға өкпелеу емес. Қазақта мынадай бір керемет нақыл бар: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деген. Егер кімде-кім Президенттің шын досы болса, Қазақстанның шын патриоты болса, ол шындықтан алыс кетпеуі тиіс. Ия, бүгін біздің жаста болса, бас болған Әлихан бауырымыздың «жеткен жетістікті көрмеу - соқырлық, ал кемістікті көріп тұрып айтпау, ол - жаны ашымағандық» деген сөзіне мен қатты тәнті болдым. Мен жоғарыдағы пікірлерге жауап ретінде осыны айтар едім. Көпшілік мені мүмкін оппозиционер дер, басқа дер, бірақ шындық жолынан таймауымыз керек. Біздің бірігетініміз жөнінде Әлихан екеуміз жеті ай бойы ойландық. Пікір алыстық. Сондықтан біз кейбір партиялар сияқты сайлауға қатысу үшін қосылғанымыз жоқ, біздің шындығында да, алған бағытымыз, аңсар арманымыз және сол арманға жету жолындағы таңдаған әдістеріміз бірдей болғандықтан біз осындай шешімге келдік. Сондықтан да барлық қазақстандықтарға «Ақ жол» тілеймін».

«Ақ жол» демократиялық партиясы төрағасының орынбасары - Орталық Кеңес төрағасы Мақсұт Нәрікбаев.

«АҚ ЖОЛ» РЕЙДЕРЛІККЕ ҚАРСЫ

Алматыда «Ақ жол» партиясының бастамасымен «Рейдерлікпен күрестің өзекті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел мәжілісі болып өтті.

Жиында сарапшылар «Қазақстанда рейдерлік сипат алып бара жатқан әрекеттерге заңдық тұрғыда тосқауыл салуға бола ма?» деген сұраққа жауап іздеді.

-«Соңғы уақытта елімізде жеке азаматтардың, заңды тұлғалардың өздеріне тиесілі заңды мүліктерін «рейдерлік» деген атқа ие болған неше түрлі әрекеттермен тартып алу оқиғалары жиі кездесіп жүр. Соның кейбіреуі қоғам белсенділерінің көмегімен шешіліп жатса, көбісі қоғам назарынан тыс қалып жатыр. Рейдерлік - енді ғана көтеріліп келе жатқан кәсіпкерліктің тұрақтылығын бұзады, инвестициялық ахуалға кері әсерін тигізеді, тіптен мемлекеттің қауіпсіздігіне де қатер төнгізуі мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген материалды сараптай келе, республикамызда рейдерлік пен құқықтық күрес мәселесінің өзекті де өткір екендігін байқадық. Барлығы рейдерлікке қарсы заңдық құжаттарды әзірлеудің қажет екендігін көрсетеді», - деді «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Мақсұт Нәрікбаев.

Дөңгелек үстел мәжілісінде партия төрағасының орынбасары Мақсұт Нәрікбаев рейдерлікпен күрес жөніндегі қоғамдық қор құруды ұсынды. Бұл бастамаға форумға қатысушылардың барлығы қолдау көрсетті.

ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

«АҚ ЖОЛ» партиясы зиялы қауыммен кездесу өткізді. Бұл жолғы кездесу Қазақтың мемлекеттік заң академиясының ғимаратында өтті. «Қазақстанның рухани дамуының мәселелері» деген тақырыптағы кездесуге жазушылар, сазгерлер, жалпы өнер адамдары жиналып, пікірлерін ортаға салды. Кездесуге «АҚ ЖОЛ» партиясының жетекшілері Әлихан Бәйменов пен Мақсұт Нәрікбаев қатысып, сөз сөйлеп, көпшілікті толғандырған сұрақтарға жауап берді.

Сол күні «АҚ ЖОЛ» партиясының өкілдері Алматының маңындағы Каменка кентінің тұрғындарымен кездесіп, олардың тілек-талаптарымен танысты. Тұрғындарды ең алдымен ауыз су мәселесі толғандырып отырған көрінеді. Оның шешілуіне ақжолдықтар атсалысатындықтарын мәлімдеді.

Алматы.

* * *

ҮШ АУДАНДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ

«Ақ жол» партиясы Төрағасының орынбасары Мақсұт Нәрікбаев, Парламент Мәжілісінің депутаттығынан үміткерлер, партияның Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Алтынбек Кәттебеков, кәсіпкерлер Қайрат Балабиев және Әділхан Сұлтанбеков Шардара қаласында аудан сайлаушыларымен кездесті.

Облыстық мәслихаттың депутаттығынан үміткер Шардара аудандық газетінің бас редакторы Жұмабек

Мұқанов сөз сөйледі. Концерт ұйымдастырылып, Мақсұт Нәрікбаев та шардаралық жұртшылық алдында ән шырқады.

Жетісай қаласындағы құрылысшылар клубында 150-ден аса сайлаушының қатысуымен кездесу өтті. Кездесуде Мақсұт Нәрікбаевқа көптеген сұрақтар қойылды.

Оңтүстік Қазақстан облысы

МӘСЕЛЕ МЕМЛЕКЕТСІЗ ШЕШІЛМЕЙДІ

Ескі тұрғын үйлердің мәселесін кім шешуі керек? Астана қаласы әл-Фараби шағын ауданындағы № 5 үйдің ауласындағы «Ақ жол» демократиялық партиясының басшылары мен тұрғындар арасындағы кездесуде әңгіме өзегі осы тақырып болды.

Кездесуге бұл жолы партия төрағасы Әлихан Байменовпен бірге оның орынбасарлары Людмила Жуланова мен Мақсұт Нәрікбаев та келді. Айналадағы үш-төрт үйдің тұрғындары коммуналды шаруашылық кооперативтерін кінәласа, олар қажетті мөлшерде ақшаның жоқтығын айтып, ақталмақ болды.

Тұрғындардың талап етуімен партия басшылары осындағы бір үйдің жертөлесін арнайы ашып көрді. Олар ортақ пайдаланудағы шатыр, жертөле сияқты орындарды мемлекеттік үйлерді жөндеу мен күту туралы арнайы бағдарлама аясында жүзеге асырғаны жөн деп санайтындықтарымен бөлісті.

Астана

АҚЖОЛДЫҚТАР ӨСКЕМЕНДЕ БОЛДЫ

Жексенбі күні «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясының серкелері Әлихан Байменов пен Мақсұт Нәрікбаев бастаған бір топ Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидаттар Өскеменге келіп, № 44 және № 17 мектептерде қала тұрғындарымен кездесу өткізді. Ал дүйсенбіде ақжолдықтар Талдау және болжау институтының «Шығыс» баспасөз орталығында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесіп, өз бағдарламалары жайлы баяндап берді.

Біздің партия имандылық, руханият, әдеп қағидаттарын алғақояды. Қазақстанның әрбір тұрғынына жағдай жасауға, ұстаздар мен дәрігерлердің жалақысын өсіруге, ең төменгі жалақыны 2010 жылға дейін 30 мың, ал орташа жалақыны 150 мың теңгеге дейін көтеруге күш саламыз. Егер сайлау әділ өтетін болса, нұротандықтардан кейін екінші орынды немесе 30-33 пайыз дауыс жинауға мүмкіндігіміз бар, деді Ә.Байменов. Бұдан кейін ақжолдықтар журналистердің сауалдарына жауап қайтарды.

Сол күні Ә.Байменов бастаған топ Абай ауданының Қарауыл ауылына аттанып кетті. Одан кейін Семей халқымен жүздеспек.

АҚЖОЛДЫҚТАР АБАЙ ЕЛІНДЕ

«АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясынан Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат болып тіркелген бір топ үміткер кеше Семей өңірінде болып қайтты. Оларды партия төрағасы Әлихан Байменов бастап келді. Бұл топтың құрамында сондай-ақ партия төрағасының орынбасары Мақсұт Нәрікбаев, Сырым Мұхамеджан және Орынбек Сәрсембин сынды азаматтар бар. Осы орайда айта кететін бір жәйт сол,

Сырым Төлеутайұлы осында туған екен және кешегі біздің әріптесіміз. Кезінде еңбек жолын облыстық «Семей таңы» газетінен бастаған ол содан бергі жерде біраз жауапты қызметтер атқарған көрінеді, үлкен өмір мектебінен өтіп үлгерген сыңайлы.

Ақжолдықтар Абай ауданындағы кездесуін Мұхаң - Мұхтар Әуезов өмірге келген Қасқабұлақ ауылында бастады. Бұдан кейін олар Жидебайға барып, Абай-Шәкәрім кесенесіне тағзым етті. Келесі кездесу Абай ауданының орталығы Қарауыл ауылында жалғасты. Сол екі кездесуде де партия Төрағасы бастап, қалғандары оны қостай сөйлеген үміткерлер жергілікті сайлаушылармен ел болашағы туралы сыр бөлісті. Үміткерлер сондай-ақ өздеріне қойылған сауалдарға тиянақты түрде жауап берді. Ақжолдықтардың сайлаушылармен кездесуі бүгін Семейде жалғасады.

Шығыс Қазақстан облысы.

АҚЖОЛДЫҚ ҮМІТКЕРЛЕР СЫР ӨНІРІНДЕ ЖҮР

6-7 тамыз күндері «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясы Төрағасының орынбасары Мақсұт Нәрікбаев Қызылорда облысына сапары аясында аймақтағы Арал, Қазалы, Жалағаш аудандары және Қызылорда қаласының сайлаушыларымен кездесті. Сондай-ақ кездесулерге «АҚ ЖОЛ» партиясынан Мәжіліс депутаттығына кандидаттар Исраил Сапарбай, Ибрагим Исаев, Шегебай Нұрсейітов, Амандық Құлахмет қатысты.

Жүздесу барысында «АҚ ЖОЛ» партиясының сайлауалды тұғырнамасының негізгі баптары талқыланып, сайлаушылар көңілінде жүрген мәселелерге көбірек назар аударылды.

8-9 тамызда сайлаушылармен кездесу аймақтың Шиелі, Жаңақорған аудандарында өз жалғасын тапты.

Қызылорда облысы

ШЫМКЕНТ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ

Өткен аптаның соңғы күндері «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Мақсұт Нәрікбаев Шымкентте жергілікті тұрғындармен кездесті.

Кездесуге Оңтүстік Қазақстан облысынан мәжіліс депутаттығынан үміткерлері, «Ақ жол» партиясы облыстық филиалының төрағасы Алтынбек Кәттебеков, партия белсенділері, заңгер Қайрат Балабиев, белгілі ақын Ханбибі Есенғарақызы секілді азаматтар қатысты.

Кездесу барысында М.Нәрікбаев «Ақ жол» партиясының сайлауалды бағдарламасының негізгі құндылықтарымен таныстырып, партияның ұран етіп алған Теңдік, Еңбек және Иmandылыққа сай еңбек жасауымыз керек деді. Сонымен бірге кездесуге қатысқан жұртшылықтың сұрақтарына қатысты, Мақсұт Нәрікбаев мырза мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландырылатын қызметкерлерге жалақыны көтеру, мұқтаж адамдарды тұрғын үймен, жермен қамтамасыз ету мәселесін шешу қажеттігін айтты. Кездесуге жиналғандардың көбі «Ақ жол» партиясы мен оның жетекшілерін қолдайтындығын білдірді.



2008 – ТЫШҚАН ЖЫЛЫ

2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық ететіндігіне орай «Әділет» демократиялық партиясы саяси Кеңесінің
МӘЛІМДЕМЕСІ

Үстіміздегі жылғы (2007) 30 қарашада еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына кіретін елдердің сыртқы саясат жөніндегі мекеме басшыларының Мадрид қаласындағы мәжілісінде Қазақстан аталған беделді ұйымның 2010 жылғы төрағалығына бірауыздан сайланды.

«Әділет» демократиялық партиясы бұл шешімді қолдай отырып, барша отандастарымызды, саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді және Республика басшылығын лайықты дипломатиялық жеңісімен құттықтайды! Қазақстанның төрағалығы туралы шешім ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің Қазақстанның әлемдік үрдістегі оң рөлін, оның құқықтық демократиялық мемлекет құрудағы шынайы ұмтылыстары ресми түрде бағалануы болып табылады. Жалпыеуропалық бұл ұйымға Қазақстанның төраға болып сайлануы - олардың біздің елімізді терезесі тең серіктес деп, Орта Азия өңірінде ғана емес, күллі ТМД аумағы бойынша көшбасшы ретінде мойындауының белгісі.

Қазақстанның алдағы уақыттағы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі осынау беделді халықаралық ұйымның кең көлемдегі қайта құрылу кезеңімен тұспа-тұс келіп отыр. Әлемдік қауымдастық алдында тұрған міндеттер ЕҚЫҰ-дан жан-жақты бірлікті, оның әлемдік үрдістерге ықпалын арттыруды, ЕҚЫҰ-ға қатысты мемлекеттердің тең құқықтық тұрғыдағы үздіксіз ынтымақтасуын, мүдделер мен тиімділіктердің екіжақтан да сыйластығын қажет етеді. Бұл - Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық тұғырындағы принципті ұстанымы болуға тиіс және

мұндай қызмет халықаралық ынтымақтастықтың да, қазақстандықтардың да кең көлемдегі мүддесіне жауап бере алады.

Осымен қатар демократиялық реформаның көптеген бағыттары бойынша Қазақстан ЕҚЫҰ-ның үлгілеріне толықтай сәйкес келе бермейтіндігін мойындауымыз керек. Бұл дегеніңіз еліміздің басшылығынан, Парламенттен, Үкіметтен, саяси партиялардан, үкіметтік емес ұйымдардан мемлекеттік құрылысты одан әрі жетілдіру бойынша қажыр-қайрат пен үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Осыған орай «Әділет» демократиялық партиясының саяси Кеңесі ҚР-ның Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палатаға өздері жасаған жұмыс жоспарларына төмендегідей ұсыныстарды ендіріп, өзгерістер мен толықтыруларды дереу жүргізулері керек деп біледі. Атап айтқанда;

-ҚР «Сайлау туралы» Заңына - Сайлау комиссиялары мүшелерінің тәуелсіз болу жағы ескерілуін;

-партиялық тізім бойынша Мәжіліс депутаты болып сайланудағы кедергілердің жойылуын;

-партиялардың сайлану қорындағы шектеуді алып тастауға, сондай-ақ Мәжіліс Парламентіне бір ғана партиядан депутаттар сайлауға жол бермейтін құқықтық тетікті ендіруге бағытталған пікірлердің құпталуын;

- ҚР «Саяси партиялар туралы» Заңына - саяси партиялардың құрылтайлығы мен мемлекеттік тіркелуін оңайлатуға бағытталған шаралар қарастырылуын;

- ҚР «БАҚ туралы» Заңына - жекеменшік БАҚ-тың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге және БАҚ-тың мемлекеттік тіркелуі мен лицензиялау шаралары оңтайландырылуы;

- Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі және басқа да заңдарға адамдардың құқықтары мен мүдделерін

іс жүзінде сотпен қорғауды қамтамасыз етерліктей бағыттардың іздестірілуін.

Осымен қатар біз «Жергілікті жерде өзін-өзі басқару туралы» және «Лоббилау туралы» заңдардың да тезірек қабылдануын қажет деп білеміз.

Көрсетілген бағыттар бойынша өз қызметін пәрмендете түсетіндігін мәлімдей отырып, біздің Саяси кеңесіміз «Әділет» демократиялық партиясының кезектен тыс өткен VI құрылтайында қабылданған Манифесті кеңінен таратып, барша саяси күштерді аталған осы мұраттар үшін бірігуге шақырады.

Күллі саяси және қоғамдық күштердің ынтымақтасқан жауапты қарекеттері ғана Қазақстанды ЕҚЫҰ-ға лайықты төраға ете алады.

ДОКЛАД

сопредседателя Демократической партии «Әділет»
М.С. Нарикбаева на II-м очередном съезде

**«Общественно-политическая ситуация в
стране и задачи Демократической партии «Әділет»
на предстоящий период»**

Құрметті әріптестер! Қымбатты достар!

Егемен Қазақстанның саяси сахнасында Сіздер мен біз құрған Қазақстанның Демократиялық партиясының өмірге келгеніне биыл төрт жыл болыпты. Бұл мерзім тарихи мөлшермен есептегенде, әрине көп емес. Бірақ тәуелсіз мемлекетіміздің тұрақтану кезеңіндегі қосқан үлесімізді ғана емес, алға қойған мақсатымызға жету жолындағы жасаған және жасамақшы болған іс әрекеттерімізбен салыстырсақ, аз деп айта алмаймыз. Осы уақыттың ішінде партиямыздың кезектен

тыс алты Съезін өткізіппіз. Екі парламенттік, бір президенттік сайлауға қатысып, билік үшін додаға да түсіппіз. Жеңісіміз де, жеңілісіміз де болды. 2004 жылғы парламенттік сайлауға біздің партиядан ұсынған бір үміткеріміз жеңіске жетіп, үш жыл Мәжіліс депутаты болды. Өткен жылғы Парламенттік сайлауға «Ақ жол» партиясынымен бірігіп қатыссақ та, үмітіміз ақталмай қалды. Іштей қынжылдық та, «әттеген-ай, жеке өзіміз жарысқа түскенде қалай болатын едік» деген күдік те туындады. Бірақ мен өткен жылғы сайлау қорытындысынан жеңілістен көрі, жеңіс төбесіне шыққандай сезінемін. Өйткені, біз партиялық жұмыстың нағыз ауыртпалығын сездік, әділдік пен әділетсіздіктің айырмашылығын сөз жүзінде емес, іс жүзінде көзімізбен көрдік. Әділеттікке жету жолының өте қиын екендігін жан дүниемізбен сезіндік. Осының бәрі бізді қайрай түспесе, тіземізді бүккізбеді. Керісінше, еңсеміз көтеріліп, өмірге өзіндік көзқараспен қарайтын болдық. Алға қойған мақсатымыз да, сол мақсатқа жету жолындағы іс әрекетіміз де бұрынғыға қарағанда салмақтылау болды.

Мінеки, осы айтылғанның бәрінде де қиыншылықты бірге көтеріп, қуанышты сәттерді бірге бөліскен барлықтарыңызға бүгін басымды иіп, ризалығымды білдіремін. Мен үшін емес, ел үшін, егемен Қазақстанымыз үшін жасап жатқан еңбектеріңіз еш қалмайтынына сенемін. Ләйім солай болғай!!

Дорогие друзья!

Наша партия, как вам хорошо известно, была создана в апреле 2004 года как общественное объединение «Демократическая партия Казахстана» и вскоре стала полноценной политической организацией с филиалами во всех областных центрах и позиционировала себя как пропрезидентская партия.

После парламентских (2004 г.) выборов, осознавая необходимость усиления работы в сфере укрепления законности и правопорядка в стране, партия осуществила корректировку направления своей деятельности. В соответствии с новыми приоритетами она была переименована в Демократическую партию «Әділет».

За период между I и II съездом партии состоялось несколько внеочередных съездов, созванных в связи с политическими событиями внутри страны: парламентскими выборами 2004 и 2007 годов, президентскими выборами 2005 года и переименованием партии в 2006 г.

За время, прошедшее после VI внеочередного съезда, состоявшегося сразу после парламентских (2007 г.) выборов, партия подвергла глубокому и всестороннему анализу свою деятельность, извлекла уроки и сделала соответствующие выводы.

Новый этап развития нашей партии, на который мы вступили, ставит перед нами ряд новых задач.

Поворот в деятельности партии характеризуется, уточнением ее идейно-политической ориентации и позиционирования в рамках сложившейся политической системы.

Что касается позиционирования партии, то она эволюционировала от пропрезидентской партии до партии конструктивной оппозиции. Мы имеем на это полное моральное право. Наша партия соответствует и другим требованиям, предъявляемым к подлинной оппозиции: она находится на высоком организационном уровне и имеет научно обоснованную программу.

Изменение позиционирования партии «Әділет» не случайно, а обусловлено происходившими в стране процессами, включая формирование партийной системы и изменениями в конфигурации партийно-политического поля. К сожалению, в последние годы наряду с дости-

жениями в социально-экономической и политической сфере наметился ряд негативных тенденций, которые обусловили необходимость пересмотра нашего отношения к политическому курсу государства. Если попытаться коротко определить упущения и промахи власти, то речь идет о том, что сегодня не обеспечены все необходимые условия для свободной деятельности малого и среднего бизнеса, не осуществляется эффективная антимонопольная политика, борьба с коррупцией не приобрела системный характер. Наблюдается половинчатость в выборе постмодернистского типа развития, модели президентско-парламентской формы правления, конфигурации партийно-политического поля.

Рассматривая тенденции, наблюдающиеся в сфере социально-экономических отношений, необходимо отметить, что в результате инфляции, кризисных явлений в банковском и строительном секторах экономики, в условиях нарастающего диктата монополистов и роста безработицы, стихийности процессов внутренней и внешней миграции, повышения цен на основные продукты питания, непродовольственные товары повседневного спроса, горюче-смазочные материалы, эскалации тарифов на рынке жилищно-коммунальных и других платных услуг все чаще стали проявляться признаки обострения социальных отношений в обществе.

Наряду с шахтерами и дольщиками, активнее стали заявлять о себе и служащие бюджетных организаций – работники образования и здравоохранения, всегда отличавшиеся консерватизмом и лояльностью к институтам государственной власти. Свои проблемы, прежде всего, социально-экономического характера, публично поднимают и другие категории населения – предприниматели, сельские труженики, пенсионеры и инвалиды. Другим злободневным вопросом стала проблема

дольщиков, пострадавших в результате разразившегося кризиса в строительной отрасли и зачастую незаконных действий со стороны некоторых строительных компаний. Несмотря на стагнацию темпов жилищного строительства, для многих граждан продолжает оставаться актуальной проблема сноса ветхого жилья и изъятия земельных участков. Камнем преткновения в периодически возникающих конфликтах между владельцами изымаемых участков и строительными компаниями является вопрос о компенсационных выплатах за землю. Наиболее отчаявшимися гражданами предпринимались неоднократные попытки организовать всевозможные акции протеста. Кроме того, данное обстоятельство послужило причиной многочисленных судебных процессов, инициированных как собственниками земельных участков и жилых строений, так и различными государственными организациями.

Принимая во внимание сложившуюся в экономике страны ситуацию, которая, безусловно, отражается на социальном самочувствии всего населения страны, многими аналитиками прогнозируется дальнейший рост протестных и маргинальных настроений в обществе.

В этих условиях, как нам представляется, необходимо внести серьезные коррективы в реализацию политического курса государства, усилить его регулятивные функции. Считаем, что в этом плане важнейшую роль играет укрепление законности и правопорядка как факторов обеспечения справедливости, за что всегда ратует наша партия.

Құрметті съезд делегаттары! Біз мемлекеттің өзінің реттеуші функциясын жеткілікті түрде атқаруын талап етеміз. Ол - әрбір азаматтың, мем-

лекеттік орган қызметкерлерінің, билік нысандарының заң аясында гана әрекет етуіне тікелей байланысты. Жалпы, демократиялық дамудың негізі Заңның адам құқығын, әділеттікті қорғау функциясына сүйенеді. Сондықтан, осы қағидаттарды біздің қоғамымыздың дәстүріне айналдыру – «Әділет» Демократиялық партия мүшелерінің басымды бағыты деуге болады.

Для этого мы должны руководствоваться долгосрочной перспективой в работе.

В этих целях нами была проведена большая работа по активизации идеологической и организационной деятельности партии, разработана новая редакция партийной программы и манифест, в которых закреплена стратегия и тактика нашей партии на нынешнем этапе развития страны, а также разработан и принят к реализации План работы Демократической партии «Әділет» на 2008 год.

Чтобы стать партией, способной оказать воздействие на политический курс государства, быть генератором стратегических идей и решений, фактором консолидации общества, нам необходимо решить следующие задачи:

- завоевание признания и высокого авторитета среди широких слоев населения страны;
- умелое и эффективное проведение электоральных кампаний и вхождение в структуры законодательной и исполнительной власти на всех уровнях государственной иерархии;
- активизация деятельности низовых партийных организаций;
- усиление законотворческой работы в соответствии с нашими программными целями и приоритетами.

В этом направлении нами уже **развернута широкомасштабная работа**. Только с начала текущего года Центральным аппаратом партии проведено 7 мероприятий, на которых была озвучена наша позиция и предложения по ряду актуальных для населения страны вопросов. Это – пресс-конференции по тематикам: «Семь шагов по преодолению коррупции» (4 января), «По вопросу изъятия земельных участков для государственных нужд» (28 января), «Проблемы дольщиков: социально-правовая оценка» (4 февраля), «Гарантированное обеспечение прав и свобод человека как высшей социально-политической ценности общества – основная задача предстоящего реформирования судебно-правовой системы республики» (13 февраля), «О внесении изменений в избирательное законодательство Республики Казахстан» (20 февраля), «О местном самоуправлении в Республике Казахстан» (4 марта); «круглый стол» по вопросу: «Судебно-правовая реформа в Республике Казахстан» (30 января).

Эти инициативы были адекватно восприняты в среде широкой общественности, освещались в средствах массовой информации и уже нашли своё отражение в деятельности некоторых государственных органов. Мы, и впредь, намерены проводить аналогичную работу, так как все инициативы и предложения партии «ӘДІЛЕТ» всецело направлены на поддержку законных прав и интересов граждан республики и сформулированы в контексте построения социально-ориентированного, справедливого, правового и демократического государства.

Құрметті делегаттар! Біз әділетті қоғам құру үшін Заңдық нормативтердің қатал орындалуын қамтамасыз ету жеткіліксіз деп санаймыз. Себебі, көп жағдайларда, заңның бұзылуы сыбайлас

жемқорлықтанған билік жүйесінің әрекетінен, болмаса, жекелеген шенеуніктердің қалауынан туындап отырған жоқ. Бұл, негізінен, біздің азаматтарымыздың заңдық-құқықтық тұрғыдағы сауатсыздығынан да туындап отыр. Өз құқығын заңды жолдармен қорғай алмайтын адам - әрқашанда қорғансыз болып қала бермек. Ендеше, Заңдылық қағидаттарын басты мәселе ретінде көтеріп отырған «Әділет» партиясы үшін атқарар істер ұшан-теңіз. Біздің қоғамдық қабылдау бөлмесіне келіп жатқан адамдардың көпшілігі өз құқығын қалай қорғау мүмкіншілігін шын мәнісінде, алғаш рет ұғуда десем - артық айтқандық емес. Бұл мәселе, әсіресе, ауылда түрен салынбаған қалпында деуге болады. Ауыл тұрғындары мемлекетіміздің заңнамалық тұрғыда динамикалық түрде дамуына ілесе алмауда. Сондықтан, партия осы мәселелер бойынша ауылға, ауыл мәселесіне көп көңіл бөлетін болады. Онда, құқықтық сауаттылық тек тұрғындарда ғана емес, кейбір жағдайларда, жергілікті билік өкілдері арасында да жетісе бермейтіндігіне баса назар аударуымыз қажет және ондай кемшілік жер-жерде, тіпті, ірі қалаларда да кездесетінін жасырмаймыз. Бұл біздің электоратпен жұмыс істеу өрісіміз. Сіздерден, партиямыздың шын мәнісіндегі белсенді тобынан, осы мәселені үнемі назарларыңызда ұстауды өтінер едім.

Уважаемые делегаты! Мы сегодня с Вами должны обсудить и принять Новую Редакцию Программы нашей партий, проект которой представлен Вашему вниманию.

При подготовке новой редакции Программы были внесены изменения и уточнения в содержание и в идео-

логическую составляющую, а также некоторые поправки в структуру и наименование разделов.

Речь идет, прежде всего, о том, что четко обозначена правоцентристская ориентация партии и та, конкретная ниша, которую мы занимаем в рамках либерализма как течения общественно-политической мысли. Наша ориентация адекватна сдвигу массового сознания в центр идейно-политического спектра.

Партия находится на позициях социал-либерализма, который сочетает демократические ценности, закрепленные как в либерализме, так и социал-демократизме. Это означает, что:

Мы находимся в центре идейно-политического спектра и вполне обоснованно стоим на позициях социал-либерализма. Бесспорно, что историческую перспективу имеет социал-демократизм, ибо он соответствует историческому менталитету и коллективистскому сознанию нашего народа. Но предпосылки социал-демократического сценария в нашей стране в настоящее время либо еще не созрели, либо вообще отсутствуют.

Үкімет банктерге экономиканың нақты секторына баруына тыйым салып еді, олар өз іштерінен қамсыздандыру компанияларын ашуға кірісті. Сөйтіп олар өз тұтынушыларын өз банктеріндегі қамсыздандыру компанияларында тіркелуін міндеттеді. Оның үстіне банктер өздерінің қамсыздандыру компанияларына 0 (нөл) пайыздық заемдық ресурс бөлуді шығарды. Мұның ақыры бәсеке мен қамсыздандыру нарығын дамытудың жағдайын әлсіретіп жіберді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, қазірдің өзінде банктер қамсыздандыру нарығының үштен екі бөлігін бағындырып отыр. Ал нарықтық экономикасы дамыған батыстағы елдерде жағдай мүлде басқаша. Онда банктерді қамсыздандыру компаниялары сатып алады. Ал бізде керісінше. Сондай-ақ банктер жанындағы зейнетақы

қорының мәселесі де қиын жағдайда тұр. Оларға өз қызметтеріне сай келмейтін іспен шұғылдануға тыйым салынса да, жаңа бір саңылау тауып алып, істерін одан ары жалғастырып жатыр. Мысалы, банктер еркін айналымдағы акционерлік қоғамдардан акция сатып алу мүмкіндіктеріне жетіп отыр. Мұның бәрі сайып келгенде іс жүзіндегі олигополияға, экономикалық қауіпсіздікті бұзуға, реалды бәсекенің болмауына, азаматтардың экономикалық құқықтарының бұзылуына соқтырып отыр және экономикалық жағдайдың нашарлауына апарып тіреуде. Бұл - бір!

Екіншіден, күштеу құрылымы мен сот жүйесінің бұрынғы басшысының көзқарасы тұрғысынан алсақ, құқық қорғау мекемелерінің міндеттерін қайта қарауды ұсынар едім. Сонда олардың әрқайсысы өздерінің бұрынғы істерімен шұғылданар еді. Бүгінгі күнге олардың бәрінің жедел қызмет, тергеу, жауап алу секілді органдары бар. Жоқ болса, оны дереу ашуға тырысады. Егер осылай кете беретін болса, онда еліміздің тең жартысы болашақта тыңшы (сыщик) болып кету қаупі бар. Бүгін кімдер сыбайластық жемқорлықпен шұғылданбайды? Бәрі! Оның нәтижесін біз күнделікті мәліметтерден де көріп жүрміз. Кейде мен сыбайласқан жемқорлықпен күрес тек президент Қауіпсіздік Кеңесінде арнайы мәселе көтеріп, нақтылы шешім қабылдағанда ғана басталатындай көрінеді. Мәселен, Алматы төңірегіндегі элиталық жер телімдеріне байланысты, тағы басқа да мәселелерді бірінші болып Елбасы көтерді емес пе?. Сонда үкімет қайда қарап отыр? Әкімдер не істеп жүр? Министрлер мен басқа мемлекеттік құрылым басшылары қайда? Солар емес пе, негізінен сыбайласқан жемқорлықпен шұғылданатын?! Олардың орнына мемлекет басшысы сыбайласқан жемқор шенеуніктермен күресуге мәжбүр болып отыр.

Сөйтіп біздің шенеуніктер өздеріне өздері «реніш» тауып жүр-ау дегендейсің.

Жас қазақ: Рахат Әлиев пен оның сыбайластарына қатысты сот процесі әділ өтіп жатыр деп ойлайсыз ба?

Мақсұт Нәрікбаев: Мейлі ол кім болсын, сот үкім шығарған соң ғана кінәлі деп айта аламыз. Әрине, Рахат Әлиевтің мемлекеттік төңкеріс жасауға әрекеттенгені өкінішті-ақ! Егер де бұл сотта толық дәлелденсе... Бұл – көп жылдар бойы біздің мемлекетіміздің бетіне шіркеу болатын мәселе. Екіншіден, сырттай соттау деген уақытша ғана әрекет. Өйткені, заңдық жауапкершіліктен қашып кететіндер көп. Анау Қажыгелдин секілділер... Ондай жағдайда өмір бойы сот үкімін шығармай жүре беруі керек пе?.. Ал сырттай соттау – заң жүзінде қабылданған дүние. Ол орындалуы тиіс. Ал өзімнің ішкі дүнием бұған қарсы. Себебі, сырттай соттаудың аты сырттай соттау. Өйткені, сотталушы өзінің сотта беретін жауабын, өзінің қорғану құқығын пайдалана алмайды. Яғни, түптеп келгенде, сырттай соттау адам құқына сәйкес келіп тұр деуге болмайды.

**«Әділет» Демократиялық партиясының төтенше
төрағасы кезімде партияның өңірлік
конференциясында жасаған**

БАЯНДАМА

Құрметті әріптестер!

Қадірлі достар!

Парламенттік сайлаудан кейін «Әділет» демократиялық партиясы VI кезектен тыс жиналысын өткізді. Бұл жиналыстан кейінгі уақытта, партия өз жұмысын терең де жан-жақты сараптап, пайдалы тәжірибе алып, нақты қорытындылар шығарды.

Партияның өткен жылғы жұмысын сараптау барысында, сайлаушылармен тек қана сайлау науқаны кезінде ғана емес, белсенді түрде тұрақты жұмыс жасау қажеттілігі, шығарылған ең басты тұжырым болып табылады.

Бүгінгі күнде, сайлаушылармен жаңа қарым-қатынастар негіздерін анықтау қажеттілігі туып отыр. Бұл қатынастар – дұрыс бағытталынған, нақты жобаланған, білікті болуы тиіс. Жұртшылықпен жұмыс тоқтатылмай, үнемі жүргізілу керек.

Әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарды зерттей отырып, инфляцияның, банктік және құрылыс салаларындағы дағдарыстардың, монополистердің етек алып келе жатқан үстемдігі, жұмыссыздықтың артуы, ішкі және сыртқы көші-қон процесінің бақылаусыздығы, негізгі азық-түлік тағамдарының және коммуналдық бағалардың күрт көтерілуі, әлеуметтік қарым-қатынастардың күйзеліске ұшырауына әкеліп соқты.

Шахтерлер мен үлесшілермен қатар, бюджеттік салаларының жұмыскерлері де бас көтеруде. Қоғамның басқа да салаларында қиындықтар жеткілікті. Қазіргі кезде зейнеткерлер, мүгедектер, ауыл жұмысшылары өздерінің өзекті қиындықтарын жария етуде. Ең өзекті мәселе - кейбір құрылыс компанияларының заңсыз жұмысы нәтижесінде үлесшілердің қиындыққа ұшырауы.

Осы себепті, мемлекеттің жүзеге асырылған саяси бағытына тиянақты өзгертулер енгізіп, мемлекеттің бақылау қызметін күшейту керек. Біздің партиямыз әділеттікті нығайту үшін заңдылық пен құқықтық тәртіпті жандандыру керек деп санайды.

Осы кезеңге дейін партиямыздың жаңа бағдарламасы, манифесі және 2008 жылға деген жұмыс жоспары шығарылды. Бұл жобаларда, қазіргі кезеңнің дамуына

сай, партиямыздың стратегиясы мен өркендеу тактикасы көрсетілген.

Біз, мемлекеттің саяси бағытына ықпал ете алатын, стратегиялық идеялар мен шешімдердің жүрегі бола алатын және қоғамды жұмылдыру мәселесін шеше алатын партия болуды қалаймыз.

Бұл бағыттағы жұмыстар кеңінен жүргізіліп жатыр. Осы жылдың басынан бастап партияның орталық аппараты жеті шара өткізді. Осы шараларда, халық үшін ең маңызды мәселелер бойынша партиямыздың көзқарастары айтылды. «Сыбайлас жемқорлықты жою барысындағы жеті қадам» (4 қаңтар), «Мемлекеттік қажеттіліктерге алынған жер телімдері мәселесі жөнінде» (28 қаңтар), «Үлесшілер мәселелері: әлеуметтік-құқықтық баға» (4 ақпан), «Қоғамның жоғарғы әлеуметтік-саяси құндылығы ретінде адам құқығы мен бостандығы кепілдігін қамтамасыз ету – Республиканың алда тұрған сот-құқықтық жүйелерді реформалаудың негізгі міндеттері» (10 ақпан), «Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасына өзгертулер енгізу туралы» (4 наурыз), «Қазақстан Республикасындағы сот-құқықтық реформа туралы» (30 қаңтар) мәселелер бойынша «дөңгелек үстел» өткізілді.

Енді, партиямыздың жаңадан түзетулер енгізілген Бағдарламасының сипаттамасына келетін болсақ, онда біздің алға қойған мақсатымыз – мүдделерімізді жүзеге асыру жолдары нақтылай қарастырылған.

Аталған бағдарламаны жаңарту барысында, құрамы мен тараулардың атауларына бірқатар өзгертулер енгізілген. Бұл жерде, партиямыздың оңшыл- орталық көзқарастары анықталып, қоғамдық – саяси ойының бір бағыты болып табылатын либерализмнің құндылықтарын негізге салатын ағым ретінде орын

алды. Біздің бұл бағытымыз, заманға сай бұқаралық сана – сезімінің идеялық саяси спектр орталығына қарай өркендеуіне сәйкес болып келеді.

Партия, либерализм және социал-демократияда бекітілген құндылықтарды қолдайтын социалдық-либерализм көзқарасын ұстанып отыр.

Құжаттың мазмұны партияның келбетін, саяси өрістегі партияның алатын орнын, оның стратегиясы мен тактикасын айтарлықтай жеткілікті дәрежеде жеткізеді.

«Әділет» партиясы саяси алаңға әділеттілікті, заңдылық пен құқықты қорғайтын әрі қолдайтын партия ретінде шығады. Негізгі назар – заңдылық және құқық тәртібі заңының үстемдік етуіне аударылады. Біз партиямыздың саяси бағыт-бағдарын ескере отырып, кіріспеде, партиямыздың басты әділеттілік ұғымына тиянақты анықтама берілген. Біз адамның құқығы мен тәуелсіздігін, заң алдында әр адамның тең екендігін қамтамасыз ететін қоғамды әділетті деп санаймыз.

Бағдарламаның екінші бөлімінде елдегі қоғамдық-саяси жағдайға нақты талдау жасалған. Қазақстан қоғамының қазіргі даму кезеңінің ерекшелік сипаты постмодернизмнің өзара құндылығы болып табылатындығы көрсетілген. Бағдарламада біздің дамудың постиндустриалдық түрін жақтаушы екеніміз айқын көрсетілген. Біз тек осы жолмен ғана әлемдегі бәсекеге қабілетті елдер қатарына ене алатынымызға сенімдіміз. Бұл, республиканың 2010 жылы ОБСЕ –де төрағалық орнын алуы қарсаңында ерекше маңызды.

Партия - адамның құқығы мен бостандықтарын жоғары әлеуметтік және саяси құндылық ретінде бағалау қажеттігін жақтайды, сонымен қатар, ішінде басты болып саналатын ұлттық қауіпсіздік пен

мемлекеттік тәуелсіздікті алатын тұрақты ұжымдық құндылықтарды мойындайды.

Біз, адам құқығы- белгіленген міндеттермен қатар келеді деп, ал жеке тұлғаның бостандығы- қоғам мен мемлекет алдындағы өзіндік іс- әрекеті үшін жауапкершілігі деп санаймыз. Тек бұл жағдайда қоғамға біз жақтап отырған құқықтық тәртіп орнауы мүмкін.

Саяси салада біз Конституциялық реформаларды жүзеге асыруды және саяси жүйені одан әрі демократияландыруды қолдаймыз.

Конституциялық реформа дегеніміз - басқарудың парламенттік-президенттік нысандарының классикалық үлгі жағына бір қадам жылжу.

Біз оған демократиялық құрылымның жаңа кезеңі ретінде қарай отырып, бұл үлгіге толық көлемде ауысуды жақтаймыз.

Біз – саяси партиялардың бәсекелестігіне, күшті конструктивтік оппозицияның қалыптасуына қосыламыз. Қоғамда әлеуметтік мүдделердің кристалдандыруы жүріп жатыр, осы негізде көппартиялық жүйе қалыптасты. Партиялық өрістің жүйесіне келсек, бұл жерде екі негізгі бағыт қалыптасты: бірі – бір партияның озық болып тұруы, екіншісі – қос партиялық жүйе, солай дегенмен біріншісі басым тұр. Алайда біз, қалыптасқан конфигурация тұрақтылығы, үстем тұрған партияның барлық қажетті ресурстар мен интеллектуалдық потенциалды талап ете ала ма және елдің негізгі саяси күштерімен қызметтестікті іске асыра ала ма деген мәселелерге байланысты деп есептейміз. Қос партиялық жүйені енгізу мүмкіндігі, күшті конструктивтік оппозицияның қалыптасуымен тікелей байланысты.

Біз екінші сценарийді жүзеге асыру үшін легитимдік амалдарды қолдана отырып күресуге ниеттіміз.

Біздің партия – экономиканы либерализациялау идеясымен, нарықтың және кәсіпкерліктің еркін дамуын жақтайды. Сонымен қатар біз нарықтық қатынастар мемлекет тарапынан реттеуді қажет ететініне сенімдіміз. Біздің көзқарасымыз бойынша жеке және нарықтық қарым-қатынастарға араласу, кәсіпкерлік қызметтің бостандығы және нарықты мемлекеттік реттеу мөлшерін мойындау керек деп санаймыз. Мемлекет пен бизнестің өзара қарым-қатынас тетіктерін заңды түрде бекіту керек. Бұл мемлекеттік органдар тарапынан да, бизнес-құрылым тарапынан да озбырлықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсаты үшін қажет. Тәртіп орнатудың одан басқа жолы жоқ. Біз мемлекеттің экономикалық саясатында мұндай тәсілді жүйелі түрде жүзеге асыруды жақтаймыз.

Соңғы кездері бұл салада көрініс берген қиындықтар мен келелі мәселелер, әлемдегі қаржы жүйесіндегі дағдарыстарға байланысты. Ол мемлекеттік реттеу функциялары мәселелерін және кәсіпкерліктің еріктілігіне кепілдік ететін, олигархиялық топтардың озбырлығын болдырмайтын шешімдердің іздестіру мәселесін барынша көтереді. Бұған ең алдымен экономикалық тергершіктер мен басқарудың заманауи әдістерін әрекетке келтіруді қарастыратын шаралар кешені қолданылуы тиіс.

Партия - тегістеушілік пен патернализмге жол бермейтін мемлекеттік әлеуметтік функциясын күшейтуді жақтайды. Біздің мақсатымыз, әлемдегі стандартқа сай өмір сүрудің жоғары сапасын қамтамасыз ету, қоғамның мүлкітік жіктерге бөлінуіне жол бермеу, орташа тапты – демократияның әлеуметтік тірегін қалыптастыру болып табылады. Осы жағдайда біз шаралар кешенін, бағдарламаның толық түрін және тиісті заң жобаларын ұсынамыз.

Біз, әлемдік қаржы жүйесінің дағдарысына байланысты мәселелер салық төлеушілердің есебінен шешілмеуі тиіс, ол популизмнің кез-келген нысандарын болдырмайтын салық заңнамасын дәлдеу жолымен шешілуі тиіс деп есептейміз. Осы жағдайда ең оңтайлысы, әлеуметтік бағытталған салық кодексі. Бір сөзбен айтқанда, біз іскерлік белсенділікті төмендетуге және кәсіпкерлік қызметті уәждеуге жол бермейтін әлеуметтік мәселелерді шешу қажет деп санаймыз.

Біздің білім беру, ғылым, денсаулық сақтау және мәдениет салаларына негізделіп жасалған мақсаттарымыз осындай концептуалдық негіздерге сай келеді. Осы мәселелерге арнайы бағдарламада бөлімдер берілген.

Құрметті достар!

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында кей уақытта бір-біріне қарама-қайшы көзқарас ұстанған партиялардың саны айтарлықтай көп. Плюрализмге кепілдік ететін демократиялық қоғам үшін, бұл дұрыс құбылыс. Оның үстіне, ауыспалы кезеңде әлеуметтік топтардың қалыптасуының және олардың өз мүдделерін мойындауының қарқынды үрдісі жүріп жатыр. Бұл жағдайда тек көппартиялық жүйе көзқарастардың, мүдделердің және қоғам талаптарының толық мақамын көрсете алады.

Маңыздысы - барлық, тіпті шағын партиялардың дауыстары да, мемлекет саясатында естілуі және есептелуі.

Тағы бір хрестоматиялық шындықты еске саламын: саяси партиялардың іс-әрекеттерінің басты мағынасы,

билік үшін күрес болып табылады, ал жалпы алғанда – билікті жеңіп алу. Осы менмендік мақсатты алға салмайтын партия, турасын айтсақ, саясат партиясы болып атала алмайды.

Жоғарыда айтылған мәселелер, бізді билікке қарамақайшы ойда дегенді білдірмейді.

Жоқ. Біз әріптестік логикасын жақтай отырып, қарсы күресу логикасынан бас тартамыз және идеялық-саяси спектрдің орталығында бола отырып, құрылымдық оппонент боламыз.

Біз партияның өз жолы бар екендігіне, мемлекетті одан әрі дамытуда өзінің келешекке көзқарасы бар екендігіне тағы да көз жеткіздік. Біздің партиялық бағдарламадағы көрсетілген мақсаттар мен міндеттер, уақыт рухына және халықтың үмітіне жауап береді.

Біздің алдымызда тұрған міндеттердің күрделілігіне байланысты, төмендегі – аудандық және бастауыш партия ұйымдарының жұмысын ұлғайту қажет. Біз, партия басшылығына мемлекеттің саяси бағытына жол табатын мәселелерді қалдыра отырып, орталық жұмысының ауыртпалықтарын біртіндеп өңірлерге көшіру керек деп санаймыз.

Жергілікті жерлерде қандай мәселелердің облыстар, аудандар, елді мекендер үшін басты кезекте болып табылатындығының маңызы зор. Филиалдардың басшылары бұл мәселерді жақсы білу керек және оларды шешу мақсатында партияның белсенділерін жұмылдыру қажет. Жергілікті жерлерде жұмыс жүргізудің барлық қолда бар нысандарын қолданып, өңірдің ерекшелігіне сәйкес жаңа нысандарды іздестіруді жүзеге асыру қажет.

Нақты орындаушы және жауапты тұлғаларды бекіте отырып, кезек күттірмейтін міндеттерді,

оларды шешу тәртібін және мерзімдерін анықтай отырып, ең басты мәселелер жүйесін құру керек. Алдымызда тұрған міндеттерді тек осылай ғана шеше аламыз!

Назар салып тындағандарыңызға рахмет.

**«Әділет» демократиялық партиясының
Қазақстан Республикасының Парламентіне
«Қазақстан Республикасында саяси жүйені
жетілдіру» мәселелері бойынша
МӘЛІМДЕМЕСІ**

11 қыркүйек 2008 ж.

Алматы қ.

«Әділет» Демократиялық партиясы Қазақстан Республикасы Президентінің 2 қыркүйек 2008 ж. Парламенттің ІІ-ші ашық сессиясында жариялаған Қазақстанның саяси жүйесін жетілдіру туралы ұсыныстарының аса өзекті мәселе екендігін айрықша атай отырып, бұл процеске өзінің үнін қосуды парыз деп санайды. Жаңа заңды қабылдау барысында партия өзі ұсынған: «Саяси партиялар туралы», «ҚР сайлау туралы» заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстары ескеріледі деп санайды.

I. «Әділет» демократиялық партиясы «Саяси партиялар туралы», «ҚР сайлау туралы» Заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

1. Алғашқы кезекте, Мәжіліс Парламентіне өтуге жол ашатын саяси партиялар үшін белгіленген жеке мөлшерін 7%-дан 5%-ға дейін төмендету – Қазақстан жағдайында ең оңтайлы шара болып табылады. Сая-

си плюрализм принциптерін жүзеге асыру және саяси өкілеттілікті мейлінше кеңейту үшін заң орнатқан межеден аса алмай 2 және 3-ші орын алған партияларға, тиісінше, партиялық тізім бойынша сайланған Мәжіліс депутаттары санының 10% мен 5%-ына сәйкес келетін мандаттар санын белгілеу қажет.

2. 7% межеден өте алған партияларды ғана қаржыландыру қоғамдық ұйымдардың теңдігі принципіне қарама-қайшы келеді. Егер мемлекет тиімді партиялық жүйе құруға мүдделі болса, онда, барлық саяси партиялар «межеден» өткен-өтпегеніне, әрі Парламент сайлауы барысында сайлаушылар дауысының қанша пайызын жинағанына қарамастан қаржыландырылуы тиіс. Еуропалық елдердің тәжірибесі ескерілсе, қай партияға берілген дауыс болмасын – бір дауысы анықталған ақшалық бірлікке теңестірілуі керек. Осылай, ең әлсіз партиялар да мемлекет тарапынан белгілі бір қолдауға ие болады.

3. Қазіргі кезде Парламент Мәжілісі сайлауына саяси партиялардың коалицияларының пропорциялық жүйесі бойынша (блоктар, одақтар және т.б.) қатысуының дұрыстығы мәселесін көтеру қажет. Бұл әлеуметтік мүдделердің саяси өкілеттілігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

4. Сондай-ақ, мәслихаттарды жасақтау барысында да пропорционалды жүйеге көшу жөніндегі мәселені оңынан шешкен жөн. Бұл – партиялық жүйенің одан әрі дамуына септігін тигізетін шара.

5. Округтік сайлау комиссиялары тіркелген саяси партиялардың санымен тепе-тең жағдайда құрылуы тиіс. Бірақ мүшелерінің саны 7-ден кем болмауы керек.

6. Электорат белсенділігін арттыру үшін сайлау науқаны кезінде сайлауға қатысу, қатыспаудың еріктілігі принципін алып тастау қажет. Бүгінде көптеген шет елдерде

сайлауға қатысу азаматтардың міндеті саналады. Осы принципті енгізу арқылы Қазақстанда сайлаушылардың белсенділігін арттыруға, әрі дауыс қорытындысын бұрмалауды төмендетуге қол жеткізетін боламыз.

7. Мемлекеттік билік органдарына үміткерлер тек партиялардың ұсынысы арқылы өтуі тиіс, яғни, біз өзін өзі ұсыну принципін алып тастау қажет деп санаймыз.

8. Сайлаушылар дауысын санау процедурасы ашық өтуін қамтамасыз ету үшін сайлау комиссиялары саяси партиялардың, басқа да үкіметтік емес ұйымдардың бақылаушыларын дауыс берудің қорытынды протоколымен таныстыруын және оларға оның куәлендірілген көшірмесін беруге міндетті.

Қоғамда демократияның дамуы, сонымен бірге, сот жүйесінің жұмысын жетілдіруді және қабылдануын талап етеді.

II. «Әділет» демократиялық партиясының «Жергілікті өзін өзі басқару туралы» Заңға қатысты концептуалды ұсыныстары.

1. Жергілікті өзін-өзі басқаруды кең мағынасында: мемлекеттік институттар мен азаматтық қоғамның өзара әрекеттестігі тұрғысында және билікті тармақтандыру шеңберінде қарастыру қажет;

2. Жергілікті өзін-өзі басқару дегеніміз белгілі бір деңгейдегі әкімшілік бірліктердің өзін өзі ұйымдастыру формасы болып саналады. Объективті тенденция ретінде жүзеге асатын биліктің өз өкілеттіктерімен бөлісуі – өңірдегі жағдайларға жауапкершіліктің айтарлықтай үлесін биліктің жергілікті органдарына жүктейтін болады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптастырудың қажеттілігі де нақ осы тенденциялармен байланысты.

3. Орталық, өңірлік және төменгі әкімшілік бірліктер

үшін атқарушы билік сатысына сәйкес жалпыұлттық бағдарламалар бойынша өңірлердің есеп берушілігін сақтау, ал аудандық және облыстық қалалар үшін өңірлік бағдарламаларды және жергілікті бюджеттік салымдарды қалдыру қажет. Муниципалдық деңгейдегі мәселелерге келетін болсақ, әкімшілік басшылары жоғарғы атқарушы құрылымдарға бағынышты болмауы және жергілікті өкілетті органдарға есеп беруі тиіс, әрине, олардың әрқайсысының өкілетті шегінде. Жергілікті өзін-өзі басқару құзыретіне муниципалдық деңгейдегі мәселелер кіреді.

4. Жергілікті өзін-өзі басқару төменгі деңгейдегі әкімдердің сайлануы жағдайында ғана мүмкін. Оларға ауылдық және аудандық әкімдер жатады. Олай болмаған жағдайда ол билік деңгейлерінің заңдық негіздері әртүрлі болуына байланысты қарама-қайшылық пайда болуы мүмкін.

5. Жергілікті өзін-өзі басқару қоғамдық өзін өзі басқарумен сәйкес емес, оған қарағанда кең ауқымда. Сондықтан ол мемлекеттік және қоғамдық негіздерді біріктіруші және халықтың ерік-жігерін жүзеге асырудың екі формасы ретінде бірін-бірі жоққа шығармайды, керісінше, толықтырады. Олардың әрқайсысы өз шеңберінде ғана тиімді жұмыс істейді, және, сонымен қатар, билікті жүзеге асырудың бұл деңгейлерінің өзара әрекеттестігінің ережелері мен механизмдерін анықтау қажет.

6. Мұндай жергілікті өзін-өзі басқару аудандық бағыныштағы елді мекендер, округтер, аудандар мен облысқа бағынышты қалалар деңгейінде болуы мүмкін. Одан жоғары деңгейде билікте - өңір (облыс) және мемлекет – басқарудың мемлекеттік және қоғамдық негіздеріндегі бірлік сақталады, бірақ жергілікті деңгейдегі билік формаларынан өзгеше формаларды әрекет етеді.

Мемлекетіміздің унитарлық сипатына байланысты аймақтарда (облыстарда) жергілікті өзін-өзі басқару мүмкін емес деп санаймыз. Бұл қадам тәуелсіз мемлекет ретіндегі Қазақстанның саяси тұтастығын сақтау мен нығайту үшін, сепаративтік тенденцияларды болдырмау үшін қажет.

7. Ауыл және өңір деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқару ауылдар мен округтерде сайланбалы әкімдер мен халық сайлайтын кеңестер арқылы жүзеге асырылады. Сол арқылы халық мемлекеттік және төменгі атқарушы биліктің бастауы екендігін қамтамасыз етеді.

III. «Әділет» демократиялық партиясы сот жүйесі қызметін жетілдіру мен ұйымдастырылуы туралы

1. Қазақстанның заңнамасы жүйесін халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларына сәйкестендіру қажет. Өзгеше жағдайда реформалаудың барлық әрекеттері сәтсіз болып шығады.

2. Құқық қолдану және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру үшін қорғау органдары мен сот қызметшілерінің кәсіптік деңгейін, құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін көтеру өте көкейкесті, өзекті мәселе.

3. Әр түрлі сот сатыларындағы судьялар жалақысының айырмашылығын жою қажет. Сондай-ақ, барлық құқық қорғау органдары қызметкерлерін материалдық, әлеуметтік қамтамасыз етуді байыппен қарау талап етіледі.

4. Жоғарғы Сот Кеңесінің өкілеттігі мен құрамын кеңейтіп, Кеңес құрамына үміткерлерді талқылау кезінде жұртшылықты қатыстыра отырып, Жоғарғы Сот Кеңесі мүшелігіне үміткерлердің әрқайсысының кәсіптік және моральдық-этикалық деңгейінің дәрежесіне, сапалық құрамына қатаң және мұқият ұстанымды қамтамасыз ету қажет.


ӨЗІМ, ОТБАСЫМ, ДОСТАРЫМ,
ТУЫСТАРЫМ










































Жоғарғы Сот Кеңесі мемлекеттік және өзге құрылымдардың ықпалынан тәуелсіз дербес мекеме болуға және өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңнамаларының талаптарын ғана басшылыққа алуға тиіс. Жоғарғы Сот Кеңесінің өкілеттігі мен құрамын кеңейту оған білікті әділет алқасының қызметін беру әділ сотты жүзеге асыру жағдайы туралы ақпарат тындау, соттардың білікті алқасы шешімдеріне шағымдарды, әділ сот жүйесін реформалау мен жетілдіру мәселелерін қарау құқығын жүктеу орынды болар еді.

5. Соттарды тағайындау мен сайлау ережелеріне заңда түзету арқылы сот жүйесін демократияландыру, олардың тағайындау және сайлау органдары алдындағы есебі мен мерзімінен бұрын кері шақыру бойынша шараларды жүзеге асыру қажет.

6. Бюрократиялық аппараттың өсуінің нақты бағытының көрінуіне және оның биліктік өкілеттігінің күшеюіне байланысты әкімшілік әділеттің қызметіне баса назар аудару қажет. Талқылаудың әділ және бәсекелік рәсімін белгілейтін әкімшілік іс жүргізу кодексін әзірлеуді жеделдету қажет.

7. «Әділет» партиясы Конституцияда анықталған прокуратураның құқық қорғау қызметін одан әрі дамыту мен нығайтуды жақтайды. Осыған байланысты, прокуратураға алдын ала тергеу қызметін қайтаруды және алдын ала тергеу мен жедел іздестіру қызметіне байланысты кез-келген өкілеттікті оған жүктеуді қате деп санайды.

8. Біздің партия жеке сот орындаушылардың институтын құруға қарсы.

Біз өз ұсыныстарымыз Президенттің Қазақстан Республикасында партиялық жүйені одан әрі дамыту жөнінде ҚР Парламенті алдына қойған талаптардың орындалуына ықпал етеді деп санаймыз.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ СӨЙЛЕМЕЙТІН БИЛІК ЗАҢСЫЗ БОЛЫП САНАЛАДЫ

Қазақ гуманитарлық заң университетінің профессорлары мемлекеттік тіл туралы балама заң жобасын ұсынып отыр. Мемлекетімізде «Тілдер туралы» Заң бар, басқа заңның не қажеті бар деген сұрақ туындауы мүмкін. Біріншіден, қолданыстағы тілдік заңнамада мемлекеттік тілді меңгерудің нақты қажеттілігі анықталмаған, шынын айтсақ, бүгінгі таңда мемлекеттік тіл бар, оның мәртебесі заң жүзінде, Ата заңымыз - Конституция жүзінде көрсетілген, ал бірақ қазақ тілі сол мемлекеттік тіл деңгейін ала қойды деп айтуға болмайтыны бәрімізге белгілі. Қазір қолданыста жүрген заңда мемлекеттік тілдің қажеттілігін міндеттейтін, қамтамасыз ететін құқықтық механизм көрсетілмеген.

Қазіргі кезде Тіл туралы заңның кейбір баптарын өзгерту керек, Атазаңымыздың 7-бабын өзгерту керек деген әңгімелер көп айтылып жүр. Мүмкін ол болашақтың ісі болар. Ал дәл қазіргі кезде Ата заңымызды, Тіл туралы заңды өзгерту әлі ерте, заңгер ретінде көзіміздің жеткені – ол әзір бола қоятын дүние емес. Сондықтан бұл іске басқа жағынан келген дұрыс болар деп ойладық. Мұндай мүмкіндікті Конституциямыздың 93-бабынан таптық. Мемлекеттік тіл туралы заңның жобасын дайындауға негіз болған, себеп болған - Ата Заңымыздың 93-бабы. Онда былай делінген: «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті». Осы жердегі «арнаулы заңға сәйкес» сөз тіркесі осы бапта көрсетілген

талаптарды жүзеге асыруға мүмкіндік ашады деген шешімге келдік. Осы бапқа қарасақ, негізінен, Тіл туралы заң бір бөлек, ал Мемлекеттік тіл туралы жеке заң қабылдануының қажеттілігі бар сияқты.

Екіншіден, мемлекеттік тілді меңгеруге деген сұранысты іс қағаздарын мемлекеттік тілге аудару шектеп отыр. Заңдарымыздың 99,99 пайызы тек қана орыс тілінде жазылып, қазақ тілге аударылып қолданылады. Барлық мемлекеттік ұйымдар, барлық оқу орындары жұмыс қағазын орыс тілінде жазып, аударма жасау түрінде жүргізіп отыр, яғни бүгінгі таңда мемлекеттік тіл аударма тіл есебінде қолданылып жүрген жағдайы бар. Сондықтан еліміздің үш азаматының екеуі өз елінің мемлекеттік тілін білмейтініне таң қалуға болмайды.

Үшіншіден, қазақ халқы жалпы санының өсуіне қарамастан, қазақ тілін ана тілі ретінде меңгерген қазақтар санының көбеймей отыруы тілдік дағдарыстың жалғасып келе жатқанын білдіреді. Осы тілдің иесі қазақтардың саны 30 пайыз болған болсақ, бүгін 70 пайызбыз, яғни қазақтың саны көбейгенмен, мемлекеттік тілді, өзінің ұлттық тілін, ана тілін білетіндердің саны көбеймей отыр, яғни ара қашықтық ұлғайып бара жатыр деген сөз. Білмейтіндер азаюдың орнына, көбейіп барады. Қазақ тілі мемлекеттік сол тілдің иесі қазақтың өзіне де қажеттілігі бүгін аса шамалы болып отыр. Оның себептері көп.

Төртіншіден, қазақ тілі жаһандану заманында орыс, ағылшын тілдерімен бәсекелестікке түсті. Осыған байланысты біздің елде, әлемнің басқа елдеріндегідей, тілді қолдану мен дамыту үшін тілді қорғау тетіктерін енгізу қажеттігі туып отыр. Біздің қоғамымызда кейде ағылшын тілі қажет емес, алдымен осы мемлекеттік тілді игеріп алайық, одан кейін ғана үшінші тіл туралы айтуға болады, орыс тілінің мәртебесін түсіріп алмайық

деген әңгімелер айтылады. Бұл да – жақсы ниет болар. Ал бірақ бүгін біз жаһандану дәуірінің ішінде жүрміз, сондықтан да ағылшын тілін білу қажет. Біз басқа қоғамнан, басқа мемлекеттен шет қалып қоймайық десек, ертең экономикамыз бар, басқа саламыз бар, өсіп-өркендейік десек, ағылшын тілін үйрену қажет. Сондықтан қазақ тілі осы екі тілмен, орыс және ағылшын тілімен, бәсекелестікке түсіп отыр. Біз тарихтың осындай кезеңіне тура келіп отырмыз. Егер біз бүгін мемлекеттік тілді құқықтық деңгейде қорғау тетіктерін жасап алмасак, бұл бәсекелестікте, әрине, жеңілуге тура келеді. Бұған ешқандай күмән жоқ. Сондықтан мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау қажет деп есептейміз.

Бесіншіден, қазақтардың ұлттық сана-сезімінің және жақын уақыттағы ел тұрғындарының 70 пайызын құрайтын қазақ этносының демографиялық өсуі тілдік заңнамаға жаңа көзқарасты талап етіп отыр. Осы негізгі ұлт – қазақ ұлты мемлекеттік тілге, өзінің ана тіліне басқа сана-сезіммен, басқа көзқараспен қарау кезеңі келіп отырған сияқты. Өзіміз осы ана тілімізді ту етіп, алдымызға қойған бір мақсат етіп, тіпті қажет десеңіз, менің ойымша, бүгінгі біздің ұлтымыздың ұлттық идеологиясы есебінде жоғары көтермесек, бұл мәселені шеше алмаймыз. Мындаған заң қабылданғанмен, егер біз қазақ ұлты есебінде осылай кіріспесек, ешқандай заң жүзеге аспайды. Біз өзіміз өзгеруіміз керек, қазақ ұлты өзгеруі тиіс. Сондықтан да бүгінгі заңның негізгі бағыты, ең алдымен, қазақ ұлтын мемлекеттік тілді білуін міндеттеу болып отыр.

Үкіметте біздің ғана емес, басқа да елдің сойылын соғып жүрген азаматтардың мемлекеттік тілге қатысты заң жобалары бар. Елбасының қолдауымен арнайы комиссия құрылып, жұмыс жасалып жатыр.

Өзіміз ұсынып отырған заң жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар өткіздік. Алғашқыда Астана қаласында ақпарат құралдарын жинап, жария еткенбіз. Кейін Алматы мен Астана қалаларында мемлекеттік органдар өкілдерін, заңгерлерді, тілшілерді, саясаткерлерді, тіл жанашырларын, депутаттарды, Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшелерін жинап дөңгелек үстелдер өткіздік. Осы басқосулардың нәтижесінде біздің ұсынған құжат мемлекеттік тілге қатысты басқа заң жобаларына негіз болсын деген шешім қабылданып, бұл шешім тіл мәселесімен айналысып жүрген мемлекеттік органдардың, атап айтқанда, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы Тілдер комитетінің төрағасы Е.Қажыбектің қолдауын тапты.

Дүние жүзінің жүзден астам елінде мемлекеттік тіл туралы заң бар, жалпы әлемде Мемлекеттік тілдің халықаралық деңгейде қабылданған стандарттары жұмыс істейді. «Мемлекеттік тіл туралы» Заң жобасын әзірлеу кезінде осы стандарттар басшылыққа алынды, ал елімізде қолданыста жүрген «Тіл туралы» Заң бұл стандарттарға сәйкес келмейтіні анықталды. Халықаралық стандарттар бойынша мемлекеттік тілде сөйлемейтін мемлекеттік билік заңсыз билік болып саналады. Олай болса, біздің мемлекетіміздегі билік тармақтарының заңға сәйкестігіне күмәнмен қарауға болады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл туралы заң жобасын дайындағанда, басқа мемлекеттердің осы мәселеге арналған заңдарымен танысып, оларды бір-бірімен салыстырып, олардың ұтымды жерлерін алуға, кемшіліктерін қайталамауға тырыстық.

Ұсынып отырған Мемлекеттік тіл туралы заң жобасы Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдары, байланыс, сот,

банк, көлік, сауда, денсаулық, басқа да халыққа қызмет көрсететін мекемелер қызметкерлері барлығының мемлекеттік тілді білуін міндеттейді. Заң мемлекеттік тілді білуге, бірінші кезекте қазақтарды, екінші кезекте оқып, білім алып жатқан диаспора жастарын, үшінші кезекте қалғандарын міндеттейді.

Мұндай жіктеп қарауымыздың себебі әр тілдің бірінші ұлтқа қызмет ету, екінші мемлекетке түгел қызмет ету қызметтерінен туындайды. Қазіргі кезде қазақ тілі ұлтқа да, мемлекетке де қызмет жасай алмай тұр. Заң жобасында бірінші рет мемлекеттік тілді білу деген ұғымның анықтамасы беріледі. Ол - мемлекеттік тілді білу, мемлекеттік тілді түсіну, мемлекеттік тілде оқу, мемлекеттік тілде жазу. Мемлекеттік тілдің саяси, құқықтық мәртебесі елдегі басқа тілдермен салыстырғанда өте жоғары болуы тиіс.

302 Қазіргі күні елімізде қазақтардың демографиялық өсуі байқалып отырғандығын демограф мамандар айтып келеді. Ел халқының жетпіс пайызға жуығын құрайтын ұлтқа сол ұлттың тілінде қызмет көрсетілуі тиіс. Бұл өз кезегінде қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың кепілі болып табылады.

Заң жобасында мемлекеттік тілді дамыту үшін қаржылық қолдаудың қажеттілігі баса айтылады. Әсіресе, балалар әдебиетін, қазақ тілді баспасөзді, қазақ тілінде шығатын әдебиетке қаржылық қолдау керек.

Тағы бір айта кететін мәселе Тіл туралы заңда мемлекеттік тілдің мемлекет тарапынан қорғалуы мен дамытылуы жөнінде нақты заңдық норма жоқ. Тілді мемлекеттік қорғау деген шешім тиісті заңымыздың 23-бабында «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және басқа барлық тілдер мемлекеттің қорғауында болады» деп қана жазылған. Тіл туралы заңның 4-бабындағы

мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі деген құқықтық норма шынына келгенде қағаз жүзінде қалып отыр. Парламенттің саяси сахнаға келгеніне қазір бірнеше жыл болды, бірақ Үкімет осы кезге шейін бірде-бір заңды қазақ тілінде ұсына алған жоқ. Бұл мемлекеттік билік жүйесінде қазақ тілі шын мәнісінде дағдарыста қалды деген сөз.

Еліміздегі тәуелсіздік жағдайы, қоғамды демократияландыру бағытымыз - белгілі бір жағдайда ұлттық санамыздың, ұлттық болмысымыздың ептеп болса да күшейіп, қарқын алып келе жатқанының дәлелі. Бұл да мемлекеттік тілді қажет етеді. Елбасымыз қазақ тілі басқа халықтарға ұйытқы болу керек, топтастырушылық рөл атқару керектігін баса көрсетті. Олай болса қазақ ұлты басқа халықтарды рухани дүниесімен, тілімен, парасатты, пәрменді тілімен, мемлекеттік тілімен ұйымдастырылуы керек. Біз заң жобасында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын барынша ойластыруға, мектепке дейінгі балалар мекемелерінен бастап, билік орындарына дейін түгел қамтуға тырыстық.

Үшінші біререкшелік—заңның жалпы құрылымында. Тіл туралы заң мен жаңа заң жобасын салыстыра келе айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін анық байқауға болады. Жобада қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі құқықтық мәртебесі көрсетілген, сондай-ақ мемлекеттік тіл міндетті түрде қолданылуы тиіс қоғамдық салаларда барынша қамтылған. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік тілді меңгеру үшін жағдайлар жасау жауапкершілігіне қатысты, мемлекеттік тілді құқықтық қорғау және қолдау мәселесіне арнайы бап жасалды. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл туралы заңды бұзғаны үшін жауапкершілік мәселесі де

жан-жақты қарастырылды. Сондай-ақ осы заң жобасы қабылдана қоятын болса, мемлекеттік тілге қатысы бар кейбір заңдарды осы заңмен сәйкестендіру мәселесі де назардан тыс қалмауға тиіс.

Қолданыстағы Тіл туралы заңның 2-3-4-тарауларындағы 27 заңдық норманың 21-інде «мемлекеттік тілде және орыс тілінде» деген сөз тіркестерімен қатар «қажет болған жағдайда басқа тілдерде де жүргізіледі» деу, тәжірибе осы қос заңның «Тілді құқықтық қорғау» деген 23-бабындағы «мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білу қажет кәсіптердің, мамандықтардың, лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді» деген аса бір маңызды қағиданың орындалуын жүзеге асыру бір министрліктен бір министрлікке ауыстырып жүргенде, ұмытылып кетті. Біздің ұсынып отырған заң жобасында осы айтылған кемшіліктер барынша қамтылды.

Қазақ тілі – қазақ мемлекетін құраушы ұлттың тілі. Осы жылы университетімізде өткен кездесулердің бірінде аты дүние жүзіне белгілі тілші, профессор, Ресей Ғылым академиясының мүшесі В.М.Лейчикке біздің заңымызда ресми тіл, мемлекеттік тіл деген ұғымдар бар, осы атаулар туралы не айтасыз деген сұрақ қойылды. Оның айтуынша, бұлар әр басқа ұғымдар. Ресейде мемлекеттік тіл – сол мемлекетті құраушы ұлттың тілі. Мемлекеттік тілдің иесі сол мемлекетті құраушы ұлт болып табылады. Бұрынғы Кеңестер одағының орнында құрылған мемлекеттерде ұлттық сананың, ұлттық танымның қайта өрлеуінің басталуы заңды құбылыс. Бұл құбылыс біздің ұлтымызға да тән, сондықтан мемлекет дамуында қазақ ұлтының өзін-өзі іздеуге деген ұмтылысы ескерілуі қажет.

Елбасы биылғы халыққа Жолдауында «бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді» деген. Олай болса, қоғамды топтастырушы тілдің иесі - қазақ ұлтының болашағы, ұлт болып қалуы кез келген ұлттың басты белгісі болып саналатын ұлттық тілінің болашағымен тығыз байланысты болмақ. Сондықтан да «Мемлекеттік тіл» туралы жаңа заңның қабылдануы ешбір уақыт күттірмейтін қажеттілік, ал біздер ұсынып отырған заң жобасы үкімет басшылығынан қолдау тапқан жағдайда аталған мәселені шешуге толық мүмкіншілік береді деп ойлаймыз.



СӨЗ СОҢЫ

Мақсұт Нәрікбаев. 5.

Құрметті оқырман қауым! Сіздердің назарларыңызға өзімнің 65 жастан асып, 70-ке қарай қадам басқан төрт жылымның қарекеттерін түгелдей болмаса да, түгелге жуық жинақтап беріп отырмын. Олай деп отыруымның себебі - мен өзімнің ана тілім яғни мемлекеттік қазақ тіліммен қатар орыс тілін де жетік меңгерген адамдардың қатарынанмын. Сол себепті осы әңгімелеріме арқау болып отырған төрт жыл ішінде (2005 - 2008) менің аузымнан шыққан сөздер мен сұхбаттардың тең жарымынан астамы ұлы халық - орыстың тілінде жарияланды. Мен оларды да жинақтап, өз алдына бір кітап етуді мақсат тұтып отырмын.

Менің атқарған, атқарып жүрген істеріме қарап зиялы қауым мені «Мемлекет қайраткері», «Қоғам қайраткері» «Ғылым қайраткері» деп атап жүр. Шүкір, тағайындалған қызметтерімде аянып, абыройсыз болған әсерім жоқ. Үлкен-үлкен марапаттарға да ие болдым. Саналы адамға соның бәрі, әрине, белгілі мөлшерде сан алуан жауапкершіліктерді де жүктейді екен. Тәуба, әзірше оларды шамамның келгенінше аянбай-ақ атқарып келемін. Өмірдің өзі үйретті-ау деймін, менде әр күннің өз есебі бар. Бұл ретте ұлы кемеңгер - Абай атамыздың: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің?» деген даналық сөздері ойыма жиі-жиі орала береді. Мына аяқталып, өздеріңізге ұсынылып отырған кітабым да сол бір ұлы адамның шарапаты деп білгейсіздер, жамағат!

Ой, пікір, лебіздеріңіз болса, асыға күтемін!

Дұғай сәлеммен, өздеріңізге әрқашанда қызмет етуге даяр перзенттеріңіздің бірі - Мақсұт Сұлтанұлы.

Түсініктеме

1. Алғы сөз орнына
2. Сәтті сағат
3. Тұғырлы тұлға - Менің 65 жылдығыма арналған академик М.Т.Балмахановтың баяндамасы
4. Жылы лебіздер алдында.
5. Құттықтаулар. Ханыша Дүкенқызы. (Мақсұт ағаға). Бірінші жыр. Арнау.
6. Ханыша Дүкенқызы. Екінші жыр. «Бұны айтпай қалай аға тосыламын»
7. Несіпбек Айтов, «Киелі достық»
8. Мақсұт Нәрікбаев. 3.
9. Құттықтаушылардың лебіздері
10. Сағади Бөлекбаев, «Парасат пен ізгілік»
11. Еңлік Нұрғалиева, «Өмірдің мәні – халыққа қызмет ету»
12. Өткен күндерде неге белгі болмасын.
13. Демократия революциялық емес, эволюциялық жолмен келуі керек - Сұхбатты жүргізген А.Сейілова, «Айғақ», 5 саны, 9 ақпан, 2005 жыл.
14. Өткенге оралудан ұтарымыз жоқ - «Егемен Қазақстан» газетінің 2005 жылғы 12 наурыздағы санына берілген сұхбат.
15. Еліңді адалдықпен сүю - асыл қасиет - «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Мейрамбек Төлепбергенге 2005 жылы 9 сәуірде берген сұхбатнамама
16. Жаңалық
17. Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесін жетілдірудің өзекті мәселелері - «Ел» газетінің 23 ақпан, 2 наурыз күндеріндегі 8-ші және 9-шы сандарындағы жарияланған мақалам.
18. Заңға бағыну принципін өмірге әкелу қажет
19. Ата Заңның әлеуеті толық пайдаланылып болған жоқ. - «Егемен Қазақстан» газетінің 2007 жылғы 20

қаңтардағы 14-ші санында жарияланған бұл сұхбатты жүргізген Асқар Тұрапбайұлы.

20. Билік партиясымен бәсекелесу үшін біліктілік керек - «Ел» газетінің 2007 жылғы 15 ақпанындағы 7-ші санында жарияланған бұл сұхбатқа қатысқан тілші - Серік Смағұлов.

21. Құқықтық мемлекетіміздің іргетасы Занды құрметтеу, Заңды сақтау мен Заңға бағынуда жатыр. өзім дайындағанмын.

22. Демократия және жаңғырта жаңарту. «Айқын» газетінің 2007 жылғы 14 марттағы санында жарияланған бұл сұхбатқа газет тілшісі Берік Бейсенұлы қатысқан.

23. «Ақ жол» ұстанған үш қағида. Бұл мақалам «Егеменді Қазақстан» газетінің 2007 жылғы 10 шілдедегі санында жарияланды.

24. «Ақ жол» - көкірегі ояулардың партиясы. «Айқын» газетінің 2007 жылғы 10 шілде күнгі 125 санында жарияланған мақала.

25. Қосылған қос өзен секілденіп. «Жас қазақ үні» газетінің 2007 жылғы 14 шілдедегі 28 санында жарияланған мақала. Авторы Ораз Исмаилов.

26. «Ақ жол» имандылықты ту еткен партия. «Егеменді Қазақстан» газетінің 2007 жылғы 15 тамыздағы 254-256 сандарында жарияланған сұхбат.

27. Біз жеңілгенімізді мойындауды үйренуіміз керек. «Айқын апта» газеті, 162-саны, 30.08.2007 жыл. Өңгімелескен Айбек Сарманов.

28. Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы Орталық кеңесінің төрағасы ретінде менің партияның саяси кеңесіне, мүшелеріне және сайлаушыларға ашық Хатым – «Егемен Қазақстан», 265-266 сандары, сәрсенбі, 22 тамыз, 2007 жыл.

29. Ойтүйін. – «Айқын» газетінің 2007 жыл 12 шілдедегі санында жарияланған мақалам.

30. Бұл Елбасына өкпелегенім емес. «Жас қазақ» газетінің 2007 жылғы 14 шілдедегі 28 санында жарияланған мақалам.

31. «Ақ жол» рейдерлікке қарсы – «Айқын» газетінің 2007 жылғы шілде айының 31 күнгі 140 санындағы жарияланым.

32. Зиялы қауым өкілдерімен кездесті. «Егемен Қазақстан» 10.08.07. 239-241 сандары.

33. Үш аудандағы жүздесу. «Егемен Қазақстан», 24 шілде, 207 жыл, 210-саны.

34. Мәселе мемлекетсіз шешілмейді. «Егемен Қазақстан», 24 шілде 2007 жыл, 210-саны.

35. Ақжолдықтар Өскеменде болды. Бұл мақала да «Егемен Қазақстанда» жарияланды.

36. Ақжолдықтар Абай елінде. «Егемен Қазақстан», 31.07.07. 221-223 сандары.

37. Ақжолдық үміткерлер Сыр өңірінде жүр. «Егемен Қазақстан», 09.08.07 жыл. 237-238 сандары.

38. Шымкент тұрғындарымен кездесу. «Жас қазақ», 31-саны 3 тамыз, 2007 жыл.

39. 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық ететіндігіне орай «Әділет» демократиялық партиясы саяси Кеңесінің Мәлімдемесі. 07.12.2007 ж. (бірнеше газеттерде жарияланды)

40. Доклад сопредседателя ДП «Әділет» М.С.Нарикбаева на 2-ом очередном съезде (Екі тілде)

41. Қазақстан Республикасы Парламентіне...

42. Список заявлений, обращений ДП «Әділет» 2007-2008 г.

43. Билік сайлауда қулығын асырды. «Жас қазақ», № 10, 19 наурыз 2008 жыл.

44. ...Баяндама (Өңірлік конференцияда жасалған)

45. «Әділет» Демократиялық партиясының мәлімдемесі

46. Мемлекеттік тілде сөйлемейтін билік заңсыз болып табылады

47. Сөз соңы

48. Түсініктеме

49. Мазмұны

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз орнына 3

Бірінші бөлім 2005 – Тауық жылы

Сәтті сағат	8
Тұғырлы тұлға. Менің 65 жылдығыма арналған академик М.Т.Баймахановтың баяндамасы	9
Жылы лебіздер алдында	23
Құттықтаулар. Ханыша Дүкенқызы (Мақсұт ағаға) бірінші жыр. Арнау.	27
Ханыша Дүкенқызы Екінші жыр. «Бұны айтпай қалай аға тосыламын»	27
Несіпбек Айтов, «Киелі достық»	28
Мақсұт Нәрікбаев. 3.	30
Құттықтаушылар лебізі	32
Сағадиді Бөлекбаев, «Парасат пен ізгілік»	104
Еңлік Нұрғалиева, «Өмірдің мәні – халыққа қызмет ету»	108
Өткен күнде неге белгі болмасын	115

Екінші бөлім

Демократия революциялы емес, эволюциялық жолмен келуі керек	116
Өткенге оралудан ұтарымыз жоқ.	119
Елінді адалдықпен сүйу - асыл қасиет	125

2006 - Ит жылы.

Жаңалық.	134
Қазақстандағы жоғары білім жүйесін жетілдірудің өзекті мәселелері	135
Заңға бағыну принципін өмірге әкелу қажет	149

2007 - Доңыз жылы. Кезекті сұхбаттар.

Ата Заңның әлеуеті толық пайдаланылып болған жоқ.	166
Билік партиясымен бәсекелесу үшін біліктілік керек . . .	176

Құқықтық мемлекетіміздің іргетасы Занды құрметтеу,
 Занды сақтау мен Заңға бағынуда жатыр 184
 Демократия және жаңғырта жаңарту 194
 «Ақ жол» ұстанған үш қағида 205
 «Ақ жол» - көкірегі ояулардың партиясы 208
 Қосылған қос өзен секілденіп 211
 «Ақ жол» имандылықты ту еткен жалғыз партия 218
 Біз жеңілгенімізді мойындауды үйренуіміз керек 223
 Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық
 партиясы Орталық кеңесінің төрағасы
 ретінде менің партияның саяси кеңесіне,
 мүшелеріне және сайлаушыларға ашық Хатым. 229
 Ойтүйін. 231
 Бұл Елбасыға өкпелегенім емес 231
 «Ақ жол» рейдерлікке қарсы 233
 Зиялы қауым өкілдерімен кездесті 234
 Үш аудандағы жүздесу 234
 Мәселе мемлекетсіз шешілмейді. 235
 Ақжолдықтар Өскеменде болды 236
 Ақжолдықтар Абай елінде 236
 Ақжолдық үміткерлер Сыр өңірінде жүр 237
 Шымкент тұрғындарымен кездесу 238

2008 – Тышқан жылы

2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық
 ететіндігіне орай «Әділет» демократиялық
 партиясы саяси Кеңесінің МӘЛІМДЕМЕСІ 240
 Доклад сопредседателя ДП «Әділет» М.С.Нарикбаева
 на II -ом очередном съезде (екі тілде) 242
 Қазақстан Республикасы Парламентіне... 266
 Список заявлений, обращений ДП «Әділет»
 2007-2008 г. 270
 Билік сайлауда қулығын асырды 273
 Баяндама (Өңірлік конференциядан) 284
 «Әділет» Демократиялық партиясының
 Мәлімдемесі 292
 Мемлекеттік тілде сөйлемейтін билік заңсыз
 болып табылады 298
 Сөз соңы. 306
 Түсініктеме 307

НӘРІКБАЕВ Мақсұт

ЖЫЛДАР ЖЫЛЖЫП БАРАДЫ-АУ

Сауалдама, сұхбат, мақалалар жинағы

Кітап Алматы Заң академиясының мемлекеттік тілді ендіру және дамыту тобында дайындалған

Әдеби редакторы *Ораз Исмаилов*
Компьютерде терген *Айза Алтамысқызы*
Корректоры *Қадиша Шағиқызы*
Компьютерде қалыптаған *Елена Огурцова*

Теруге 26.11.08 берілді. Басуға 30.11.08 қол қойылды. Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік басылым, қағазы офсеттік. Әріп түрі “Таймс”. Көлемі 19,5 баспа табақ. Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 2300

Қазақстан Республикасы “Полиграфкомбинат” ЖШС, 050002,
Алматы, М.Мақатаев көшесі, 41-үй.